

Раиса САДЫҚОВА

АЛАШ БЕКЗАТЫ

**(XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ СЕМЕЙЛІК ӘДЕБИ ОРТА ЖӘНЕ
ХАЛЕЛ ҒАББАСҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ-КӨСЕМСӨЗДІК МҰРАСЫ)**

Раиса САДЫҚОВА

АЛАШ БЕКЗАТЫ

**(XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ СЕМЕЙЛІК ӘДЕБИ ОРТА ЖӘНЕ
ХАЛЕЛ ҒАББАСҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ-КӨСЕМСӨЗДІК МҰРАСЫ)**

Монография

Астана, 2017

УДК
ББК
Р...

Жалпы редакциясын басқарған –
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Д. Қамзабекұлы

Пікір жазғандар:

А.Әбсадық, филология ғылымдарының докторы, профессор
Асылхан Сейдімбек, өлкетанушы, заңгер

Р.Т. Садықова

Алаш бекзаты (XX ғасыр басындағы Семейлік әдеби орта және Халел
Ғаббасұлының әдеби-көсемсөздік мұрасы). Монография. – Астана:, 2017
- ... б.

ISBN ... - ... -... - ... - .

Бұл еңбекте XX ғасыр басындағы Семейлік әдеби ортаның әлеуметтік-саяси, әдеби-рухани үдерістегі идеялық көзқарастарының тарихи және әдеби негіздері қарастырылған.

Халел Ғаббасұлының қайраткерлік қызметі мен әдеби-көсемсөздік мұрасының халық тарихы мен ұлт әдебиетіндегі тағылымдық мән-маңызы айқындалып, қоғамдық-саяси қызметі нақты мұрағаттық деректер негізінде толықтырылып зерттелген. Ұлт зиялылары мен алаш арыстарының Семейлік әдеби ортада топтасуының қоғамдық-саяси, мәдени-рухани, әдеби-шығармашылық себеп-салдарлары талданып, ғылыми айналымға түскен.

Жинақ жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттар мен мектеп мұғалімдеріне және әдебиет сүйер көпшілік оқырманға арналған.

УДК
ББК

ISBN ... - ... -... - ... - .

Садықова Р.Т., 2017
«.....» баспасы, 2017

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ. АЛАШ БЕКЗАТЫ	5
КІРІСПЕ	24

I бөлім: СЕМЕЙЛІК ӘДЕБИ ОРТАНЫҢ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ, ӘДЕБИ-МӘДЕНИ ҮДЕРІСТЕГІ ОРНЫ

Оянған рух пен азаттық қозғалысының мәйегі	29
Семей зиялыларын біріктірген азаттық идеясының тарихи және әдеби негіздері	55
Әдеби ортаны қалыптастырудағы Абай тағылымы мен Абайдың әдеби ортасының ықпалы	72
Рухани ортада туған баспасөздің ағартушылық, күрескерлік қызметі	86

II бөлім: ХАЛЕЛ ҒАББАСҰЛЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІК, ӘДЕБИ- КӨСЕМСӨЗДІК МҰРАСЫ

Өмір мен өріс мектептері.....	95
Алаш қозғалысы аясындағы Халел Ғаббасұлының ғұмырбаяны, ұстанымы, қайраткерлік қызметі	107
Қазақ баспасөзіндегі азаттық ауаны және Халел Ғаббасұлының «Сарыарқа» газетіндегі әдеби-көсемсөздік еңбектері	135

ҚОРЫТЫНДЫ	151
------------------------	------------

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕК КӨЗІ	156
--	------------

АЛҒЫ СӨЗ

АЛАШ БЕКЗАТЫ

Онан соң Ғаббасұлы Халел мырза,
Түрі емес, көрген адам сөзіне ырза.
Тап басар, әдісі көп артты ойлайтын,
Не аңқау, не болмаса емес қызба.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Бұл зерттеу алғашқыда кандидаттық диссертация тақырыбы негізінде қолға алынды. Жұмыс толық аяқталғанмен диссертациялық зерттеудің нарқы мен парқын саралайтын ғылыми Кеңестің талқылауына межелеген уақыттың қысқалығына байланысты ілікпей қалды.

Әйтсе де, зерттеуді жеке кітап ретінде жариялау мүмкіндігі бірнеше рет болды. Бірақ белгісіз бір себептермен ол үнемі кешігіп қала берді. Содан ойлана келе, Халелтанудың біздер білмей жатқан жасырын тұстары бар-ау, әлі де зерделей түсейін деп шештім. Сөйтіп жүргенде, ғылыми жетекшім Дихан Қамзабекұлынан Халел Ғаббасұлының жаңадан табылған туыстары туралы хабар жетті. Тағы қосымша зерттеулер жүргізе келе, жұмыстың жетекшісі және осы монографияны жариялауға атсалысқан Алмасбек Әбсадық, Асылхан Сейдімбектермен ақылдаса отырып, тың деректерді «Алғы сөзге» енгізіп, монографияны сол уақыттағы мазмұнмен жариялауды жөн деп шештік.

Автор Раиса Садықова

Алаш мұрасы - ордалы ортамызға тәуелсіздіктің орнауымен оралған мол тарихи, һәм рухани қазына. Тарихтың қойнауына еніп, өткеннің еншісіне айналған «қазынананы» табу, іздеу-қазу жұмыстары әрдайым қажырлықты, табандылықты, іздемпаздықты қажет етеді. ХХ ғасырдың басында Қазақ мемлекеттілігін бейбіт саяси күрес жолының әдіс-тәсілдерімен қайта қалпына келтірген Алаш зиялыларының қайраткерлік, қоғамдық һәм рухани қазынасын зерттеу жұмыстары жолға қойылған тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қозғалыстың алғы шебінде болған айтулы тұлғалардың қызметі мен артында қалған мұралары ерекше қарқынмен зерделене бастады. Қалың қазақтың саяси көсемі Әлихан Бөкейхан, ұлттың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы, табанды күрескер Мұстафа Шоқай, дауылпаз ақын Дулатұлы Міржақып, жыр мәйегі Мағжан т.б. сынды қайраткерлер туралы том-том зерттеулер, толымды, танымды еңбектер жарияланды. Сондай ізденістердің

арқасында Алаш зиялыларының қалың шоғыры ортамызға ерекше екпінмен орала бастады. Әйтсе де, қалың шоғырдың ішінде зерделік шырақ жұлдызы жанбай, зерттеуші-жоқшысын таппай тұрған Алаштың көрнекті қайраткері бар еді. Ол - Халел Ахметжанұлы Ғаббасов. Замандастары оның тегін ресмилік сипатта ұлттық нақышқа бейімдеп «Ғаббасұлы» деп атап кеткен.

Халел Ғаббасұлы - Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің студенті кезінен-ақ әділетсіздікке қарсы шерулерге қатысқан, алдымен заң мамандығына түсіп, одан кейін сол оқу орнының физика-математика факультетіне ауысып, оны алтын медальмен тамамдаған, Алашорда үкіметінің төрағасы Ә. Бөкейханның орынбасары, өзі ұйымдастырған кредиттік кооператив арқылы «Абай» журналының қаржылай демеушісі және «Сарыарқа» газетінің шығарушы редакторы болған, Алашорда үкіметінің атынан Сталинмен Қазақ автономиясы туралы келіссөз жүргізген көрнекті тұлға.

Халелтану турасындағы ізденістердің азаттықпен қатар келген Алаштану толқынынан шет қайырлап қалу себебінің бірі – оның ОГПУ тергеушілеріне берілген жауабындағы өзінің шыққан тегі туралы дерек еді. Онда ол былай дейді: «Менің ата-анам мал шаруашылығымен айналысты. Семей губерниясының Шаған болысында олардың әуеліде дәулетті жеке шаруашылығы болды, кейін тәркіленіп, кедейге айналды. Арғы ата-тегім – татар, ұста болған. Осыдан 200 жыл бұрын Шаған болысына көшіп келген. Ғаббасовтарды тобықты руына қарайтын адамдар төлеңгіт есебінде кірме етіп алған. Төлеңгіт – бұл қоғамдық жік, сұлтандар мен төрелердің қызметшісі ретінде қалыптасқан. Менің ата-бабам сондай кірме дәрежесінде өмір сүрді» [1].

Арғы түпкі тегі татар, бергідегі әлеуметтік дәрежесі кірме төлеңгіт болғандықтан, яғни ол қазақтың дәстүрлі рулық-шежірелік жүйесінен тыс қалғандықтан, аты да көп аталмай, жаппай зерттеу-зерделеу жұмыстарында да кешеуілдеп қалып келді. Бұл тұста біздер Алаш зиялыларының қазаққа қызмет еткен кісілерді ұлтына, дініне қарамай ардақтау қажет деген өсиетін естен шығара жаздаған сияқтымыз. Бұған қоса, Халелдің алыс-жақын туыстары да күні кешегіге дейін көрнекті қайраткер туралы тіс жармай келді.

БІРІНШІ ШЕГІНІС. 2016 жылдың жаз айы болатын. Астанадан белгілі Алаштанушы ғалым Дихан Қамзабекұлы телефон шалып, хабарласты. Айтуынша, Үржарда Отынышы Әлжанұлының ескерткішін ашуға барған шарада көрнекті Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлының бір атадан тарайтын туыс ұрпағын кездестіреді. Аты-жөні – Әділхасенұлы Берікбол қажы Баязит. Соғы – Тарақты.

Алаштануда Х. Ғаббасұлының тегі «татар, естек» немесе «төлеңгіт» деп белгіленіп жүргендіктен, ол кісінің «Халелдің руы тарақты еді» дегені Дихан Қамзабекұлын таң қалдырады. Ол бұл жаңалық Халел ғұмырнамасының көмескі тұсына жарық сәуле шашатынын қапысыз аңғарады да, дереу Семейде Халелтану тақырыбымен айналысып жүрген зерттеуші шәкірті Раиса Садықовамен хабарласып, баспаға дайындалып жатқан ғылыми монографиясының мазмұнына Берікбол қажы деректерін анық-қанығын талдай, саралай отырып енгізуді тапсырады.

Телефон тұтқасында өрбіген әңгіменің соңында Дәкең: «Қазақтың дәстүрлі ауызша паспорты бойынша Берікбол ақсақал саған да алыс емес қой. Ақсақалдың жадындағы барлық деректерді, естеліктерді жазбаға түсіріп, Халел Ғаббасұлы туралы деректі фильм жасау, кітап шығару қажет. Берікбол ақсақалдың көкірегінде сақталған көмбе-деректер бізге алтыннан да қымбат. Қымбат дүниенің шашауын қалдырмай жинап алу үшін сен де атсалыссаң қалай болады?», - деді. Менің «мақұл, жақсы» деген жауабымды алғаннан кейін Дәкең ақсақалдың байланыс телефонын берді.

Осылайша, Халел Ғаббасұлының немере ағасы Баязиттен тарайтын Берікбол қажымен танысу, білісу мүмкіндігі туды. Берікбол қажымен алдымен біраз уақыт телефон арқылы сөйлесіп, содан соң Семей облыстық телекомпаниясының көмегімен облыс орталығындағы ауруханада емделіп жатқан ақсақалдан видео-сұхбат алу мүмкіндігі, сондай-ақ Халелтанушы Садықова Раиса қарындастың арқасында Ғаббас әулетіне қатысты фото деректермен танысу сәті түсті.

Берікбол Әділхасенұлы Баязитов - 1939 жылы (құжат бойынша 1940 жылы) Қытайдың Шыңжан өлкесі Шағынтоғай деген аулында Қазақстаннан Қытайға жан сауғалап қашқан қазақ отбасында дүниеге келген кісі (1 сурет)¹. Әкесі Әділхасен Баязитұлы - Халел Ғаббасовпен бір атадан тарайтын немере ағайын кісі. Оның айтуынша, Ғаббастан – Ахметжан, Баязит дүниеге келеді. Ахметжаннан – Халел, Баязиттен - Әділхасен, ал Ғаббастың бір ағайыны Мақыдан – Араб туады. Сойы – Орта жүздегі Тарақты, оның ішінде – Әлі атасы. Халелдің өз кіндігінен екі ұл (Забен, Қадыр), бір қыз тарайды.

Зерттеуші Раиса Садықованың Халел Ғаббасұлының туған қарындасы Жәмкенің немересі Манелдің (2 сурет) айтуынша жазып алған шешірелік деректерде Ғаббас - Халелдің арғы атасы. Ғаббастың Батырша деген ұлынан атақты Мұхаметжан туады. Мұхаметжан - Шыңғыстаудың Шаған болысындағы беделді адамдардың бірі. Кезінде қажылыққа барып, ел ішінде «Мақы» (Мақа) қажы деп танылған. Сол Мақы қажының 3 әйелінен

¹ Суреттер алғы сөздің соңында мәтіндегі реттік санмен беріледі.

33 перзенті болады. Бәйбішесінен туған тұңғыш ұлы - Ахметжан. Ахметжаннан Халел туады. Мақының бір баласы – биология ғылымдарының докторы, академик Араб Ғаббасов (3 сурет). 1901 жылы дүниеге келіп, 100 жас жасап, 2001 жылы дүниеден өтеді. Мәскеудің ауылшаруашылық академиясының түлегі. 1941 жылдан бастап Қазақ ССР Ғылым академиясында ұзақ жылдар қызмет жасап, Шөл игеру институтының директоры қызметін де атқарады. Академик Араб Ғаббасов көзінің тірісінде Халел Ғаббасұлының азайыны екенін тіс жарып айтпай дүниеден өтеді.

БІРІНШІ ТҮЙІН. Түрмеде отырған адам бостандыққа шығу үшін неше түрлі амал-айла қолданатыны белгілі. Х. Ғаббасұлының өзінің тегі туралы жауабындағы деректердің астарында саяси сауатты кісінің заманның сазына қарай сөз саптағаны байқалады. Оның жауабында кедейді жарылқаймын деп ұрандап билікке келген большевиктердің таптық саясатының ығына қарай жығылу бар. Ата тегі бай-қуатты кісі болғанымен, тәркіленуге ұшыраған, сөйтіп кедейге айналған. Демек, әулет кеңестік үкіметтен жазасын алған. Жазықсыз айыпталушы «Екі күймек – бір кісіге әділдік пе?» (хәкім Абай) деп, кеңес үкіметінен әділдік сұрап отыр. Бұл – бір.

Екіншіден, Халел - қазақтың ру-тайпалық шежіресінен мол хабары бар кісі. Төлеңгіттер, қазақтың дәстүрлі шежірелік танымы бойынша, Үш жүздің ру құрамына кірмейді. Олар - хан-сұлтандардың орда және әскери қызметшілері. Қазақты билеген хан-сұлтандардың төлеңгіттерді тұтқынға түскен кірме кісілерден құрап отырғаны тарихтан мәлім. Осы бір тарихи шындыққа сүйенсек, Халелдің татар ата-бабалары қазаққа кірме болып, бай-қуатты кісілерге жалшы, қызметші болған. Олай болса, жалшы, кедей-кепшіктің сөзін сөйлеген большевиктер саясаты мұны ескеруі тиіс. Бұл заңды қорғаушысы жоқ айыпталушының өзін-өзі ақтап шығар, оған қорған, тірек болар сөздері еді.

Берікбол ақсақалдың айтуынша, Халелдің үлкен шешелерінің бірі татардың қызы болған. Халелді сол кісі бауырына басқан-мыс. Қысылған сәтте Халел отбасындағы татар қанын алға тартып, қорғанбақ болған секілді.

Біздіңше, Х. Ғаббасұлы төлеңгіт руын бекер алып отырған жоқ. Алдымен ойға түсетіні - төлеңгіт пен тарақты сойының хан-сұлтандар жанындағы қызметінің өзара ұқсастығы. Тарақ таңбалы тайпалар сонау Шыңғыс хан заманынан бері билеуші төрелерге қызмет етіп келген. Шыңғыстың андасы, атақты түменбасы Мұқылай тарақ таңбалы Жалайыр тайпасынан болатын. Төрелер мен тарақтылардың таңбасы да - бір. Қазақты билеген хандар ру-тайпалардың одағына өздеріне жақын тарақты руының саяси ықпалын орнатуға ұмтылып отырғаны байқалады. «Қазақтың ауызша

тарихы» атты сүбелі еңбек қалдырған, белгілі фольклоршы Ақселеу Сейдімбек: «Ұлы жүзге – жалайырдың, Орта жүзге – тарактының, Кіші жүзге – табынның нокта ағасы болуы және олардың таңбаларының бірдей «тарак» болуы бұл үшеуінің тайпалық өресін айғақтайды» [2, 596-640б.], - деп түйіндейді. Ел арасында «Төреге ерген - ер-тоқымын арқалар» деген сөз бар. Шежіреші қартта мұны тарак таңбалы тайпаларға қатысты айтылған дейді. Себебі тарак таңбалы тарқатылар қай жерде төре жүрсе, соның соңынан ере берген-мыс. Аталмыш шежірелік пайымдардың шындыққа орайласатынын Таракты тайпаларының хандық дәуір ыдырағанға дейінгі географиялық орналасуы да көрсетеді. Тарактылар аз ауылдармен қазақтың кең даласына шашырай орналасқан.

Демек, Х. Ғаббасұлының «төлеңгіті» астарлы түрде Таракты болып шығады. Төлеңгіт – таракты руының жасырын бет-пердесі. Тобықты руы төлеңгітті кірме ете алмайды. Себебі төлеңгітті хан-сұлтандар ұстайды. Кезінде «Қазақ» газетінің бетінде Әлихан Бөкейхан төлеңгіт атауының этимологиясына көңіл бөліп, оны «төреңді күт» деген сөзден шыққан деген ой айтқан болатын. Айтпақшы, Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейхан төре тұқымынан, ал оның орынбасары Халел Ғаббасұлы – төреге қызмет еткен таракты руынан. Кездейсоқтық па, әлде құдірет пе? Ол жағы бізге беймәлім. Анығын – Алла-тағала ғана біледі!

Үшіншіден, аталмыш деректер - өзі жазаға ұшырағанмен артындағы туған-туыстарын аман алып қалудың әрекеті. Шын мәнінде, оның артында ормандай қалың туған-туысқаны қалды. Олардың тағдыры әртүрлі қалыптасты. Бірі – жан сауғалап шетелге қашты, елде қалғандары екінші бірі үрей мен қорқыныштың шырмауынан шыға алмай, «Үндемеген үйдей пәледен құтылады» деген қағиданы ұстанып өтті.

Осы үш тұғырдың көгінен біз Алаш қайраткері өзінің тегін, сойын неге жасырғанын тұспалдай аламыз. Басты себеп – ормандай қалың туған-туыстарын қуғын-сүргінен аман сақтап қалу.

ЕКІНШІ ШЕГІНІС. *Әкем Әділхасен (жұрт Көкен деп атаған), - дейді Берікбол қажы, - 1901 жылы Шыңғыстауда дүниеге келеді. Ата-абаларымыздың қонысы – Ақбұлақ, Дегелең, Қызылту. Әкем үш жасқа толғанда әкесі Баязит Ғаббасұлы қайтыс болып, менің әкемді Халелдің әкесі Ахметжан қамқорлығына алып, бағып-қағады. Бір сөзбен айтқанда, біздің әкей Халелдің үйінде өседі. Жалпы, Ғаббас әулеті текті тұқымнан. Оның арғы аталары Қашақ - Құнанбайдың тұсында өмір сүріп, аға сұлтанмен жер дауында талай кездесіп, талас-тартысқа түскен кісі. Бергі атасы Дүйсенбай (Тышқанбай деп те атайды) өте дәулетті кісі болған. Ал Халелдің туған әкесі Ахметжан бала тәрбиесіне қатал, шаруға нысық, әрі*

саятшыл кісі болады. Бірде оқудан демалысқа келген Халел кейін қайтамын деген күннен кешігіп қалады. Бұл кезде әкесі аңшылықта жүрген екен. Үйге келсе, баласы оқуға кетпеген. Сонда ашуланған әкесі: «Қыз-қырқынның тойында жүрсің бе?» деп, күйіп-пісіп, сол күні пәуескеге мінгізіп, Халелді Семейге аттандырып жібереді.

Халел ағам да әкесі Ахметжан сияқты өте саятшыл кісі болған дейді әкем. Оның «Ерейменнің Ақ қасқасы» деген керемет тазы иті болады. Жұрт Халелдің тазы иті қасқырды қара күшпен алады деп әңгіме қылады екен. Сонда ол айтады екен: «тазы қасқырды күшпен ала алмайды, айламен алады. Оның мәнісі мынада: тазы қасқырды қуғанда ұзақ уақыт оның бір жақ жанын жүгіріп отырады. Қасқыр тазыға алаңдап келе жатып мойыны бұрылып, қатып қалады. Сол кезде тазы қасқырдың екінші жағына шалт бұрылып қарғып шығып, құлақ шекеден тартып қалады. Сөйтіп, омақаса құлаған қасқырдың тамағынан орып жібереді».

Халел ағам қызметте жүрген уақытында көптеген кісілерге қамқорлық көрсетеді. Бірде одан Мұхтар Әуезов қарызға ақша алады. Сол ақша кейін Халел халық жауы атанып, атылған уақытта НКВД М. Әуезовті біраз әуре-сарсаңға салады. Бұлардың бәрін мен өз әкем Әділхасеннен естіп өстім.

Халел Ғаббасұлы ұсталған кезде, үкімет менің әкем Әділхасенді де қамауға алып, Қарағанды түрмесіне жабады. Түрмеден амалдап шыққаннан кейін оған сол өңірдегі Керей Төлеу Көбдіков деген белгілі ақын кісі: «Сенің үкімет басшысы болған ағаң Халелді атты, енді сені де атады. Сондықтан елден қаш, жан сауғала. Атыңды өзгерт, тегіңді жасыр», - деп ақыл-кеңес береді. Содан әкем жан сауғалап Қытайға қашады. Атын «Көкен» деп өзгертеді.

Арғы бетке өткеннен кейін кеңес үкіметінің тыңшылары Қытай үкіметіне мұны «қауіпті адам» деп көрсетіп, әкем түрмеге қамалады. Түрмеде үш жыл отырады. Босап шыққаннан кейін, сол жақта қалып мал шаруашылығымен айналысады. Еті тірі пысық әкемнің шарауасы тез оңалады. Өзінің шөп шабатын машинасы, арбасы, қора-қора қой-ешкілері, үйір жылқылары болды. 1955 жылы Қытай мен КСРО шекарасы ашылған уақытта әкем Әділхасен Баязитұлы бар малын сатып, одан түскен қаражатқа он екі қанатты кигіз үй, киім-кешек, дүние-зат алып Қазақстанға қайта оралады. Бұл бір үлкен оқиға болды. Көштің қалай қозғалғаны менің есімде. Ол кезде 16 жастағы жасөспірім жігітпін. Қытайдағы біз тұрған Шағынтоғайға советтің 20-30 жүк машинасы келіп көшушілердің заттарын тиіп алады, бала-шағалар автобусқа отырғызылады. Көшті Мақаншыдағы Көктұма (Бақты) бекетінде совет

үкіметі музыкалатып қарсы алады. Содан Аякөзге келіп, қазіргі тұрып жатқан жеріміз Үржар ауданының Қарақол деген ауылына келіп орнықтық. Әкем елге оралғанына шүкіршілік етіп, Шыңғыстау-Семей жаққа бармай, осы жерде тұрып қалдық.

ЕКІНШІ ТҮЙІН 20-30 жылдардағы дүрбелең кезінде Семей өңірі қазақтарының Қытайға қашқаны тарихтан мәлім. Мысалы, И. Голощекиннің 1928 жылы жүргізген кәмпескелеу саясатына қарсы 1929 жылы Шыңғыстауда халық көтеріліс болып, оны кеңес үкіметінің мұздау қаруланған ОГПУ отряды қырып салады. Аман қалған көтерісшілердің бір қатары жан сауғалап Қытайға қашады. Сонымен қатар Берікбол ақсақал баянындағы Халел Ғаббасұлының арғы тегі туралы мәліметтер Тарақты тайпасының шежіресін зерттеп, жариялаған Яхуда Амандықовтың «Орта жүздің нокта ағасы: Тарақты шежіресі» атты кітабындағы шежірелік деректерге біршама үйлеседі. Аталмыш кітапта Яхуда ақсақал Әлихан Бөкейханның «Тышқанбай Қошанұлы - Дегелең болысындағы тарақтылардың басшысы, беделді қазақ» дерегіне назар аударта келе, Тышқанбай болыстың ұрпақтары кеңес қыспағынан жылыстап, Қытай еліне босып барғандығын жазады [3, 629 б.].

Ал Халелдің саятшылықты сүйгенін Міржақыпқызы Гүлнар апайдың Алаш қайраткерлері туралы жазған «Шындықтың шырағы» атты естеліктер жинағында тілге тиек етіледі. Жинақтың «Райымжан Бөкейханов ағамызбен сырласу» деген бөлігінде Гүлнар апай Халел Ғаббасұлы мен оның балалары туралы деректер келтіреді және Алаш зиялысы, Әлихан Бөкейханның туысы Райымжан Бөкейхановтан Халел туралы естігенін тілге тиек етеді. Райымжан Бөкейхановтан жазып алынған естеліктің уақыты 1989 жылдың 31 қаңтары деп көрсетілген. Мұнда Гүлнар апай былай дейді: «Өзіңіз Халел Ғаббасов туралы не білесіз?» - дегенімде: «Мен Халел ағаны жақсы білемін. Біз Семейде тұрғанда Әлекеннің үйіне жиі келетін, Ике (Иемберді – Райымжан Бөкейхановтың қайын атасы. 1929 жылғы Шыңғыстау көтерілісінен кейін Қытайға өтіп кеткен - авторлар) екеуі ұзақ отырып дойбы ойнайтын. Халел тұйық мінезді, ашылып сөйлесе бермейтін, Еуропа тәрбиесін көп көрген, анау-мынау қазақшылығы болмайтын. Семейге келгенінде толып жатқан туыстарына, таныс жора-жолдастарының үйіне түспей «Модрен» мейманханасына орналасатын. Ол жылдары Алашорда өкіметінің қаржы жағын (финанс) басқаратын кезі. Халел Мәскеу университетінің физика-математика факультетінде үздік оқып алтын медальмен бітірген, қай жылы екенін ұмыттым. Смекең (Райымжанның ағасы Смахан Бөкейханов - авторлар) екеуі жақын жүретін. Бір күні Смекең Халелде шаруасы болып мені жұмсады. «Модрендегі» номеріне сәлем беріп кірсем, Халел үстел

басында жұмыс жасап отыр екен, орнынан тұрып «Кел, Райымжан шырақ, төрлет», - деп отырғызды. Шағын бөлмесінің босаға жағында тұғырда қонған қаршығаға көзім түсті. Әлгі құс: «Мені көрдің бе?»- дегендей, мойынын маңғаздана бұрып жан-жағына қарап қояды. «Ағаның мұнысы несі?» деп таңқалдым, сұрауға ұялдым. Барғам шаруамды тындырып, Смекеңе келіп көргенімді айтып едім. Смекең: «Е, ол өзі содай. Құс құмарлығы қалмайтын кісі, қайдан табатынын білмейсің, әйтеуір тұйғын ба, қаршыға, лашын ба жиып асырап, аңға шығып, құстарды қағып түсіретін сұңқарларға әуестігі зор», -деп түсіндірді» [4, 277-278 б.].

Демек, Қытайдан келген Баязитұлы Әділхасен мен кеңес үкіметінің жерінде өмір сүрген Райымжан Бөкейхановтың естеліктері бір арнадан – Халел Ғаббасұлының керемет саятшы болғанынан - нәр алады.

Әлқисса, Халел Ғаббасұлы алғашқы бастауыштық, одан кейінгі гимназиялық білімді Семей шаһарынан алады. Сол тұста Семей – қазақтың игі жақсылары жиналатын, орысша оқығандары қызмет еткен білім һәм мәдени, сауда-саттық жүретін орталықтың бірі. Ұлы Абай мен Шәкәрімнің табаны тиген шаһарда оқып жүріп жас Халел Выборг үндеуіне қатысқандықтан түрмеге қамалып, Семейге мерзімді кесімін өтеу үшін жер аударылып келген Алаш көсемі Әлихан Бөкейханмен танысады, одан біршама ақыл-кеңес алады. Семейден кейін Халел Ғаббасұлы оқуын Мәскеуде жалғастыруға бел буады. Сөйтіп, ол Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Университетте оқып жүріп студенттердің ереуіліне қатысқаны үшін оқудан шығарылады. Халел Ғаббасұлы ізденіп жүріп университетке қайта қабылдану мүмкіншілігіне ие болады, бірақ Семей губерниясынан заң факультетіндегі шәкірттерге стипендия бөлінбейтін болғандықтан, физика-математика факультетіне қабылданады.

Мәскеуде студент болып жүріп Ж. Ақбаевпен бірге Петроградқа барып, Ә. Бөкейханның тапсырмасымен мемлекеттік Думаға қазақ халқының өкілін жібермеу туралы 1908 жылғы 6 маусым күні заңның күшін жоятын қарсылық құжаттарын дайындауға атсалысып, Петроград архивтерінде құжаттар жинау, жүйелеу жұмысына қатысады. Мәскеу университеттін тамаша жетістікпен тамамдаған Халел Петербордың Империялық Орталық ұсақ кредит басқармасында есепші (статист) қызметін атқарады. Көп ұзамай ол сол мемлекеттік банктің Семей бөлімшесінде есепші, инспектор қызметіне ауысады. Халелдің Петербордағы қызметін тастап, елге қайтуына Ә. Бөкейханның ықпалы болғанға ұқсайды. Өйткені қазақ оқығандарын елге қызмет етуге шақырған Алаш көсемі сауатты қаржыгер Х. Ғаббасұлының туған жеріне оралуын қаласа керек.

Бөкейхан мен Ғаббасұлының Алаш үшін жасаған қызметтерінде ұстаз бен шәкірт арасындағы байланысқа тірелетін ұқсастық бар. Біріншіден, Халел Ә. Бөкейханды гимназия шәкірті кезінен ұстаз тұтады. Екіншіден, студенттік белсенді шағында онымен байланыс орнатады. Осындай байланыстар оларды Алаш үкіметінің басшылық қызметіне және ел үшін атқарған өзге де істерде бір бағытта болуына алып келеді. Мысалы, Ә. Бөкейхан Абайдың шығармалар жинағын Петербордан шығаруға өлшеусіз үлес қосса, жас қаржыгер Халел Ғаббасұлы Семейде Ж. Аймауытов пен М. Әуезов ұйымдастырған «Абай» журналын, Алашорданың Семей өлкесіндегі көзі мен үні болған «Сарыарқа» газетін шығаруға жәрдем береді. 1917 жылғы аласапыран кезеңде «Сарыарқа» газетіне өзі редакторлық етіп, сол басылымының бетінде «Мемлекет күйі», «Большевик бүлігі», «Күш бірлікте», «Алаш автономиясы» атты саяси маңызы зор мақалаларын жариялайды. Бір сөзбен айтқанда, Халел Ғаббасұлы Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның «шекпенінен шыққан» қайраткер еді.

1917 жылдың ақпан буржуазиялық революциясының тегеуірінен Ресейде патшалық монархиялық жүйе құлап, отарлық қамыттан құтылатындай ахуал қалыптасады. Әлихан Бөкейханұлы бастаған Алаш зиялылары жедел қимылдап, қазақтың кең даласында ұлттық жиындарды (сиездерді) өткізуді қолға алады. Тұңғыш қазақ сиезі 1917 жылғы сәуір айының басында Орынборда өтеді. Оған негізінен Торғай облысының қазақтары қатысады. Ал сол айдың соңында осындай жиын Семейде өтіп, оған Семей облысы қазақтарының Әлімхан Ермеков, Биахмет Сәрсенов, Сатылған Сабатаев, Райымжан Мәрсеков, Ахметжан Қозыбағаров және Шәкәрім қажы сияқты белгілі тұлғалары қатысады. Сиезді ұйымдастырушылардың белсендісі Халел Ғаббасұлы болады. Ал жан-жақтан кумалап келген бүкіл қазақтың тұңғыш съезі 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынборда өткені мәлім. Қазақ даласының түпкір-түпкірінен келген делегаттар қатысқан Алаштың бұл басқосуында мынадай екі үлкен шешім қабылданады:

- 1) қазақ жерін қазақ ұлтының меншігі деп таниды;
- 2) «Алаш» деп аталатын ұлттық саяси партия құрады.

Ал сол жылдың, яғни 1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында өткен ІІ жалпыұлттық қазақ сиезінде Алаш автономиясы жарияланып, оның үкіметі – «Алашорда» Ұлт Кеңесі құрылады. Оның төрағасы болып Әлихан Бөкейхан, ал оның орынбасары лауазымына Халел Ғаббасұлы сайланады.

Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметінің тағдыры большевиктер билікке келгеннен кейін қалай өрбіп, қалай аяқталғаны бүгінгі жұртшылыққа аян. Қанды төңкеріс арқылы билікке келген большевиктер Алаш

автономиясын да, Алашорда үкіметін де мойындамай, заңсыз (легитимсіз) келген жаңа кеңес үкіметін қитұрқы амал-әрекет, зорлық-зомбылық арқылы орнатуға кіріседі. Осы бір алмағайып заманда Ә. Бөкейхан бастаған Алаш зиялылары қазақ автономиясын сақтап қалуға ұмтылады. Қалыптасқан жағдайдың аса күрделігін пайымдаған Әлихан Бөкейхан Семейде - Алаш қаласында Алашорда үкіметінің мүшелерімен шұғыл кеңес өткізеді. Кеңестің қорытындысында монархияны қалпына келтіремін деген адмирал Колчактың мақсаты Алаш автономиясының ұстанымына үйлеспейтін болғандықтан, кеңес үкіметімен келіссөздер жүргізу шешімі қабылданады [5, 66б.].

Алаш көсемінің тікелей тапсырмасымен Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары лауазымындағы Халел Ғаббасұлы автономия жөнінде 1918 жылдың 20 наурызында Сталинмен телеграф арқылы алғашқы келіссөзді бастайды. Келіссөз сол жылдың сәуір айында да жалғасын тауып, Х. Ғаббасұлы мен Ә. Ермековтер телеграф арқылы Сталинмен екінші рет тілдеседі. Онда ол Алашорда үкіметінің РСФСР Халық комиссарлары кеңесі мен ұлт істері жөніндегі комиссариатына қойып отырған талабын жолдайды.

Ашық келіссөздер форматын таңдаған Алашорда үкіметі Сталинге телеграф арқылы жолданған мәтінді «Сарыарқа» газетінде жариялайды. Бірақ бұл жеделхатқа большевиктер тарапынан жауап болмайды. Сиырқұйымшақтанып кеткен келіссөздің соңы кеңестік үкіметінің Алашорданы биліктен ығыстырып шығарумен аяқталады. Алашорда билігі тарағанмен, Алаш зиялыларының автономия құру мақсаты жүзеге асады. 1920 жылы қазақ жерінің шекарасы анықталған, арнайы декретпен бекітілген Қазақ автономиясы құрылады. Семейдегі Алашорда билігі тұсында Х. Ғаббасұлы Семей облыстық Земство басқармасының жұмысын жандандыруға атсалысады. Земство қазақ халқының мүддесіне сай жұмыс жасай бастады. Осы басқарманың атынан көптеген қазақ жастары стипендияға ие болады. Олардың ішінде М. Әуезов, Ж. Аймауытовтар да бар болатын. 1921-1923 жылдары Х. Ғаббасұлы Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төтенше комиссиясының мүшесі болды. Ол осы кездерде Сібіревкомға қарсы күресе жүріп, Ақмола, Семей облыстарын Ресей құрамына кетіп қалудан сақтап қалды.

Кеңес үкіметі күш ала бастаған тұста Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары ұлт мүддесін қорғау үшін кеңес үкіметінің жауапты қызметтеріне орналасуды ойластырады. Осындай себептермен Х. Ғаббасұлының да елі үшін қызметі кеңестік билік органдарында жалғасын тапты. Ол 1926 жылы Қазақ автономиясының астанасы Қызылордағы мемлекеттік жоспарлау комитетінде (Госплан) жұмыс жасайды. 1927 жылы демалысқа туған жері Шыңғыстауға келгенде, алғаш тұтқынға алынып,

тергеуге түседі. 1928 жылы екінші мәрте тұтқындалып, Мәскеудегі Бутырка түрмесіне жабылады. 1930 жылы сол түрмеде үкім шығып, 1931 жылы «үштіктің» шешімімен нақақтан-нақақ атылады.

СОҢҒЫ ШЕГІНІС. Біздерді, - дейді Берікбол ақсақал, - Халелдің көзін көрген туған-туыстары қорқып қалғандықтан ба, әлде Қытайдан келгенімізді жақтырмады ма, әйтеуір, салқын қарсы алды. Бірақ әкем бұған мойымай Халел ағаның туысқандарымен қарым-қатынас орнатуға ұмтылды. Халел ағамның жары Рәмия - текті жерден шыққан кісі, Тобықтының қызы дейтін әкем. Рәмиядан Халел Забен және Қадыр атты екі ұл, бір қыз сүйеді (1926 жылы Халелдің өз қолымен толтырған анкетада екі қызым бар деп жазылған - авторлар). Забен отбасын құрмайды, соғыс жылдары қайтыс болады. Ал Қадырды мен өз көзіммен көрдім, қолынан сый-сяпат алдым. Бұл оқиға былай болған еді. 1957 жылы әкем қасына мектеп бітірген мені ертіп Халелдің туған ұлы Қадырды және Мақыдан тарайтын ағайыны Араб Ғаббасовты іздеп Алматыға келеді. Қадыр Халелұлы қаладағы бір мекемеде бухгалтер болып қызмет жасайды екен. Соғысқа қатысып, бір қолынан жараланып қайтқан. Кемтар қолында протез бар. Жұбайы – нәсілі татар, сұлу жан екен. Оның артына еріп келген екі қызы болды. Ал Қадырдың өзінен туған бала болмады. Әкем оған: «Сен мына татар әйелден ажырас, қазақ әйел ал. Бала тапқыз, ұрпақ қалсын» деген ақыл айтты. Қадыр әкемнің сөзін жауапсыз қалдырды. Ақыры көп ұзамай, 60-жылдардың басында өзі дүниеден озып кетті. Сол кездесуде ол маған: «Менде Халел ағаң киген 4 костюм бар. Соның бірін ағаңның көзінде көр», - деп, маған сыйға беріп, иығыма жапты. Әкесі Халел Ғаббасұлы туралы ашылып сөйлемеді.

Қадыр Халелұлының үйінде бірнеше күн болып, одан Араб Мақыұлы Ғаббасовтың отбасына бардық. Араб Ғаббасов жеке жер үйде тұрады екен. Жұбайы – орыс. Әкем екеуі біраз шүйкелесіп, сөйлесті. Әкем Халел туралы әңгіме айтқысы келіп еді, ол оны қозғамауды сұрады. Мәскеудің Темирязов атындағы институтын бітірген Арабтың студент шағында елге келгенде түсірген фотолары бар екен. Соны тамашаладық. Алматыдағы Қадыр мен Арабты көріп, мауқын басқан әкем Қарқолға қайта оралады. Одан кейін Алматыға шықпадық. Біз елге оралғаннан кейін Араб Мақыұлы Ғаббасов әкеме біраз жыл қаражат жағынан көп көмек көрсететін тұрады. Тіпті, Алматы жанындағы совхоздардың біріне көшіріп алмақ та болады. Бірақ әкем ол ұсынысты қабылдамады. Әкем: «Біздің Араб әйелі орыс болғандықтан қуғын-сүргінен аман қалды», - деп айтып отыратын. Қытай қашып жүрегі шайлыққан және Халел ағамыздың туған-

туыстарының көңіл-күйін білген әкеміз біздерге: «Тірі жүремін десеңдер, Халел Ғаббасовтың туысқанымын деп айтпаңдар», - деп өсиет қалдырады.

1974 жылы әкеміз 73 жаста дүниеден өтті. Содан кейін Алматыдағы ағайындармен байланысымыз үзіліп қалды. Оның үстіне Халел ағамның ұрпақтарының барлығы орысша оқыған еді. Ол да тұрмыстық тұрғыдан өз кедергісін тигізді. Біздер елде қалып қарапайым тіршілік кешітік. Мен ауылда жүргізуші болып жұмыс жасадым. Үйлендім, бала-шағалы болдым. Зейнетке сол жүргізушілік мамандығынан шықтым. Бір бауырым Баязитов Ерзат Әділхасенұлы қазіргі таңда Павлодар қаласында тұрады (4 сурет). Өз кіндігімнен алты бала өсіп-өнді. Қазір барлығы балалы-шағалы. Алты баладан өрген немерелерім де құлындай жетіліп келеді (5-сурет). 2005 жылы Меккеге қажылыққа барып, мұсылмандық парызымды атқардым. Туған ауылым - Қарақолда өз қаражатыма мешіт және 300 орындық хатымхана ашып, Алланың мейрім-шапағатына шүкірлік етіп, жас кездегі бейнеттің бұл күнде зейнетін көріп жатқан жайымыз бар.

Отызыншы жылдардың зобалаңы біздің әулетіміздің берекесін кетірді. Біздің әкелеріміз жат жерге ауып, жан сауғалады, Халелдің өз кіндігінен тараған балалардан ұрпақ қалмады, әулеттің екінші бір бас көтерер тұлға, академик Араб Ғаббасов Халелмен бір атадан тарайтын жақын туыс екендігін ашық айта алмай, «тілін тістеген» күйі (2001 жылы) дүниеден озды. Араб Ғаббасовтан да ұрпақ болмады.

Әкем Әділхасен: «Мен Халелге қатты ұқсаймын» деп отыратын. Бірде Халел ағамның Ахмет Байтұрсынұлын М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Әуезовтермен бірге ортаға алып түскен суретін көріп, «әкемнің айтқаны рас екен» деп көз жасымды сүртіп жылап алғаным да бар. Алаштың ардақты азаматтары топ болып түскен сол белгілі суретті біздер Қытайдан Қазақстанға өткеннен кейін түскен отбасылық фотосуретпен (6 сурет) қоса сақтап жүрміз.

70-жылдардың ішінде «Правда» газетінде Мәскеу мен Петерборда қазақтан шыққан тұңғыш оқығандар туралы шағын мақала шықты. Соның ішінде Петерборда дәрігерлік мамандықта оқыған қазақ қызы мен физика-математика мамандығыны алтын медальмен бітірген Халел ағамның бар екендігі есімде қалды. Газеттің қиындысын кейінгі жылдарға дейін сақтап келдім. Бірақ артынан жоғалтып алдым. Қатты өкіндім. Қазір көңілім орнықты. Ол газетті ендігі кезекте Халелтанушылардың іздеп тауып алатынына сенімім мол, - дейді Әділхасенұлы Берікбол қажы.

СОҢҒЫ ТҮЙІН. Халел Ғаббасұлының тұлғалық, қайраткерлік келбетін сол замандағы құжаттар негізінде саралауды оның Қытай ауып кеткен немере

ағайынынан тарайтын ұрпақтың естелігімен қамшы өріміндей өрнектеуге ұмтылды. Әділхасенұлы Берікбол қажының ағасы Халел Ғаббасұлы мен оның туған-туыстары туралы естігендері мен естеліктері сәл-пәл ауытқулар болғанымен, заманның сазы мен оқиғалардың желісі «Алаш бекзаты» атанған тұлғаның ғұмырнамалық шындығына жақын, әрі оны белгілі бір тұрғыда толықтырып отырады. Сөзіміз дәлелді болу үшін Халелдің баласы Қадыр мен туысқаны Араб Ғаббасов туралы Міржақыпқызы Гүлнар апайды естеліктеріне тағы да кезек берейік: «...Әкелеріміз ұсталып кеткен соң (өз әкесі Міржақыпты, Халел Ғаббасұлын т.б. айтып отыр - авторлар) Семейден Халел ағаның үй іші Қызылордаға ауысты. Олармен бірге Халелдің інісі Мұртаза ағай да көшіп келген болатын. Гуля тәтем (Гүлшаһар Юсупова) істеп жүрген кооператив техникумынан Карл Маркс көшесінен үш бөлмелі кең верандасы бар пәтер алған, бұл – 1931-1932 жылдары. Пәтердің зардабын көрген Халелдің әйелі Мәрзия, балалары Қадыр, Зүпәндарды шешем өз қолына көшіріп алып, бір бөлмесін берген болатын. Мұртазалар күн ара келіп жүретін. ...Сол 1932 жылдан бері Ғаббасовтардан қол үзіп қалғанбыз. «Олар қайда екен? Кімдері бар?» деп ойлап жүретінмін, соның орайы 1947 жылы келді. Алматы көшесінде Қадірді көрдім. Бір қолы жоқ, сірә, Отан соғысында айырылған болар деп шамаладым. Тоқтап сәлемдеседі дегем, мені танымағандай жүре берді, мен де тоқтатпадым. Менен қашқанына қарағанда, байғұстың қорыққанынан жүрегі шайылып қалған болар деп ойлады, өйтпесе де болатын еді ғой...» [4, 273-274б.].

Бұдан кейін көп уақыт өткен соң, 1988 жылы Міржақып Дулатұлы ақталғанда, Гүлнар апай тағы да Халелұлы Қадырды академик Араб Ғаббасов арқылы іздейді: «Қадірді іздестіріп көргім келгені – әкесі Халел Ғаббасов менің әкеммен 4.XI.1988 жылы ақталған он төрт кісінің ішінде бар болуы. Ойым – баласы Қазақстан Жоғары Сотынан әкесінің ақталған құжатын алсын деген ниет. Қадірді іздестіргенімізде, әкесінің інісі академик Араб Ғаббасовтың үйіне телефон шалғанымда, оның әйелі Сара Ивановнасы күйеуін шақырмай: «Үйде жоқ, ол Каменкадағы дачамызда тұрады, телефон жоқ, Қадірді білмейміз», - дейді. Қадірді не себептен іздегенімді айтқанымда, әлгі әйел одан сайын безек қақты: «Мы с ним не общаемся, где живет не знаем, кстати, моего мужа из-за брата тоже пощипывали (дәл осылай)», - деген сөздерден кейін: «Намысы жоқ немелер, академикіне, баласына болайын», - деп қолымды бір-ақ сілтедім [4, 274б.]. Бұл жерде Сара Иванованың «кстати, моего мужа из-за брата тоже пощипывали» деп отырғаны, әрине, Халел Ғаббасұлы. Ал Халел баласы Қадыр әкесінің ақталғанын есту бұйырмаған еді, ол, Берікбол қажының айтуынша, 1980 жылдары марқұм болады.

Гүлнар апай баяндап отырған көрініс - 20-30 жылдардағы репрессияның, коммунистік идеологиямен уланған кеңестік дәуірдің шындығы. Сондықтан Қытайдан келген Халелдің ағайыны Баязитұлы Әділхасеннің балаларына «Кеңесте өмір сүрем десеңдер, Халелді ауыздарыңа алушы болмаңдар» деп өсиет қалдыруының да негіздемесі бар.

Осы тұста Халел Ғаббасұлының бір атадан тарайтын інісі Араб Ғаббасовқа арнайы тоқтала кеткіміз келеді, себебі ол өзі үндемей өткенімен артына Халелдің туған-туыстары туалы фото деректер қалдырып кеткен кісі. Араб Ғаббасов – қазақтың алғашқы академиктерінің бірі. Оның кеңес дәуіріндегі ғұмырнамалық баянында Араб жетім өседі. Ол Семейде М. Әуезовтің қазақтың жетім балаларын жинап, олардың оқуына жәрдем берген қолғабысы арқылы білім алады. Бұл - өткен ғасырдың 20-30 жылдары. Бұл – жалған ақпарат. Өйткені сол жылдары қазақ жастарына Семей облыстық земствосы арқылы көмек көрсеткен, қолында билік тетігі бар тұлға Халел Ғаббасұлы еді. Оның үстіне Араб Мақыұлы - Х. Ғаббасұлының туысқаны. Ағайыны Арабты Мәскеудің ауылшаруашылығы академиясына оқуға баруына сол қалада оқыған ағасы ықпал етіп, ақыл-кеңес берген болуы керек. Кеңестік саясат Х. Ғаббасұлының атын атауға тыйым салғандықтан, ресми деректерде Араб Ғаббасовқа көмектескен М. Әуезов деген мәліметтерді кеңестік дәуірдің мифологиясы қалыптастырғаны сөзсіз.

Араб Ғаббасов Мәскеудің Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясының студенті (жетім балада сол заманда әркімнің қолына түсе бермейтін фотоаппарат қайдан пайда болған?) болып жүрген уақытында 1929 жылы Халел ағасының отбасын фотоға түсірген. Ол фотолар Халелдің қарындасы Жәмкеден тарайтын ұрпақтың отбасылық альбомы арқылы сақталып біздің заманымызға жетті. Фото сыртында ұқыпты студенттің сурет туралы жып-жинақы жазылған мәліметі бар. Онда ол суреттің қай жылы, қай жерде түсірілгені, ондағы кісілердің аты-жөнін атайды. Фото суреттердің бірінде Халелдің жұбайы Рәмия, баласы Қадыр және ағайын-туғандар бейнеленсе (7-8 суреттер), екінші бірінде Халел баласы Қадырдың туған-туыстар арасында түскен бейнесі орын алған. Халелтанушылар үшін аталмыш фотолардың маңызы зор. Әлі-ақ осы суреттегі кісілердің ұрпақтары табылып, тың мәліметтер айтатын кісілердің шығатыны анық.

Студент Араб Ғаббасов «Таңат» жайлауында Халелдің киіз үйін де сыртынан суретке түсірген. Бір фотода кигіз үйге туырлық жабылған болса, екіншісінде іші бос киіз үйдің ағаш сүйегі (кереге, уық, шаңырақ) көрініс тапқан (9-10 сурет). Фотодағы киіз туырлығы алынып, ағаш қаңқасымен тұрған іші бос үй-отау Халел Ғаббасұлының ауыр қасіретті тағдырын бейнелейтіндей... Алаштың тәуелсіз ел болуына үлкен үлес қосқан Халел

Ғаббасұлының әулеті кеңестік үкіметінің 20-30 жылдардағы тоталдык сипаттағы репрессиясының салдарынан жан-жаққа тарап кетті. Бірі шетел асты, екінші бірі үнемі үрей мен қорқыныштың шөлін кешіп, «Алаш бекзаты» атанған біріне аға, біріне әке болған есімді мақтанышпен аузын толтыра айта алмай дүниеден өтті.

Қазақ халқы тоталитарлық қоғамнан орны толмас қасірет шекті. Тоталитарлық қоғамның құрбаны болған Алаш қайраткерлерінің ел үшін атқарған қызметтерін зерделей, зерттей келе, біздер сол азаматтар көрген қуғын-сүргінді, қорлық пен қасіретті тәуелсіз Қазақстанның азаматтары енді еш уақытта бастан кешпеуі тиіс және елдің болашақтағы дамуында мұндай келеңсіздікке жол берілмеуі керек деген тағылымды санамызға бекітуіміз қажет.

Қазақ жұртшылығына кешеуілдеп болса да жол тартып бара жатқан ғылыми монография Халел Ғаббасұлының қайраткерлік тұлғасын, һәм рухани мұрасын саралайды. Авторы – семейлік жас ғалым Раиса Садықова. Бұл зерттеу – Халелтануға қосылған қомақты үлес және кең ауқымды, күрделі зерттеулердің алғашқы бастамасы. Оның үстіне Халелтану жұмыстары оның туған өлкесінде өркендеп жатқаны көңілді көркейтеді. Көңілге көрік қосқан жақсы істің жалғасы алаштанушылардың ізденістерінен алдағы уақытта да табылатынына сенімдіміз. Сенімнің іргесін қазақтың ұлттық санасын қайта жаңарту жұмысына жалау болып жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бекіте түсері туар айдай, атар таңдай анық.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мұрағаты. 1494-іс, 315-316 парақ.
2. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау.- Астана, Фолиант, 2008.-728 б.
3. Амандықов Я. Орта жүздің нөқта ағасы- Тарақты шежіресі. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2009.- 1120 б.
4. Дулатова Г.М. Шындық шырағы: Естелік-эссе.-Алматы: Мектеп, 2013.- 408 б., сур.
5. Аккулу С. Алихан Букейхан. Творец истории. –Издательства «АЗИАТ», 2016 г.Т.І.-632 с.

**Алмасбек Әбсадық, филология ғылымдарының докторы,
Асылхан Сейдімбек өлкетанушы, зангер.**

ХАЛЕЛ ҒАБАСҰЛЫНЫҢ ТУҒАН-ТУЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ФОТОДЕРЕКТЕР



1 сурет. Баязитов Берікбол Әділхасенұлы



2 сурет. Отырғандар: Халел Ғаббасұлының қарындасы Жәмке, оның қызы Қайша, түргеліп тұрған немересі Мәнел.



3 сурет. Академик Араб Ғаббасов жұбайы Сара Ивановнамен



4 сурет. Ерзат Әділхасенұлы Баязит жұбайы Зоямен



5 сурет. Берікбол қажы балалары мен немерелерінің ортасында




6 сурет. Баязиттер әулетінің Қытайдан келген соң түскен отбасылық фотосы. Отырған ер кісі – Әділхасен. Түрегеліп тұрған жас жігіт – Берікбол Әділхасенұлы Баязитов

АРАБ ҒАБАСОВТЫҢ 1929 ЖЫЛЫ ХАЛЕЛ ҒАББАСҰЛЫНЫҢ ОТБАСЫН ТҮСІРГЕН СУРЕТТЕРІ




7 сурет. Отырғандар солдан оңға қарай: Қадыр Халелұлы, Халелдің ағасы Шаймардан мен оның әйелі, Халелдің әйелі Рәмия (алдында бала отыр)



7-суретке фотоны түсіруші Араб Ғаббасовтың сурет сыртына жазған мәліметі




8 сурет. Халелдің ағайын-туғандары. Атқа мініп тұрғандардың сол жағындағы жас жігіт – Қадыр Халелұлы Ғаббасов




8-суретке фотоны түсіруші Араб Ғаббасовтың сурет сыртына жазған мәліметі



9 сурет. Халел үйінің турлықпен тұрған сырт бейнесі



10 сурет. Халел үйінің туырлықсыз сырт бейнесі



9-10 суретке Араб Ғаббасовтың жазған мәліметі.

КІРІСПЕ

Ғылымда ХХ ғасыр басындағы әдебиетті ояну дәуіріндегі әдебиет ретінде бағалау орныққан. Оның өзіндік нақты тарихи және әдеби себеп-салдары бар. Ояну дәуіріндегі әдебиеттің тарихи негізіне ХХ ғасыр басындағы әдебиет те, соның ішінде, Семейлік әдеби ортада бостандық рухындағы идеяның тууына ғасырлар бойы жүргізілген отарлық езгі мен ұлт азаттық күрестерінің қанды жеңілістермен аяқталған тарихының жүректе шемен болып қатқан өмірлік тәжірибесі түрткі болды. Бұл жай тарихта ең алғаш отарлық пиғылдағы империяның «елші» ретінде жіберген экспедицияларының жинаған мәліметтері негізінде қазақ даласын екі жақтан жағалай салынған қамал-қалалармен, сол қамалдарға орналастырылған әскери күш арқылы елді құрсауға алумен аяқталды. Келе-келе жоңғарлар мен қалмақтарды, башқұрттарды қазаққа қарсы айдап сала отырып, қазақ хандарының өзара тату көршілік сұраған мәмілесіне қол жеткізген патша өкіметі отарлық езгі саясатын ендігі кезекте ашық жүргізе бастады. Сөйтіп, Ресей империясы отарлауды аймақтық шектестігі жағынан өзіне жақын қазақтың Кіші жүз жерінен бастап, дипломатиялық диверсия, әскери озбырлық, экономикалық экспансия, орыс-казактар мен орыс шаруаларын қоныстандыруды жаппай отарлауға ұштастыра отырып, хандық мемлекетті жоюды Орта жүзде жүзеге асырды. Осылайша қазақ халқының мемлекеттік дербестігін жауып, Ресей империясының құрамындағы губернияларға айналдырған бодандық бұғауды орнатты. Осы кезден басталған отарлық езгі халықтың жерін алу, экономикалық байлығын талау, ұлттық рухын, санасын лайлау, патша өкіметінің монархиялық үстемдігін толық іске асырумен қоса қабат жүргізілді.

Үш ғасырға созылған бодандық бұғаудағы қазақ елінің тарихы – азаттық үшін күрестің тарихы. Себебі отарлық езгі халықты тұтас қанады. Ал бұл өз кезінде отар елдердегі барша халықтың, барлық әлеуметтік топтардың мүдделерімен қарама-қайшы, сондықтан олардың барлығы (сұлтандар, билер, байлар, көшпелі малшылар), басқаша айтқанда, күллі халық өздерінің аяқ асты болған құқықтарын қорғауға көтеріледі. Отаршылдыққа қарсы күрес барлық әлеуметтік топтардың қатысуына әкелді. Міне, осы себепті де қазақ елін отарлауға қарсы туған патша өкіметі тұсы мен кеңес дәуіріндегі азаттық күрестерін феодалдық, байшылдық, шаруалар көтерілісі деп жіктеу социалистік идеологияның қитұрқы саясатының жалған бағалаулары деп тану керек. Сөйтіп, осы айтылған отарлық езгі мен оған қарсы азаттық күресінің тарихы ел жады мен сөз өнері арқылы кейінге жетті. Егер әдебиет тарихтың айнасы десек, елдің басынан өткен қилы азапты тарихы, отарлық езгінің қанды іздері ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде, сонымен бірге Семейлік әдеби ортада да азаттық идеясының туып, қалыптасуының тарихи негізін қалады. Бір сөзбен айтқанда, Ресейдің жүргізген отаршылдық саясаты мен азаттық күрестерінің тарихи тәжірибелері қалыптасқан жаңа қоғамдық жағдайда тың идеялы күрескер ұлтжанды азаматтарды тарих сахнасына алып

шықты. XX ғасырдың басында қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресінде жаңа жағдай қалыптасты.

Үш ғасырға жуық уақытқа созылған қазақ халқының Ресейдің отаршылдығына қарсы ұлт азаттық қозғалысы күткен нәтижеге жете алмады. Екінші сөзбен айтқанда, отаршылдыққа қарсы күрестің ұлт азаттық қозғалыстар дәуірі аяқталды. Ел өмірінде қалыптасқан мұндай жағдай ұлт азаттығы үшін күрестің жаңа түрін, тәсілін талап етті. Ал бұл тәсіл ең алдымен халықтың тәуелсіздік негізі – ұлттық идеяны айқындап алуға бағытталды. XX ғасыр басындағы ұлт зиялылары тәуелсіздік идеяларын бес түрлі көкейкесті ұлттық нысанаға топтастырды. Ұлт қайраткерлерінің бірінші көтергені – жер мәселесі болды. Ұлттың дербес өмір сүруінің басты кепілі – жер. Сондықтан да сол замандағы ұлт зиялыларының басты идеясы жер болды. Осы идеяны жүзеге асыруда Халел Ғаббасұлы сынды арыстар 1917 жылғы Орынборда өткен тұңғыш съезде қазақ жерін қазақ ұлтының меншігі деп таныған шешім шығарып, кейін ол губерниялық жер басқармасына басшылық жасады. Қазақ қайраткерлерінің екінші идеясы – қазақ жерінің асты, үсті байлығы қазақ мемлекетінің жалпыхалықтық меншігі болу керектігі болса, үшінші идея – қазақ елінің экономикалық тәуелсіздігі болды. Ал төртінші идея – қазақ елі рухани жағынан тәуелсіз болуға тиіс деген ұстанымға негізделді. Яғни мемлекеттік істер қазақ тілінде, рухани даму ұлттық нақышта, қазақ елінің салт-дәстүрі, ұлттық педагогикасы, психологиясы, негізгі діні, бір сөзбен айтқанда, ұлт рухы аясында өркендеуі қажет десе, бесінші идея – білім мен өркениетке, демократиялық үрдістерге құрылған тәуелсіз зайырлы мемлекет орнату басты мақсат етіп қойылды.

XX ғасыр басындағы қазақтың рухани және мәдени ошағы болған Семейлік әдеби ортаны біріктірген азаттық идеясының тарихи негізі отарлық езгі мен азаттық күресінің тарихы болса, оның әдеби тағылымды өзегі төл әдебиет, әлем әдебиетінің гуманистік азаттық танымдары, ең бастысы Абай үлгісі, Абай сөзі болды. Яғни алаш арыстарының іргетасы, маңдай түзер темірқазығы – ұлт тұлғасы Абай. Әлихан Бөкейханның: «Абай идеясы – қазақтың идеясы» деуі де содан.

Ғасыр басынан басталған отаршылдыққа қарсы, тәуелсіздікті жақтаған, елді надандықтан білім-өнер жолына түсіруді аңсаған сөз өнеріндегі дана Абайдағы ағартушылық, күрескерлік идеялар тоғысы жаңа заманға сай әлеуметтік-саяси, әдеби-рухани тың үдерісті тудырды. Барша ұлтты оятқан, осы жолда азаттық идеяларын берік ұстап, халық өмірінің шындығы мен алдыңғы қатарлы идеясын жырлаған қоғамдық сананың бір түрі – қазақтың алаш арыстары бастаған ұлтжанды әдебиеті болды. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті Абайдың ағартушылық, күрескерлік, демократтық жолын ұстана отырып, оны саяси күрес идеяларымен толықтырды, отаршылдықты, ұлттық езгіні айыптады. Халықтың қараңғылыққа қамалып отырған күйін көріп күйінді, оны өнер-білім үйренуге шақырды. Тәуелсіз ел болудың жолдарын көрсетті. Біздің әдебиетіміз XX ғасыр басында мазмұны мен маңызы басым осындай қоғамдық міндеттер атқарды. Азаттық рухтағы

әдебиетті туғызған Ресейдің, Шығыстың оқу орындарында білім алып, прогресшіл демократиялық интеллигенция ықпалында тәрбиеленіп, азаттық принциптерін өмірлерінің өзегіне айналдырған қазақ зиялылары өздерінің бастапқы табиғи нысандары - оқу, ағарту ісімен қанағаттанбай, сонымен бірге білек түрініп саясат ісіне араласып, сол арқылы өз халқына қызмет жасауды алдарына мақсат етіп қойды. Олар кім болды, ағартушы-ғалым ба, қоғам қайраткері ме, жоқ әлде әдебиетші-көсемсөзші ме деген сауалға бүгінгі таңда қазақ зиялыларының қызметін кесіп-пішіп бұл жіктеудің бір жағына жатқыза қоятын қоғамтанушы ғалым табыла қоймас. Өйткені ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының қызметінде бұл еңбек салалары бірдей көрінді. Басқаша болуы мүмкін емес-тін. Қазақ қоғамының даму кезеңі, соған сай қалыптасқан қоғамдық сұраныс қазақ зиялыларынан туған елі үшін ағартушы ұстаздықты да, болашақ үшін күреске түсетін қайраткерлікті де талап етті. Қазақ зиялыларының бұл қоғамдық-саяси қызметі 1905-1907 жылдардағы орыс революциясы тұсында және одан соңғы жылдары түрлі революциялық істерге белсенді араласуынан, отарлық билік орындарына қазақ елінің негізгі мұқтажын білдіретін петициялар ұйымдастыруынан, саяси партия құру істерінен, ұлттық басылымдар шығарудан, т.б. айқын көрініс тапты. Осы сипаттағы ХХ ғасыр басында туған азаттық рухындағы Семейлік әдеби ортаның шығарған басылымы «Сарыарқа» газеті күллі қазақ елінің тұңғыш тәуелсіз мемлекеті «Алашорда» өкіметінің ресми органы болды. Осы газеттің ел өміріндегі әлеуметтік-саяси, әдеби-рухани қызметіне басшылық жасап, қазақ көсемсөзінің халықтық сипатын өркендетуде зор еңбек сіңірген Алаш арысы – Халел Ғаббасұлы* (**біз еңбегімізде ұлт зиялылары қағидатын ұстанып, әрі 1924 жылы Орынборда өткен тұңғыш Қазақ білімпаздары съезінің қаулысын басшылыққа алып, сондай-ақ ХХ ғасырдың 10-20 жылдарындағы баспасөздегі қайраткер аты-жөні нұсқасын жаңғыртып, осылай деп алдық*).

Осы жайлардың бәрі ХХ ғасыр басындағы әдеби ортаның идеялық өзегі мен Халел Ғаббасұлының қайраткерлік, әдеби-көсемсөздік мұрасының әдебиеттану ғылымында зерттелуі қажетті өзекті мәселенің асыл арнасы болар тақырып екенін айғақтайды.

ХХ ғасыр басындағы Семейлік әдеби ортаның негізгі өкілдері алаш арыстары мен Абай ізбасарлары болды. Бұл орайда Алаш қозғалысы тарихын тыңғылықты зерттеумен айналысқан М. Қозыбаев, С. Қирабаев, Ж. Әбділдин, Н. Бекмаханова, К. Нұрпейісов, Р. Нұрғали, М. Қойгелдиев, Қ. Алдажұманов, Т. Омарбеков, Т. Жұртбай, Д. Аманжолова, Д. Қамзабекұлы, С. Жүсіп, А. Шәріп, А. Исмақова т.б. көрнекті ғалымдарымыздың еңбектері бар.

Ал нақты Халел Ғаббасұлының қайраткерлік, әдеби-көсемсөздік қызметінде Семейлік әдеби ортада өткен кезеңнің маңызы зор болды. Өзінің студенттік жеке ісі мен мұрағаттық ресми құжаттар бойынша 1888 жылы Семей өлкесінде дүниеге келген Х. Ғаббасұлының 1926 жылға дейінгі Семеймен тығыз байланыста өткен ғұмырындағы өмір жолында, қоғамдық істерінде, әдеби-көсемсөздік шығармашылығында әлі де болса тереңдей зерделеп, толымды зерттеуді қажет ететін дерек-дәйектер мол. Осы себепті

де Халел Ғаббасұлының ХХ ғасыр басындағы Семейлік әдеби ортадағы, алашшыл баспасөзіндегі атқарған қызметін сол кезеңнің әлеуметтік-саяси, әдеби-рухани үдерісі аясында қарастыру зерттеудің басты нысаны болып табылады.

Жұмыстың негізгі мақсаты – ХХ ғасыр басындағы Семейлік әдеби ортаның туып, қалыптасуының идеялық, тарихи, әдеби негіздерін айқындап, оған Абай тағылымының, Абайдың әдеби ортасының әсер-ықпалын дәйектеу негізінде, алаш арыстары туғызған азаттық рухындағы ұлт баспасөзі, оны дамытудағы Халел Ғаббасұлының әдеби-көсемсөздік еңбектерін тарихи-әдеби тұрғыда зерттеу.

ХХ ғасыр басындағы Семейлік әдеби орта мен Халел Ғаббасұлының көсемсөздік мұрасын қазақ әдебиетінің тарихы мен ұлттық баспасөздің туып, қалыптасып, даму жолымен байланыста ала отырып, жан-жақты талдап зерттеу объективті-аналитикалық, тарихи-салыстырмалы, жүйелі-кешендік, сондай-ақ әдебиеттану және сыни тұрғыда талдау әдістері негізінде жүргізілді.

Монографиялық еңбектің өзектілігі Халел Ғаббасұлының қайраткерлік қызметі мен әдеби-көсемсөздік мұрасын алғаш рет жүйелі түрде қарастырып, тиісті бағасын берумен тікелей байланысты.

Сондай-ақ, ХХ ғасыр басындағы Семейлік әдеби ортаның әлеуметтік-саяси, әдеби-рухани үдерістегі идеялық көзқарастарының тарихи және әдеби негіздері дәйектелді. Ұлт зиялылары мен алаш арыстарының Семейлік әдеби ортада топтасуының қоғамдық-саяси, мәдени-рухани, әдеби-шығармашылық себеп-салдарлары да ашылып, талданды.

Бұл орайда, Семейлік әдеби ортада туған баспасөздің ХХ ғасыр басындағы ел әдебиетінің жетекші жанрына айналып, ұлт руханиятында ағартушылық, азаттық идеяларының халықтық трибунасына айналған құбылыс болғаны сараланып көрсетілді. Әсіресе, Халел Ғаббасұлының ғұмырнамасы барынша кең де, тыңғылықты зерттеу нысанына алынды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының әдебиет теориясы, әдебиет сыны, әдебиет тарихы салаларының дамуына үлес қосқан, осы үш саладағы ғылымның А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Х.Досмұхамедұлы, С.Мұқанов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Қ.Мұхамедханов, М.Базарбаев, З.Ахметов, С.Қирабаев, С.Қасқабасов, Р.Сыздық, Х.Сүйіншалиев, М.Мырзахметұлы, Р.Нұрғали, Т.Жұртбай, Д.Қамзабекұлы, т.б. ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Сонымен бірге, ұлттық баспасөз мәселелеріне байланысты Х.Бекқожин, Т.Амандосов, М. Н.Фетисов, Т.Қожеев, Ү.Сұбханбердина, Н.Омашев, З.Бейсенғали, Ө.Әбдіманов, Б.Жақып сынды ғалымдар еңбектеріне сүйендік. ҚР ҰҒА - қолжазбалар қоры мен сирек кездесетін кітаптар бөлімі, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Отырар кітапханасының» қолжазба қоры, Қазақстан Мемлекеттік Орталық мұрағат қоры, ҚР Президентінің мұрағат қоры, Шығыс Қазақстан облыстық Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының қоры, Абайдың мемлекеттік мәдени-тарихи және әдеби-мемориалдық қорық-

мұражайының ел тарихы, әдеби мұралар, Абай және Абай ізбасарлары, алаш арыстары мен Халел Ғаббасұлының қайраткерлік қызметі, әдеби-көсемсөздік мұраларына қатысты деректері пайдаланылды. Әр кезеңдегі ел тарихына, азаттық күресіне, алаш арыстарының шығармашылық ғұмырбаяндарына арналған зерттеулер мен баспасөз материалдары да дереккөздері ретінде жұмыста қолданылды. Сондай-ақ, XX ғасыр басындағы Семей қаласы, Семейдегі зиялы орта, Алаш қозғалысы мен алашшыл баспасөздің тарихы қамтылған түрлі материалдардың деректері де назарға алынды.

Алаш қозғалысындағы Халел Ғаббасұлының қоғамдық-саяси қызметі нақты мұрағаттық деректер негізінде алына отырып, қайраткерлік қызметі мен әдеби-көсемсөздік мұрасының халық тарихы мен ұлт әдебиетіндегі тағылымдық мән-маңызы дәйектелді. Алаш арысының Семейлік әдеби ортада атқарған қоғамдық-саяси, қайраткерлік еңбектері – ұлтқа қызмет етудің тұлғалық үлгісі, тарихи өнегесі.

Халел Ғаббасұлы ұлт баспасөзінің дарынды басшысы, ұйымдастырушысы және қазақ көсемсөзін қоғамдық-саяси, әдеби-идеологиялық күрестің пәрменді құралына айналдыра білген қаламгер.

I бөлім

СЕМЕЙЛІК ӘДЕБИ ОРТАНЫҢ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ, ӘДЕБИ-МӘДЕНИ ҮДЕРІСТЕГІ ОРНЫ

Оянған рух пен азаттық қозғалысының мәйегі

Семейлік әдеби ортаны, яғни ұлт зиялылары топтасқан Семейдің ХХ ғасыр басындағы халқымыздың әлеуметтік-саяси, әдеби-рухани өміріндегі алар орнын саралаудан бұрын, оның тарихына шолу жасау қажет. Өйткені ұлттық кемел тұлғаларды тану үшін, ең алдымен олар ғұмыр кешкен дәуірді, тарихи ортаны танып білу керек. Бұл жайлы Абайды ғылыми тұрғыда танытуға арналған монографиясында ғұлама М. Әуезов былай деп жазған: «Біз қазақ халқының ұлы классигі, данышпан ақыны – Абай Құнанбайұлының өмірі мен ақындық еңбегіне тоқталмақпыз. Бірақ Абайдың осы айтылған жайларын шолудан бұрын, жалпы Абайды тудырған дәуірді, тарихи ортасы, осы кездегі қоғамдық қарым-қатынас туралы біраз кіріспе сөз айту қажет.

Қоғамда болатын үлкен уақиғалардың барлығын тудырушы себептер: шаруашылық және соған негізделген қоғамдық, тарихи ерекше жағдайлар. Осы тұрғыдан қарағанда, ақынды да белгілі бір шаруашылық, қоғамдық тарихи дәуір туғызады. Абайды да сондайлық боп қалыптанған қазақ сахарасының өзіндік ерекше жағдайлары туғызған [1,5 б.].

Құтырды көпті қойып аз ғанасы,
Арызшы орыс – олардың олжаласы.
Бірде оны жарылқап, бірде мұны,
Қуды ұнатты-ау Семейдің бұл қаласы [2,103 б.], -

деп Абайдың өзі суреттеген замандағы Семей қаласы патша өкіметінің отаршыл әкімшілік басқару орталығы болды. Шындығында мұндай патша өкіметінің орталық саясаты барысында салынған елді мекендер о баста қалалар емес, отар елді басып ұстауға арналған әскери қамалдар болатын. Олардағы мәдениет ошақтары (оқу орындары, кітапханалар, мұражайлар, т.б.) қазақ үшін емес, патша өкіметінің жергілікті жердегі билеушілері мен қызметкерлері үшін ашылған. Ал бұл қамалдар қалаларға айналса, ол патша өкіметінің қазақтың қамын ойлағандықтарынан емес, заманның өзінен болған жай. Бұл жайында Кенесары былай деп еді:

Ойда Қоқан, қырда Орыс,
Қамал болды қаласы.
Кімнен таяқ жегендей,
Біздің қазақ баласы:
Алдырып жүрген дұшпанға –

Аузындағы аласы.

Ендеше патша өкіметінің қазақты құлдандыру үшін салған Семей бекініс-қамалының салынғанына биыл 292 жыл толды деп атап өту – қазақ елінің отарлық езгіге түсуін мерекелеумен бірдей жай. Ал, анығында шаһардың тарихы көне бастаулар қойнауына тартатыны жайлы деректер молынан ұшырасады. Сондықтан да біз қаламыздың тарихын қысқаша тарихи мәліметтер негізінде шолып өткенді жөн санадық. Өткенге салауат дейді халқымыз, ендеше болғанды болған, барды бар деу ғылымға үйлесімді, әрі болашағы зор іріліктің белгісі. Сондықтан, ештеңені жасырмай айтқан жөн. Семейдің мәдени-рухани орталық болуы ХІХ ғасырдың аяғына қарай Абай тағылымынан басталды. ХХ ғасырдың басында прогрессивті орыс демократтары мен алаш арыстарының қайраткерлік, шығармашылық қызметінің нәтижесінде патша өкіметі саясаты тарапынан Семейдің «кәпір көздің дүниеде араны үлкен» орталықтың қызметін атқарғаны да белгілі. Мәселе сонда, қаланың 1718 жылдан бергі тарихының егжей-тегжейін баяндайтын әлденеше кітаптар жарық көрді. Ал, ғасырлар тозаңынан көмескіленіп, жарыққа шыға алмай келе жатқаны арғы тарихы. Бүкіл қазақ халқы мақтан тұтарлықтай ғажап тарих, өлшеусіз қазына! Осы ретте айта кететін бір жай, «ой, ескі Семей деген қиялдың дүниесі, өйткені, қазақта бұрын қала болмаған. Сары дала төсінде төрт түлік малдарының тұяғына еріп қана өмір кешкен» деп өре түрегелетіндер бар. Олар ойлағаны жөн: дала тарихы өркеш-өркеш. Ұлы Даланың бетіне Ұлы Жібек жолының тармақтары айқұш-ұйқыш іздерін салған анау мыңжылдықта кенттер де, қалалар да, егін еккен отырықшылық салттар да болды. Тарихшы мамандар «Қазақстан тарихы» кітабында көрсеткендей: «ХІҮ ғасырдың І жартысында үлкенді-кішілі қалалар мен мекендер Дала картасынан жоқ болып кеткені» [3,105 б.], - рас. Қытайға баратын теңіз жолы игерілген соң, көне Сауда жолының жұлдызы сөнді, осымен бірге көне Семей сияқты қалалардың бес ғасырлық тарихы құмның астына көмілген еді. Сонымен Семейдің көне тарихы 840 жылдардан басталады. Бұл - Шыңғысхан жаугершілігі алдындағы аса елеулі тарихи датаның бірі. Осы жылы Оңтүстік Сібір жерінде дәуірлеген әйгілі ұйғыр қағанаты күйреп, оны құраған ғұн нәсілдері, ондаған түркі ру-тайпалары әр тарапқа (Арқаға, Тұрпан ойпатына, Жетісу мен Сыр бойына) ауа көшкені бізге тарихтан белгілі. Сөйтіп, Ұлы Даланың картасы мықтап өзгерді. Екі ғасырдай кейініректе оның Дешті Қыпшақ аталуына тікелей осы оқиға себепші болды. Сөйтіп Алтайдың бергі жағына ауғандардың бір бөлігі – үлкенді-кішілі жеті ру 840 жылы орта Ертіске ту тігеді. Бас біріктіріп, мемлекетін құрады. Жеті тайпаның батыс көршісі қабырғалы қыпшақ елі еді. Осы себепті жаңа одақ – конфедерация негізінен Ертістің бойын қуалай қоныстанды. Бұл сауда-саттықтың заманы, соның көрігі қызған уағы болғандықтан, соған бейімделіп, өзеннің жағалауында он алты тұрақты мекен-қалашықтарын көтерді. Екі ғасырдай өмір сүрген осынау көшпенді мемлекет тарих ғылымында жетеудің ішінде ірісі болған тайпаның атымен «Қимақия қағанаты» деп аталды.

Сәтімен орнаған қағанаттың салтанатты астана қаласы қазіргі Семей орнында болғаны анық. Мұны растайтын тарихи мағлұматтар да бар. Ал қаланың аты қайсы? Ертіс жағалауына табан тіреп, қимақ жерін еркінше аралаған араб-парсы саяхатшылары баршылық. Бірақ, олардың бізге белгілілерінен, өкінішке орай, бір де бірі қала-қоныстың, өздері «өте үлкен, ішінде мешіттері бар, жан-жағы темір есіктері бар дуалдармен қоршалған» деп суреттеген бас қаланың дәлелді атын атамаған. Тек «қимақ қалалары», «қимақия астанасы» деумен ғана шектелген. Сондықтан әзірге бұл мәселеге қатысты анық пікір жоқ.

Белгілі түрколог ғалым С. Малов Оңтүстік Сібір-Орхон жерінде құрылған Ұйғұр қағанатына кірген тайпалардың ғылым тілінде «сары ұйғұрлардың» құрамын, тілін зерттеген ғалым [4]. Айта кетелік, сөз болып отырған тайпалардың қазіргі ұйғыр (ұйғұр емес) этносына қатысы шамалы.

Осы С. Малов тереңдей зерттеген ұйғұрлар тарихының «Ұйғұр» этнонимі туралы В.В. Радлов: «үю, бірігу, ынтымақтасу» [5,43 б.], - деген түсініктеме береді. Орхон Ұйғұр мемлекеті конфедерациясын құрған тарих сахнасына «теле» деген ортақ атпен шыққан тайпалар еді. Олардың Орта және Орталық Азияны түгел жайлағаны жайында қытай дерегі былай дейді: «Томның арғы аталары – ғұндар. Олардың нәсілі өте көп. Батыс (Каспий) теңізінің шығыс жағалауынан бері қарайғы тау мен сай-саланың бәрінен бұларды кездестіруге болады» [6,41 б.]. Қыпшақ-қимақты арғы қазақ деуге толық негіз бар. Ендігі бізге керегі – жаңа аты аталған ғалым С. Маловтың «Сары ұйғұрлардың тілі» деген еңбегі. Онда «Семей» деген сөз де бар [4,142 б.]. «Ол – табынатын орын», немесе «киелі жер» деген мағынаны білдіреді екен. Семейдің еліміздің рухани-мәдени ошағы болуының тарихи астарының бір себебі осы болса керек. Сонымен қатар қалаға ең жақын тау да ескі заманнан бері «Семейтау» деп аталады. Оған қоса Еуразия құрлығының географиялық кіндігі де осы тұс. Әрі табиғаты да екі бөлек Дала мен Сібірдің шекара сызығы осы Орта Ертістегі Семейтаумен өтеді.

Осындай табиғаты мен климаты ерекше мекенжайды А.Янушкевичтің: «Семейден жеті шақырымдай қашықтықта, ортасынан бұлақ ағып жататын әдемі қойнауға, өне бойын тоғай басқан Семейтау баурайында, көпшілік айта беретін көпес Поповтың мекен-жайы немесе хуторы жайғасқан. Бұл Сібірдегі мен көрген жердің бәрінен де әсем сияқты. Тау басынан Ертістің айналасындағы әдемі көріністердің бәрі көзге бірден шалынады. Көздің нұрын алардай осы бір көкорайды әлде бір бақытты елден әдейілеп әкеп қолмен қондырғандай» [7,118 б.], - деп жазуы да тегін емес қой.

Түйіндеп айтқанда осының бәрі, қимақ заманында да қаламыздың «Семей» деп аталғанын айғақтайды. Енді тарихи және ғылыми еңбектердегі «Жеті тас сарай» туралы мәліметтерге көңіл бөлейік. Өйткені, «Семьпалат» осы тас сарайларға қатысты шыққан. Орыс әскери экспедициясы Ертіс жағалауына ат басын алғаш тірегенде, оларды тас сарайлар сәулеті таңтамаша қалдырып, өздері салуға кіріскен қамалды осылай атауға ұйғарған. Олай болса жеті тас сарайдың тарихы қандай, оларды қашан және кімдер салған? Бұл сұрақты тексеру үшін айтулы 840 жылға қайта зер салу қажет.

Жоғарыда біз осы жылы қимақ мемлекеті дүниеге келген дедік. Қимақтың патшасы, яғни қаған астана қала төріне жеті бірдей тас мешітті тұрғызуға жарлық береді. Өйткені, астана тоғыз жолдың торабында орналасқан болатын. Қаны бүлкілдеген тамырдай жер-жерге түгел жан бітірген Ұлы Жібек жолының басты тармағының бірі Түркістан-Сібір жолы осы арадан өткел алатын еді. Бірақ, сәулет өнері мен қаланы көркейту басты мақсат емес, бастысы жеті елдің ынтымағы мен бірлігін сақтау болған сыңайлы. Мәселе сонда, бұл ислам миссионерлерінің түкпір-түкпірлерге жетіп, ел-елдің билеушілерін исламға иландыру, дінге бойұсындыру істерін белсенді түрде атқарған кезең болатын. Екіншіден, ислам діні қаны бір, тілі ортақ, бірақ әдет-ғұрыптары мен діни сенім-нанымы жағынан бөлектене бастаған көшпелі жұрттың бірігіп, ұюуына үлкен септігін тигізді. Бұны орда маңындағы ақсүйектер мен ел басқарушы топтар көршілес елдердің тәжірибесінен өздері де көріп, біліп отырды. Қысқасы, абыройы асқақтап тұрған қағанның «мен үшін жеті тайпаның үлкен-кішісі жоқ» деген емеурін жеті мешітті салдыруы көкейге қонымды қисын. ХҮІІІ ғасырдың 30-шы жылдары Семейдің орнын алғаш зерттеген ғалым Миллердің дерегіне қарағанда, тас сарайлар – тік бұрышты, шаршы, шеңбер, т.б. формада, бірін-бірі қайталамайтын жобамен салынған [8,124 б.]. Бұл да олардың руларды біріктіруге қызмет еткенін растай түсетін нышандар.

Әр қаланың тағдырында өрлеу және құлдырау алмасып отырады. Күллі көшпелі кеңістіктің оң қанаты Моңғол даласы, сол қанаты Қазақ даласы боп дүркіреген бір кезеңде, Ертіс аумағы «Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» құт дарыған жерге айналды. Мұны, яғни қазақ пен моңғолдың арғы тегінің тарихи бірлігін Абай: «Біздің қазақтың ықыласы атасы ғарабтан шықты дегенді, яки бәни Исраилден шықты дегенді ұнатқандай. Онысы - әр не тауарихтан хабар тисе, сол жақтан тигендіктен, ислам діні бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, діндестерді жақын көрсеткендіктен һәм артқы жағы хабарсыз қараңғылықта қалғандықтан болған іс. Һәммаға мағлұм, әуелде адам балалары бұл күнгі орындарына екі жақтан толқынып келгендігі. Бірі – Үндістан тарапынан; ол жақтан келген жұрттардың көбі – білімді жұрт болып, ертерек ғылымға үйір болып, қайдан шыққандарын білгендер. Екіншісі – маңғұл жағынан келген; олар заманның көбін ғылымсыздықпен өткізіп, тауарихтан терең білмей, түбі ескерусіз қалып, ата-бабаларын ақсақалдардың айтуымен, ауыз хабарынан білгеніне қанағат қылып жүріскен. Соның бірі, яғни сол маңғұлдан шыққан халықтың бірі – біздің қазақ. Біздің қазақтың маңғұлдан шықпақтығы бізге ұят емес, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалмақтығымыз ұят» [9,155 б.], - деп жазған. Сөйтіп, кезінде киелі ретінде даңқы асқан көне Семей шаһарының тарихында ХІ ғасырдың соңында зор өзгеріс болды. Дала төсін еркін жайлап, қабырғалы жұртқа айналған қимақ-қыпшақ бірлестігінің үлкен бөлігі бір уақытта екі бағытқа: оңтүстікке және батысқа ауады. Ұлы Дала осыдан соң Дешті Қыпшақ делінді. Міне, осы оқиға Сыр мен Еділ бойындағы қалалардың қазақылануына, ал Арқадағы қала-қоныстардың, оның ішінде көне Семейдің жұлдызы біртіндеп өшуге әкелген себептің бірі болды. Көне Семей символы

– Жеті тас мешітке оралсақ, оның сонау ІХ ғасырдан ХҮІІІ ғасырға бұзылмай жетуінің қысқаша тарихы мынадай: ХІІІ ғасырдың басында Шыңғысханның қалың әскері Шыңғыстау бөктеріне жайғасып, Бас Ордаға ту тіккенде Ертіс жағасындағы қала баяғы қалпында еді. Бұл жайлы, яки Орданың нақты болғаны, оның Шыңғысхан өлген соң, Жошының тұңғышы Орда-Еженге мұраға қалғаны жайлы Рашид-ад-диннің жазбаларында сақталған. Сөйтіп, Орта Азияны сол кездің тілімен Сартауылды асуды ойланған Шыңғысханның осы аумақта әлденеше жыл қыстап, жүздеген мың жылқыны бастап, жүз елу мыңдай шабандозды атқа қондырып, Отырар қаласының желке тұсынан түскені мәлім. Отырар қаласында апат болған құрамында бес жүз мұсылман саудагерлері болған бай керуен де, пәлен мың шақырым шалғайдағы ішкі Моңғолияда емес, тап осы Семей қаласы орнында тұрған сауда шаһарында жабдықталған. Осы жайлы, яки қазақ-моңғол бірлігі жайлы Абай сөзінен өзге қазіргі әдебиеттану ғылымы мен тарихының білгірі М. Мағауин де жазған [10]. Сондай-ақ Семей шаһары жайлы ХІІІ ғасырдың орта тұсында Ақ Орда ұлысын аралаған Италиян саяхатшысы Пано Карпини де: «Орта Ертістің жағалауында өзіндік келбеті бар қала тұр» - деп жазған. 1368 жылы Шыңғысхан өткен жолмен тек кері бағытта жүріп отырып, Орта Ертістен Әмір Темірдің әскері де атын суарыпты. Бұл жорық сапарын тексерген тарихшы Амантай Исин: «Әмір Темір әскері батыстан Сарыарқа жері арқылы келген» [11,43 б.], - деп жазған. Өзін ислам дінін таратушы деп есептеген әмірші Әмір Темір Жеті тас мешітті көріп, құлауға таяу тұрған мешіттерді қалпына келтіріп жөндеткен. Өйткені, Қытайдағы орыс елшісі Ф.Н. Байков 1653 жылы Ертіс бойындағы ірі құрылыстарды – «Жеті тас мешітті» салдырған бұхаралықтар екен», - деп ресми орындарына хабарлаған. Кім тұрғызғаны беймәлім құрылыстар орыс адамдарын бұрыннан қызықтырған көрінеді. Жоғарыда аты аталған орыс ғалымы Миллер Тюмень мұрағатынан тапқан 1616 жылдың 25 қазанында жазылған патша Михаилдің грамотасында осы сарайлар «Тас мешіттер» деп аталыпты [12,114 б.]. Ал Миллердің өзі Семейде 1734 жылы болған. Сонда ол тастан қаланған жеті үйдің қабырғаларын көреді. Орысша қаланың семьпалат атануы да осыдан шыққан. Ұлы Петр патшаның арғы аталары патша Михаил Федорович 25 қазан 1616 жылы берген осы грамота құжатында Семейдегі жеті үйді мешіттер деп жазған. Ол құжатты Миллер Тюмень қаласының мұрағатынан тапқан. Алайда, Миллер: «Мен көрген жеті үйдің төбелері жоқ, қаңқиған қабырғалары ғана тұр», - деп жазған. Оның болжамынша 1660-1670 жылдары жоңғарлықтар арасында өзара қақтығыстар болған. Сол кезде осы аталған үйлердің төбелері ортасына түскен. Миллер бұл үйлерді ламайлар монастрі деп атайды. Ал Ресейде сол ескі заманда жоңғарлардың осы дінді ұстанғанына ешкім назар салмаған. Бірінші Петрдің ағасы Михаилдің осы жеті үйді (семьпалат) мешіт деп атап қателесуі де содан. Сонымен жеті тас мешіт жайлы деректер осындай. Ал, ХҮІІІ ғасыр ортасында жоңғар ханы Батыр қоңтайшы қалың жасақ жинап, Ертістің орта ағысын өзіне қаратқаны белгілі. Осымен Семейдің келесі тарихы – қалмақ дәуіріндегі қала тарихы басталады. Орыс зерттеушісі Н. Абрамовтың айтуынша 1670 жылдары жеті

мешіт күрделі жөндеуден өтіп, будда монастырының кейпіне кірді. Доржы деген пірадар басшылық еткен бұл данандардың (будда шіркеулері) маңына көп үйлер бой көтеріп, егін-жайлар пайда болды. Қысқасы, «Доржыкей» (немесе Доржыкент) деп аталған жаңа кент дүниеге келді [13].

Ал келесі Семей шаһарының патша өкіметінің отарлық саясатынан басталаған дәуірі 1718 жылдан төңкеріске дейінгі уақытты қамтиды. Абайдың есте жоқ ескі заманда мақтансүйгіш, тойымсыз, аш аранды Ескендір мысалында:

Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,

Алған сайын дүниеге тоя ма екен.

Қанша тірі жүрсе де өлген күні,

Өзі де көзбен бірдей-ақ болады екен [9,67 б.], -

деп суреттеген орыстың асқақ та озбыр монархы Петр біріншіде Ескендірге ұқсастық болған деседі. Расында да тойымсыз өршілдігі аждаһадай ол кең байтақ Сібірді қанағат тұтпай, бүкіл Орталық Азияға аранын ашты. Тіпті алыс Үндістанға да көзі тұнды. Орыс әскерлері Үнді мұхитына жетсе, сонда «етігін жуса» деген ой-арманмен көзін жұмған деседі. Жаугер Петр Бірінші «арманын» іске асыруды неден, қалай бастаған еді? Ұзын аққан Ертістің бойына қаражат пен әскери күшін аямай төгіп, 1718 жылы Семей бекінісінің алғашқы кірпіші қаланып, іргетасы құйылды. Орыс патшасының бекініс салуға осы жерді таңдауына не себеп болды екен? Айнала құмды шөл, көз тартарлық қара көрінбейді, оның үстіне күндіз-түні шабуылдаған жоңғарлардан маза жоқ. Осындай сүреңсіз жайды көре тұрып, табан тіреп, тұрақтап қалу үшін, бұлтартпас себеп біреу-ақ. Ол – алтын. Алтын болғанда Ертіс суы арнасына лық толып, кемерінен асарда, «шапанмен, кілеммен, ат жабумен сүзіп алуға болатын» мол алтын. ХҮІ ғасырдың екінші жартысында Қазан, Астрахань, Сібір хандықтары Ресей құрамына күшпен алынды. Сібір мен қазақ даласына ағылып сауда керуендерімен бірге көршілес елдерге өткен елшілер де, Сібір губернаторы да Бірінші Петрге Ертіс пен Жаркент өзендеріндегі алтынның мол қоры туралы мәліметті баяндаған. Орыс елін жаңартып, жаңғыртушы патша құпиясы мол елдің жұмбақ байлығына қызықпай қоймайды. Оның үстіне Ертіс бойына бекініс салуы арқылы Ресей Орта Азия сауда-кәсіптік орталықтарына, Шығыс базарларына апарар берік қақпаның да иесі болатынын түсінген Бірінші Петр мол байлыққа кенелу мақсатында Ертіс бойына экспедицияларды (әскери қарулы жасақ) бірінен соң бірін жібере бастады.

Тұңғыш экспедицияны басқарған полковник И.Д. Бухгольцқа берілген тапсырма нақтылығымен де, бұйрықты орындауға берілген мерзімнің қысқалығымен де ерекшеленді. Тобыл қаласының губернаторынан мың жарым кісі алып, Ямышев көлінің бойында Семейдің солтүстігінде қыстап шығуға тиіс болған И.Д. Бухгольцқа келесі жылдың көктемінде Ертіс бойымен жоғары өрлеуге, Еркент (Жаркент) қаласында тұрақтап, «тұрғындар алтынды қай жерден, қандай тәсілмен алатынын мұқият анықтауға» бұйрық берілді. Белгіленген жерге екі жыл жүріп әрең жеткен И.Д. Бухгольц Ямышев көліне аман-есен жетіп, сол жерде шағын қалашықтың құрылысын бастап

кетеді. 1715 жылдың 23 қазанында Ертістің оң жағалауындағы бекінісінде қыстап шыққан ол экспедициясын ары қарай жалғастырмақ болады. Бірақ, тұтқиылдан жоңғарлардың шабуылына ұшырайды. Бекіністі қоршап алған он мың жоңғар әскеріне төтеп бере алмаған Бухгольцтің қолы бекіністе тұрақтай алмай, еліне қашуға мәжбүр болды. Іле-шала қазақ даласына аттанған отты қарумен, адам санымен күшейтіліп, жасақталған П. Северский мен В. Чередов экспедицияларының нәтижелері И.Д. Бухгольц экспедициясына қарағанда біршама жемісті болды. Бір жылдың ішінде бұлар екі бекініс (Железинск және Колбасинск) салып үлгерді. Бұдан кейін В. Чередов Ертістің оң жағалауына салынатын жаңа бекініске орын таңдайды. Қазіргі Семейден тым қашықта орналаспаған бұл бекініс сол кездің өзінде Семипалатная, ал бүгінде Старая крепость атауына ие болды. 1718 жылы Семей бекінісінің құрылысы басталды. Сол жылдың күзінде келген Прокопия Ступиннің экспедициясы қамал айналасын мықтап бекітіп, қаруландырған болатын. Орыс әскери экспедициясы не себептен о бастан-ақ қазіргі Семей тұрған дөңес аумаққа ірге теппей, дәл ойпандағы батпақты су жағасына қамал салды деген заңды сауал туындайды. Оған себеп жоғарыда айтылған Доржыкент қалашығы болатын. Ал қазіргі қала орнына көшу туралы әңгіме тура 60 жыл өткенде, жоңғар мемлекеті қытайдан толық күйрегенде ғана шықты. Ойымызды растау үшін мұрағат материалына сүйенсек: «1760 жылы қамалды жаңа жерге ауыстыру мәселесі қаралды. 1778 жылы 18 мамырда қайтадан салынған қамалға комендант болып тағайындалған полковник И.Т. Титов өз штабымен бірге көшіп келді. Ескі қамалды басқаруды мойор Соколовқа тапсырып кетті» [14]. Ал алғашқы орнында Ертіс ернеуінен шығып тасыған көктем мезгілінде қамалды су басып кететін және сор батпақтың салдарынан безгек эпидемиясы да жиі-жиі болып тұратын. Жоғарыда жазғанымыздай, алғашқы бекіністен 1768 жылы Семейді қазіргі орнына көшірілген патша өкіметінің әкімшілік басқарамасы талай рет өз статусын өзгертті. 1783 жылы 6 наурызда «Колывань наместничествосы» пайда болғанда Семей қаласы уездік қала дейтін атауға ие болды. 1796 жылы «Колывань наместничествосы» таратылғанда шаһар уездік қала атауын жоғалтып, қайтадан қамал ретінде Тобольск губерниясына бағындырылды. 1804 жылы Томск губерниясы пайда болғанда Семей соның қол астына көшті. 1822 жылы Омск (Омбы) облысы пайда болғанда Семей соның окурттық қаласы атанды. 1837 жылы Омбы облысы таратылып, Семей Бииск уезінің қаласы ретінде Томск губерниясына бағынды. Тек 1854 жылдың 1 қазанында ғана Семей облыс орталығы статусын алып, оның салтанатты ашылу рәсімі өткізілді. Семей облысының жер көлемі 1,5 Франциялық территорияға бара-бар аймақты алып жатты. Оған Өскемен, Павлодар, Семей, Зайсан, Қарқаралы уездері бағынды.

Сол кезеңдегі патшалық әкімшілік жүйе жайлы М.О. Әуезов: «Облыс басында әскери губернатор (жандарал) болады, оның кеңсесін «Областное правление» дейді. Уездің басында уездный начальник – мұны қазақ «ояз» дейтін. Ақмола, Семей облысы бірігіп, бір генерал-губернаторлыққа бағынатын. Оның әкімін «степной губернатор» дейді. Қазақ бұл үлкен әкімді

– кеңсесімен қоса «корпыс» деп атайтын. Міне, Абай шығармаларында әр алуан кескінде сипатталып, әшкереленіп, сыналып отыратын ұлық, әкім, ел билеушілер дегендердің саты-саты орындары осылай еді [1,7-8 б.б.], - деп жазған. Сол әкімдер тұрған XIX ғасыр ортасындағы, нақты айтсақ, 1854-58 жылдардағы Семейдің кескінін, осы жылдарда Семейде облыстық прокурор қызметін атқарған барон А.Е. Врангель өзінің естеліктерінде: «Семей балығы мол, ені жалпақ Ертіс өзенінің оң жағалауында орналасқан. Өзенде әлі де бір де бір кеме, паром жүрмеген. Қалада православие шіркеуі, жалғыз тас ғимарат, жеті мешіт, үлкен сауда ауласы, казармалар мен госпиталь ғана бар» [14,64 б.], - деп жазады. XIX ғасырдың 50 жылдарындағы Семей үш бөліктен құрылған-ды. Араларын құмы есілген тақыр дала бөліп жататын. Казак-орыс слабодасы Семейдің ең жақсы күтілген, таза да әдемі бөлігі болды. Кішігірім бақтар, ғимараттар, жер үйлер бар еді. Әскери училище мен аурухана да осы казак слабодасында орналасқан. Казактар казармада емес, өздерінің жеке үйлерінде тұрып, әскери қызмет атқарған. Оңтүстікте татар слабодасы. Барлық терезелері аула жаққа қараған ағаш үйлерден тұрады. Екі слабоданың ортасындағы әкімшілік бөлікті халық «бекініс» деп атаған.

Ал Семейдегі қазақ қоныстары жайлы тарихшы ғалым Е. Сыдықов: «XIX ғасырдың I жартысында көне Семей қаласын екіге бөліп жатқан көне Ертіс өзенінің сол жағалауында алғаш уақ болысының старшинасы, екінші гильдиялы көпес Тінібай Кәукенов пен терістаңбалы болысының биі әрі старшинасы Жоламан Жандарбеков өздеріне арнап ағаштан бірнеше жатын бөлмесі мен асханасы, сондай-ақ атшаптырым ауласында моншасы және сауда қоймалары бар үлкен баспана тұрғызып, мешіт-медіресе салдырып, жаңа бір елді мекеннің іргетасын қалайды. Уақыт өте келе бұл қоныстардың аумағы бірте-бірте ұлғайып, кеңейе түседі. Сөйіп, Тінібай үйі орналасқан елді мекен жеке өз алдына «Тінібай слабодасы», ал Жоламан Жандарбековтікі «Жоламан слабодасы» деп аталды. Зерттеуші Мұздыбай Бейсенбаевтің айтуында, қырдан көшіп келген қазақтардың есебінен кейін тағы бір «Тарақты слабодасы» атты елді мекен пайда болған.

Қысқасы, Семей халқының XIX ғасырдың соңында «Заречная слабодка», ал XX ғасырдың басында «Алаш қаласы» деп айтып жүрген елді мекендері осы» [15,10 б.], - деп көрсетеді.

Сөйтіп, Семей қаласының патша өкіметінің отарлық саясатынан басталған дәуірі 1718 жылдан төңкеріске дейінгі уақытты қамтиды. Соның ішінде Семейдің, кейін 1917 жылдың 7 наурызынан басталған Алаш қаласының қазақ елінің XX ғасыр басындағы әлеуметтік-саяси, әдеби-рухани үдерісіндегі прогрессивті рөл атқарған отарлық болу кезеңі жоғарыда айтқанымыздай XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басынан басталады. Оның әдеби-рухани үдерістегі рөлі отарлық езгі мен оған қарсы туған ұлт әдебиетіндегі Абай тағылымы, Абайдың ағартушылық бағыты, оны Абай ізбасарларының XX ғасыр басында ұлт бостандығы жолындағы күрескерлік әдебиетпен ұштастыруынан көрінеді.

Ал, Семейлік әдеби ортаның әлеуметтік-саяси үдерістегі рөлі Абайдың саяси жер аударылған орыс достары құрған мәдени-ғылыми ұйымдар, Семей

қаласының шет аймақтардағы білім мен мәдениеттің ірі орталығына айналуы, әдебиет пен көсемсөздің саяси күрестегі маңызы, дүниежүзі мен Ресей империясындағы қоғамдық-саяси өмірдегі дүмпулі тарихи оқиғалар әсерінен туып қалыптасты.

Енді осы айтылған жайларды жүйелі түрде саралап өтейік. Ол үшін тараудың тақырыбында қолданылған «үдеріс», «даму» деген ұғымдарға көңіл бөлу қажет. Өйткені бұл жерде «үдеріс» түсінігін біз «әдебиеттегі үдеріс» деп қана емес, күллі «қазақ қоғамындағы даму» деген мағынада алып отырмыз. Басқаша айтқанда, бір дәуірді екінші дәуір билеген замандағы қоғамда болып жатқан зор өзгерістер, ұлы дүбірлі тарихи оқиғалардың қоғамның барлық салаларында жаңа даму жолының, тың үдерістің тууына түрткі болуы деген мәнде алып отырмыз.

Сонымен: «Әдеби процесс – жеке тұлғалар өзінің әкелген айрықша, көркемдік ашылымдарымен өзіне дейінгі құндылықтармен қайшылыққа түсе отырып, оны қозғалысқа келтіре отырып, әдеби процестің құрамында кезеңдік, жалғастырушы, өзгертуші қызмет атақарады» [16,42 б.], - десек, әдебиеттегі осындай қызмет атқарған әдеби үдерістің басында тұрған суреткер – Абай болғаны аян. Өйткені XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында қазақ елінің тарихында аса елеулі кезең басталды. Осы тұстағы қазақ елінің қоғамдық жағдайы Ресей империясымен тікелей байланысты еді. Ресей империясының қол астына кірген қазақ еліне деген зорлық-зомбылығы күннен-күнге күшейе түсті. Сондықтан Абай әдеби үдерісте әдебиетті ұлтты тәрбиелеудің, бостандыққа жетелеудің ең басты керек құралы ретінде жаңа бағытқа бастады. Мұны М. Әуезов: «Сахараны басқан қара түн – түнекті қақ жарып, қолына жалынды шырақ ұстап, халқына бет нұсқап: «Таңың белден атады, күнің сонау жақтан шығады» - деп кеткен ақын еді» [17,275 б.], - деп айтқанындай, Абай бастаған тың әдеби бағытты оның ізбасарларына берген тағылымымен байланыста қарастыру керек.

Абайдың отаршылдыққа қарсы ұлттық идеясы бірден пайда болып, әдеби үдеріске айналған жоқ. Оған барар жолда Абайдың өзі:

Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек,
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Жеңді ғой деп шайтанға болар көмек [2,47 б.], -

деп суреттеген заман мен сол замандағы жан дүниесі құлдық психологиямен улана бастаған ұлт адамын тәрбиелеуде үлгі болар идеяны әлемдік, ұлттық қайнар бастаулардан алды. Сондықтан «шайтан өрмек құрып, елді бұзған» қулық пен ұсақ пысықайлық жайлаған заманда, «наданның көзін қойып, көңілін ашуды» ниет еткен ұлттың сөз басы Абай дейміз. Танымы терең, парасатты ғалым Құдайберген Жұбановтың «Абайдың еленбей келе жатқан ерекшелігінің бірі – оның ояну дәуірі тудырған ұлылар сияқты бақытқа кенелмесе де, Данте сияқты алды қараңғы, заманы жаңалыққа түрткі салмаған кездің өзінде, ескілікті бұзып-жарып жаңа жол салуы болды», - деуінде Абай шығармашылығының осынау ренессанстық мәнін тап басып

танығаны айқын. Ал мұндай кемелді кезеңге Абай бірден келген жоқ. Осы бір асқаралы асуға шығар жолда ол Шығыс пен Батысты, түріктік, ұлттық мұраларды М. Әуезов жазғандай: «Қайдан алсын, нені алсын, баршасын да өзінің үлкен ойлы, терең толғаулы ірі ақындық ерекшелігі арқылы үнемі өз елегінен өткізіп, өз өнерімен мықтап қорытып, өзінің қайнар жүрегінен шыққан бұйым табысы етіп ала білді» [17,279 б.]. Сол алғандарын патшалық, отаршылдық, әкімшілдік қатыгез күйлердің түп тамырын тауып, одан шығар жолды көрсетіп, халықтың ішкі және сыртқы әлемін сақтап қалуды рухани майданның қуатты құралы етті. Бұл идея кейін оның ізбасарлары мен алаш арыстарына болатөзек болған идея болды.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

Бас басыңа би болған өңкей қиқым,
Мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын?
Өздерінді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың [2,49 б.], -

деп ұлтын үлкен ұлтжандылықпен сүйіп өткен Абай, өзге де өнерлі халықтардың тірлігін танып, барлаған. Қазақтың мінездерін олармен салыстыра отырып: «Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді-біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз. Өстіп жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді-біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында ұрлық, өтірік, өсек, қастық қылып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістетерлік күш бола ма екен!» [9,109 б.], - деп күрсіне ашынған. Абай осындай берекесіз, алалыққа себеп-салдар іздейді.

Біріншіден, «елім надан болған соң, қайда барып оңайын» деп елдің надандығынан көрсе, екіншіден, болыс, би, билеуші топтың партия, жиын, ел ішінде бүлік салуынан, үшіншіден, орыс отаршылдарының қанқұйлы патша саясатынан екенін жария етті. Қазақ даласында 1824 жылы хан билігі, 1868 жылы сұлтан билігі жойылды. Енді қазақ даласы дербес мемлекеттік сипатынан айырылды. Бөтен жұрттың бодандық жат жүйесі өктемдік етті. Осының бәрін Абай өз көзімен көріп өсті. Патшалық Ресей оның үстіне қазақ даласын бөлшектеп басқарғанда, Семей қаласы да бір аймақтың орталығы болып, патша жіберген орыс губернаторларына сұлтан болған Құнанбай мен Барақ төре орынбасарлық міндет атқарды. Осы тұста ақ патшаның сықпадай қысқан әкімшілік озбырлығын Абай өз әкесі Құнанбайға жасалған озбырлығын көзімен көріп назаланды. Сондықтан ол ел ішінде алалық салып, қазақты өзіне-өзін жауластырып, елден гөрі өз басын, ақылдан гөрі айла-шарғыны көбірек малданып, жағымпаз «партияшыл», «топшылдарға» сүйеніп, әке мен баланы, ағайын мен туысты бір-біріне қарсы қойып отырған

жымысқы құлдану саясатына қарсы болды. Абай отаршылдық пен патшаның ұлттық езгісіне тікеден тіке емес, көбінде қазақ елін билеген патша ұлықтарының, олардың қол шоқпарларының, болыстардың қылықтарын шенеу арқылы астарлай әшкереледі.

Ресей патшалығы қазақ елін біржолата басып алғаннан кейін, қазақтың тұқым қуған ежелгі хандық билігін жойып, Ресейдің патшалық ел билеу жүйесін қолданды. Әсіресе, 1868 жылы патша өкіметі қазақ елін билеу туралы заң шығарған соң, одан бұрынғы дуандық жолды, елді жоғарыдан төменге қарай губерния, ояз, болыс, старшындық жүйеге өзгертті. Мұнда болыс пен старшындар ғана қазақтан сайланып, одан жоғарылар патша өкіметі жағынан орыс ақсүйектерінен тағайындалатын болды. Мұның өзі халқына есеңгіреткіш соққы, тырп еткізбес бұғау болды. Отаршылдықтың бұлан-талау сипатта болатыны кімге болса да аян. Патшалық Ресейдің қазақ еліне қаратқан саясаты мен заңдары бүкілдей ұлттық езгіні, ұлттық қорлауды негізге алды. Олар ұлт пен ұлтты, ру мен руды араздастырып ұстау айласы саясатын барынша қолданды. Осыған ілесе елдегі байлар мен шонжарлардың ең төменгі билік болыстық пен старшындыққа таласуы үдей түсті. Абай міне, осы болыс сайлауын және би-болыстардың көрген күнін ашу-ыза, уытты тілмен әшкере ету арқылы көп нәрсенің бетін ашты, жария етті. Мұнда болыс сайлауының халықтың еркімен емес, ылғи қулық-сұмдықпен, ашық алапат парамен, жалалы арызбен өтетіндігін баяндады. Патша ұлықтары кім параны көп берсе, соны болыстыққа сайлайды. Одан барып оның да ру тартысы толастамайтын ел ішінің бұрынғыдан да аяусыз болып, берекесіздікке ұшырап, қиян-кескі жауласатындығын, мұның арты «әкені баладан, ағаны ініден, туысты жақынынан айыруға», бірімен-бірін барымталастыруға дейін жетіп, туыстық, қандастық бірлігінің бұзылатындығын паш етеді.

Абайдың:

Болды да партия,
Ел іші жарылды [9,20 б.].

немесе:

Құтырды көпті қойып аз ғанасы,
Арызшы орыс - олардың олжаласы.
Бірде оны жарылқап, бірде мұны,
Қуды ұнатты-ау Семейдің бұл қаласы [2,103 б.], -

деген өлең жолдары осыны айғақтайды. Абай «Семей қаласы», «орыс» деп патша өкіметін, оның алаяқ ұлықтарын айтып отыр. Әрқандай отаршыл, озбыр өкіметтің басқа бір халыққа билігін өткізу үшін сол халықтың азшылық үстем табынан өзіне жақтас қолшоқпар табатыны жұртқа мәлім. Патша ұлықтарына тағатсып, болыстықты парамен сатып алған байлар мен атқа мінер сұмдар соның типтік мысалы. Олардың адамшылыққа жат, ұлттық намыстан жұрдай, арсыздық, сатқындық бейнесін масқаралап, өлтіре сынайды.

Абай: «Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қажеті жоқ» [2,118 б.], «Әке-шешесін, ағайын жұртын, дінін, адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатады, тек майырдың күлгені

керек деп, көті ашылса да қам жемейді» [2,146 б.], - дейді. Бұдан арамдықпен болыс болғандардың патша өкіметінің отарлық үстемдігі үшін қызмет етіп, соның сойылын соғатындығы көрініп тұр. Абай әшкерелеген қулық-сұмдық, пара билеген патшалық сайлау заңы, оған қоса залым билеушілердің болыстыққа таласуы еңбекші халықты алаңсыз шаруа істеудің орнына, күйзелтіп, беймаза етіп, партияластың, дау-жанжалдың әлегіне түсірген еді. Отаршыл үкімет саясатының халыққа салған осы лаңын естір құлақ, ұғар ой болса, Абай бүкпесіз жайып салды.

Абайдың «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың», «Бай сейілді» қатарлы өлеңдерінде намыссыз, арамза болыстардың образы, ішкі дүниесі әр қырынан жеткілікті суреттеліп, сын найзасымен түйреледі. Сонымен бірге бұл шығармалардың айтпағы ұлттық езгі мен қорлауға қарсы үлкен наразылық, халықтың өз жауы кімдер екенін түсіндіру, ояту жатыр. Оған мына өлең шумақтары дәйек:

Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал,
Қалмады елге тығындап.

Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап,
Сияз бар десе жүрегім,
Орнықпайды суылдап [2,81 б.],

Ұрысса орыс,
Елге болыс,
Үйден үрген итке ұқсап [2,73 б.],

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға
Шелтірейтіп орысың,
Шенді шекпен жапқанға [2,85 б.].

Қытымыр, қатігез, ұлтшыл патша өкіметі бұратана елді өзіне-өзін салып, тұқыртып басқару, бас көтертпеу саясатын іске салып отырған, аңду, жала көбейген сол тұста Абайдың өз ойын бұдан артық ашық әшкере айтуына мүмкіндік те жоқ еді. Осының бәрі Абайдың ұлтын – қазақты ерекше сүюі, содан туған ағартушылық көзқарасының бір қырын, яғни, ел билеудегі саясат астарын әшкерелеп, келешекке әділ биліктің мәнін танытуы болатын. Өз ұлтын түсініп, оның тағдыры, болашағы үшін елім деп еңіреп, халқым деп қайысты. Елінің еңсесін басқан отаршылдық күшпен, әрі ескі санамен осылай күресті. Жау мен досты, ел ішіндегі манасапқұмарларды, озық пен тозықты, елдік пен ерлікті сақтаудың жөн-жосығын көрсетті. Отаршыл озбырлықты, ұлттық езгіні әшкерелеп, оған қарсы идеяны тудырды. Сөйтіп, кейін алаш

арыстарының қоғамдық-саяси билікті демократияландыруда атқарған істерінде бұл сын тағылымдық үлгі болды.

Абай ұлттың тағдыры – қазақтың тағдыры деп күйіп, қазақ қауымында тың серпіліс, тәуелсіздік, ояну дабылын соқты. Ол өзінен кейінгі ақындық жолды ғана емес, бір топ аңғарлы, ілгерішіл ізбасарлар тәрбиеледі. Ал олар ұлт тағдыры үшін күресте алаш қайраткерлерімен тізе қосып, Семейлік әдеби орта ғана емес, Семейлік мәдени-рухани ортаны да қалыптастырды.

Мұның өзегі Абайдан бастау алған ұлтжандылық және бодандыққа қарсы толқынға серпін берді. Сондықтан Абайдан басталып, оның ізбасарлары Алаш қозғалысына ұластырған идея, Абай ағартушылығынан нәр алды. Бұл жай, әсіресе, Абайдың орыс, сол арқылы Батыс руханиятынан алған нәрінен, сол нәрді Абайдың өзі мен оның ізбасарларының Семейлік әдеби орта қалыптастыруда іске асырғанынан айқын көрінеді.

Профессор Дихан Қамзабекұлы «Әдеби-тарихи процесс: ағымдар, концепциялар» атты ғылыми еңбегінде ағартушылық кезенді: «Бастапқы ағартушылық (1860-1890); негізгі ағартушылық (1890-1920); инерциялы ағартушылық (1920-1929)» [18,4-5 б.б.], - деп үш кезеңге бөле қарастырған.

Бастапқы ағартушылықтың Абайдан басталатынын дәйектей отырып: «Қазақ руханиятындағы негізгі ағартушылықты (алаш ағартушылығы) зерделер алдында оның бастау-тұмасын білумен бірге, Батыс және Шығыс ағартушылығының заңдылықтарын, даму тарихын бажайлау қажет. Себебі қазақ ағартушылығы Ресей империясы аумағында қалыптасып дамыды. Сондықтан ол белгілі дәрежеде орыс ағартушылығы тәжірибесінен сабақ алғаны рас» [18,5 б.], - деген тұжырымының мәні бар. Өйткені ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басында қоғамдық-саяси, рухани-мәдени үдерістегі Семейлік әдеби ортаның қалыптасуына осы Ресей мәдениеті өкілдерінің, яғни «екінші Ресейдің» ықпалы зор болды. Мәселен, ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ жеріне патша самодержавиясына қарсы көтерілген Петербург университетінің күрескер студенттері мен Ресейдегі алдыңғы қатарлы демократ-ағартушылар легі патша тарапынан жер аударылып келе бастады. Олардың қатарында Е.П. Михаэлис, С. Гросс, Н.Я. Коншин, Н.И. Долгополов, А.А. Леонтьев, т.б. болды. Олар өлкенің табиғатын, жергілікті халықтың салт-дәстүрін, тарихын, сондай-ақ статистикалық есеп жүргізу мен кітапхана, мұражай ашу істерімен де айналысты. Олар басқару, құқық органдарында қызмет атқарды. Жергілікті халықтың мұң-мұқтажын көріп, қолдарынан келгенше еңбекші қауымның өтініш-тілектерін жоғарыға жеткізуде қолқабыс етуге тырысты. Қазақстанға жер аударылып келгендер саяси сенімсіз болса да, әкімшіл жүйе олардың білімін, мамандығын барынша пайдаланып қалуды көздеді. Бұларды қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, экономикасын, әдет-ғұрпын отарлау саясаты мақсатына орай барынша пайдаланып қалуға тырысып, түрлі мекемелерге жұмысқа тұрғызды. Сөйтіп осындай саяси жер аударылғандар жергілікті халықтың көзін ашуда, саяси сауатын оятуда, оқу-білім, мәдениетке шақыруда да прогрессивті рөл атқарды. Осы азаматтардың ықпалымен Семей қаласында білім мен мәдениет, ғылым мен руханияттың орталықтары құрыла бастады.

Сондай-ақ, қазақ қауымының оқып, білім алуына алғышарттар қалаған игі істер атқарылды. Мәселен, 1878 жылы Семей қаласында алғашқы ғылыми мекеме – Семей облыстық сатистикалық комитет құрылды. Комитет ХІХ ғасырдың алпысыншы жылдары Сібірге жер аударылған, орыстың революцияшыл интеллигенциясының көрнекті өкілінің бірі – Е.П.Михаэлистің бастамасымен құрылды. Ол Семейдің мәдени өміріне тарихи маңызы зор ғылыми орталық болды. Оның мүшелері өлке тарихы, шаруашылығы, әлеуметтік аһуалы мен табиғаты туралы құнды деректер жинап, зерттеулер жүргізді. Осы орайда жер аударылып келген зиялы қауымға ел мен жердің жағдайын жақсы білетін жергілікті халықтан шыққан білімпаз азаматтардың көмегі қажет болды.

Міне, осындай жағдайларға орайлас тағдыр оларды ұлы Абаймен таныстырып, достастырды. Қажет кезінде олар Абайдан көмек сұраса, өз кезегінде олар да Абайға қол ұшын созып, кейбір мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына қоян-қолтық араласуға жағдай жасады. Комитет мемлекеттік мекеме болғандықтан губернаторға тәуелді болып, қоғамдық қосымша жұмыстарға мүмкіндігі шектеулі еді. Өлкетану бойынша комитеттің атқарған жұмысы аймақ әкімшілігінің көңілінен шықпады. Сондықтан өлкенің қоршаған табиғатын, жер-суын, жергілікті халықтың тарихын, мәдениетін, шаруашылығын терең зерттейтін географиялық қоғам құру қажеттілігі туды. Осы мәселеге қатысты Комитеттің хатшысы Н.Я. Коншин 1898 жылы «Семипалатинскія областныя вѣдомости» газетіне жазған мақаласын Семей облыстық әскери губернаторы, генерал-майор А.С. Карпов қолдап, сол жылдың мамырында Императорлық Орыс географиялық қоғамының төрағасы П.П.Семенов Тянь-Шанскийге хат жазады. Сенатор П.П. Семеновтың ықыласымен 1900 жылдың ақпан айында А.Ф. Карпов Географиялық қоғамның Батыс-Сібір бөлімінің төрағасы Шмидттен Семейде географиялық бөлімше ашу мәселесі шешілгені жөнінде мәлімдеме алды.

Атап көрсетсек (мәтін орыс тілінде болғандықтан өзгеріссіз беріліп отыр):

«М.Г. Александр Федорович Вице-Председатель Российского Географического Общества Западно-Сибирский Отдел, что состоялось распоряжение об увеличении получаемой ежегодно субсидии на 1000 рублей, с тем, что бы половина этой суммы шла на поддержание Подотдела в г. Семипалатинске, если таковой Подотдел организуется. Два года назад Вы обращались в Отдел с письмом, в котором говорилось, что в Семипалатинске находятся лица, интересующиеся краем и желавшие образовать с целью более систематического изучения края Подотдела Западно-Сибирского Отдела Русского Географического Общества. В виду состоявшегося решения об увеличении субсидии отделу Распорядительный Комитет просит Вас, не отказать сообщением некоторых сведений необходимых для дальнейшего осуществления проекта об организации Семипалатинского Подотдела необходимые сведения:

1) имеется ли в настоящее время в г. Семипалатинске достаточное количество лиц, которые могли бы составить из себя научное общество;

2) на какие средства, помимо субсидии от Отдела, Подотдел может рассчитывать;

3) в каких отношениях будущий Подотдел мог бы стать к музею, находящемуся в настоящее время в заведении Общества попечения о начальном образовании;

4) может ли рассчитывать Подотдел, что в его пользование будет представлено какое-нибудь казенное помещение» [19,1 б.].

Шмидтің әр сауалына нақты жауап беріп, 1901 жылы А.Ф. Карпов Омбы қаласына барып, географиялық бөлімшені тездетіп ашу үшін көптеген шаруалар тындырып қайтады.

Императорлық Орыс Географиялық Қоғамының Батыс-Сібір бөлімшесі ресми түрде 1902 жылдың 31 наурызында (13 сәуір) қоғамдық мәжіліс үйінде көпшіліктің қатысуымен салтанатты түрде ашылды. Көптеген мәдени, қоғамдық мекемелер мен ұйымдарға қоса Семей қаласы зиялыларының өміріндегі елеулі құбылыс – осы Ресей географиялық қоғамы подотделінің ашылуы. Бұл – баға жетпес мәдени, қоғамдық құбылыс дәрежесінде еді. Бұл ұйымның нақты, ресми атауы – Ресей императорлық география қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі. Басқару ісіне Николай Яковлевич Коншин сайланады.

Осы орайда айта кетерлік бір жай, ол Семейдегі Абай мүше болған Статистикалық Комитет пен Географиялық қоғамының атқарған қызметі бір-біріне жақын туыс, басты айырма: бірі – қазыналық мекеме, бірі – қоғамдық ұйым болуы ғана. Соңғысы тек мүшелік жарнамен (Абай, Шәкәрім, т.б. төлеген) күнін көретін. Соған қарамай, Орыс география қоғамының бөлімшесін ашуға Статистикалық Комитеттің басшылары мен мүшелері мұрындық болды. Олар: Е. Михаэлис, А. Леонтьев, Н. Долгополов, С. Гросс, А. Блек, Н. Коншин, П. Лобановский, Б. Герасимов, ағайынды Белослюдовтар еді. Осылайша олар ғылыми жұмыстарды биліктен тәуелсіз, өз бетінше атқаруды жөн көрген.

Императорлық Орыс География қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі туралы ғалым Қаныш Сәтбаев «Октябрь революциясына дейін Қазақстанда бір ғана ғылыми-зерттеу мекемесі – Географиялық қоғамның Батыс-Сібір бөлімінің Семейдегі бөлімшесі ғана болды», - деп жазған. Онда Абай ғана емес, сонымен бірге алаш арыстары да мүше болған.

Бұл жайлы Семей қаласының тарихы баяндалған кітапта: «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының Шәкәрім, Әлихан Бөкейхан, Райымжан Мәрсеков, Халел Ғаббасұлы, Мәннан Тұрғанбаев, Нұрғали Құлжанов, Назипа Құлжанова және басқалары осы бөлімшенің мүшелері болатын. Шәкәрімнің қоғамдық қызметке ең алғаш араласуы ерте кезден-ақ сауда орталығына айналған Семей қаласының рухани тіршілігіне айдауда жүрген Е.П. Михаэлис, Н. Долгополов, С. Гросс, А. Блек, А. Леонтьев, Н. Коншин сынды прогрессивті бағыт ұстанған орыстың зиялы өкілдерінің айрықша жұмылған әрекеттерінен Ресей географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семейдегі бөлімшесіне 1903 жылы қабылдануынан басталады» [20,58 б.], - делінген. Абай шәкірті

Шәкәрімнің Семей географиялық қоғамына мүше болғандығы туралы ғалым Борис Герасимов та «Летопись Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Русского Географического общества с 1902-1910 г.г.» [19,11 б.] деп аталатын еңбегінде осы бөлімшенің 131 толық мүшелерінің қатарында «Семей уезінің Бұғылы болысының қазағы Шәкәрім Құдайбердиев» те бар екенін жазған. Сонымен қатар онда Шәкәрімнің өз қолымен толтырған құжаттары мен анкеталары да сақталған [20, 33 б.].

Семей географиялық бөлімшесі далалы аймақтағы ең алғашқы өлкетану орталығы болды. Тұрғылықты қазақ халқының тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін, ата кәсібін, мал шаруашылығы мен егіншілікпен айналысуын, табиғат байлықтарын зерттеп, облыстың әлеуметтік-экономикалық өмірінен ғылым саласына құнды мәліметтер қалдырды. Географиялық бөлім ғылыми-зерттеушілік жұмыстармен қатар көпшілік алдында дәрістер оқу, ғылыми кітапхана мен мұражай ұйымдастыру ісімен де шұғылданды. Ал бұл жұмыстардың нәтижесі 1897 жылдан бастап жүйелі түрде шыққан «Памятная книжка Семипалатинской области» және 1903 жылдан «Ресей Императорлық қоғамы Батыс Сібір бөлімі Семей бөлімшесінің жазбалары» атты басылымдарда жарияланып тұрды. Бұл орайда осы басылымдардың өзін Семей топырағындағы алашшыл баспасөздің ғылыми сипатына үлгі болған жарияланымдар деп атауға болады. Сол бір кезеңде Н.Я. Коншинмен бірге ағайынды Белослюдовтар – фольклорист, этнограф А.Н. Белослюдов, суретші, өлкетанушы Н.Н. Белослюдов, ғалым, музыка зерттеушісі Б.Г. Герасимов, т.б. географиялық қоғамда ақысыз, пұлсыз қызмет ете жүріп, өлкетану бағытында мол дүниелер жинақтады. Алғашқы өлкетанушылар атқарып кеткен ұланғайыр еңбек қоғамның жиырма бес жылдық мерекесіне арналған Б.Г. Герасимов кітапшасында бір ізге түскен болатын [21].

Халық ағарту ісіне берілген алдыңғы қатарлы мәдениетті адамдардың ынта жігерінің арқасында 1883 жылы Семей облыстық мұражайы мен қоғамдық кітапхана ашылды. Бұл мәдени-ағарту мекемелерін ұйымдастыруға негізгі ұйытқы болғандар атақ-даңқ немесе пайдасы үшін емес, халық игілігі үшін қалтқысыз еңбек етуді – адамдық борышымыз деп ұққан жандар еді.

1883 жылдың қыркүйек айында қазақтың ұлы ақыны Абайдың орыс достары Н. Долгополовтың, Е. Михаэлистің, А. Блектің, П. Лобоновскийдің және т.б. қайырымдылық көмек сұрауынан қала көпестері ақшалай жәрдем берумен, сондай-ақ статистикалық комитет сыйлаған 274 дана кітаптар негізінде қоғамдық кітапхана болып құрылып, комитеттің қамқорлығымен жұмыс істеді. Географиялық бөлімше кітапханасының негізі 1898 жылы қаланды. Комитеттің өлкетанушылық қызметі кеңейген сайын Семейде ғылыми кітапхана ашу қажеттілігі туды. Комитеттің секретары басқа мекемелермен келісе отырып, 1902 жылы екі мың кітап қоры бар кітапхана ұйымдастырды. Осы кітапхананы 1902 жылы комитет Географиялық бөлімшеге толығымен береді [21,8 б.]. Тарихшы Ж. Қасымбаевтың жазуынша: «Статистикалық комитеттің кітапханасы осы ұйымға сыйға тартылған».

Тарихшының дерегінше жаңа ашылған Географиялық қоғамға дәлдісінде 250 ғылыми кітаптар мен 200-ге тарта журналдар сыйға беріліпті. Сондай-ақ Статистикалық комитет, онан соң Географиялық қоғам Ресейде шығатын мерзімді басылымдарды, соның ішінде 1890-1916 жылдары Петербор қаласында жылына төрт рет шығып тұрған «Живая старина» журналын жаздырып алып отырған. Аталмыш журналдың ерекшелігі – оның бетінде алуан жұрттардың, әсіресе, Ресей империясы құрамындағы бұратана ұлт пен ұлыстардың тарихы мен этнографиясы жайлы материалдар үзбей жарияланып отырған. Бұл да алаш арыстарының Абай дәстүрімен халықтың өткен өмірінің тарихи ақиқатын танып, оны ұлттық басылымдарда халықты тәрбиелеудің құралы еткен көздердің бірі екенін айғақтайды. Сөйтіп, 1902 жылы 21 ақпанда И.В. Гогольдің қайтыс болғанына 50 жыл толған күні, жазушының қызметіне оқу залы ашылып, ұлы жазушының есімімен аталатын болды. Одан кейінгі жылдарда кітапхананың кітап қоры молайып, өскен соң, 1906 жылы мұражайдан бөлініп шығып, И.В. Гоголь атындағы көпшілік кітапханаға айналады [22]. Семей Географиялық бөлімшесі кітапхана қорын қаражат тапшылығына байланысты, негізінен әр түрлі мекемелерден сыйға тартылған әдебиеттермен және Ресейдің түпкір-түпкіріндегі ғылыми мекемелермен, қоғамдармен тығыз байланыста болып, олардан тегін кітап берулерін өтініп, сондай-ақ кітаптармен айырбас жасау арқылы Семей бөлімшесі кітапхананың кітап қорын жылма-жыл толықтырып отырған.

Абайдың мәдени және өнер-білім дәрежесінің өркен жайып дамуына қоғамдағы мәдени мекемелердің жұмысына белсене қатысуы, әсіресе, мұражай жанынан ашылған кітапхананың маңызы ерекше зор болды. Кітапхана ашылған сәттен бастап, Абай кітапхананың тұрақты оқырманы болды. Ол әр жыл сайын Семейге келіп, И.П. Михаэлиспен және басқа да орыс достарымен мәжіліс құрып, сырласып, әңгімелесіп отырған. Михаэлистің мәслихаты бойынша жүйелі түрде кітап оқып, қалада үш-төрт ай жататын болған. Кітапхана жұмысында саяси жер аударылған Н.Я. Коншин зор еңбек сіңірді. Ол 1911 жылдың соңына дейін кітапхананың жалғыз қызметкері және меңгерушісі болып ақысыз қызмет етеді. 1899 жылы Семей облысындағы қазақтардың тұрмысын, салт-дәстүрін зерттеу мақсатында экспедицияға шығып, 1901 жылы «Семей облысы қырғыздарының экономикалық тұрмысы» атты зерттеу мақала жазған. Осы жылдары Н.Я. Коншин Абаймен танысып, оның соңы үлкен достыққа ұласады. Николай Яковлевичтің өтініші бойынша Абай «Қырғыз ордасындағы рулардың шығу тарихы» деген анықтама дайындап, оны баспаға ұсынады [25,18 б.].

Ал мұражайдың этнографиялық бөлімін бастап құрушылар Абай мен Нифонт Иванович Долгополов болды.

1885 жылы 11 маусымда Н.И. Долгополов Құнанбай аулына барып, онан 10 тамызда Семейге оралған. Осы сапарда мұражайға тапсырған экспонаттарды оған Абай жинап берген. Бұл мәлімет экспонаттар тіркейтін мұражайдың кіріс журналында жазылған. Онда көшпелі ауылдың тұрмыс-шаруашылық, кәсіп-қаракет, үй-ішінің жабдықтары: кебеже, саба, сүйретпе,

жезмойнақты торсық, піспек, табак, әшекейлі құтылар, бесік, ұршық, т.б.; қару-жарақтар: айбалта, найза, шоқпар; ұста саймандарынан: көрік, төс; музыка, сауық аспаптарынан: қобыз, сыбызғы, домбыра, тоғыз құмалақ. Қазақ ауылында даярланатын шаруашылық заттар бар. Бұлардың бәрі – қазақ елінің этнографиялық бейнесін көрсетуді көздеп, ғылыми тұрғыдан қарап, жүйелі түрде жинақталған экспонаттар. Бұдан біз Абайдың әр уақытта, әр түрлі заттар тапсырып отырғанын көреміз [26].

Семей облысының әскери губернаторы В.С. Цеклинскийдің қолдауымен 1887 жылдың 26 көкегінде Семей қалалық бастауыш білім қамқоршылары қоғамы құрылады. Қоғам мүшелері мүшелік жарна төлеп, содан жинақталған ақшамен халық ағарту ісіне атсалысқан. Аталмыш қоғам Семей қаласында бір мәліметте 1885 жылы 6 көкекте, келесі бірінде 1887 жылы 21 қарашада құрылған деп көрсетіледі. Қоғамға қала интеллигенциясы, дәулетті байлар, қалталы саудагерлер, ауқатты қыр қазақтары қаржылай көмек көрсетіп тұрған. Қоғам кассасына жиналған ақша мұқтаж шәкірттердің ата-аналарына киім-кешек, оқу-құралдарын сатып алу үшін беріліп тұрды. 1893 жылы мұражай бастауыш білім беру ісіне қамқорлық жасау үшін құрылған қоғамның қарамағына көшеді. Сонымен қатар қоғам мүшелері өлкетану мұражайының пайдасына қаржы жинаған [26].

«Абай» энциклопедиясында: «Семейдегі бастауыш білім беру қоғамы – мәдени мекеме. 1888 жылы құрылған, 1892-1893 жылдары қоғамның есебінде 9 құрметті мүшесі, 204 нақты мүшесі болған. 1893-1894 жылдары қоғамға Абай Құнанбаев, Ақылбай, Мағауия Ибрагимовтар мүше болып, жарна төлеп, көмектесіп отырған» [27,514 б.], - деп көрсетілген. Демек, ұлы Абай оқу-ағарту саласында ғана емес, өз заманында қазақ елін мәдениетті жұрт қатарына қосу мақсатында да бірқатар еңбек атқарған. Яғни, ақын Семей облыстық статистикалық комитет, облыстық өлкетану мұражайы, қалалық кітапхана, қалалық бастауыш білім қамқоршылары одағы секілді ұйымдарға толық мүше болып сайланған. Ол өз жұртының оқу-ағарту жолымен озық, мәдениетті жұрт қатарына қосылуына зор қызмет сіңірген.

Абайдың салған жолымен, мәдениет, ағарту, оқу-білімді насихаттау істерін Абай ізбасарлары XX ғасыр басында осы Семей қаласында қолға алды. Бұл орайда Семей жастарының ағартушылықты көздеген, Абай мұрасын насихаттаған әдеби кештерінің өзі зор үлгі еді. Әуелде, Қазан, Уфа, Орынбор, Троицк студенттері мен медресе шәкірттерінің мәдени-әдеби жиындарынан бастау алып, қазақ топырағында «Шығыс кеші» атауына иеленген ойын-сауық кештері Ақмолада (1911-12), Қостанайда, Ақмешітте, Атбасарда (1915), Ташкентте, Орынборда (1922), т.б. қалаларда өткізіліп, оған кезінде Қ.Бекбергенов, Қ. Жандарбеков, І. Жансүгіров, Т. Жомартбаев, Н. Құлжанова, М. Малдыбаев, С. Мұқанов, Қ. Сәтбаев, т.б. белгілі ғылым, әдебиет пен өнер қайраткерлері қатысты. Бұл дәстүрді алғашқыларының бірі болып Семейлік әдеби орта жалғастырды. Оған 1914 жылдың 26 қаңтарында өткен әдеби-музыкалық, вокалды кеш куә. Оны Семей географиялық бөлімшесі өткізген. Алдын-ала кештің бағдарламасы жасалып, кешке кім қатысып, қандай өнер көрсететіндігі анықталып, тынымсыз дайындық

жұмыстары өткізілген. Бұл кеш қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының қайтыс болғанына он жыл толуына арналып ұйымдастырылды. Ұйымдастырушысы – Назипа Құлжанова.

Кештің бірінші бөлімі тұтас Абайдың өмірі мен қызметіне арналған. «Қазақ ақыны Ибрагим (Абай) Құнанбаев және оның поэзиясы» деген тақырыпта баяндаманы орыс тілінде жасаған Н. Құлжанова. Ол баяндамаға баяндамашы аса көрнекті алаш қайраткері Әлихан Бөкейханұлының «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» атты мақала-некрологын өзек еткен.

Ә. Бөкейханның аталған мақала-некрологы «Семипалатинский листок» газетінде 1905 жылы 25-27 қарашада жарияланған. Осы мақаланы шығарған газет редакциясы Абай көзқарасын жақтаған, оған кезінде құрметпен қарап, араласқан адамдар болды.

Бұл жайлы мынандай дерек бар: «1905 жылы Николай Яковлевич Коншин «Семипалатинский листок» газетінің редакторы болды. Бұл газеттің шығарылуына қаржыны Семейлік көпес Ф.П. Плещеев берді. Н.Я. Коншин газет маңына әртүрлі саяси бағыттағы адамдар тобын жинайды. Осы баспаның шығуына атсалысқан ұлттық интеллигенция өкілдері – Әлихан Бөкейханұлы, Ж. Ақпаев және т.б. болды. Осы «Семипалатинский листок» газетінің 25-27 қараша 1905 жылғы санында Әлихан Бөкейханұлының «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» атты мақала-некрологы басылады. Әлихан Бөкейханұлы бұл мақаласын Кәкітай Ысқақовтың сөзінен жазып алған еді» [28,7 б.].

Сонымен, Абайдың ағартушылық идеясынан нәр алған, орыс мәдениетінің оң сипаттарын бойына сіңірген Семейдегі Абай ісін жалғастырушы Абай ізбасарлары мен алаш арыстары жаңа ғасыр көгінде тәуелсіздік жолындағы арпалыс соқпағына түсті.

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамы үмітінен күдігі басым өзгерістер мен қайшылықтарға толы еді. Ұлтты ұйыстыратын мемлекеттіліктің орнын отарлау миссиясын көздеген басқару органдары басты. Қазақ халқының иелігінен алынып, мемлекеттік меншік деп жарияланған жер әкімшілік-аумақтық бөлініске түсті. Дәстүрлі шаруашылық, мәдени типі капиталистік қатынастарға азды-көпті бейімделгенімен, империялық өктемдікке құрылған биліктің бәсекеге төтеп бере алмайтыны белгілі болды. Жат қолына түсу ел мен жердің тағдырын тәлкек қылатындығын ХҮІІІ ғасырда-ақ көрегендікпен болжай алған Абылай, Бұқар сынды тұлғалардың айтқандары, Шоқан мен Абайдың, Шортанбай мен Дулаттың ХІХ ғасырдағы ескерту зарлары айнымай алдан шықты. Қазақ елін осыншама тоқырау мен күйзеліске түсірген Ресейдің басқалардан озып алға кеткені де шамалы еді. Халқының негізгі дені сауатсыз болды. Билік жүйесін паракорлық жайлаған елдің қауқарсыздығы 1904-1905 жылдары Жапониямен соғыста оңбай жеңілуімен әшкереленді. Осы жай білім мен ғылымды өмірге қолдана білудің маңызын түсінген арыстардың дамуы тежелген, пролетариаты халықтың бір пайызын да құрамайтын, социалистік төңкерістен ауылы алыс қазақ елінің көшбасшы істерін марксистдер айтқандай қаналушы тапқа емес, өз мойындарына алуды міндеттеді.

Сөйтіп, Алаш қозғалысы қазақ оқығандарының ғасыр басынан басталған отаршылдыққа қарсы тәуелсіздікті жақтаған, елді көрсоқыр надандықтан білім-өнер жолына түсіруді аңсаған идеяның көрінісі ретінде тарих сахнасына шықты. Бодандық жағдайда іске аспайтын бұл идеяны олар патшаның тақтан құлауын пайдаланып, дербес ұлттық автономия алу жолымен шешуге ұмтылды. Бұндай күрескерлік ой-пікірдің жоғарыда айтылған Жапония үлгісіндегі тәжірибенің негізінде және 1905 жылғы демократтық орыс төңкерісшіл интеллигенциясының күрескерлік ой-пікірінің әсерінен туғаны даусыз. Сөйтіп олар ғасырлар бойы қимылсыз жатқан сананы оятып, жаңа қатынастағы жаңа танымды, адам құқығы, демократия ұғымдарын өмірге әкелді. Осындай қазақ халқының ояна бастаған тұсында оның ұлт азаттық жолындағы күрес туын берік ұстап, халық өмірінің шындығы мен алдыңғы қатарлы идеясын жырлаған қоғамдық сананың бір түрі – қазақтың ұлттық әдебиеті болды.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті Абайдың ағартушылық, демократтық жолын ұстана отырып, елді өнер-білімге, азаттыққа шақырды. Өйткені: «Бүкіл дала саясат аясына тартылып, азаттық үшін қозғалыс толқыны құрсауына енген болатын». Осы себептен де XX ғасыр басындағы әдебиет қоғамдық саяси трибунаға айналды. Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының осы әдебиеттің басы-қасында болуы, ұлт мүддесі жолындағы саяси күресті әдебиетшілердің бастауы, біздің әдебиетіміз үшін мақтаныш. Қазақ халқының патриархалдық мешеулікке байланып, орыс отаршылдығының езіп-жаншуы күшейген тұсында қиналған халықтың жан ашуын алдымен осы екеуі айтты. Халқына Абай негізін салған жаңа сөзді жаңа заман лебіне сай жеткізді. Бірі, сөз тыңдауға салғырт, надан халқының құлағына маса болып ызыңдаса, екіншісі, бар дауысымен «Оян, қазақ» деп жар салды.

XX ғасыр басындағы қазақтың прогресшіл әдебиеті, оның қайраткерлері осы идеядан нәр алды. Халық бостандығы тақырыбында жыр жазған ақындардың барлығы Ахмет пен Міржақыптың кең қолтығының астынан өрбіді. Отаршылдыққа қарсы күрес, елдің тәуелсіз даму жолына түсуі, алдыңғы қатарлы елдерге теңелу, оқу-білім үйрену, халық тұрмысының ауыртпашылықтарын ашына сөз етіп, бүкіл дәуір әдебиетінің ерекшеліктеріне айналды. Торлаған тұманнан жол таппай тұрған халқын өрге сүйреген күш Алаш қозғалысы, әдебиет пен көсемсөз арқылы осылай дүниеге келді.

Саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, кәсіби даярлығы заманының сұранысына сай, адамгершілік-имандылық қасиеттері ұлы даланың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен суарылған Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жақып Ақбаев сынды дүлдүлдер бастапқыда осынау қозғалыстың тұлғалық-интеллектуалдық әулетін сомдаса, іле-шала Халел Досмұхамедұлы, Халел Ғаббасұлы, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Садуақасұлы, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұстафа Шоқай, т.б. әрлендірді.

Қошке Кеменгерұлының XX жылдар басында Әлихан Бөкейханұлын білімімен Еуропаның таңдамалы оқымыстыларына тең түсіп, құрдас болған деуінде тарихи шындық бар.

Біз бұл жерде саяси және таптық ұстанымдары әр қилы арыстарды бір қауымға бекер топтастырып отырған жоқпыз. Әңгіме олардың бәрінің ұлтшыл, ұлты үшін білімі мен білігін, күш-қуатын жұмсағандарында, тіпті құрбандыққа барғандарында. Бұл орайда кезінде Алашорда автономиясын қолдамаған Сәкен Сейфуллиннің өзі – ұлтшылдық мүдде тұрғысында Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының тікелей ізбасарлары болған тұлға. Ол да орыс отаршылдығына қарсы өлеңдер жазды, қазақтың ұлттық мүддесін, тәуелсіздігін дәріптеді. Мұны ол Кеңес өкіметі жылдарында да анық айтты. Мәселен, XX жылдардың басында Орынбордағы қазақ коммунистеріне бас болып, Орталық партия комитетінің хатшысы Е. Ярославскийдің атына жазылған «Он төрттің хатын» ұйымдастырған, автономия алған қазақ елінде ұлт үшін ештеңе істелмей отырғанын айтқан, қазақ басылымы, қазақ тілі, тіпті қазақ елінің дұрыс аталуы жайлы мәселені көтерген де – Сәкен Сейфуллин.

Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойын басқарып, өткізіп, ұлт көсемі жайлы екі мақала жазып, онда: «Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз Ахмет еді» – деп ұлтқа қызмет етудің азамат үшін басты міндет екенін А. Байтұрсынұлы үлгісінде айтқан да Сәкен Сейфуллин болатын. Мұны профессор Т. Кәкішевтің «Алаш партиясының азаматтары да, қазақ коммунистері де қазақ халқына қастандық ойлаған жоқ. Қалай жеткіземіз, қалай өркендетеміз, қай жолмен жүреміз деген уақытта, зиян келтірудің жолын емес, пайда келтірудің жолын іздеп екіге айырылды. Алаш екіге бөлінді. Бір жағы Алаш партиясын тандады, бір жағы коммунистік қозғалысқа кетті» [29], – деген сөзінен де анық тануға болады.

Жалпы ғасыр басындағы Алаш қозғалысына мұрындық болған оқығандар мен зиялылар көп емес еді. Олардың бірқатары Абай шәкірттері, бірқатары орыс және шығыс білімінен сусындаған азаматтар болатын.

Патшалық құрылыстың соңғы 30-40 жылы ішінде 5 млн. қазақтан 100-ден астам ғана жоғары дәрежелі А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханұлы, Х. Ғаббасұлы, М. Шоқай, Б. Қаратаев сынды білім иелері шығыпты. «Алаш» партиясы қатарына кіргендер 300 мүшеге жетер-жетпес. Бірақ бұлар жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққандар. «Бөліп ал да, билей бер» саясатына сүйенген отарлаушылар сайын даланың серкелерін уысынан шығармау үшін небір қитұрқы саясат жүргізіп, араларына от тастау, арандату, жанжалға итермелеу айла-шарғыларын іске қосса да, алаш зиялылары қарақан бастарының қамын күйттемей, ұлт азаттығын ұлы мақсатқа айналдырды. Әрине, түсінбестіктер болды. Бірақ қандай жағдай басқа түспесін, бірін-бірі өкпеге қиғанмен, өлімге қимағаны тарихи әділет. Ал олар қайраткерлік танытқан уақыт, орта мен кеңістік қай жағынан алып қарағанда да бүгінгіден әлдеқайда күрделі, әрі қауіп-қатерге толы. XXI ғасырда алаш қайраткерлері

армандаған азаттық тұсында ел үмітін артқан бүгінгі оқығандар мен үлкенді-кішілі әкім-қаралар парақорлығы, жемқорлығы, қылмыстық істері үшін құрықталып жатуын отаншылдық ой-санадағы олқылық, әрі алаш тағылымы мен аманатынан мүлде мақұрым қалғанына айғақ деп мойындауымыз керек.

Ғасыр басындағы қазақ зиялыларын ұлы істерге жұмылдырған, қоғамдық-саяси, шығармашылық ізденістеріне негіз қалаған ұлттық идеяның бастау бұлағы, біріншіден, туған халқының бұлыңғыр болашағы, жан төзгісіз ауыр халі, екіншіден, қайшылыққа белшесінен батқан Ресейдің ішкі және сыртқы саясаттағы озбырлық бағыты мен соған қарсы ұлт әдебиетінде, Абай және оның ізбасарларында туған ағартушылық, күрескерлік идеялар бастауы болса, үшіншіден, әлемде ұлт азаттық қозғалысының жандануы болды. Ал бұл идеяның мәні мен міндеттері 1905-1907 жылдардағы толқуларда жүйеленді. Ішкі Ресейдегі осыған сай басталған партиялар мен ағымдар тартысы империяның іргесін шайқалтып, беделін түсірген ереуілдер мен көтерілістер ұлт зиялылары мен оқығандарына да, қалың бұқараға да ой салды, іс-әрекетке шақырды. Бұл ықпал Халел Ғаббасұлын да сырт айналып өткен жоқ. Оның тергеушілерге берген жауабындағы саяси идеясының алғашқы ояну ұшқынының Мәскеудегі студенттер ортасындағы ереуілдерде туғанын айтуы – осының айғағы [30].

Сөйтіп ғасыр басында отарлық езгіге қарсы күрестің жаңа түрлері дүниеге келді.

Осы 1905 жылдың қазақ қоғамы үшін саяси-интеллектуалдық белес болғанын «Сарыарқада» Халел Ғаббасұлы да айтқан. Әрине, Сырым, Исатай-Махамбет, Кенесары бастаған ұлт азаттық көтерілістері зая кетпеді, тарихи жадыны түлетті. Алайда оларда діттеген мақсатқа жеткізбейтін практикалық, аймақтық шектелу басым еді. Енді бұрынғыдан өзгеше іс-әрекет – ағартушылық, либералды-демократиялық ұстаным, эволюциялық дамуға басымдық беру кең қанат жайды. Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, т.б. бастаған саяси-теориялық ой-сананың саналы жаңа дәуірі, тың идея – партия құру мәселесі туды.

Бұл орайда 1905 жылғы маусым айында қабылданған Қарқаралы петициясы мен желтоқсан айында бес облыс зиялылары бас қосқан Орал съезінің маңызы ерекше. Өйткені, биік мұраттан көз жазып қалған қоғамдық санаға ұлттық идеяны орнықтырудың ең қажетті әрі нәтижелі жолы, саяси мәдениетті қалыптастыру еді. Академик К. Нүрпейісовтің: «Олардың бас қосуында «Алаш» партиясының бастау көзінде тұрған қайраткерлер кадеттердің қазақстандық филиалын құруды мақсат еткен жоқ. Олар сол үлгідегі жалпыұлттық дербес саяси партия құруды көздеді» [31,35 б.], – деуі содан. Бұған Ә. Бөкейханұлының «Қазақ» газетінде жариялаған «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген мақаласындағы мына сөздер де айғақ: «Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншіктеп алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді. Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық. Француз, орыс һәм өзге жұрттардың тарихынан көрінеді: молла хүкіметтен

ақша алса, сатылып кетеді. Рухани іс аяқ асты болады. Жалование алған моллалар хукіметке жетекшіл болып, еріп кетеді. Біздің қазақ ісін көркейтетін болсақ, хукімет ісінен бөліп қойған оң болады. Оны орысша «отделение церкви от государства» дейді. Кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарайды. Осы үш жол айырылғаны биыл ашыққа шықты. Мен сонан соң қазаққа «Алаш» партиясын ашуға тырыстым. Мұны мен июльдегі жалпы қазақ съезіне айтқан едім» [32, 262 б.]. Сөйтіп аталған партия басшысының соңынан еріп ұлт зиялылары тың саяси партия құрды.

Дегенмен бұл іске дейін әлі де 12 жылдай уақыт қажет еді. Сонымен Қарқаралы петициясы кезінде Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Жақып Ақбаев дайындаған аталмыш құжатта Ресей үкіметінің алдына экономикалық, мәдени-рухани, әлеуметтік талаптармен қоса, алғашқы саяси талаптар да (земство беру, орыстандыру саясатын тоқтату) қойылды.

Ұлттық идеяның түпкі түйінін табуға I және II Мемлекеттік Думаға қазақтан депутат сайлау септігін тигізсе, реакциялық күштердің шабуылы да оны тоқтата алмады. Соңы өлкенің саяси мәдениетіндегі іргелі танымдық, интеллектуалдық әлеуеті жоғары да қымбат шепке жетті. Біріншіден, қазақ халқы үшін өзекжарды ұлттық идея, екіншіден, сол тұстағы барша отарланған Шығыста кәдеге жарайтын әмбебап прогрессивтік идея туды.

Сөйтіп сөз өнеріндегі әдеби-көркемдік мәнде халық ішінде тараған ояту үні, «Оян қазақ» идеясының қорытынды нәтижесі – 1916 жылғы оқиғалардан анық көрінеді. Олар ұлы даланың түпкілікті оянғанының бұлтартпас дәлелі еді. Қарулы көтеріліс либералды-демократиялық ұстанымды басшылыққа алған Алаш қозғалысының да, орыс-герман соғысының ақырын күткен қазақ халқының да таңдауы еместігін айта кету керек. Оның түп негізінде отарлық езгінің күшеюуі жатқанымен, бұрқ ете қалуына империялық астамшылықпен қабылданған 25 маусым жарлығы себеп болды. Арада жетпіс жыл өткенде тарих тағы қайталанды. Метрополияның 1916 жылғы менмендігі самодержавияның құлауын тездетсе, Қазақстанда 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне қозғау салған Мәскеу билеушілерінің көрсоқырлығы болды.

Жалпы осы 1916 жылғы көтеріліс кезінде Алаш қозғалысының демократиялық бағытын қолдаған Халел Ғаббасұлының азаматтық ұстанымының айқын танылуы жайдан-жай емес-ті. 1916 жылы халықтың басына күн туғанда, әр жерде жазықсыз қан төгіліп жатқанда оның Семей уезінде патша жарлығына наразы халықты үкіметтің қарулы әскеріне айырсадақпен қарсы тұрудың ақылға сиымсыздығына көзін жеткізіп, өзінің азаматтық белсенділігімен елін үлкен ойраннан аман алып шықты. Оның аса тарихи белестегі ерен еңбегі турасында Сұлтанмахмұт мынадай баға берді:

Призыв себебінен білді халық,
Толқығанда тоқтатқан ақыл салып.
Ығын-шығын, қырғыннан өз уезін,
Қалды ғой ақылменен аман алып [33, 150 б.].

Сөйтіп 1905-1917 жылдар аралығындағы Алаш қозғалысының алғашқы кезеңінде Халел Ғаббасұлы саяси көзқарас қалыптастыру мектебінен өтіп, өз

қайраткерлігін көрсете білді. Бұл орайда оған ел тарихы мен әдебиеттегі азаттық танымы, Абай тағылымы, Мәскеу университетіндегі студенттік орта, «Қазақ» газеті мен алаш арыстары басты рөл атқарды. 1916 жылдың жаз, күз айларында қалыптасқан осындай жаңа ахуалға лайық жаңа ұлттық идеяға қажеттілік күн тәртібіне шықты. 1917 жылдың басындағы аласапыран бұл үдерісті тездетте түсті.

Бұл жайдың іргетасы болған қоғамдық-саяси мәселелерді түйіндеп айтқан ғалым Дихан Қамзабекұлының мына пікірі – сөзіміздің айғағы: «Алаш зиялылығы кезеңінде өркениетті мемлекет құру мәселесі, ұлттың тағдыры, болашағы күн тәртібіне қойылды. Бұл жолдағы күресті Ресей шындығындағы құқықтық жолмен жүргізілу көзделді. Ашық тартысқа шығуға бодандықтан еңсесі түскен елдің жайы мұрша бермеді. Оқығандардың Ресейдегі түрлі партияға кіруі, ақырында одан күдер үзіп, өздерінше саяси партия құруы, әрқилы шаруашылық-экономикалық механизмдермен (кооперация, т.б), қоғамдық-әлеуметтік шаралармен (отырықшылық, қала қазақтарын көбейту, т.б.) елдің әл-ауқатын жақсартуға қам жасау, айлық, жылдық учительдік курстарды ашуы, негізі мықты, бағыты анық газет-журналдар шығаруы – ХХ ғасырдың басындағы жетістіктер» [34].

Сонымен, осындай дүрбелеңді жолдан өткен Алаш қозғалысы «Оян қазақ» идеясынан, 1917 жылдың жазынан бастап «Қазақ автономиясы» ұлттық идеясын жүзеге асыруға бет бұрды. Жаңа идеяның өміршеңдігі мен күдіреті 1917 жылғы желтоқсанда ІІ Жалпықазақ съезінің шешімімен дәйектелді. «Қазақ автономиясы» ұлттық идеясының қалың бұқара көңілінен шыққанын қазақ комитеттерінің пайда болуы, бүкіл Ресейлік құрылтайға делегаттар сайлау қорытындысы, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Мұхтар шығармалары айғақтайды. Осының бәрін жүйелеген әрі бекемдеген классикалық құжат «Алаш» партиясының бағдарламасы болып табылады.

Осы шақтағы «Алашорда» мемлекетінің басшыларының бірі Халел Ғаббасұлының қоғамдық-саяси қызметі бүкіл Ресейдегі секілді қазақ сахарасында, соның ішінде Семейде ескі патшалық жүйе Уақытша үкімет органдарымен ауыстырылып, ұлттық сана-сезімнің оянған, ел өмірінде үлкен өзгерістер орын алып жатқан кездермен сай келді.

Мәскеу университетін үздік бітіріп, елге оралғанына екі жыл ғана болған, ұсақ кредит мекемесінде инспекторлық қызмет істеп жүрген жиырма тоғыз жастағы Халел Ғаббасұлы да қоғамдағы осындай әлеуметтік істерге белсене араласады. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлының сенімді көмекшісіне айналып, 1917 жылы 21-28 шілде аралағында Орынборда өткен Жалпықазақ съезіне Семейден делегат болып қатысады. Осы съезде мемлекет билеу түрін, қазақ облыстарында автономия құру, халық милициясы, земство, учеридительная собрание сайлауына даярлану һәм қазақ облыстарына депутаттар сайлау, Бүкілресей мұсылмандарының кеңесіне қатысу, қазақ партиясын құру сияқты жалпы саны он төрт мәселе бойынша қаулы қабылданады. Осы мәселелерді шешуге белсене араласуы Халел Ғаббасұлының қоғамдық-саяси істердегі алғырлығын танытса, 1918

жылдары «Сарыарқа» газетінің ашылуына, ондағы әдеби-көсемсөздік басылымдарға бағыт-бағдар беріп, басшылық жасап, өзі де көсемсөз жазуы – оның әдебиет пен «халықтың тілі, көзі мен құлағы» болған баспасөз ісіндегі қызметі де айғақтайды.

Қоғам – тағдыры тоқсан мың тарау адамдар қауымдастығы. Осылардың ортақ мұратын дөп басып анықтау, болмыс-бітімін сақтайтын өзіндік жолы мен болашағына дұрыс жөн сілтеу ойшылдардың әлденеше буынын толғантқан. Ұлттық идеяның да арқалап тұрған жүгі жеңіл емес. XX ғасыр басындағы алаш зиялылары бұл міндетті оңтайлы шеше алды. Егер ұлттық идеяның мәні – ұлттың тілегі, ниеті ілгері жүруіне бағдаршам десек, соны елге жеткізудің, күн тәртібіндегі басты мәселені шешетін құралы – баспасөз болды.

1917 жылдың 15 маусымынан бастап Семейде «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің тілі ретінде жарыққа шығып, 1918 жылы мамырда жабылғанға дейінгі кезеңде қазақ халқының қоғамдық-саяси, рухани-мәдени, сондай-ақ идеялық ұстанымын елге жеткізуші болған алаш басылымы «Сарыарқа» газеті өзінің ұлт азаттық, тәуелсіз елдік, ұлттық өзегін XIX ғасырда басталған қазақ баспасөзі мен Ресейдің өзінде және оның шет аймақтарында шығып тұрған прогрессивті басылымдарының жарияланымдарынан алды. Мұның бастауында ең алдымен XIX ғасырдағы ұлы ағартушы ойшылдар Шоқан, Ыбырай, Абайлар тұрғаны анық. Сонымен бірге, осы ғасырдағы қазақ оқығандары С. Бабажанов, жәдидшіл көсемсөзшілер И. Гаспринский т.б. ой-пікірлері де ұлт танымынан шет қалған жоқ. Ал Ресей басылымдары мен жергілікті орыс баспасөзінің тарихи, танымды, әдеби материалдарының қазақ даласы, оның ішінде Семейде ұлт зиялыларынан өз оқырманын тапқандығы баршаға аян.

Ал, XX ғасыр басындағы ұлттың азаттық идеясын алғаш көтерген басылым – «Серке» газеті. Осы газеттің екінші санындағы «Арғын» деген бүркеншік атпен жарияланған М. Дулатовтың «Біздің мақсатымыз» атты мақаласындағы патша өкіметінің отарлық саясатын әшкерелеген сөздері азаттық идеясының баспасөздегі алғашқы лебі болды. Одан соңғы қоғамдық-саяси ойдың ілгерлеп, ұлт азаттық қозғалыстың жаңа сипатта, жаңа қарқында өрістеуіне себепкер болған, ұлттық көсемсөздің жаңа мазмұнды тың үрдісте дамуын бастап қана қоймай, әдеби-сын, көсемсөз жанрларын өрістеткен: «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, елін ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын» [35, 64 б.].

XX ғасырдағы кеңес кезеңіндегі қазақ әдебиеті классиктерінің бірі, жалынды коммунист Сәкен Сейфуллин сол 1917-1930 жылдар аралығында шыққан газет-журналдардың қазақ қоғамына тигізген игі ықпалы туралы: «Әлеумет тарихына қарағанда 1917-1918 жылғы саяси күрестің зор майданындай ұлы дүрбеленде оқыған адамдар саясат, әлеуметтік күрес ісіне қатысқандарының бәрі де сол заманда шығып тұрған газет, журналдардың айналасына жиналмақ. Егерде әлеумет ісіне қатысқандар маңайындағы газет-

журналдардың бағытына риза болмаса, өздері бөлек газет-журналдар шығарып, майданға шықпақ. Не болмаса басқа жерлердегі бағыты үйлес деген газеттерге пікірлерін жазып майдандаспақ» [36, 158 б.], – деп тап басып жазғанындай, сондай бағыты үйлес, пікірі үндес басылым – «Сарыарқа» газеті ұлттың рухани-мәдени орталығы болған Семей қаласында жетісіне бір-екі рет 1917 жылдың маусымынан, 1918 жылдың мамырына дейін шығып тұрды.

Ұлттық ой-сананы жоғары биікке көтеріп, өзі ұстанған саяси-әлеуметтік бағыты мен көздеген идеялық нысанына, көтерген ауқымды мәселелерге шебер пайдалана білген газеттің басты мақсат-мүддесі мен бағдары «халыққа басшылық ету, жаңа тәртіпті халыққа жете ұғындыру, жаңа шыққан заң-законды жариялау, өнер-білім, тіршілік-шаруа жайынан толық мағлұмат беру, земство һәм учредительное собрание жайымен жұртты таныстыру һәм бұл туралы жолбасшылық ету» болды.

Бодан елдің санасына тәуелсіздік рухын сіңіріп, жұртты оятқан «Қазақ» газетімен үндес, бағытталған бұл басылым» [37, 68 б.] осы «Қазақ» газеті салған ұлтшылдық ұранын көтеріп, көркем көсемсөздің өзегі болған сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік болмыстың сырлы шежіресі, шерлі шындықтың айнасы бола білді.

«Сарыарқа» газеті демократтық, мәдени-ағартушылық күресін жалғастырған қазақ зиялыларын өз маңына топтастырған, көркем көсемсөздерінде, саяси көсемсөздерінде халық өмірін, ұлт мүддесін өткір жазған басылым болды. Алаш партиясы, Алашорда өкіметі, Абайдың ізбасарлары сынды халқымыздың сүт бетіне шыққан қаймақтары, ұлттың аяулы азаматтары халық көкейіне қонып, санасын сілкітуде серпіліс туғызған саяси, көркем көсемсөздерімен алғашқы санынан-ақ газетті жұртшылықтың қастерлі дүниесіне айналдырды.

«Халел Ғаббасұлы жаңадан университет бітіріп шыққаннан кейін Семейде уақ қарыз инспекторы болды. Халел студент күнінде-ақ ұлтшыл, жинаған білім қазынасын халыққа таратуды өзіне борыш санаған һәм сол пікірін іспен көрсете білген қазақтың үмітті ұлы. Бұл күнде «Сарыарқа» газетін шығарушы және областной жер комитетінің, қазақ комитетінің ағзасы», – деп «Сарыарқа» газетінің өзі 1917 жылғы № 19 санында елге таныстырған Халел Ғаббасұлы осы басылымның ұйымдастырушысы, редакторы ғана емес, XX ғасыр басындағы Семейлік әдеби ортада туған газеттің саяси, көркем көсемсөзін, оның жанрлық, тақырыптық, мазмұндық сипатын өркендетуде зор еңбек сіңірген қаламгерлерінің де бірі болды.

Монографиямыздың алғашқы бөлімінде арнайы қарастырылған Халел Ғаббасұлының әдеби-көсемсөздік мұрасына негіз және өзек болған жайларды Семейлік әдеби ортамен байланыста ала отырып, мынадай қорытынды пікірлерге топтастырдық:

Бірінші, XX ғасыр басындағы Семейлік әдеби ортаның әлеуметтік-саяси күрес аренасына шығуына ұлтымыздың отарлық езгідегі тарихы мен ұлт әдебиетіндегі азаттық танымдарының тағылымдық сипаттары негіз болды.

Екінші, Семейде қалыптасқан әдеби-рухани ортаның идеялық өзегі – Абай өнегесі, Абайдың ағартушылық ой-пікірлері мен Абайдың әдеби ортасынан нәр алған ізбасарларының Алаш қозғалысы қайраткерлерімен ұштасқан еңбектерінің нәтижесінде туды.

Үшінші, ХХ ғасыр басындағы Семейлік әдеби ортада ұлт тәуелсіздігіне қол жеткізу, оны баянды ету жолындағы ағартушылық, күрескерлік істерде ұлттық баспасөздің мәні зор болды.

Төртінші, Халел Ғаббасұлының әдеби-көсемсөздік мұрасы ел тарихы, азаттық қозғалысы, Абай өнегесіндегі Семейлік әдеби ортада қалыптасып, өз жемісін берді.

Семей зиялыларын біріктірген азаттық идеясының тарихи және әдеби негіздері

Қазақ елінде азаттық идеяларын іс жүзіне асырған Семейлік әдеби орта өкілдері болды. Ал Семейлік әдеби орта өкілдері кімдер десек, олар Абай тағылымын басшылыққа алған алаш арыстары мен Абайдың әдеби ортасында тәрбиеленген Абай ізбасарлары. Осы екі зиялы қауым ХХ ғасыр басында Алаш (Семей) қаласында бірлесе келіп, Семейлік әдеби ортаны қалыптастырды. Яғни алаштың ұлтшылдық әдебиетін тудырды. Ал осы әдебиет өкілдерінің шығармашылықтарындағы азаттық идеяларының танымдары ел өткені мен сөз өнеріндегі тарихи және әдеби негіздерден алынды. Бұл орайда біз олардың шығармашылықтарына саяси еңбектерін (заң, қаулы-қарар, шешім, съезд хаттамалары, т.б.), қоғамдық саяси көсемсөздерін, әдеби көркем туындыларын, қысқасы барлық еңбектерін қосып отырмыз. Осылардың ішіндегі Семейдегі әдеби ортаның саяси еңбектері мен қоғамдық саяси көсемсөздерінің өзегіне ел тарихына қатысты тарихи құжаттардың әсері негіз болған. Өйткені, олар патша өкіметінің жүргізген отарлық саясатының халыққа тигізген кесел, кесапаттарын оқып, көріп, біліп отырған. Өздерінің азаттық идеяларының саяси өзегіне осы отарлық саяси құжаттардағы озбыр әділетсіз заңдарға қарама-қарсы сипаттағы ұлттық тәуелсіздік, демократиялық саяси құжаттар шығарып, қоғамдық саяси көсемсөздер жазды. Ал әдеби-көркем туындыларында өздеріне дейінгі әдебиеттегі бостандық рухын жана заманға сай ағартушылық, күрескерлік, ұлтшылдық сипатта өрістетті. Сондықтан алаш арыстары мұраларының басты ерекшелігі – ұлтшылдық.

Академик С. Қирабаевтың: «Біздің әдебиетіміз ХХ ғасыр басында зор әлеуметтік міндет атқарған ұлтшылдық әдебиет болды. Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы осы әдебиеттің басы-қасында болды. Ұлт мүддесі жолындағы саяси күресті әдебиетшілердің бастауы – біздің әдебиетіміз үшін зор мақтаныш» [38], – деуі біле-білген жанға көп нәрсені аңғартады.

Сондықтан, ұлтшылдық дегеніміз не? Мәселені осындай заңды сауалдан бастайық. Анықтамалықтарда «ұлт» сөзіне: «Ұлт – буржуазиялық қатынастардың нәтижесінде қалыптасқан адамдардың тарихи

қауымдастығының жоғарғы формасы» деген түсініктеме берілген. Олай болғанда капитализмге соқпай өткен қазақ елі ұлт емес, соған сай алаш арыстары ұлтшыл да емес. Оған қоса бұл анықтамаға сенсек, ұлт тек таным объектісі болады да, олай болғанда ұлт дегеніміз не айтса соған көнетін адамдар тобыры болып шығады. Анығында ұлт – субъект. Ол өз тарихының, өз мәдениетінің, өз тілінің субъектісі. Ол ұлттық тарихты, мәдениетті, тілді жасаушы. Осындай ұлттың бірі – қазақ ұлты. Ал оның саяси санасының ояну дәуірі ХХ ғасыр басына сай келді.

Біріншіден, 1904-1905 жылғы орыс-жапон соғысында жапон ұлтының білім, ғылымды терең игеріп, оны өнеркәсіпте қолдана білулерінің арқасында орысты жеңуі қазақ оқығандарына ой салды. Басқаша айтқанда, Абай ізімен, оқу-білімге шақырған ағартушылық идеяны өрістетті. Сондықтан да ғасыр басында «Жапония» тақырыбында М. Әуезов, т.б. алаш арыстары көп жазды.

Екіншіден, орыстың жерінде патша өкіметіне қарсы орыстың өз оқығандары буржуазиялық-демократиялық көтерілістер жасады. Бұл патша озбырлығына қарсы санадағы жараны қозғап, саяси ой салды.

Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, Б. Қаратаев сынды қазақ оқығандары саяси істерге ұмтылып, мемлекеттік Дума қызметіне араласып, ұлттық мүдде жолындағы күреске шықты. Олардың кейін күллі Алаш қозғалысының басты мәселелері осы ұлттық тәуелсіздік ойдың темірқазығы – халықтың жерге иелігі, елдің дербестігі, ұлттың өзін-өзі билеу құқысы болды. Кеңес дәуірінде алаш арыстарының осы ұлтшылдық, басқаша айтқанда ұлттың тәуелсіз, азат өмірін қалаған идеяларын, басқа халықтарға, дәлірек айтқанда, орысқа жаулық, бейбауырмалдыққа (интернационализм) қастық ретінде оларды халық жауы мағынасына айналдырды.

Ал, ұлтшыл деген қазақ сөзі. Халқын жақсы көретін, соған адал қызмет етуге белін бекем бұған адамды жұрт осылай атаған. Қазақ халқы өз жеріне ие болу үшін орыс шаруаларының қоныс аударуын тоқтату керек деген Бақытжан Қаратаевтың бұл ойы – қазақтың өз атақонысына өзі ие болсын деген заңды талап.

Ұлтшылдары болмаған жұрт ешқашан елге, жерге ие болмақ емес. Ұлттық мемлекетті тек солар ғана құруға негіз болмақ. Дәл осындай жағдай Үндістанда болған, дәл осындай жағдай Балтық жағалауы елдерінде болған, дәл осы нәл қазақ елінде ХХ ғасыр басында көрініс берген. Мұның басында алаш арыстары тұрды. Сондықтан, Семейлік әдеби ортаның ұйытқысы болған осы алаш арыстарының саяси істердегі патша өкіметінің отарлық саясаты тарихының тәжірибелерін мұқият зерделеп, өз еңбектерінде соған қарсы ұлт мүддесіне сай, азаттық идеяларын танытқан саяси еңбектері мен қоғамдық-саяси көсемсөздерін Алаш қозғалысы тарихы аясында қарастырайық. Ол үшін алдымен, «Алаш қозғалысы» терминінің мәнін ұғып алу қажет.

«Алаш қозғалысы» ұғымына – осы қозғалыстың идеясын тудырған Алаш партиясы енеді. Партия Ресейдегі патша өкіметіне оппозицияда болған Кадет партиясының бағдарламасы негізінде 1905 жылы желтоқсанда «Кадет

партиясының қазақ бөлімі» ретінде құрылды. Оны құрғандар Ә.Бөкейханұлы, М. Тынышбаев, Х. Досмұхамедұлы, Б. Қаратаев, Б. Сырттанов, т.б.

Партия бағдарламасы Оралда шығып тұрған «Пікір» газетінде басылған [39, 28 б.]. Партияның бағыт-бағдары жайлы өз ойын Әлихан Бөкейханұлы да 1910 жылы жазған «Қазақтар» атты мақаласында айтқан. Алайда 1908 жылдары 1905 жылғы Революциядан соң патша өкіметі тарихында жүргізілген реакция кезеңінде Ресейдегі Кадет партиясымен бірге, қазақ кадет партиясы да қуғын-сүргінге ұшырап, өз жұмысын тоқтатқан. Дегенмен олар өздерінің саяси мақсат-мүдделерін «Қазақ» газеті арқылы танытып отырды. 1917 жылы ақпан төңкерісі болып, патша тақтан құлап, Уақытша Үкімет құрылған кезде Әлихан Бөкейханұлының бастауымен 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақтық I съезде Алаш партиясын құру мәселесі күн тәртібіне қойылған. Ол жайлы съездің қаулысында: «Қазақ халқының өз алдын саяси партиясы болуын тиіс көріп, бұл партияның жобасын жасауды съезд шорай исламға сайланған қазақ өкілдеріне тапсырады. Съездің шешімінде партияның негізі Демократическая Федеративная Парламентская Республика» құрылмақ. Партия жобасын жасап болған соң өкілдер қазақ облыстық комитеттердің қарауына жіберіледі. Онан кейін учеридительное собранияға жиналған қазақ депутаттары бекітеді. Қазақ саяси партиясының жобасы жасалғанша осы съездің қазылары учеридительное собранияға баратын қазақ депутаттарына наказ – аманат болады. Жаңадан құрылған партия «Алаш» деген атқа ие болады» деп жазылған. Жалпы бұл съезде бұдан өзге сол дәуірдегі ел болашағы үшін ең көкейкесті саяси тәуелсіздік, жер, оқу-ағарту, заң, дін сынды 14 мәселе қаралған. Сөйтіп 1917 жылы құрылған ұлттық демократиялық «Алаш» партиясы бағдаламасының жобасы жасалып, 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланды.

Бағдарлама 10 баптан тұрады. Ал кез-келген саяси ұйымның негізгі құжаттарының бірі – Жарғы десек, «Алаш» партиясының Жарғысы (шартнамасы) Орынборда жасалатын болды, дайын болған соң жұртқа жетіледі деп хабарланған [39, 251 б.].

Партия құрылғанда бұрынғы Кадет партиясынан өзге, тың, ұлттық бағыт ұстанған. Мұны Әлихан Бөкейханұлының 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда өткен Бүкілқазақтың II съезінде айтып, кейін «Қазақ» газетінде жарияланған «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» [60] деген сөзінен көруге болады. «Алаш» партиясы Қазақстанда азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес өкіметінің қудалауымен, күштеуімен 1920 жылы тарайды.

Алаш қозғалысы ұғымына – осы қозғалыс негізінде құрылған «Алашорда» үкіметі, яғни Алашорданың Уақытша Ұлт Кеңесі енеді. «Алашорда» үкіметі, жоғарыда айтылған, Бүкілқазақтың I съезінің қаулысындағы облыстық комитеттер жіберген депутаттар өткізген II Бүкілқазақ съезінде құрылды. Съезд 14 мәселені қарап, тарихи маңызды қаулылар қабылдады. Соның ең бастыларының бірі жаңадан құрылатын –

тәуелсіз Алаш автономиясының басшылары, яки, «Алашорда» өкіметі мүшелерін сайлау болды. Бұл жайлы Сарыарқа газетінің 1918 жылғы 25 қаңтарында берілген съезд қаулысында «Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау үшін Уақытша Ұлттық Кеңес құрылсын. Мұның аты «Алашорда» болсын» деп жазылған. Сөйтіп алғашқы тәуелсіз елдің басшылығына жиырма бес адам бекітіліп, оның он орны өзге ұлт өкілдеріне қалдырылып, он бес адам сайланды. Олар: Бөкей Ордасынан – Уәлихан Танашев, Орал облысынан – Халел Досмұхамедов, Торғай облысынан – Ахмет Бірімжанов, Семей облысынан – Халел Ғаббасұлы, Жетісу облысынан – Мұстафа Шоқай, ал облыстардан тыс Алашордаға мүше болған Әлихан Бөкейханұлы, Мұхамеджан Тынышбаев, Бақтыгерей Құлманов, Жақып Ақбаев, Базарбай Мамытов, Отыншы Әлжанов сайланды. Алаш үкіметінің төрағасы болып баламалы жағдайда Әлихан Бөкейханұлы, төраға орынбасары Халел Ғаббасұлы сайланды. Міне, осы аталған азаматтардың әрқайсысы бесаспап ұлттық тұлғалар болды. Қазақтың ұлттық санасын оятуда, мәдениеті мен білімін арттыруда зор үлестерін қосты. Осы мақсатта олар ғылыми және көсемсөздік басылымдарды қазақ тіліне аударды, өз елінің тарихы мен мәдениетін жете зерттеп, көпшілік жұрттың арасында оны танытты.

Алашорданың мүшелерінің белсенді азаматтық, ұлттық ұстанымдары патшаның отаршылдық басқаруына қарсы күрес жолындағы қазақ жұртының құқын қорғауда анық көрінді.

Алаш қозғалысының ұғымына - осы қозғалыстың түп мақсатынан туған Алаш автономиясы, Қазақ мемлекеті, нақты Бүкілқазақтың I съезінің қаулысында жазылғандай «Демократическая Федеративная Парламентская Республика» енді. Алаш автономиясы 1917 жылы Орынборда 5-13 желтоқсан аралығында өткен II Бүкілқазақ съезінде талқыланған он мәселенің ішіндегі күн тәртібіндегі ең негізгі мәселе ретінде қаралып, бекітілген. Сөйтіп, бұл мәселе бойынша алаш арыстары екі түрлі ұсыныс талқылады. Бірі – Алаш автономиясын осы съезде жариялау, екіншісі – Алаш автономиясын қазақтың бар облыстарынан пікір жиылған соң бір айдан кейін жариялау. Нәтижесінде екінші ұсыныс қабылданып, Алаш автономиясын жариялау кейінге қалдырылды.

Съезд қазақ автономиясы мәселесі бойынша Халел Ғаббасұлының баяндамасын талқылап, төмендегідей қаулы қабылдады:

«1) Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқанд облыстарындағы және Әмудария бөлімдеріндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай іргелі халқы қазақ, хәлі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық, жерлі автономия құрылсын;

2) қазақ автономиясының жер үстіндегі түгі – суы, астындағы кені – алаш мүлкі болсын;

3) қазақ арасында тұрған аз халықтың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемелерде санына қарай орын алады;

4) алаш облыстарын қазіргі бүлікшіліктен қорғау мақсатымен Уақытша Ұлттық Кеңес құрылсын. Мұнын аты «Алашорда» болсын» [40].

Сөйтіп, алаш арыстарының түп мұраты өз жеріне өзі ие Алаш автономиясының іргетасы қаланды. «Бұл күн өлгенді тірілткен, өткенді жандырған, өткен дәуренді, ұшқан бақты еске түсірген күн еді». Алаш арыстары қазақ халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күрес алаңына шықты. Алайда, Қазан төңкерісінен кейін уақытша үкіметті құлатып, мемлекет басына келген большевиктер жер-жерде кеңес билігін орнатып, алаш арыстары құрған мемлекеттің аяғынан тік тұрып, нығаюына бөгет жасады.

1918 жылы 18 қаңтарда Әліби Жанкелдин ұйымдастырған Кеңес әскерінің жасағы П. Кобозев пен С. Павлов басқаруындағы қызыл армия отрядтарымен бірлесе отырып, Орынбор қаласын басып алды. Алашорда өкіметі мүшелері осы кезден бастап, бірлігінен ажырап, бір бөлігі Семейге келіп, Алаш қаласын Алаш автономиясының астанасы және Шығыс бөлімінің орталығы етті. Екінші бөлігі Орал облысындағы Жымпиты қаласына барып, Алаш автономиясының Батыс бөлімін құрды. Осы орайда алаш арыстары неге өз алдына тәуелсіз, бөлек мемлекет құрмай, Ресей Федерациясының құрамына автономиялық мемлекет ретінде енуді ұстанды және іштей бөлінді деген сауал туары өз-өзінен түсінікті. Бұл жерде Алашорда үкіметі өкілдерінің Шығыс, Батыс ордаларға бөлінуін айтып отырғанымыз жоқ. Өйткені бұлай екі жаққа кету, екі түрлі көзқарастан емес. Мақсаты – Алаш автономиясын баянды етіп құру, ақ, қызыл болып бөлініп, азамат соғысы басталған кезеңде Ресей Федерациясының құрамындағы Алаш автономиясын қазақ елінің аймақтарында тезірек орнату.

Ал, жана мемлекетті тәуелсіз Алаш мемлекеті деп емес, Алаш автономиясы деп жариялаудағы мақсат Әлихан Бөкейханұлының, Мұстафа Шоқайдың, Міржақып Дулатовтың бірігіп жазған «Алаш ұлына» үндеу мақалаларындағы сөздерден, Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Елдес Омаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдулхамит Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжанов бірігіп жасаған «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасынан, сондай-ақ Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Ғалиханның Семейге келуі» мақаласындағы Ә. Бөкейханұлының сөйлеген сөзінен анық танылады.

Мәселен «Алаш ұлына» үндеу мақалада: «Біз қазіргі әділ үкімет, азат Россиямен бір тілекте, бір кемедеміз, кемедегінің жаны бір. Россияға бұрын жанымыз ашымайтын еді, қабырғамыз қайыспайтын еді, енді орыс халқының өзімен тереземіз тең болған соң, жақсылығына сүйінеміз. Тілек бірге болған соң, тірі болсақ бір төбеде, өлсек бір шұңқырда болуымыз керек. Жұрттың бәрі осылай бірігіп, тізе қосып, қайрат қылғанда ғана, азат халық бола аламыз. Соның үшін жаңа үкіметке қолдан келген көмегімізді аямауымыз керек» [41], – деп жазған.

Бұл сөзден біріншіден, патша өкіметін құлатқан Уақытша Үкіметті қолдау, екіншіден Уақытша Үкіметтің демократиялық ұстанымын пайдаланып, Алаш автономиясын құрып, келешекте бірте-бірте жағдай түзелген соң, дербес мемлекет құру, ел ішіндегі өзге жұрттардың, әсіресе, орыстардың жаңа автономияға қарсылығын тудырмау ойы жатқанын байқауға болады деп ойлаймыз.

Ал енді алаш арыстарының іштей бөліну мәселесіне келсек, бұл жай тарихи жағдайларға сай күрес тактикасына, саналы азаматтардың елді тығырықтан алып шығу жолындағы саяси көзқарастарына байланысты болды. Мысалы, осы 1917-20 жылдар аралығындағы елдегі күрделі жағдайға орай, қазақ жерінде бірнеше мемлекеттік құрылымдар құрылды. Оның кейбірі мыналар: діни-саяси бағыт ұстанған «Шура – и ислам» партиясының негізінде құрылған Қоқан автономиясы. Күллі Орта Азияның түрік мұсылмандарын бір тудың астына жиюды көздеген, сөйтіп орыс отаршылдарының христиандық миссионерлік саясатына қарсы күресіп, Уақытша Үкімет, Кеңес үкіметі саясатын терістеген Қоқан автономиясын Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Ахметжан Темірбаев, т.б. құрған. Оны 1918 жылы Кеңес өкіметі қарулы күшпен таратқанда, осы мемлекетті қолдағандар басмашылар қатарында ұлт, дін бостандығы үшін 1930 жылдарға дейін саяси және қарулы күрес жүргізді. Келесі бір мемлекеттік құрылым большевиктердің Қазақстанда 1917 жылдан құра бастап, 1920 жылы Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы ретінде аяқтаған революциялық комитеттердің большевиктік өкіметі.

Жалпы, қандай көзқараста, қандай саяси бағыт ұстанғанына қарамастан ХХ ғасыр басындағы Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Көлбай Төгісов, Сәкен Сейфуллин, Халел Ғаббасұлы, т.б. азаматтардың бәрін – алаш арыстары қатарында атау керек. Өйткені олар ұлтшыл болса да, коммунист болса да, түрікшіл, діншіл болса да халқына пайда келтіру, жарқын болашаққа жеткізуді мақсат етті, адасса, қателессе, осы жолда адасты.

Алаш арыстарының саяси еңбектерінің нәтижесінде 1917 жылы I Бүкіл қазақ съезінің шешімдерімен «Алаш» партиясын құру туралы саяси қаулы қабылданып, жер-жерде «Алаш» партиясының облыстық комитеттері құрылды. Ішінде Халел Ғаббасұлы төраға болып сайланған Семей комитеті де бар. Олар II Бүкілқазақ съезінде «Алашорда» үкіметі мен Алаш автономиясының құқықтық негізін қалады. Жоғарыда айтқанымыздай, 1918 жылы 18 қаңтарда Орынбор қызылдар қолына өткен соң, Алаш автономиясының жұмысын жүргізген «Алашорда» үкіметі Семей қаласына ауысып, оның сол жағалауындағы бөлігі «Алаш» қаласы аталды.

Бұл жайлы Міржақып Дулатов 1918 жылғы «Қазақ» газетіндегі «Алаш Орда» мақаласында: «Быттыр Орынборда, 21-26 июльде, Бірінші Жалпықазақ съезі мемлекет билеу түрін тексергенде, қазақ облыстары автономиялы болсын деп қаулы шығарды. Бірақ автономияны қашан жариялау жайы сөз болған жоқ. Декабрь съезінде автономия ресми жарияланғанша уақытша қазақ істерін билеуге Алаш Орда сайланды. Алаш

Орданың уақытша тұратын орны Семей болды. Бірақ большевик кесірінен Алаш Орда іске кірісе алмады. Семей һәм Алаш Орда облыстары большевиктен тазарған соң, 11 июньде Алаш Орда іске кірісті, һәм съез қаулысы бойынша, автономия жарияланғанша қазақ мәдени-ұлт жұмыстарын өзі билейді деп жарлық шығарды. Мұның мәнісі жерлі автономияны жариялауды кейінге қалдыра тұрып, мәдени-ұлт автономиясын жарыққа шығарғаны еді» деп жазғанындай, еліміздегі Семей, соның ішінде Алаш қаласы Алашорда үкіметінің ең ірі саяси-әдеби орталығына айналды.

Семей шын мәнінде сол кезеңде ұлт зиялылары бас қосқан зор мәдени-рухани орталық болды. Жалпы, Семей – ұлы Абай, Шәкәрім, Мұхтардың атамекені ғана емес, мұнда әр жылдары орыстың ағартушы-демократтары Ф. Достоевский, И. Долгополов, Е. Михаэлис, Б. Герасимов, Н. Коншин, Г. Потанин, т.б. қызмет етіп, ежелден білімі мен мәдениеті дамып өркендеген қала еді. Ол туралы, тіпті, сонау 1915 жылы Ә. Бөкейханұлы «Оқушыға жәрдем қауымы» мақаласында: «Менің бұл сөзім білгіш көпке мақұл көрінсе, қауымды қай қалада ашқан жөн? Қазақ ортасы Қараөткел (Ақмола) қаласы. Бірақ мұнда бұл істі ізденіп, шығарып, тәрибелеп басқаратын жігіттер кем-ау деймін. Ал бұл ел ортасы болғанмен басқа жағынан реті келмейді. Онда қауымның бас басқармасын ашарлық талапкерлер табыларлық қалалар санаулы. Менің білуімше, ондай қалалар Семей, Троицкі, Оренбург. Оренбургте іргелі қазақ аз. Мұндағы қазақ бәрі оқудағы жастар. Закон жолында бұлар қауымға ағза бола алмайды. Қауым басқарушы 4-5 кісі де Оренбургте табылар ма екен. Ахмет, Міржақып, бір-екі переводчик болмаса, Оренбургте оқушылардан басқа қазақ жоқ. Ахмет, Міржақыпқа газета да жетер. Оренбург бұлай болған соң, анау айтылған екі қала ғана қалады. Бұлардың қауым бас басқармасын ашуға қолайлысы Семей. Мұнда қазақ та, басқа мұсылмандар да көп, оқыған басшы боларлық жігіттердің де басы құралулы. Оқудағы жастарға жәрдем қауымын ашуды Семей жігіттері ізденіп ашқаны жөн» [42], – деп жазған екен. Семей сол кездегі Омбы, Орынбор, Ташкент секілді темір жол бойына орналасқан ірі төрт қаланың бірі-тін. Бұл Алашорда өкіметі үшін ішкі және сыртқы саясат мәселесінде немесе экономикалық жағынан болмасын қолайлы әрі маңызды болды.

Міне осындай нақты субъективтік және объективтік жағдайлар Алашорда үкіметінің уақытша тұрағы ретінде Семей қаласын таңдап алуға басты себеп болған еді.

Алашорда үкіметі билік құрған, яғни 1918 жылдың маусымынан, 1919 жылдың желтоқсан айының ортасына дейінгі бір жарым жылдай уақыт аралағында Алаш қаласының тарихында, жалпы ұлт санасында ұмытылмастай оқиғалар із қалдырды. Атап айтсақ, Алашорда үкіметі осы Алаш қаласында алғаш Уақытша үкімет пен Сібір автономиясының тарапынан ресми түрде мойындауға ие болды. Өз кезегінде кеңес өкіметі де Алашордамен санаспай қалмады. Мысалы, «Алашорда» үкіметін Орта Азия аймағындағы ең ықпалды басты саяси күш деп таныған Лениннің арнайы тапсырмасы бойынша 1918 жылдың көктемінде Мәскеуден Сталин

телеграфпен Семейге хабарласуы да осы ойымыздың айғағы. Алаш қаласында Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханұлы және оның орынбасарлары Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Ғаббасұлының қол қоюымен ішкі және сыртқы саясат, жер, білім, земство, сот пен милиция, әскер тәрізді, т.б. мәселелерге қатысты заңды шешімдер шығарылды. Алаш қалалық Думасы мен Алаш қалалық қоғамдық басқармасы, Алашорда соты мен әскері, алаш жұмысшы, шаруа және қазақ депутаттары кеңесі тәрізді мемлекеттік билік органдарын құруға байланысты істер атқарылды. Мысалы кеңестік тарихшы Н. Мартыненконың «Алаш-Орда: Сборник документов» кітабында 1918 жылдың маусымынан 1919 жылдың желтоқсанына дейінгі аралықта Алашорда үкіметінің «Отношение к законодательству советский власти, от 11-24 июня 1918 года», «О земстве, от 11-24 июня 1918 года», «Об Образовании военного совета при Алаш-Орде, от 11-24 июня 1918 года», «О свободе совести, слова, печати, собраний, съездов и неприкосновенности личности, от 11-24 июня 1918 года», «О временном землепользовании на территории автономии Алаш, от 11-24 июня 1918 года», «О железных дорогах местного значения, от 11-24 июня 1918 года», «Вопрос о государственных налогах, от 11-24 июня 1918 года», «Об организации советов Алаш-Орды в областях и уездах, от 11-24 июня 1918 года», «О киргизских судах, от 9-22 октября 1918 года», т.б. бірқатар заңдар мен қаулылар қабылданғаны жазылған [43, 108-113 б.б.]. Бүгінде Алашорда үкіметінің басқару органдарына қатысты құжаттарды Шығыс Қазақстан облысының Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығында (Семей қаласы) сақталған «Бүкілресейлік Уақытша Үкіметтің Семей облыстық басқарушысы», «Бүкілресейлік Уақытша Үкіметтің Семей уездік басқарушысы», «Семей уездік земство басқармасы», «Алаш қалалық қоғамдық басқармасы», «Алаш жұмысшы, шаруа және қазақ депутаттары кеңесі», «Семей губерниялық жұмысшы, шаруа және Қызыл әскер депутаттары кеңесінің атқару комитеті», «Семей губерниялық соты», т.б. мұрағат қорларынан кездестіруге болады.

Ең бастысы, осы Алаш қаласында Әлихан Бөкейханұлының басшылығымен 1917 жылдың желтоқсанындағы екінші қазақ съезінің қаулысына сәйкес алғаш Алаш автономиясы территориясын айқындап, тәуелсіздігін сақтап қалу мақсатында мемлекеттік маңызы зор жұмыстар атқарылды. Мысалы, қазақ жері мәселесі 1918 жылдың 3 көкегінде Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары Халел Ғаббасұлының кеңес өкіметі басшылығына жолдаған жеделхатында (мәтін орыс тілінде болғандықтан өзгеріссіз беріліп отыр): «Согласно постановлению общекиргизского съезда 5-13 декабря необходимо немедленно объявить территориально-национальную автономию «Алаш» в состав которой должен войти области Семипалатинская, Акмолинская, Тургайская, Уральская, Сыр-Дарьинская, Ферганская, Семиреченская, Букеевская орда, Мангышлакский уезд Закаспийской области, Аму-Дарьинский отдел Сыр-Дарьинской области, киргизы Бийского, Славягородского, Змейногорского уездов» [44, 121 б.] деп атап көрсетіледі.

Алайда, қазақ жері мәселесі оңайлықпен бірден шешіле қоймады. Әсіресе, Ресеймен шекаралас Қазақстанның солтүстік облыстарының тағдыры қыл үстінде тұрды. Тіпті 1921 жылы 25 тамызда ҚазАССР құрылғаннан кейін де, қазақ жеріне қатысты дау-дамай тоқтамады. Мысалы, Семей және Ақмола губерниялары мәселесі 1923 жылға дейін қызу таластартысқа түсіп келді. Ол туралы академик М. Қозыбаев: «Батыс Сібірге қараған Ақмола және Семей облыстарының Қазақстанға қосылуы оңай болған жоқ. Оған Сібір ревкомының бірқатар мүшесі қарсы шықты. 1920 жылдың екінші жартысында олар Қазақстанмен шекара белгілеудің мәселелерін бес рет қарайды. Тіпті, Қазақ Автономиялық Республикасын құру туралы Декрет қабылданғаннан кейін де Ақмола және Семей облыстарын Қазақстанға беру мәселесі кейінге қалдырылды» дей келіп, ақыр соңында Республика құрамына Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары, сондай-ақ Маңғыстау уезі, Закаспий облысындағы Красновод уезінің төртінші және бесінші Адай болыстары, Астрахань губерниясының Каспий теңізі жағалауындағы солтүстік-шығыс бөлігі, Бөкей ордасы мен теңіз маңындағы округтердің болыстықтары енгенін жазған [45, 117 б.].

XX ғасырдың басында Әлихан Бөкейханұлы бастаған алаш қайраткерлері болмаса, ұлан-ғайыр Қазақ даласы бөлшектеніп, тұтастығынан мәңгілікке айырылып қалатын еді.

Сонымен XX ғасыр басындағы Семей, оның ішінде Алаш қаласының тарихы Алаш қозғалысымен тығыз байланысты болды. Алаш арыстары патша өкіметінің отарлау саясатының құжаттары мен жазбаларын жақсы білді. Сондықтан, олар жасаған құжаттар мен саяси көсемсөздерде соған қарсы азаттық, гуманистік идеялар толы болғаны аян. Сонымен, Алаш қозғалысы 1905 жылдары басталды дедік. Міне осы кезден бастап алаш арыстарының саяси еңбектері (жазған құжаттары, саяси аренадағы сөйлеген сөздері, жиындар мен құрылтай съездерде шығарған шешімдері, қаулылары, т.б.) мен «Серке», «Қазақ», «Сарыарқа», «Абай» сынды басылымдардағы қоғамдық-саяси көсемсөздеріндегі азаттық идеялары қазақ халқының ғасырлар бойғы тарихында отарлық езгінің қанды ізі сойдақтаған көкейкесті мәселелер: ұлт тәуелсіздігі, жер мәселесі, оқу-білім жайы, т.б. арналды. Олардағы Алаш қозғалысы өкілдерінің тарихи тәжірибеден ұлт мүддесі тұрғысында оң шешім шығара білген терең білім, саяси алғырлықтары осы құжаттардан анық танылады. Бұл ерекшелікті орыс қайраткерлері де дәп басып танып: «Мемлекетті басқарудағы даналықты қазақтардан үйрену керек» деген. Мұны осыған дейін көрсетілген деректерге қосымша Алаш қозғалысының өткен кезеңдердегі ел тарихының шешуші шақтарында шығарған басқа да құжаттары мен жазған саяси көсемсөздерінің бірер мысалында дәйектеп, қарастырайық.

Қазақ зиялылары XX ғасыр басында ұлт мүддесін қорғау жолында отаршылдыққа қарсы күрестің жаңа тәсілі – саяси күреске ауысты. Осы бағытта саяси партия құрып, баспасөз ашып, орыс демократтарымен рухани тығыз байланыс орнатып, билікке ел тілегін жеткізуде саяси петиция жазу, Мемлекеттік Дума трибунасын пайдалану, ел ішінде саяси-ағартушылық

жұмыстар жүргізу сияқты істерді қолға алды. Соның бір дәлелі – Қарқаралы петициясы. Кавказ бен Орта Азияның, Сібір мен Қиыр Шығыстың «тағы» халықтарын табанына таптаған Ресей империясы дүрілдеп тұрған шақта, алаш арыстары әйгілі Қоянды жәрмеңкесінің қанбазары жүріп жатқан кезде осы петицияны ұйымдастырған еді. Бұл стихиялы түрде, кездейсоқ атқарылған саяси әрекет болатын.

«Қарқаралы округінің қазақтары империяның билеушілеріне кем дегенде үш талап-арыз жолдаған. Петициялардың заңдық тұрғысынан аса сауатты жазылуы және стильдік ерекшеліктері – дейді зерттеуші ғалым З. Тайшыбаев, оның мәтінін әзірлеген қазақтың тұңғыш заң министрі Жақып Ақбаев деп тұжырымдауға негіз береді» [46, 18 б.]. Әрине, дем берушілері ұлт азаттығы жолында басын бәйгеге тіккен алаш көсемдері Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Көлбай Төгісов сынды тұлғалар болғаны тарихи факт. Сондай-ақ, З. Тайшыбаев пен Дулатбеков Жақып Ақбаевқа арналған монографияларында: «Семей облысының әскери губернаторы генерал-майор Галкин 1905 жылы 19 шілдеде Дала өлкесінің генерал-губернаторына аса құпия және суыт хабар жіберген. Онда былай деп жазылған: «Қарқаралының уезд бастығы биылғы 30 маусымда маған мынаны хабарлады: тыңшылар арқылы алынған деректерге қарағанда, Қоянды-Батов жәрмеңкесінде бас қосқан Ақмола облысының және сол жақтағы Семей облысы уездерінің қазақтары ортасынан өкіл сайлап, патша ағзамның атына петиция дайындаған. Менің қолымдағы құпия қағаздарға қарағанда, петициядағы негізгі талаптар мыналар: салықты азайту, қарашекпен бастықтарын тарату, діни сенімдерге толық мүмкіндік беру, қазақ арасынан мүфти сайлау, орталық үкіметтегі халық өкілдігіне депутаттар сайлау. Уезд бастығының хабарлауына қарағанда, Қарағандыдан екі сенімді адам арызды Омбыға Бөкейхановқа алып барады. Омбыда Ақмола, Семей, Торғай облыстарының барлық уездерінен сайланған өкілдер жиналыс ашып, петицияны талқыламақ. Сөйтіп Омбыда бүкіл қазақтан екі адам сайланып, оны Петербургке алып кетпек.

Штабс-ротмистер Оковский қырдағы дүрлігу жағдайын маған хабардар етіп келеді. Қазақтар Ресейде болып жатқан оқиғалардың барысын мұқият қадағалап отырған көрінеді» [47, 48 б.], – деген дерек келтірген. Аталған құжатта көрсетілгендей генерал-губернатор Әлихан Бөкейханұлының атына бекер шұқшимаған. Сол кездің өзінде империя салпаңқұлақтары өз қожайындары үшін беріле жұмыс істеді, кейін ұлт көсеміне айналған тұлғаны ертеден-ақ танып, ізін баққаны көрініп тұр. Сөз арасында ескерте кетер бір жай, ол алаш арыстарының бірі Қошке Кемеңгерұлының Ә. Бөкейханұлы туралы: «Білімімен жолды алған бір Әлихан болмаса, басқа оқыған азаматтар оқуының арқасында да депутат болған жоқ. Нар шөккен даналығымен депутат болысты» [48, 119 б.], – деуі осыны айғақтаса керек. Сонымен, жоғарыда айтылып өткендей, 1905 жылдың маусымында ғана империя билеушілеріне үш арыз-талап жолданған. Оның алғашқысы «Ұлы Мәртебелі Император Ағзамның» атына жазылған, онда білімі мен мәдениеті, экономикалық деңгейі тұрғысынан қазақтардың Ресей иелігіндегі

ешбір халықтан кем еместігі, сондықтан алты миллион жаны бар ұлттың бұдан әрі ешбір кемсітуге көнбейтіндігі, Мемлекеттік Думаға өз ортасынан депутаттар сайланғанда ғана басқа жұртпен тең құқықты сезінетіндіктерін айтқан.

Кейін бұл талап ішінара іске асты да. Мәселен, кеңес өкіметінің тарихшысы Н. Дружинин: «Кавказ бен Орта Азиядағы оқиғалар Орта Шығыстағы ағылшын-орыс бәсекесімен байланысты. Ал Шығыс халықтары, оның ішінде қазақ халқы да түгелдей ағылшын империализмінен қауіптенгендіктен, патша империясына өз еркімен қосылды. Бұл қосылу ол халықтарға прогрессивті серпіліс әкелді» деген сөздер жазған. Ал шындығында мұның нағыз заңсыз отарлау екенін I Мемлекеттік Думаға қазақтан сайланған депутат Ә. Бөкейханұлы сол кездің өзінде-ақ дәлелдеп, заңдық тұрғыда әшкерелеп айтқаны тарихтан белгілі.

Сонымен Қарқаралы уезінен сайланған 42 адам қол қойған үш петицияның алғашқысына ел ішінде беделі зор азаматтар, яғни, алаш арыстарының ел ішіндегі қолдаушылары қол қойған. Олар: Ақсары болысынан – Бексейіт Матаев, Мұхаметәзи Төлеубаев; Кент болысынан – Кәрібай Матаев, Тоқтарбай Жандыбаев; Қу болысынан – Мұсатай Тәтімбетов, Мақат Ақбаев, Едірей болысынан – Омар Қалдыбаев; Темірші болысынан – Секербай Ханғожин, Оспан Жанғабылов; Берікқара болысынан – Ақбай Жандеркин, Сүйгенбай Мейіржанов, Өскенбай Бөгенбаев; Нұра болысынан – Арыстанбек Дәулетов; Ақбота болысынан – Жүсіп Құлбатыров, Бектібай Ботабаев; Дегелең болысынан – Керімхан Төлебаев, Тышқанбай Қашақов; Дағанды болысынан – Демесін Мейіржанов, Жолжан Байкөбин; Балқаш болысынан – Нарманбет Орманбетов, Тұрсынбек Жантоқин; Сарыбұлақ болысынан – Аралбай Сұлтанов, Жүсіп Жақыпов; Сарытау болысынан – Жүнісғали Аяғанов, Жүнісбек Жолдыөзекөв; Қотанбұлақ болысынан – Құдайберді Байбөрин, Игілік Ханғышин; Қызылтау болысынан – Тоқбай Тоқсанов; Мойынты болысынан – Жұмабек Құлашев, Тасыбек Бадин; Ақшатау болысынан – Жүсіп Бейсенбин, Жуасбай Тасболатов; Бөрілі болысынан - Төлмұқамет Алтынторин, Рақия Сәтбаев; Тоқырауын болысынан - Ахмет Бекбергенов, Тоқымбет Күреншин; Шұбартау болысынан - Орманқұл Мыңаяқов, Шаңғарбай Сатанов; Абыралы болысынан – Мұса Құлбаев, Сүлеймен Қойсоймасов. Жергілікті ұлықтар осынау азаматтарды бүлік басы етіп көрсетіп, жоғарыдағы әміршілеріне тағы екі адамының есімін қосқан. Олар: Едірей болысынан – Қақабай Алшыбаев және Нұра болысынан – Халиолла Дүйсенбаев. Сірә, үкімет тарапынан ел ағаларын қуғын-сүргінге түсіретіндей шара қолданыла қалса, халық арасында ықпалы зор бұл адамдар да қосақ арасында кетсін деген пікір болса керек. Көріп отырғанымыздай, қазақтардың патшадан талап етіп отырған құқықтары - қарынды қанағаттандырарлық таптық, әлеуметтік сұраныстан әлдеқайда жоғары, ұлттық, рухани мүдде. Империя билеушілерін шошытқаны, олардың қатып-семіп қалған бюрократтық сенімдеріне ашық күнгі найзағайдай әсер еткені де осы болар.

Қарқаралы уезінің бастығы Оковский генерал-губернаторға мынандай қосымша мәлімдеме жібереді: «Арыз Омбыға Әлихан Бөкейханұлының атынан кетті. Ол – осы арызды жазудағы басты ұйымдастырушысы және жетекшісі. Кейбір деректерге қарағанда, арыздың бастапқы мәтінін жазған Ақбаев. Сондықтан Бөкейханов ынтагер, жетекші деп есептелуі керек. Халық өкілі атынан сайланғандар Әлихан Бөкейханов пен Жақып Ақбаев» [49, 218 б.].

Ресей империясының ішкі істер министрлігіне жолданған екінші петицияда қазақтардың үкімет алдына қойып отырған талаптары нақтылана түседі. Онда:

« 1. Әр болыста мешіт салынып, медресе ашылсын. Бізге баспахана, газеттер мен ана тіліміздегі кітаптар керек.

2. Жергілікті бастықтар қазақ тілін білетін болсын, олар білімді адамдардан сайлау жолымен қойылсын.

3. Іс қағаздары қазақша жүргізілсін. Песір, старшын, шабарман сияқты кіші қызметкерлер тек қазақтардан қойылсын.

4. Болыстар демократиялық жолмен сайлансын. Сауатты, білімді кандидаттарға артықшылық берілсін.

5. Учаскелік мировой судьялар қазақша білетін болсын. Тергеу қазақша жүргізілсін, адвокаттар қазақша білетін болсын.

6. Соттар тікелей Юстиция министрлігіне бағынатын болсын.

7. Салықтар еркіті түрде төленетін болсын.

8. Ертіс бойындағы жерлер, әскерге деп кесіліп берілген жерлер қазақтарға қайтарылсын.

9. Қыстаулар бұрынғы иелеріне қайтарылсын.

10. Қазба байлықтар, ашылған кен орындары, зауыттар мен кеніштер қазақтардың ұлттық байлығы болып саналсын. Ал басқа біреулер пайдаланатын болса, тиісті ережеде ақысын төлесін.

11. Ормандар, өзендер мен көлдер, олардың байлығы қазақтың ұлттық байлығы болып бекітілсін.

12. Соңғы 20 жылда қазақтардан тартып алынған жер өздеріне қайтарылсын.

13. Мемлекеттік Советке қазақтан депутат сайлансын» [50, 318 б.].

Бюрократия батпағына былыққан орыс шенеунігінің көзімен қарағанда мешеу, бұратана болып көрінетін халық өкілдерінің тарапынан мұндай батыл талаптарды естіген империя басшыларының зәресі ұшуы да осыған байланысты. Аталған арызға Павлодар уезінің атынан Сейтек болысының өкілі Темірғали Наркенов, Қарқаралы уезінің атынан Едірей болысының биі Анық Жолшорин мен Берікқара болысының өкілі Ақбай Жандеркин қол қойыпты. Сөйтіп, бізден төрт ұрпақ бұрын ғұмыр кешкен осы Арыстардың арман-тілектерінің көпшілігі әлі де орындалмай жатқаны жасырын емес.

Әңгіме болып отырған Қоянды жәрмеңкесінде, 1905 жылдың 20 маусымында Жақып Ақбаев бастатқан қазақ зиялылары әзірлеп, Ресей империясы төрағасына жолданған петиция мазмұны жоғарыдағы екеуінен де салмақты. 12767 адам қол қойған құжатта қазақтардың құқы аяққа

басылмауы, старшындар тарапынан озбырлық жасалмауы, қазақтардың азаматтық тұлғасы Ресейдің барлық халықтарымен тең дәрежеде қарастырылуы, ең бастысы, ар-ұждан бостандығы мен рухани тәуелсіздігі және жер-суларының нақты, тарихи иелеріне қайтарылуы талап етілді. Қазақтар бұл кезде Ресейге, басқа да отаршылдарға өздерінің жері ғана қажет екенін, байырғы тұрғындар қырылып қалса да келімсектердің ешбір қынжылыс білдірмейтінін әбден біліп болып еді. Алаш арысы Т. Шонанұлы жазғандай: «Екі шаруа халқының тұз-дәмін жарастырмай қойған – озбыр үкімет саясаты болды». Оның үстіне патшаның 1877 жылғы 7 мамырдағы жарлығымен Қарқаралының орман-тоғайлары, өзен-көлдері, қазба байлықтары есауыл А. Пушкарев, подьесаул Г. Рязанцев, колледж тіркеушісі Н. Булычев тәрізді келімсектерге тартылып әперілгені әлі ұмытыла қоймаған [51, 182 б.]. Қарақотырланып үлгермеген жараның жанына жана жара көбеймесе, азайған жоқ болатын. Мысалы: «1916 жылы Түркістандағы әрбір орыс тұрғынына 3,17 десятинадан жер берілсе, жергілікті қазақтың әр тұрғынына 0,21 десятина, яғни 15 есе аз көлемде жер телімі тиген». Арқа қазақтарының жағдайы да сол деңгейде болатын. Оның үстіне орыс атын жамылған келімсек атаулыға жердің ең сулысы мен нулысы, егістікке қолайлы, шалғыны мол өңір беріліп, қазақтар резервацияларға қуылды.

Міне, осы себепті де алаш арыстары Мемлекеттік Дума мінберін осы көкейкесті жер мәселесіндегі патша өкіметінің озбырлығын әшкерелеуде пайдаланды. Мәселен, Ә. Бөкейханұлы қазақтармен онша есептесіп жатпайтын қоныс аудару басқармасы шенеуніктерінің ғана озбырлығын әшкерелеп қойған жоқ. Ол атақ-даңқы, қызмет дәрежесіне қарамай, отарлаушылардың бәрін де әшкере етті. Депутат Марков II Мемлекеттік Думаның қоныс аудару комиссиясында: «Қазақтар – Шыңғысхан мен Ақсақ Темірдің ұрпақтары. Сондықтан, Америкада ақтар қызыл тәнділермен қалай сөйлесе, қазақтармен де солай сөйлесу керек» [52, 43 б.], – деген сөзіне: «Марковтар жалғыз емес, ол егіншілік департаментінің директоры Крюковтың сөзін жандандырып отыр. Мұндай саясат Ресей қоластындағы жұрттарды өшіруге бағытталған. Ал бұл түбі Ресейдің өзіне де пайда бермейді» [81], – деп жауап берген. Ал жер мәселесіне қатысты орыс басылымындағы мақаласында: «Орыстардың барған сайын далаға қоныс аударушыларының қарқын алуы қазақтар мен қоныс аударушылар арасында жер үшін күрес және осы күрестің дөрекі көріністері онсыз да заңсыздықтар негізінде белең алған ұлттық қарама-қайшылықтарды тереңдетіп, шиеленістіріп жіберді» деп жазған.

Сонымен патша өкіметінің отарлық саясаты тудырған барша құжаттар мен материалдар, елдің өткені мен нақты күйі алаш арыстарының саяси еңбектері мен қоғамдық-саяси көсемсөздерінде сана зердесіне салынып, електен өтіп, оларға қарсы ұлт тәуелсіздігі, азаттық идеясын баянды ету мақсатындағы саяси, құқықтық туындыларында тарихи тәжірибе негізі болды. Бұған Халел Ғаббасұлының «Алашорда» үкіметінің мүшесі ретіндегі, Семей облыстық Алаш автономиясы қызметінің басшысы ретіндегі т.б.

қызметтердегі шығарған саяси құжаттары мен «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Мемлекет күйі» сынды көсемсөздері дәлел.

Тарауша басында айтылғандай, Семейлік әдеби ортаны қалыптастырған алаш арыстары мен Абай ізбасарлары десек, солардың ғасыр басындағы Алаш қозғалысындағы азаттық идеяларының танымдарына әсер еткен тарихи негіздерімен бірге, әдеби негіздері де бар. Біз енді осының әдеби негіздеріне, яғни Алаш қозғалысы өкілдерінің нәр алып, өрістеткен әдеби өзегіне тоқталмақпыз. Бұл орайда ХХ ғасыр басындағы Алаш қозғалысын туғызған 280-ге жуық [31, 221 б.] алаш арыстарының бәрі дерлік саяси және рухани істерді, яғни қоғамдық-саяси қызмет пен әдеби-көркем шығармалар туғызуда бесаспап тұлғалар болғанын ешкім жоққа шығармас. Осы себепті де біз Алаш қозғалысының, нақты айтқанда, ХХ ғасырдың басындағы Семейлік әдеби ортада әдеби-көркем туындылар туғызған қаламгерлердің бірнешеуінің шығармалары негізінде осы жайды дәйектемекпіз. Солардың ішінде Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Сәбит Дөнентаев сынды алаш қайраткерлерінің әдеби туындыларының біразы осы Семейлік әдеби орта шығарған басылымдарда жарық көрсе, Абайдың тікелей шәкірттері Шәкәрім мен Көкбай және Абайдың бел баласы Турағұлдың да әдеби туындыларының Семейде жарық көргені аян. Міне осы арыстардың көркем туындыларындағы азаттық ой танымдар Абай тағылымынан, ұлттық төл әдебиет тарихынан, әлем әдебиеті қайнарларының ағартушылық, бостандық, гуманистік сипаттарынан нәр алып, ұлт әдебиетін өркендетуде ХХ ғасыр басындағы ояну дәуірі әдебиетін тудырды. Бұл әдебиет жайлы Б. Кенжебаев: «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті – ұлы дәуірдің: ілгерілеулер, күрес, көтерілістер, сұрапыл соғыстар, қиян-кескі көтерілістер дәуірінің әдебиеті. Күрделі, көп қырлы әдебиет» [53, 29 б.], – деп жазды.

Қазақ халқының бостандығын, тәуелсіздігін қорғау жолында ерекше қайрат көрсеткен қазақ халқының ер ұлдары аз емес. Олардың батырлық қимылдары, ерлік істері тарихта да, көркем әдебиетте де өз іздерін қалдырды. Мысалы, ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ халқының ұлт бостандығы жолындағы күресін сипаттайтын, отарлық езгі зардаптарын көрсететін, ұлт өнерін, ұлт дінін сақтап қалуды көкейкесті мәселе етіп көтерген, қысқасы, ел тарихының бар саласын бейнелеген әдеби туындылар алаш арыстары мен Абай ізбасарларының әдеби мектебі, бұлақ көзі болғаны анық. Бұған тарихи жырлар мен оларды Көкбайдың Абай нұсқауымен түлетуін, Шәкәрім туындыларындағы Шығыс, Батыс әдебиетінің рухани байланысын, Турағұлдың төл шығармалары мен аудармаларындағы орыс әдебиетіндегі бостандық, теңдік идеяларының белгі-бедерлері, алаш арыстарының төл шығармаларындағы ұлт әдебиеті мен Абай, ал аудармаларындағы Шығыс пен Батыс әдебиетінің әсері, Сұлтанмахмұт поэзиясындағы ұранды рухтың Махамбет жырларымен тамырластығы, М. Әуезов, С. Дөнентаев туындыларының фольклорлық мұралармен байланысы сияқты көптеген жайлар дәлел бола алады. Өйткені, ХҮІІІ ғасырдың 30-жылдарынан бастап Ресей империясы қазақ даласын тағылықпен жаулай

бастаған шақтан бастап, қазақ әдебиетінде жаңа дәуір туды. Ол – қазақ халқының тәуелсіздігін қорғау жолындағы күресін бейнелейтін әдебиет еді. Қазақ халқының бостандық күресінің ешбір жүйесі әдебиеттен орын алмай қойған жоқ. Қазақтың халықшыл ақындары ел бостандығын, халық күресін белсене жырлауымен қатар, көркем әдебиетті халық күресіне құрал қыла білді. Халық күресінде көркем әдебиет елді ерлікке шақыруда, рухани құрал болуда, ешбір материалдық құралдан артық болмаса, кем болған жоқ. Оған Махамбет жырлары куә. Бұл әдебиеттің басы ХҮІІІ ғасырда жасаған Бұхар жыраудан өрбиді де, ХІХ ғасырдың ақындарын түгел қамтып, ХХ ғасыр басындағы ояну дәуірінің әдеби өзек өріміне айналды. Кейін осы әдеби рух Кеңес дәуірі әдебиетінде де кейде ашық, кейде астарлы түрде өз жалғастығын тапты.

Осы себепті де әдебиеттегі тарих тағылымының жалғастығын басқа-басқа, қызыл коммунист Сәбит Мұқановтың өзі былай деп жазған: «Халық бостандығының күрес өрті ешбір күшпен сөндіруге болмайтындығына қазақ халқының күрес тарихы куә. Патшашыл Россиямен өлшегенде жерінің кеңдігі ғана болмаса, халқының саны жағынан қазақ халқы көл қасындағы шұқанақтай-ақ еді. Құрал күшін салыстырғанда: патша әскерінде Европа техникасынан туған күшті қару болды. Ал, бостандығы үшін күреске шыққан қазақ халқының бар құралы: садақ, найза, шоқпар. Осындай, халық санының аздығына, қаруының әлсіздігіне қарамай, қазақ халқы патша үкіметімен 200 жыл алысуға шыдады. Ешбір қанды қырғын бостандықшыл халықтың жолына бөгет бола алмады» [54, 5 б.].

Осындай ерлік рухты әдебиеттен сусындаған алаш арыстарының көптеген туындылары осы Семейлік әдеби орта шығарған басылымдарда жарық көрді. Мысалы: Жүсіпбек Аймауытов: «Мезгіл жетті қара бұқара!», Сәбит Дөнентаев «Жәмилә қыз», «Қаулы», «Сарыарқа анамызға», «Той», Ілияс Жансүгіров «Тілек», Сұлтанмахмұт Торайғыров «Алаш ұраны», «Сарыарқаның жаңбыры», «Шәкірт ойы», т.б. Бұл аталғандар тек «Сарыарқа» газетінде 1917-18 жылдары жарияланғандар ғана. Ал «Абай», кейін «Тан» журналдарында, «Қазақ тілі» газеттерінде, сондай-ақ «Жәрдем» баспасынан жеке кітап болып шыққандары қаншама. Сондықтан оларды жалаң атамай, әдеби үдеріс аясында алып, алаш арыстарының сөз өнеріндегі атасы Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығынан бастап саралаған орынды болар деп есептейміз.

Алғашқы жарық көрген кітабы «Қырық мысалдан»-ақ шығарма сюжеті мен идеясын қазақ жайына лайықтап, қоғамдық әділетсіздік пен отарлық езгі тудырған кеселдерге ащы мысқылмен сын айтудан бастаған Ахмет Байтұрсынұлы «Маса» жинағында сол ойды өзгеше байыпты көркем бейнелерде басқа қырынан сипаттайды. Сөйтіп, ұлт тағдырын, оның бостандығы идеясын, қанау астындағы күйін шебер суреттеп, адам бойындағы азаматтық сезімді, намысты оятуға қызмет етті.

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара сазға қонып салқындаған

Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды денемізде шарпылмаған [55, 41 б.], –

деген өлең жолдарына көңіл аударған адам сахараның салқын көліне қонып жүрген қазды отаршылдықтың өрті шарпығанын анық-ақ аңғарады.

Қандай ұлы адамды алсаңыз да, оның ұлылығы ең алдымен туған халқына деген көзқарасынан танылады. Ол халық ортасынан шығып, оны ілгері бастайды, жетелейді, жетегіне ерте алмай күйінеді, оған ашу-ызасын айтады, айналып кете алмай орала береді. Абайдың қазақты көп сынауы сондықтан. Сынай отырып ол:

Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын.
Халқым надан болған соң,
Қайдан барып оңайын [2, 73 б.], –

деп күйінеді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров та халқын көп сынаған ақын. Ызаланып ол да халық атына талай қатты сөздер айтқан. Сөйте тұра:

Қайтейін, елім, қимаймын,
Қия алмай жанды қинаймын.
Алты қырдан ассам да,
Сөздерінді сыйлаймын [56, 49 б.], –

дейді.

Ахмет Байтұрсынұлы да ызаланып, күйіне отырып, оның болашағына, азаттығына, елдігі жолына бар ғұмырын арнайды. Оның «Жиған-терген» өлеңі Абайдың «Сегіз аяғынан» ұқсауы содан. Абай үлгісімен жазылған өлең түр жағынан ғана емес, мазмұн жағынан да егіз қозыдай. Ол да Абайша қайғырып, Абайша толғанады. «Жартасқа барып, күнде айғай салып», тек жаңғырығын естіп қайтқан Абай орнында «Қарқылдар қарға, шикылдар арба, бой сүйсінер сазы жоқ» деп А. Байтұрсынұлы отырғанын көреміз. «Ұқтыра алмай сөз әуре, тек тұра алмай біз әруе» дейді ол.

Күллі саяси-қоғамдық, ағартушылық және әдеби-публицистикалық қызметінде А. Байтұрсынұлының қасында болған идеялас жолдасы, сенімді досы және інісі Міржақып Дулатұлы еді. Бұл екеуінің өмірінде де ұқсас жайлар көп. Екеуі де орыс мектебінде білім алып, ауылдық мектептерде мұғалім болды. Елді оқу-білімге үгіттеп, патша әкімшілігінің зорлық-зомбылығына қарсы идеялар тартты. Екеуінің саяси-революциялық қызметі де қатар басталды. 1905 жылғы орыс революциясы күндері Қарақаралыда болған халықтық демонстрацияға, петиция жазуға, Орынбордағы партияның съезіне қатысты. Міржақып сол съездің жұмысымен 1906 жылы Петербургке барып, «Серке» атты қазақша газет шығаруға араласты. Газеттің бірінші санына «Жастарға» деген өлең, екінші санына жоғарыда айтылған «Біздің мақсаттарымыз» атты мақаласын бастырды. М. Дулатұлының ақындық, публицистік қызметі де осы тұстан бастау алды. 1909 жылы ол атақты «Оян, қазақ!» атты өлеңдер кітабын шығарды.

Міржақып Дулатұлы кітаптары, Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері тәрізді ХХ ғасыр басындағы демократтық, ағартушылық, күрескерлік әдебиетке

азаттық, теңдік идеяларын ала келді. Ақын халықтың ақыл мен сезіміне әсер ете отырып, оларды ел тағдыры, қоғам алдындағы міндет жайлы ойлануға бастады. Өз тұсындағы қазақ ортасының келеңсіз жағдайларына көз жіберіп, басқа халықтар үлгісімен жаңа тұрмыс құруға шақырды.

Айнымай тұтқан жолың болсын мынау –
Азаттық, ағайындық, теңдік сұрау.
Тайсалмай дұрыстыққа жанды қисақ
Борышы адамдықтың сонда тұр-ау! [57, 19 б.], –

деген өлең жолдарында оның бүкіл өмірінің мән-мағынасы жатыр. «Оян, қазақ!» шыққан күннен бастап, орысқа, Ресейге қарсы кітап есебінде бағаланды. Ал, шындығында ол орысқа, Ресейге емес, патшаның отарлау саясаты мен әкімшілік жүйесіндегі әділетсіздікке қарсы еңбек болды.

А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлы шығарған «Қазақ» газеті олардың көркем туындыларында көтерген идеяны ашық публицистика тілімен халыққа тікелей жеткізуге қолайлы жағдай туғызды. Олар сол бір аласапыран тұста әрбір мәселеге қазақ халқының тағдырына қатысты оқиғаларға өз көзқарастарын білдіріп отырды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне, Алаш партиясы мен Алашорда өкіметінің мақсат-міндеттері жайлы мәселелерге қатысты ой-пікірлерінде олардың зор азаматтық, қайраткерлік тұлғалары танылды. Мұндай мақалаларды бірге жазысқан Әлихан Бөкейханұлы да қайраткерлігімен қоса, әдебиет мәселесін жетік білетін қаламгер еді. Оның әдеби-сын мақалалары, зерттеулері әдебиеттік фактілер негізінде қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғау идеясына құрылды.

Қазақ әдебиетінің революциялық-демократиялық сатыға көтерілуі Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының еңбектерімен тікелей байланысты. Олар отаршылдық пен езгіге қарсы шыға отырып, қазақ әдебиетінде тұңғыш рет отаншылдық, елжандылық ой-пікірлерді таратушы болды. Халықтың күресіне, Қазақстанның болашағына сенді. Бұл азат идея арқылы халықтың оянуына, ұлттық мәдениеттің даму жолдарына дұрыс бағыт сілтеді. Олардың туындылары жаңа, азат өмір үшін күрескерлердің жаңа ұрпағын тәрбиеледі.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының Абай тағылымынан алған азаттық идеялары елді оятты. Алдымен ойы бар, ақылы бар жастар оянды. Олар ұстаздарының ісін жалғастырып алып кетті. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, Сәбит Дөнентаев, Мұхаметжан Сералин, Спандияр Көбеев, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов сынды бірін-бірі толықтыра шыққан жастар тобы әдебиеттің жанрлық, тақырыптық ізденістерін байытып, қазақ халқы өмірінің шындығын кең көлемде бейнелеуге қол жеткізді. Елдің артта қалушылығын сынап, шеней отыра, отарлық езгіге қарсы үн көтерді, тәуелсіздік туын әдебиет айдынына ағалар соңынан жалғастыра алып шықты. Халықтың дербестігін сақтау, ұлттық намыс, ұлт абыройы, ел мүддесі олардың өмір бойғы адамдық ұстанымдары

болғанын олардың тағдырлары да, шығармашылық мұралары да анық танытады.

Сонымен қарастырылған мәселелерге орай мынадай қорытынды тұжырымдар жасаймыз:

Бірінші, Семейлік әдеби орта өкілдері Абай тағылымындағы алаш арыстары мен Абайдың әдеби ортасынан тәрбие алған – Абай ізбасарлары.

Екінші, Семейлік әдеби ортаны біріктіруде отарлық езгідегі халық өмірі мен азаттық рухындағы ұлт әдебиетінің әсер-ықпалы зор болды.

Үшінші, патша өкіметінің отарлық саясаты тудырған барша саяси құжаттар мен материалдар, елдің өткені мен нақты күйі Семейлік әдеби орта өкілдерінің саяси еңбектері мен азаттық идеяларына тарихи негіз берді.

Төртінші, Семейлік әдеби орта өкілдері шығармаларындағы азаттық идеяларының негізі – Абай тағылымы, төл әдебиет мұралары және әлем әдебиеті қайнарларындағы ағартушылық, бостандық, гуманистік, халықшылдық сынды ой танымдар болды.

Әдеби ортаны қалыптастырудағы Абай тағылымы мен Абайдың әдеби ортасының ықпалы

Қазақ әдебиетінің кемеңгер тұлғасы Абай – сөз өнерінің тағылымдық, тәрбиелік мәнін көркемдік биік деңгейге көтере отырып, әдебиетті адам тәрбиелеудің, заманды түзеудің қуатты құралына айналдырған дана. Абайдан бұрынғы әдебиетте де дидактикалық, тәрбиелік сипат болды. Алайда, Абай поэзиясының олардан өзгешелігі, оның көркем шығармаларының ішкі идеялық-мазмұндық, сыртқы формалық түрлері бір-бірімен өзара жымдаса келіп, заманға сай тың лепті поэзия тудыруымен ерекшеленді. Бұл жайлы М. Әуезов: «Қазақ әдебиетін Абайдан бастау дұрыс емес, Абай қазақ әдебиетінің басы дегенде, біз Абай поэзиясының көркемдігіне қатысты айтамыз» дей келіп, – «дүниені өзінің жаңаша тануына орай жаңаша сезім, жаңа ой айтқанда Абайдың тіл сөздігі (лұғаты да), өлең көріктеу өрнегі де басқаша, өзінше шығады. Қазақтың елдігімен, тарихымен, бұрынғы қазынасымен жалғаса отырып, соны өсіріп, өрістетіп айтқан жаңалығы әлденешеу. Бірақ бар тарауындағы бір ерекшелік: соның бәрін жаңа дәуірге бастайын деген ағартушы ақын өзінен бұрынғы ақынның бәрінен басқаша айтуында» [1, 181 б.], – деп Абай поэзиясының басты қасиеттерін нақты көрсеткен. Осы себепті де, Абайдың әдебиетте ұстанған жолы, ақындық дәстүрі – қазақ әдебиетінің тарихында орын алатын әдеби мектеп болды.

«Ұлы ақынның данышпандығына, оның әдебиетке әкелген жаңалығына, жаңа бағыт, биік мақсат идеясына берілген таланттар данышпан ақынның шәкірттері болмақ. Ондай талантты ақын шәкірттер ақын ұстазының шығармаларын, әдебиетке әкелген жаңалығын, идеясын халыққа таратушылар болмақ» [58, 79 б.], – деп абайтанушы ғалым Қ. Мұхамедханов жазғандай, Абай идеясын халыққа таратуда, оны іс жүзіне асыруда Семейлік әдеби ортаның атқарған еңбектері зор.

Осылардың ішінде ең бірінші ауызға алынары – Әлихан Бөкейханұлы. Өйткені Абайды тұңғыш рет баспасөз арқылы халыққа танытқан – осы қайраткер. Бұл тарихи деректің мәнісі былай болған. 1896 жылы патша өкіметінің шешімімен Торғай облысындағы жер жағдайын зерттеп, қазақ даласына орыс қарашекпенділерін қаптату үшін, қазақтан «артық жер» табу мақсатында проф. Ф.А. Щербина бастатқан экспедиция ұйымдастырылған. Санкт-Петербург орман шаруашылығы техникалық институтының экономика факультетін бітірген Ә. Бөкейханұлының экспедицияға қатысуға білдірген өтінішіне орай, оны осы экспедиция құрамына алған. Сөйтіп, ол 1896-1903 жылдар аралағында қазақ даласын аралап, патша өкіметінің ел жерін талан-таражға салудағы заңсыз әрекеттерін, ниеттерін әбден жетік біліп, қаныққан. Осы экспедициядағы отаршыл өкімет істері оның азаттық ойларының тууына түрткі болып, ел тарихы мен мәдениетіне деген махаббаты, сүйіспеншілік сезімі оянған. Соның әсерімен жазылған «Исторические судьбы Киргизского края и культурное его успехи» және «Распределение населения Киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура» атты көлемді еңбектері осы аталған экспедиция жұмысының нәтижелері жинақталып басылған «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества» атты еңбектің ҮІІІ томының 4-5 тараулары болып жарияланған. Осы жазбаларында Ә. Бөкейханұлы қазақ халқының ақыл-ой, санасы мен мәдени деңгейі жайлы: «Қазақтың ақылы жайында айтқанда, олардың өздерін қоршаған ортаны (табиғат, адам, оқиға) есте сақтау қабілетін бірінші орынға қоямыз; бұл тұрғыдан алғанда қазақтар орыс шаруаларынан әлдеқайда биік тұр. Оқу (әсіресе математика) оңайға түседі және оқуға өте қабілетті. Қазақтардың мәдениетінің жоғарылығын олардың тілдерінен, халық әдебиетінің байлығынан және өнерлерінің даму дәрежесінен көруге болады» [59, 192 б.], – дей келіп: «Қырғыз (қазақ) поэзиясындағы жаңа толқын өкілі деп Құнанбаевты атаймыз. Оның өлеңдері формасы жағынан – шағын, мағынасы жағынан – көркем туындылар. «Евгений Онегин» шығармасының аудармаларын, Лермонтов өлеңдерінің аудармаларын қазаққа түсінікті етіп аударып берген. Сондай-ақ, Семей өлеңшілерінен өз мақамына салып орындаған «Татьяна хатын» тындауға болады [59,192 б.], – деген.

Кейін Абай қайтыс болған соң ақынның өмірбаянын жазып, «Семипалатинский листок» газетінде жарияланған мақаласында, одан соңғы Абайдың өмірбаянын суретімен бірге басқан «Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела императорского Русского географического общества» кітабындағы мақаласында да жоғарыдағы айтқан пікірлерін кең түрде баяндаған.

Аталған материалдарға зер салып оқып қарағанда Ә. Бөкейханұлының Абайға қатысты екі жайды алға тартқанын байқаймыз. Оның бірі – қазақ халқының білмекке құмар және ақынжанды жан сезімін айта келіп, Абай поэзиясының жаңа сипаттарын «формасы жағынан – шағын, мағынасы жағынан – көркем» деп дәл тауып көрсетуі, екіншісі – Абайдың нәр алған рухани бұлақ бастауларының ішіндегі орыс әдебиетінің ағартушылық,

демократтық бағыттағы Пушкин, Лермонтов поэзиясын қазақ тіліне аударуын баса көрсетеді. Осы жайлардың астарында ол Абай идеясының ел ішінде кең таралып және Абайдың орыс әдебиетінен қазақ халқына керегін өз ақыл көрігінен қорытып, екшеп, іріктеп алғанын айтқан. Бұл жерде Әлихан Бөкейханұлының өзі де, оның Алаш қозғалысындағы ізбасарлары да Абайдың осындай тағылымы негізінде, орыс интеллигенциясының төңкерістік ой ауандарын емес, ел дамуындағы эволюциялық, прогрессивтік жолын өркендетер ағартушылық, заманға сай жаңашылдық, сондай-ақ отарлық езгіге қарсы сыншыл реалистік бағыттарын үлгі тұтқанын көреміз.

Дәлірек айтсақ, Абайдың орыс мәдениетінен алған идеясы заманды қантөгіспен, төңкеріспен өзгертуге емес, эволюциялық, прогрессивтік жолмен, адам санасын тәрбиелеп, ескілікті, озбырлықты жаңалықпен, әділетпен жеңуге бағытталған тағылымы арқылы түзеуге, яки сыншылдық, реалистік бағытқа негізделген. Абай шәкірттері осы жолмен жүрген. Мәселен Абай өлеңдерінің халықтың ақылына қозғау салып, әр нәрсенің себебін іздеуге жетелейтін танымдық қасиетін А. Байтұрсынұлы былайша айтқан: «Не нәрсенің жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды» [55, 217 б.].

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы Абай сөзінің барша халыққа үлгі, тағылым боларлық себебін де көрсеткен. Ол: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орамды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған» дейді [55, 217 б.]. Сондықтан да алаш арыстарының ішінде Абайды тағылым тұтып, Абайға сөз арнамағандары кем де кем. Оған М. Дулатовтың «Абай» мақаласы [60], М. Жұмабаевтың «Алтын хакім Абайға» өлеңі [61], Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» мақаласы [62, 192 б.], т.б. еңбектері куә.

Ал, Абайды Мұхтар Әуезовтің: «Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да – Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда, маған «Абай» деген сөз – «Қазақ» деген сөзбен теңбе-тең түседі» деп құрметке көтеруі Абайдың сөз өнерінің рухани-тағылымдық күдіретінен. Неліктен, Абай қасында жүрген, Абай маңындағы талантты жастарды айтпағанда, ХХ ғасыр басындағы алаш арыстарына Абай сөзі қазақтың сөзіндей бойтұмар, идеялық болатөзек болды? Мұны терең ұғыну үшін Абайдың өзгеден алып, өзінің ақыл сарабынан өткізіп, қорытып, өзінің төл мұрасы етіп, болашақ ізбасарларына, күллі қазақ баласына қалдырған мұраларына көз салу қажет. Өйткені ұлылардың ұлылығы оның қандай мұралардан нәр алғандарына және сол нәрді халқына қандай тағылымды сипатқа бөлеп ұсына білгендеріне байланысты. Сондықтан осы жайға қысқаша шолу жасау қажет. Бұл орайда біз Абай мұрасының алуан түрлі, сан-салалы екенін ескере отырып, Абай тағылымының азаттық сипаттарына ғана тоқталмақпыз.

Қай жерде халықтың өмірі қыл бұрауға түсіп, тірлік азапқа айналса, сол жерде таза мінсіз асыл өнері шер толқытқаннан буырқанып бетке шығады. Міне, осындай Абайды «қайғы мен ыза қысып, тілінен зар шығартқан» отарлық езгі заманы Абай дәуірінде әбден шегіне жеткен еді. Абай осы замандағы адамның тән қоштауы мен жан қоштауын өзінің отаршылдық мүддесіне қатар бейімдеген империялық билік жүйесінің нақты куәгері болды. Адамның тән рахаты – ыңғайлы тұрмыс, молшылық болса, оған жету жолы – бір арнаға, яғни отаршылдардың итаршысы болып, солардың сойылын соғуға бағытталды. Орыс билігін қолдау – кісілік пен байлық көзі деп есептелінді. Мұның аяғы ертеңгі ұлт азаттығына деген сенімнің кұрдымға кетіп, ұлттық мүдде жойылып, бір күн де болса ел үстінен күн көріп қалуды мақсат еткен ел психологиясы мен соны үрлеп, өршітіп отырған озбырлықтың салтанат құруына әкеп соқтырды.

Міне, осы жайды Абай:

Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек,
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Жеңді ғой деп, шайтанға берер көмек [2, 47 б.], –

деп ашып суреттеген.

Ал адам баласының жан құштарлығына керегі – білмекке құмарлық болса, соның ошағы оқу-білім ордалары, баспасөз орындары, кітап шығару, мәдени істер, барлығы да империяның шашпауын көтеріп, халық арасында нигилистік пікір таратуға қызмет етті. Сондықтан ақын:

Орыс тілі, жазуы –
Білсем деген таласы.
Прошение жазуға,
Тырысар, келсе шамасы.

Ынсапсызға не керек
Істің ақ пен қарасы?
Нан таппаймыз демейді,
Бүлінсе елдің арасы.

Аз білгенін көпсінсе,
Көп қазаққа епсінсе,
Кімге тиер панасы?

Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой,
Көңілінде жоқ санасы [2, 58-59 б.б.], –

деп шерлене жырлаған.

Абай дәуіріндегі отарлық езгінің жаңа кезеңін ақын шығармашылығының аясында ала отырып, Алексей Белослюдов: «Абайдың өлеңдері халыққа деген шексіз сүйіспеншілікке бөленіп, сол кездегі

самодержавиялық чиновниктердің тағылық дүниесінің азабын тартып отырған қазақ елінің мұңы Абайдың «көрінбеген көз жасы» арқылы бейнеленді» [63, 101 б.], – деп тұжырымдаған.

Осы себепті де «шайтан өрмек құрып, елді бұзған» сасық қулық пен ұсақ пысықайлық жайлаған заманда, «наданның көзін қойып, көңілін ашуды» ниет еткен періште сөз басы Абай болды дейміз.

Құдайберген Жұбановтың «Абайдың еленбей келе жатқан ерекшелігінің бірі – оның ояну дәуірі тудырған ұлылар сияқты алды қараңғы, заманы жаңалыққа түрткі салмаған кездің өзінде, ескілікті бұзып-жарып жаңа жол салуы болды» [64, 83 б.], – деуінде Абай шығармашылығының осынау ренессанстық мәнін тап басып танғаны айқын. Ал мұндай кемелді кезеңге Абай бірден келген жоқ. Осы бір асқаралы асуға шығар жолда ол Шығыс пен Батысты, түріктік, ұлттық мұраларды М. Әуезов жазғандай: «Қайдан алсын, нені алсын – баршасын да өзінің үлкен ойлы, терең толғаулы ірі ақындық ерекшелігі арқылы үнемі өз елегінен өткізіп, өз өнерімен мықтап қорытып, өзінің қайнар жүрегінен шыққан бұйым табысы етіп ала білді» [17, 279 б.]. Сол алғандарын патшалық, отаршылдық, әкімшілдік қатігез күйлердің түп тамырын тауып, одан шығар жолды көрсетіп, халықтың ішкі және сыртқы әлемін сақтап қалуда рухани майданның қуатты құралы етті.

Абайдың осы рухани үш бұлақ көзінің алғашқысы – ұлтық мәдениет ошағы десек, оның өзін жалпы атамай, Абайдың өз заманындағы озбырлыққа қарсы оларды қалайша түрлентіп, толықтырып, жаңғыртып қолданғанын саралау қажет. Өйткені, қазақтың рухани бастау бұлағы – ұлтымыздың түріктік мол қазынасы мен фольклордан нәр алған Абай поэзиясы М. Әуезовтің: «Қазақ халқының есте жоқ ескі заманынан жиып, сақтап, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры, ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті» [17, 280 б.], – деп нақтылап ескерткеніндей, ұлт әдебиетінің бастау көздерінен, одан соң әдебиеттің өзіне дейінгі жақсы үлгі-өрнектерінен туындайды. Ақынның осы халық мұраларынан алып, өз еңбектерінде жаңғыртып, заманына орайластыра қолданған үлгілеріне келсек, бұл орайда хакім қазақтың төл әдебиетін отарлық езгіге қарсы күрес құралы ретінде үш түрлі мақсатта пайдаланған. Олар:

а) этнопедагогиканы өрістетуге, яғни ғасырлар бойына қалыптасқан ұлттық тәрбиені отарлық заман тудырған құлдық психологияға қарсы қою;

ә) этноцентризмді жою, яғни халық бойындағы келеңсіз мінез кеселдерін ашып айтып, солардан арылу жолын көрсету;

б) жадидизмді дамыту, яғни басқа халықтардың ұстанған дініне қарамастан, оларда бар білім мен өркениет жемісінің қазаққа үйлесімді жақтарын үйренуге шақыру.

Міне, осындай бодандық бұғауындағы халқын азат ету жолындағы дана Абайдың өзі нәр алған келесі бір бұлақ көзі, ол – Шығыс мұралары. Бұл орайда Абай Шығыстық мұралардан отарлық езгіге қарсы күрестің рухани тірегі ретінде ислам дінінің гуманистік сипатын, исламдық фәлсафаның прогрессивтік мәнін және Шығыс әдебиеті туындыларының сюжетін алған.

Бұл ұзақ та терең мәселені профессор М. Мырзахметұлы «Абай және Шығыс» [98] монографиясында жан-жақты саралап жазған.

Қазақтың ұлтшыл ақыны, алаш арысы Мағжан Жұмабаев қазақ қаламгерлеріне арналған «Алқа» әдеби ұйымының бағдарламасындағы «Табалдырық» атты кіріспе бөлімінде: «Абай ақын трагедиясының бастысы – қазақ жерін талапайға салған отаршылдықта» деп жазғанындай, хакім Абай сол заманның басты қасіреті – отаршылдыққа қарсы күресті. Ол үшін жалпақ жұртқа ашық байқалмайтын белгісіздік – отарлық езгі саясатының мол астарлы қабаттары болғандықтан, олардың жасырын сырларын ашу керек еді. Бұл үшін орыс тілін, мінезін, санасын, көзқарасын білу қажет болды. Яғни, неден зардап шексең, сол іспен айналысу керек еді. Абайдың орыс әдебиетін, мәдениетін, сол арқылы Батыс әдебиетіне баруын осы тұрғыдан қарастыру абзал. Оның мынандай себептері бар:

Біріншіден, жоғарыда айтылғандай мемлекеттік деңгейде жоспарлы түрде жүргізілген отарлау саясаты қазақ жұртын құрдымға тіреді. Мұны «Өліп, таусылу қаупі» атты мақаласында М. Әуезов «Әр түрлі тұрмысты былықтырған, өзінің ескі жолына басқа жұрттың үйлеспейтін жолын араластырған, бірбеткей қалыпты тәртіптен айырылған, істеп жүрген кәсіптің бір де бірін ұқсата алмай жылдан жылға кедейшілікке аяқ басып, біздің жұрт азып келеді» [65], – деп жазған. Өз заманында өріс алған осы қауіп, Абайды орыс жұртының руханиятымен танысуға итермеледі. Сондықтан Абай: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі сонымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды» [9, 83 б.], – деп ашық жазған.

Екіншіден, тағы да жоғарыда біз келтірген М. Әуезовтің мақаласындағы: «Жеңілген елге істелер зорлықтың бұрыннан келе жатқан даңғыл жолы бар. Ол жеңілген елді өз бетіндегі жұрттық қалыптан айырып, өн бойына сіңіріп, бөтен ниет ойлатпай, бөтен тілек тілетпеу. Алдымен торыған елдің дінін қақпайға алады, бұдан соң ғұрып-әдетін араластырады, артынан аламыштап жүріп, тілін жоғалтып, елдің белгісін күңгірттендіріп, ақырында бір ұлтты жұтып кете барады» [66], – дегеніндей, орыс мәдениетінен тек халыққа пайдалы, үйлесімді жақтарын ғана жәдидтік тұрғыда елге насихаттау қажеттігі Абайдың Батыс руханиятына тереңдей енуіне түрткі болды.

Үшіншіден, Мәннән Тұрғанбаев: «Қазақ секілді жұртты салғаннан көпшіл қылам демей, әуелі ұлтшыл қылу керек» [66], – деп жазғанындай, елгезек, қабілетті, білмекке құмар, бөгде ықпалға бейім жұрттың ұлттық қасиетінен айырылып қалуынан қауіптенген Абай, өз халқының асыл қасиеттері мен ұлттық дәстүрін сақтау үшін күресті.

Сондықтан орыс тілі мен орыс әдебиетін ұлт руханияты бесігіне бөлей отырып ұсынды. Міне, осы жайлардың бәрі жиылып келіп, Абайдың Батыс мәдениетін ұлттық мүдде тұрғысында жәдидтік мақсатта игергендігін танытады.

Осынау Абайдың өз заманындағы отарлық езгіге қарсы күресінің негізгі мәні – халықты бірлікке шақыру, адам баласының жеткен жетістіктерін ұлттық рухқа үйлестіре қабылдау және ақыл, жүрек, қайрат қуатымен азаттыққа жету идеясы алаш арыстарымен бірге, Абай шәкірттері арқылы да

Семейлік әдеби ортаның азаттық идеясының қалыптасуына өз ықпалын тигізді. Жоғарыда айтылғандай, Абай тағылымындағы алаш арыстары мен Абайдың әдеби ортасында тәрбиеленген Абай шәкірттерінің бәрі де Абай идеясын өздерінің ғасыр басындағы ел азаттығы жолындағы қайраткерлік, күрескерлік істерінде іргетас, өзек етті. Біз солардың М. Әуезов: «Мұндай ақын – төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия – Абайдың өз балалары. Екеуі де 1904 жылы – Абай өлген жылы өлген. Қалған екеуі Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын – Абайдың нағыз толық мағынасындағы шәкірттері» [17, 253 б.], – деп атап көрсеткендердің ішінен Шәкәрім мен Көкбайдың және «Абай алдынан жаңа мазмұн тауып, заман тілегіне сай идеяда өріс алып байыған» өзге шәкірттерінің алаш арыстарымен азаттық жолында тізе қоса еңбек ете жүріп, Семейлік әдеби ортаны тудырып, қалыптастырудағы қызметтеріне шолу жасаймыз.

Халық тарихының күрделі кезеңінде ғұмыр кешкен, өз дәуірінің шындығын талғам таразысына салып, қоғамдық, әлеуметтік, рухани, мәдени және әдеби өміріне айтарлықтай мол мұра қалдырған Абайдың әдеби ортасынан шыққан ақын шәкірттері тек әдебиет саласында ғана емес, сонымен қатар, қоғамдық істермен де біте қайнасып, араласып жатты. Олай болса, ақын қоғам өмірінің қай замандардағы болмасын белсенді қайраткері, ел игілігі үшін қызмет етушілер болмақ.

Абайдың ақын шәкірттері алаш арыстарының ұлттық автономиялы мемлекет құру жолындағы істеріне ат салысып, осы бағытта қоғамдық және әдеби қызметтерді қатар атқарды. Сөйтіп, Абайдың ізбасарлары ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқын өзге жұрттар қатарындағы іргелі дербес ел қылу жолында алаш арыстарымен бірлесе жүріп, бар білімдерін, күш-жігерлерін сарқа жұмсады. Олардың ұлы мақсат, асыл арман жолындағы тізе қоса атқарған еңбектерін шартты түрде үш салаға топтастырып атауға болар деп ойлаймыз. Олар:

а) жергілікті жерлердегі қоғамдық-саяси және әдеби шығармашылық қызметтері;

ә) жаңа дәуір жайын халыққа ұғындырудағы баспасөз орындарын ашып, оны ел санасын оятудағы пәрменді күрес құралы етулері;

б) ел басқару, өзгелермен бейбіт қатар өмір сүру, жастарды, барша қазақ жұртын Алашорда өкіметі, Алаш автономиясы маңайына топтастыра отырып, ұлттық мемлекеттің іргетасын нығайтудағы саяси, қоғамдық қызметтері.

Бұл мәселені айқын тану үшін 1917-1920 жылдар аралағындағы елдегі тарихи хал мен Семейдегі қалыптасқан саяси жағдайды қысқаша шолып шығу қажет.

Әлеуметтік құрылымдар күйреген, саяси күштердің аласапыран тартыстары өткен, миллиондаған адамдардың тағдыры тәлкекке айналған кезеңнің басы – 1917 жылдың ақпан айындағы Николай патшаның тақтан өз еркімен кетуі, яғни «құлауы» еді. Баршаға аян, Ақпан төңкерісі, дәлірегінде патша өкіметінің капиталистік өкіметі Уақытша Өкіметке ауысуы қантөгіссіз өтті. Сондықтан да 1917 жылы самодержавиялық билік либералдық

демократиялық билікке ауысқаннан соңғы сегіз айда елде шұғыл бетбұрыс, қантөгіс саяси күрес болмай, тіршілік бәз-баяғы қалпында өтіп жатты. Шет аймақ қазақ даласында өмір тыныш күйде болғанмен, Ресейдің саяси сахнасында билікке талас толассыз өрістеумен болды. Мұны қазақ оқығандары қалт жібермей бақылап отырды. Алайда қазақ оқығандарына Ресейдегі билікке талас емес, ең бастысы ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы болып, осы жолда биліктегі қай саяси партия осы мәселеге оң көзімен қарайды, соны адаспай табу қажет болды. Әрине, ел еркіндігі аспаннан түспейді. Сондықтан Ресейдегі демократиялық саяси күштерді қолдай отырып, саяси мүмкіндікті ұлттық мүддеге пайдалану өте-мөте көкейкесті қажет іс екенін ұққан алаш арыстары ауқымды істерді қолға алды. Сөйтіп Семей, Торғай, Орал қалаларында Уақытша үкіметті қолдайтын Ұлт комитеттері құрылды. Осы құрылған комитеттердің Семей облыстық ұлт комитетінің съезінің ашылу салтанатында Шәкәрім алаш ақсақалы ретінде сөз сөйлеп, комитет президумының мүшесі болып сайланды. Осы комитеттердің сайлауымен қазақ даласының жер-жерінде депутаттар сайланып Бірінші қазақ құрылтайына, яғни Жалпықазақ Бірінші съезіне жіберілді. Ол 1917 жылы 21-28 шілдеде Орынборда өтті. Съезде «Алаш» партиясы дүниеге келіп, оның бағдарламасының жобасы «Қазақта» жарияланды.

Осы Жалпықазақтың Бірінші съезінің шешімімен жаңадан құрылған «Алаш» партиясының әр облыста ұйымдары ашыла бастады. Мысалы 1917 жылы қазанда Халел Ғаббасұлы бастаған Семей облыстық ұйымы, одан соң Омбы, қараша айының басында Орынбор облыстық ұйымы құрылды. Басқа облыстардағы «Алаш» партиясының облыстық ұйымдарының құрылуына 1917 жылғы Қазан төңкерісі бөгет болды. Сөйтіп осы құрылған «Алаш» партиясының облыстық ұйымдары өткізген жиналыстарында сайланған депутаттар 1917 жылы 5-13 желтоқсан айында өткен Жалпықазақтың Екінші съезіне жіберілді. Съезде қаралған басты мәселе – Алаш автономиясын жариялап, оны қорғау үшін милиция, сот, т.б. органдар құру болды. Съезд Алаш автономиясын халыққа жариялауды, жоғарыда айтылғандай, қазақ жерінің өзге облыстарындағы Ұлт комитеттері құрылып, олардан қолдау пікір түскенше кейінге қалдырды. Алайда съезд қаулысымен бұрынғы Уақытша үкіметке бағынышты қазақ жері мен елі Алаш автономиясы деп аталып, оның үкіметі Уақытша Ұлттық Кеңес құрылып, ол «Алашорда» деп аталып, астанасы Семей болып белгіленді. 1917 жылдың аяғында большевиктер Орынборды алған соң, Алашорда өкіметінің бір бөлігі – Жымпитыға (Торғай облысы), бір бөлігі – Семейге ауысты. Семейге келген Алашорда өкіметі 1918 жылдан 1919 жылдың жазына дейін бір жарым жыл Алаш қаласында Алаш автономиясының саяси-қоғамдық қызметін, яғни қазақтың ұлттық мемлекетін басқарды.

Жалпы 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен 1919 жылы 1 желтоқсанында Кеңес өкіметі түбегейлі орнап, кейін қандықол нарком болған Н. Ежов Семейге губревком бастығы болып келген 1923 жылға дейінгі аралықтағы Абайдың ақын шәкірттерінің қоғам істеріне белсене араласып, әлеуметтік-

саяси көсемсөздер жазып, алаш арыстарымен тізе қоса отырып Семейлік әдеби ортаның азаттық, тәуелсіз дербес мемлекет құруындағы саяси қызметіне белсене араласты.

Сол заманның саяси-қоғамдық негізгі органдары «Алаш» партиясының Президиумы, «Алаш» партиясының облыстық, уездік Комитеттері, Алашорда үкіметінің Уақытша Ұлттық Кеңесі, Ұлттық Комитеттердің облыстық, уездік бөлімдері, халық ішінен сайланған елдің өзін өзі басқаруын қамтамасыз ететін облыстық, уездік Земстволар, «Алашорда» өкіметінің органы «Сарыарқа» газеті, т.б. болды. Осылардың негізгі басқарушы орталықтары, ең бастысы, Алаш автономиясының Уақытша Ұлттық кеңесі өз жұмысын Семей қаласының Ертістің сол жағалауындағы бөлігінде 1917 жылы 7 наурызда Семейлік әдеби ортаның зиялылары өткізген облыстық қазақ комитетінің жиналысында арнайы заңды шешіммен жарияланған Алаш қаласында жүргізді. Енді осы мемлекеттік қоғамдық-саяси орталық, сол кездегі қазақ елінің астанасы Алаш қаласындағы Абайдың әдеби ортасынан тәрбиеленіп шыққан Абай шәкірттерінің жоғарыда айтылған Шәкәрім, Көкбай, Тұрағұл сынды кей өкілдерінің Семейлік қоғамдық-саяси, әдеби ортадағы қызметтеріне шолу жасайық.

Шәкәрім – Алаш қозғалысына қатысушылардың жасы жағынан ең үлкені әрі халық алдындағы беделі жағынан да аса абыройлысы. Сондықтан оның алаш үкіметі құрамына шақырылуы заңды еді. «Мұңды шал» атты өлеңінде оты бүрқырап өте шыққан сол кезді ардагер ақын былайша сағына есіне алады:

Бір кезде ұмтылып ең талпына да,
Патша өліп бақ ашылған балқымада.
Білем деген жастармен жолдас болдық,
Төңкеріс ұлы дүбір, шалқымада.
Енді қазақ ел болар деп қуанып,
Жүріп ең орнықпаған қалқымада! [67, 483 б.].

Шәкәрім «Бостандық сәуле берген соң» және білем деген жастарға сенім артқан соң, қартайдым деп жатпай, қайнаған саяси қоғамдық жұмыстарға құлшына араласты.

Тұңғыш қазақ үкіметінің ел ордасы, астана қаласы болуға көне шаһар Семей таңдалып, 1918 жылдан 20-жылдардың соңына дейін он жылдай уақыт қаланың Ертістің сол жағалауындағы бөлігі Алаш деп аталған болатын. Семейдің ХХ ғасырдың басындағы қазақ елінің өнер, мәдениет, сауда және өзге де кәсіптерді өркендетуге қосқан үлесі туралы Ж. Аймауытұлы: «Семей – ызғындай елдің ортасындағы өнер-білімнің, сауда-кәсіптің, от арба, от кемеңнің тоғысатын кіндігі, қара шаңырағы, бір губерния елдің миы, ақыл-ойдың табысы, бір губерния елдің жүрегі» [68, 314 б.], – деген.

Ұлт азаттық қозғалысының мұқым қайраткерлері Семей қаласында бас біріктірген уақыт, сөз жоқ, қазақтың саяси-мәдени өмірінде өшпестей із қалдырды. Мысалға, Әміре, Иса, Жұмат бастатқан өнер саңлақтары мен Мағжан, Бейімбет, Илияс, Жүсіпбек, Мұхтардай қаламгерлер саяси басшылық тізгінін ұстағандарға үзеңгі серік болып, қатарлас өмір кешсе, Шәкәрім,

Көкбай, Турағұл сынды Абай шәкірттері де Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Х.Ғаббасұлы, М.Тынышпаев, Х.Досмұхамедұлы, Ә.Ермеков, Е.Омаров, Ж.Ақбаев, Р.Мәрсеков, А.Қозыбағаров, С.Торайғыров, Ә. Сәтбаев, Б. Сүлеев, т.б. көшбасшылар шоғырының қалың ортасынан табылғаны зор мақтаныш. Мәселен, Шәкәрім осы азаматтармен бірге Семей уездік Земство жиынына депутат болып сайланып, қоғамдық жұмысқа белсене араласты. Бұл жайлы «Дело» газетінің №145 санында Керенский басқарған Уақытша Үкіметтің қаулысына сәйкес Семей уездік Земстволық жиынына депутаттар сайлау және оның қорытындысы туралы хабар басылған [69]. Осы құжатта Шәкәрімнің де алаш арыстарымен бірге Земствоға депутат болып сайланғаны жайлы дерек бар. Жалпы сол кезеңдегі мұндай орган мақсаты халықтың өзін-өзі басқаруын қамтамасыз етуден туған. Ол жайлы Ә. Бөкейханұлы «Земство» атты мақаласында: «Земство – жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс мекеме. Жұрттың көзі, жанашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыс-тіршілікте Земство басқармайтын іс болмайды» [70], – деп, ондай қоғамдық істерді тізіп атаған.

XX ғасыр басында, нақты 1905 жылғы Қарқаралы петициясында Алаш қозғалысы өкілдері земство жүйесін енгізу туралы талаптан басталған бұл іс 1914 жылғы Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Семейде іс жүзінде жүзеге асырылған. Алайда 1914 жылғы Семейдегі қалалық земствоға сайлау кезінде бір де бір қазаққа орын берілмеген.

Ал 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде Алаш қозғалысының қоғамдық пікірді өсіру, халық санасын жандандыруда атқарған саяси-көсемсөздік еңбектері мен халық ішінде ұлттық мүддені кең насихаттауларының арқасында елдің саяси белсенділігі күрт артқан. Сөйтіп, 1917 жылғы «Дело» газетінде жарық көрген «О выборах гласных в Семипалатинское уездное Земство» деген мақалада жазылғандай Семей Уездік земствоға депутат болып VII округ бойынша 37 қазақ, 3 орыс сайланған».

Осы 1917 жылдың 14 қарашасында Семей Уездік Земствоға депутат болып сайланғандар туралы Семейдің мұрағат қорында ресми құжат сақталған. Онда: «Семипалатинский Уездный по введению Земства Комитет на основании отдела XII Постановления Временного Правительства 17 июня 1917 года о введении земских учреждений в областях Акмолинской, Семипалатинской, Тургайской и Уральской, объявлять во всеобщие, что в гласные и кандидаты к ним (по семи округам) избранными оказались...» – деп барлық округтерден сайланған депутаттар тізімі берілген. Шәкәрім онда V округ бойынша 23-ші болып сайланған.

Ал Абай шәкіртінің маңдай алдысы Шәкәрімнің 1918 жылы Алашорданың облыстық соты, ескіше айтқанда, төбе биі болып сайланғаны туралы ғылыми еңбектерден, ел естеліктерінен, ең бастысы, кеменгердің «Мұтылғанның өмірі» атты өзінің автобиографиялық көркем шығармасынан белгілі. Онда ақын:

Басыма келген әр жұмыс,
Толқында жүріп көрген түс,

Бұл топта кез келген іс,
Ойымды деді қамайын. [67, 443 б.], –

дегеніндей, «басына келген жұмыстың» бірі Алашорда соты қызметіне Алаш қаласында тұрақтап 1918 жылдың басында кіріседі. Бұл кез Семейдің бірде ақтар, бірде қызылдар қолына өтіп тұрған аласапыран шағы болатын. Сол кездегі сот жұмысының қысқа күнде қырық құбылған сиқын ақынның осы поэмаларындағы: «Бұрынғы орыс тергеген, біздің сотқа бермеген, қазақы жұмыс сол екен» соларды «Қызылдан сұрап алғанбыз» десе, қаланы ақтар алған соң, олардың «Тез қайтар деп жұмысты, тарылтқан кезде тынысты, тырысып бермей қалғанбыз» [67, 445 б.] – деген тармақтары айқын көрсетеді. Сөйтіп, 1918 жылдың басынан жазға дейінгі сот жайы осылай өтіп, күзде ақынның өзі:

Тағы да жұмыс үстіне,
Бір ауыр іс түсті де,
Ордамыз у ішті де,
Партия шықты жалғансыз.
Болды десең кім үшін,
Белгібайдың қызы үшін,
Көбіңіз естіп, қалғансыз [67, 44 б.], –

деген белгілі оқиға болды. Бұл уақиға кезінде оқыған әдебиетші қауымға белгілі болғандықтан, осы сот төрелігіндегі Шәкәрімнің қиын-қыстау заманда панасыз елді қорғау үшін құрылған ұлт милициясын, яғни ұлттық әскерге 40 ат берген Оразбай тобын қолдамай, оның үстіне қазақ салтына қарсы шешім шығарған үкімінің себебіне өз пікірімізді ғана білдірмекпіз.

Біздіңше, Шәкәрімнің бұндай шешім шығаруы, ең алдымен, Шәкәрімге өкпелеп, теріс айналған осы Алашорда үкіметі азаматтарының беделі үшін және Абай аманаты әділетіне адалдығы үшін істелді. Өйткені елдің арқа сүйер әділ мемлекеті Алашорданың атынан төрелік айтқан Шәкәрім теріс шешім шығарса, бұл Алашорда үкіметін халық алдында беделден жұрдай етері түсінгенге аян еді.

Осы кездегі Абайдың Шәкәрімнен соңғы екінші шәкірті Көкбайдың өмірі Тақырда ұстаздық қызметпен өтіп жатқан еді. Алайда оның Семейлік әдеби ортадағы қоғамдық-саяси істерден тыс қалмағанын айғақтайтын Семей қаласының мұрағатындағы «Дело-119. Список частных избранных в Семипалатинское земство. Приложения к протоколу 14 ноября, 1917 г.» [71], – деген құжат дәлел. Осы құжаттың екінші сайлау округі бойынша берілген тізімінде: «Джанатаев Кокбай. Возраст – 57. Место жительства: аул №4, Мукурской волости. Род занятия – учитель» [71] – делінген. Бұл жайлы Көкбай Жанатайұлын зерттеген Жандос Әубәкір: «Алаш партиясының жұмысына тікелей араласпаса да, ол тілеулес, баталас, ниеттес болды. Тіпті Көкбайдың Семей уездік земствоға сайланғаны жөнінде дерек те бар» [72, 59 б.], – деген.

Ұлы Абайдың Әйгерімдей жарынан туған тұңғыш баласы Турағұл жайлы кезінде М. Әуезовтің өзі оның «Әкем Абай туралы» естелігін жоғары бағалап: «Ғұлама ақынның өмірбаянына қатысты мол мағлұматтарды осы

кісіден артық ешкім білген жоқ, оларды керекті жерінде кіріктіріп, түгел пайдаландық» [73, 28 б.] – деп жазып кеткен еді. Ал белгілі абайтанушы Қайым Мұхамедханов «Абайдың ақын шәкірттері» атты 3 томдық кітабында 1917 жылы Турағұл Абайұлы Алаш партиясының Семей облыстық комитетіне мүше болғандығын, алайда оның Алашорда үкіметіндегі қызметіне байланысты мәселенің түбегейлі зерттелмегенін ескертеді [74, 83 б.]. Абайдың ақын шәкірттерінің 1900 жылдардан бастап алаш көсемдері Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлымен жақын таныс болғандығын бұл арада атап айту қажет. Мәселен, Ә. Бөкейханұлы: «1908 жылы Семейде абақтыда борышымды күтіп жатқанымда Шәкәрім, Көкбай, Турағұл әдейі қалаға келіп, тағы бірер күн көңіл көтеріп, шат болған едік. Мен абақтыда жатқанымда олар тағы келіп амандасқан. Бұлардан өзге қазақ жарамады-ау деймін» деп есіне алады. Міне, Турағұлдың алаш қайраткерлерімен арадағы достық қарым-қатынасы ол қашан ақтық демі таусылып, қайтыс болғанға дейін үзілмеді.

Турағұл Абайұлының алғаш алаш тілегінде болып, ашықтан ашық қолдап шығуы 1916-1917 жылдардағы Ресейдегі саяси оқиғалар кезінде айқын байқалады. Алаш қайраткерлерінің ақ патшаның тыл жұмыстарына қазақтан солдат алу жөніндегі Июль жарлығына қара халық қарсы шығып, бос қырылып қалмасын деп қолдау көрсеткені тарихтан белгілі. Ол туралы Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы бірлесіп «Қазақ» газетінде жазған «Алаш ұлына» мақаласында айтылған. Ұлт тағдыры таразыға түскен осындай қысылтаяң шақта бұл істен Турағұл Абайұлының да шет қалмағаны аңғарылады. Мысалы, 1916 жылы «Қазақ» газетінде Семей жақтан жарияланған шағын хабарда: «31 июньде Семей уезінен 7 болыс (Шыңғыс, Шаған, Мұқыр, Қызыладыр, Беген, Семейтау, Бұғылы) ақсақалдары хакімдердің рұқсатымен Семей қаласында бас қосып кеңесті. Қазақтан соғыс майданына кісі жіберу жағын сөйлесті. Мәжілісте председатель Турағұл Абайұлы Құнанбаев, секретарлыққа Сыдық Дүйсенбайұлы сайланды. Мәжілістегілер тегіс патша жарлығына елдің қарсылығы жоқтығын білдірді» [75], – дейді.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде де Турағұл алаш қайраткерлерімен бірге ұлт мүддесіне қатысты істердің бел ортасында жүреді. Мәселен, ақ патша тақтан түсіп, Мемлекеттік Дума таратылған тұста, бүкіл билік Ресейде Уақытша үкіметке тиіп, Учредительное Собранию депутат сайлау мәселесі қызу көтерілді. Міне, осы мәселеге Әлихан Бөкейханұлы бастаған қазақ зиялылары да белсене араласты. Бұл жайлы Алаш көшбасшысы: «Мұнан бұрын «Қазаққа» жазылған еді: «Учредительное собрание құдайдан соңғы күшті, мұның ісін бұзатын хүкімет жоқ» деп. Бұл барша Россия мемлекетінің негіз заңын басқарады екен. Мұнда барша қазақтың да ісі қаралады деп. Біздің Алаштың баласы учредительное собранию партия жасамай, барша Алаштың шешенін, білгірін, таза пікірлісін сайлағаны Алашқа пайдалы болады. Осы арқылы жұрт пайдасы-ау деп біз жалпы қазақ съезінің бюросы қазақ жұртынан депутат болатын жігіттердің атын атамақ болдық» дей келіп, Бүкіл Ресейлік учредительное

собранию депутаттыққа 43 адамның кандидатурасы ұсынылғанын жазады. Ал осы депутаттар тізімінде Семей облысынан Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Райымжан Мәрсеков, Биахмет Сәрсеновтермен бірге Тұрағұл Абайұлының да есімі қатар аталады» деп жазды [76].

1917 жылғы күз айында Семейде Алаш партиясының облыстық комитеті құрылған уақытта оған Тұрағұл Абайұлының мүшелікке сайланғанын жоғарыда айттық. Ол осы Алаш партиясының басшылары Әлихан Бөкейханұлы, Халел Ғаббасұлымен бірге Семей облысының уездері мен ауылдарында Алаш партиясының бастауыш ұйымдарын құрысуға, сондай-ақ жалпы қазақ съездерінің жұмысына және ел өміріндегі басқа да саяси-қоғамдық істерге ат салысады. Сөйтіп, Семейде Алашорда үкіметі өмірге келген кезде, оның белсенді әрі беделді мүшелерінің біріне айналады. Осы орайда Тұрағұл Абайұлының Алашорда үкіметіндегі қызметіне қатысты бірер деректі келтірейік. 1918 жылы «Қазақ» газетінде Орынбор жақтан жарияланған мына шағын хабарда: «Түркістан қазақтарын Алаш автономиясына қосу жайынан сөйлесуге «Алаш Орда» тарапынан жіберілуге тағайындалған Бақтыгерей Құлманов, Міржақып Дулатов, Тұрағұл Құнанбаев Түркістан шаһарында болатын Сырдария қазақтарының областной съезіне баруға 30 декабрьде жүріп кетті» деп жазылған. Сірә, бұл Сырдария облысы қазақтарының Түркістан автономиясына бағынудан бас тартып, Алашорда үкіметіне ниет білдірген кезі болу керек. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың арнайы тапсырмасымен барған олар сол жолы аталған съезге қатысып, өз пікірлерін білдіріп қайтады.

Сол сияқты Гүлнәр Міржақыпқызы өз естелігінде: «Бұл енді 1917-1918 жылдар болуы керек. Байтұрсынұлы Ахмет атам мен әкемнің Орынборда «Қазақ» газетін шығарып тұрған уақыты. 1917 жылы шілде айында «Алаш» партиясының II съезіне қатысқан ұлы Абайдың баласы Тұрағұл біздің үйге келіп түсті. Сол кезде есімде қалса керек, бертін (1925-1926 жылдары) келе, Шыңғыстауға барып жүргенімде Тұраш ата менің татарша сөйлегенімді есіне алып күлетін» [77], – дегенді айтады. 1917 жылдың күз айларында Семей уездік және облыстық Земстволарына депутаттар сайлау науқаны, әсіресе қазақ жұртшылығы тарапынан қызу әрі таласты өтеді. Оның солай болатын жөні де бар еді. Алаш қайраткерлерінің елдегі билік тізгінінен айрылып қалмайық деген үндеуі мен ұйымдастыру шараларына байланысты бұл іске қазақ зиялылары белсене қатысады. Міне, осы кезде Семей облыстық Земствосына депутаттыққа уездік земство атынан Б. Сәрсенов, Н. Ляшкевич, Ә. Молдабаев, И.Әлімбетовтармен қоса, Тұрағұл Абайұлының да кандидатурасы ұсынылып, депутат болып сайланады.

Демек, мұның өзі Тұрағұл Абайұлының алаш қайраткерлерімен бірге XX ғасыр басында-ақ болашақ тәуелсіз қазақ мемлекетінің іргетасын қалауға елеулі үлес қосып, қызмет атқарғандығын айғақтайды.

Тұрағұл Абайұлының Алашорда үкіметіндегі саяси маңызы зор істерге үнемі араласып отырғанына мынадай құнды деректер де дәлел бола алады. Соның бірі – Т. Абайұлының Алаш атты әскерін құрудағы қызметіне қатысты. Жалпы бұл істің маңызы туралы сол кездің өзінде-ақ М. Дулатұлы:

«Бізбен туысқан мынау башқұрт халқы біздің үш бөлігіміздің біріндей-ақ. Осы күні осылардың әскері бар. Сондықтан басқалар башқұртты елеулі ел көріп отыр. Әйтпесе, әскер жинап башқұрт ешкіммен соғысып отырған жоқ. Біз де соғыспаймыз. Сөз байлауы сол, әскеріміз болмаса, біз автономия ала алмаймыз. Автономия ала алмасақ, жұрт болмаймыз. Қайтсек жұрт боламыз дегенді ойласақ, жауап біреу-ақ, әскеріміз болса ғана жұрт боламыз». Ал, осы Алаш атты әскерінің құрылу тарихына қатысты құжатта Ә. Бөкейханұлы бастатқан қырыққа жуық адамның тізмі жазылып, ішінде әскер құруды ұйымдастырушылардың бірі ретінде Турағұл Абайұлы да аталған. Сонымен бірге «Сарыарқа» газетінде Алаш атты әскерінің алғашқы жеңістерінің біріне арналған мақала басылған. Онда 1918 жылы Алтай губерниясы бағытында большевиктерді өкшелей қуған Алаш әскерінің жеңіспен оралғаны, бұл әскерге Турағұл Абайұлы, Биахмет Сәрсенов, Қаражан Үкібаев, т.б. басшылық еткені жайлы жазылған [79].

Семейде Кеңес өкіметі түпкілікті орнаған соң, 1920 жылдарда алаш қайраткерлеріне қарсы басталған саяси қысым Семей қаласында ХХ ғасыр басынан еліміздің қоғамдық-саяси, әдеби шығармашылық орталығына айналдырған алаш арыстары мен Абайдың ақын шәкірттерін ығыстырып, өзге өңірлерге кетуге мәжбүр етуімен аяқталды.

Сонымен, мынадай қорытынды тұжырымдар жасаймыз:

Бірінші, ХХ ғасыр басындағы Ресейде болған төңкеріс толқыны, содан туған елдегі саяси-әлеуметтік ахуал қазақ зиялыларын сол дәуірдегі мәдени-рухани орталық Семей қаласына топтасуларына ықпал етті.

Екінші, Алаш қаласына топтасқан алаш арыстары мен Абай шәкірттері Абай тағылымы негізінде ұлттық автономиялы мемлекет құрып, оның баянды болуы жолында еңбек етті.

Үшінші, Абай ізбасарлары алаш арыстарымен тізе қоса отырып, Семейлік әдеби ортадағы азаттық жолындағы қоғамдық-саяси істердің бел ортасынан табылды.

Төртінші, Абайдың ақын шәкірттері өздерінің көркем туындылары мен саяси көсемсөздері арқылы ел болашағы жолында халыққа оң жол көрсете білді.

Рухани ортада туған баспасөздің ағартушылық, күрескерлік қызметі

Семейлік әдеби орта тудырған азаттық ауанындағы баспасөз ұлттық көсемсөзді дүниеге әкелген ХІХ ғасырдағы Абай, Шоқан, Ыбырай, М. Бабажанов сынды қаламгерлердің көсемсөз мұраларынан бастау алды. Ал олардың өздері орыс, сол арқылы Батыс баспасөзінен, кейін келе Шығыс әдебиетіндегі публицистикалық шығармаларды, Қырымдағы, Қазандағы, Уфадағы, Омбыдағы, басқа да жерлердегі түрік тілді басылымдарды оқып, сыншылдық тұрғыда өз саналарында қорытып, олардың ағартушылық,

прогрессивтік, гуманистік сипаттарын ала отырып, туған әдебиетте көсемсөз жанрын туғызды.

XIX ғасырдағы ұлттық публицистиканы әдебиет әлеміне әкелген бұл қаламгерлердің еңбектерін айтқанда біз оларды арнайы басылымдар ашып, таза журналистік қызметпен айналысты деп емес, осы адамдардың шығармашылықтарындағы публицистикалық туындылар негізінде ұлттық көсемсөз жанрының іргетасы қаланды деген ойды айтып отырмыз.

Сонымен бірге, XIX ғасырдан бастап Ресей империясының құрамына енгізілген бодан елде патша үкіметі өз билігін жүргізу мақсатында губерниялық екі газет, уездік «Семипалатинский листок», «Оренбургский ведомости» сияқты ұлт және орыс тілдеріндегі басылымдарды шығарып, таратты. Мәселен, 1870 жылы Ташкентте «Түркістан уәлаятының газеті» шықса, 1888 жылы Омбыда «Дала уәлаятының газеті» жарық көрді. Бірі он екі, екіншісі он төрт жыл шығып тұрған бұл губерниялық екі басылым да патша өкіметі мен оның шет аймақтардағы билік органдарының саяси-экономикалық, қоғамдық істерін халыққа ұлт тілінде таратуды мақсат еткені аян. Алайда, уақыт өте келе аталмыш газеттерде үкімет мүддесіне қайшы сипаттағы материалдар да жарық көре бастады. Ұлт руханиятын, ұлт мәдениетін, тарихын, әдебиетін насихаттайтын, әлем халықтарының ғылым мен өркениеттегі жеткен табыстарын халыққа үлгі еткен, қазақтың ұлттық рухы мен азаттық танымын сездіретін материалдар газет бетіне ене бастаған соң, оларды патша өкіметі жауып тастады. Мұндай мәндегі мақалалар уездік ауқымдағы газеттерде де өз көрінісін берді. Мысалы, Белослюдовтың Абайдың отарлық езгіге қарсы ой танымын «Абайдың көрінбеген көз жасына теңеген» жазбасы [63, 53 б.], т.б. XIX ғасырдың ортасынан аса қазақ еліне жер аударылып келген революционер-демократтардың Ресейдегі прогрестік бағыттағы басылымдарды өздері ұйытқы болып ашқан Семей, Орынбор, т.б. жерлердегі кітапханаларға жаздырып алуы, соларды оқыған жергілікті көзі ашық азаматтардың ойына қозғау салып, саяси-әлеуметтік көзқарастарының қалыптасуына әсер етті.

Оған қоса сол дәуірдегі Ресейге қараған отар елдердегі баспаханалардан басылып шыққан Шығыс әдебиеті, И. Гаспринский, Бораганский сияқты азаматтардың ашқан баспаханаларында жарыққа шыққан түрлі газет-журналдар ұлт журналистикасының тууына үлгілі жол болғаны да белгілі.

XX ғасыр басындағы жаңа дәуір талабына сай алаштың оқыған азаматтары осындай үлгілерден үйрене отырып, Абай бастаған ұлттық идея өрісін төл баспасөз арқылы көтеру мәселесін алға қойды. Өйткені, қазақ қоғамында мұсылмандық оқу орындарын, Ресейлік жоғары оқу орындары мен орта оқу орындарын, гимназияларды бітірген, ұлттық, жәдидтік көзқараста тәрбиеленген интеллектуалды элита қалыптасты. Олар тығырықтан шығу үшін, тәуелділіктен құтылу үшін, ұлтты әлемдік өркениетке жетелеу үшін төл баспасөздің қасиеттілігін айқын түсінді. Сөйтіп, жалпы халықты қамтитын әлеуметтік-саяси, рухани-мәдени қоғамдық құбылыс ретінде Абайлар көтерген «Бастапқы ағартушылық» [18, 4 б.] кезең, «Негізгі ағартушылық, немесе алаш ағартушылығы» [18, 5 б.]

кезеңіне ұласты. Яғни, Абай идеясын өрістетте отырып, жаңа кезеңде алаш арыстары ағартушылық, күрескерлік бағыттағы тың идеялар туғызды: ұлттық сананың қалыптасуы, дәстүрлі қоғамның орнығу жолын іздеу, өз халқының қалауын жаңа саяси әдістер мен күрес құралдарын пайдалана отырып іске асыру мәселелерін көтерді.

Осы жолда еңбек еткен ұлт азаттық қозғалысының жетекшілері, сондай-ақ ұлттық баспасөздің іргетасын қалаушылар Әлихан Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Тынышбаев, М. Дулатов, М. Шоқай, Х. Ғаббасұлы, Х. Досмұхамедұлы, Ж. Досмұхамедұлы, Ж. Ақбаев, Р. Марсеков, А. Тұрлыбаев және басқалары Санкт-Петербург, Москва, Қазан, Томск, Киев, Варшава қалаларындағы жоғары оқу орындарын бітірген азаматтар еді.

Жалпы XIX ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан 1917 жылға дейінгі аралықта университеттерде 30-ға жуық жас қазақтар оқыған. Оның 17-сі заңгер, қалғаны өзге мамандық иелері. Көрсетілген уақыт ішінде Санкт-Петербург университетінде 20-ға жуық қазақ студенттері білім алған, олардың қатарында көрнекті қоғам қайраткерлері Б. Қаратаев, М. Шоқай, Ж. Ақбаев, А. Тұрлыбаев, Ж. Досмұхамедұлы, Б. Сырттанов, Б. Құлманов, С. Жанайдаров, т.б. бар.

Х. Досмұхамедұлы әскери медицина академиясын бітірсе, Ә. Ермеков Томскідегі технология институтын тәмамдаған, ал М. Тынышбаев Санкт-Петербургтегі теміржол транспорты институтын, Ж. Сұлтанбаев Варшава мал дәрігерлік институтында оқыған [80, 120 б.]. Қазақ жастары шетелдерде де білім алды. 1917 жылға дейін А. Ғайсин, С. Шанов, М. Тұрғанбаев, А. Машаев Стамбул университетінде білім алған. Кей деректер бойынша төңкеріске дейін 120 қазақ жоғары білім, 700-ге жуығы орта білім алған [80, 121 б.].

Ал, Шығыстың жоғары мұсылман оқу орындарын тәмамдаған өз алдына бір төбе. Міне осылардың бәрі де өздері білім алған елдердегі халықтың қоғамдық-саяси өмірінде баспасөздің қаншалықты маңызды рөл атқаратындығын өз көздерімен көрді, куә болды. Сондықтан олар XIX ғасырдағы Абайдың ұлттық идеясын XX ғасыр көгінде баспасөз арқылы өркендетуге бет бұрды.

Мұхтар Әуезовтің: «Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ газетінің» мезгілі әдебиетке ұлтшылдық туын көтерген мезгілімен тұстас» [81, 231 б.], – деуінде осындай жазба әдебиеттегі көсемсөздік жалғастықты танытар ой өзегі бар. Баршаға мәлім, бірінші орыс революциясы патшаның империяда шын мәніндегі түбегейлі демократиялық өзгерістер жасауы ықтимал саналған құжатын – 1905 жылғы 17 қазан манифесін дүниеге әкелді. Сол құжат туғызған зор өрлеулі ахуал нағыз революция ретінде бағаланды. Сөйтіп, азаттық үшін күресуші азаматтармен қатар, 1905 жылғы қазан айындағы демократиялық революциядан кейін қазақ қайраткерлерінің де рухы асқақтап, нағыз бостандық ауасын бастан кешірді. Олар төңкерістік Манифест жария еткен сөз бостандығы орайында бірді-екілі газет ашу әрекетін жасады. Нәтижесінде жекелеген азаматтардың

бастамасымен тұңғыш рет ұлттық үкіметтік емес басылымдар – Петербургте «Серке», Троицк қаласында «Қазақ газеті» 1907 жылы жарық көрді.

«Серкенін» бас редакторы түркі-мұсылман қозғалысының атақты қайраткері, саясатшы Рашид қазі Ибрагимов, демеушісі Екінші Мемлекеттік Думаның мүшесі Шаһмардан Қосшығұлов, «Қазақ газетінің» шығарушы-бастырушылары Жетпісбай Андреев, Ешмұхамед Иманбаев, Қайым Сосновский деген азаматтар еді. Бұл шақ 1905-1907 жылдардағы жоғарыда айтылған орыс төңкерісінің қазақ даласында ұлт азаттық қозғалысының бел алып өрістеуіне ықпал еткен аласапыран жылдар болатын. Соның әсерімен 1905 жылы Семей губерниясына қарасты Қарқаралы қаласына таяу Қоянды жәрмеңкесінде алаш көсемі Ә. Бөкейханұлының басшылығымен тұңғыш қазақ съезі өтіп, онда патшалық Ресейдің отарлық езгісіне қарсы күшті наразылық білдірген қазақ қоғамының бірнеше баптан тұратын саяси талап-тілектері жазылған «Қарқаралы петициясы» атты құжат қабылданды. Осы құжаттағы жазылған ой-пікірлер мен Алаш арыстарының ұлт азаттығы жолындағы мақсаттары жүйеленіп айтылған «Серке» мен «Қазақ газетіндегі» саяси мақалалар екі басылымның да келешек жолы-патша өкіметінің жабуына ұласты. Әйтсе де, қысқа ғұмырлы осы екі газеттің өзі-ақ ұлт баспасөзінің алғашқы қарлығаштары ретінде азаматтық сананың оянуына зор әсер берді.

Бұлардан кейін үкіметтік емес басылымдар ретінде 1911 жылы Елеусін Бүйршин әуелі Ордада, одан соң Оралда «Қазақстан» газетін, Мұхамеджан Сералин Троицкіде «Айқап» журналын, Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы Орынборда «Қазақ», Көлбай Төгісов 1916 жылы Ташкентте «Алаш» газеттерін шығарды. Бұлар монархия заңдары бойынша түрлі қыспақ көрген, әр ретте әртүрлі жаза тартқан басылымдар болды. Соған қарамастан қазақтың жалпыұлттық демократиялық бағыттағы төл басылымдары – «Серке», «Қазақ газеті», «Қазақстан» газеттерінің ұлттық мәдениет пен руханият, көсемсөз көгіндегі алар орындарының зор екеніне ешкім де дау айта алмасы анық.

XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарына қарай төңкерістер заманында дүниеге келіп, Абай негізін қалаған ұлттық идеяны өркендетуде «Абай», «Сана», «Жас Түркістан» журналдары мен «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Ақ жол», «Қазақ тілі», т.б. газеттердің қосқан үлестері орасан зор. Осы аталған басылымдардағы алаш арыстары мен Абай ізбасарларының халық өмірі мен бостандығы, азат тұрмысы жолында көтермеген, араласпаған көкейкесті мәселелері мен тақырыптары жоқ десек артық айтқандық болмас. Олар жазған көсемсөздер не туралы болса да, ұлттық мүдде аясында баяндалды. Олардың мақалаларындағы ұлт саясаты, ұлт экономикасы, ұлт идеологиясы: тілі, діні, өнері туралы ой-толғам, пікірталас, көзқарастары өміршендігімен ерекшеленді. Өз жарияланымдарында олар мәселені көтеріп қана қоймай, оны іске асыруға ұйытқы болды, сол орайда өздері үлгілі өнеге, соқпақты сүрлеу салды.

Мәселен, кезінде қазақ жастарын жаппай оқуға ұмтылдырып, білім-ғылым жолына салып, өнер үйренуге жетелеген Алаш көсемсөзінің негізгі

мұраты – ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру идеясы болғаны дәлелдеуді қажет етпейтін шындық десек, ол өз жемісін бергені де аян. Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезов, т.б. әлем мойындаған дарындардың ғылым, өнер көкжиегіне көтерілуі – осының айғағы.

Қазақ еліндегі XX ғасыр басында дүниеге келген ұлттық баспасөздің төңкерістер дәуірінің алғашқы кезеңінде, яғни 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен соң Семейлік әдеби орта туғызған басылымдардың ағартушылық, күрескерлік қызметіне келсек, әрине, алғашқы сөзді Алашорда үні «Сарыарқа» газетінен бастап шолу орынды. Өйткені Ақпан төңкерісінің соңын ала Семей қаласы жапатармағай билікке таласқан түрлі саяси күштердің үлкен бір шиеленісті орталығына айналған еді. Мәселен, Уақытша Үкіметтің ресми билік органы Семей облыстық атқару комитеті өзінің «Бюллетень», «Дело», кадеттер мен эсерлер партиясы «Свободный речь», «Воля народа», соңы демократтар партиясы «Известия Семипалатинского Совета рабочих и солдатских депутатов», сондай-ақ кәсіподақ ұйымы «Трудовое знамя», татарлардың «Мәдениет» атты мәдени-ағарту қоғамы «Халық сөзі» секілді бірқатар қоғамдық-саяси басылымдар арқылы елді «бостандық пен теңдікке» үндеп, қызу үгіт-насихат жүргізіп жатты. Міне, осындай сын кезеңде Семей облыстық қазақ комитетінің ұйытқы болуымен «Сарыарқа» газеті ашылып, әр жылдары оның редакторы болып Р. Мәрсеков, Х. Ғаббасұлы, И. Әлімбаев, Ш. Керейбаев қызмет атқарды. Басылымды ұйымдастырып шығаруға редакторлармен қатар Биамет Сәрсенов, Ахметжан Қозыбағаров, сондай-ақ редакция құрамында Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, т.б. белсене атсалысты.

Ұлт-азаттық жолындағы күрестің, халықтық қозғалыстың қол бастаушылары алғашқы орыс төңкерісінің саяси әлеуметтік мәнін терең түсініп, егемен ел болып, өнер-білім жолына түсуді негізгі мақсат етіп ұстанды. Алашорда өкіметі құрылып, оның айналасына озық ойлы зиялы қауым топтасты. Өз бағыттарын айқындап, сара жолды халыққа жаңылмай нұсқап, адастырмас даңғылға алып шығуға ұмтылған қазақ зиялылары Алашорданың Семей облыстық комитетінің үні болған «Сарыарқа» газетін шығару жұмысын қолға алды. Газетті жедел түрде шығару қажеттігін 1917 жылдың көктемінде өткен Семей облыстық қазақтар съезі арнайы сөз еткен. Съезд қаулысы «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы №5 санында берілген:

«Семей съезінің қаулысы.

Баспа сөз һәм почта

1) Қазіргі зор өзгеріспен таныстырып, халықтың мұң-мұқтажын, тілегін бір жағадан шығаруға осы күні халыққа баспа сөз өте керек. Әсіресе алдымыздағы мемлекет негізін құратын кеңеске халықты даярлауға үндейтін Семейде шықпақ «Сары-арқа» газетін тез шығару қамына кірісіп, кітапшалар бастырылсын.

2) Газет, кітап бастыратын серіктік ашылсын: Серіктік жарнасы 25 сом болсын.

3) Халыққа хат, хабар, газеттер тез тарап жетіп тұруы үшін волостной комитеттер жұмасына бір қабат қаладан почта тасып тұрсын; ауыл-ауылға таратып беру ауылыный комитеттердің мойнында болсын»

«Сарыарқа» шын мәнінде, алаш арыстары мен Абайдың ақын ізбасарларының халқымызды бостандық пен теңдікке үндеген беделді басылымына, тәуелсіздіктің жаршысына айналды. Мұнда данышпан Шәкәрімнің «Семей облысына қараған барша қазақ ағайындарға ашық хаттары» және ұлтшылдық туралы, жалпы этнотанымдық тұрғыдағы пікір алысқан мақалалары жиі жарық көріп тұрды. Алғаш 1917 жылдың 15 маусымында жарыққа шыққан күннен бастап Семейлік әдеби орта туғызған «Сарыарқа» газеті Ахмет Байтұрсынұлының «Қазағы» тәрізді халық мұңын жоқтап, мүддесін қорғаған Алаштың «көзі, құлағы һәм тілі» болды.

Бұл басылым аптасына бір рет шығып тұрды. Академик Кеңес Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» еңбегінде: 1913-1918 жылдардағы қазақ ұлттық баспасөзін танытатын «Қазақ» (Орынбор), «Сарыарқа» (Семей), «Бірлік туы» (Ташкент), «Алаш» (Ташкент), «Жас азамат» (Қызылжар) газеттері мен «Абай» журналы (Семей) беттеріндегі деректемелік материалдарсыз Алаш қозғалысының пайда болуы мен нақтылы қызметін, Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде алатын орнын тарихи шындыққа сай көрсету мүмкін емес. Бұл басылымдарда Алаштың қоғамдық қозғалыс болып қалыптасуы, оның саяси партия дәрежесіне көтерілуі, ұлттың саяси партия құрылған 1917 жылы шілдеде өткен Бірінші бүкілқазақтық съезд Алаш автономиясын жариялап, Алашорда үкіметін құрған 1917 жылы желтоқсанда өткен Екінші бүкілқазақтық съезд туралы түпнұсқалық маңызы бар деректер көптеп кездеседі» [31, 128 б.], – деп тұжырымдайды. Мұның өзі жоғарыда айтылған басылымдармен қатар «Серке», «Қазақ газеті», «Ақжол», «Ұран» сынды басылымдардың қай-қайсысы болмасын, олардың тұтастай алғандағы шығу тарихы, жалпы Алаш ұлт азаттық қозғалысының даму тарихын білдіреді деген пікірді дәйектейді.

Алаш арыстары мен Абай шәкірттері Семейде ашқан осы газет «Жәрдем» баспаханасынан шығып тұрды. Ал оны өмірге әкелген азаматтар қызмет еткен Семей облыстық қазақ комитетінің кеңсесі, газет редакциясы мен аталмыш баспахана Алаш қаласының (қазіргі Жаңасемей) «Базар алаңы» деп аталатын аумағындағы атақты саудагер Абдрахман Жүсіповтың қызыл кірпіштен салынған он бөлмелі үйінде орналасты. 1920 жылдары бұл ғимарат, алғашында «Қазақ тілі» газеті мен «Алашорда» баспаханасы, кейінде «Қазақстан» мейрамханасы ретінде пайдаланылып кетті.

Сөйтіп «Сарыарқа», «Абай», «Қазақ тілі» басылымдары, Абай шәкірті Шәкәрім, т.б. қаламгерлердің кітаптары басылған осы «Жәрдем» баспаханасына келсек, оны 1917 жылғы ақпан төңкерісінен соң Семей облыстық қазақ комитеті ағайынды татар көпестері Нығматуллиндерден сатып алады. Литографиялық әдіспен жұмыс істейтін бұл баспахананы 1910 жылы Томск қаласынан әкелген. Онда негізінен татар тілінде газеттер, татарша және қазақша кітаптар шығып тұрған. Тіпті, мұнда ақпан

төңкерісіне дейін орысша «Семипалатинский вестник» және «Семипалатинский телеграф» атты газеттер де басылып шыққан.

1912 жылы «Жәрдем» баспаханасынан қазақтың ғұлама ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының бірқатар құнды туындылары, әрқайсысы мың данадан болып басылып таралғаны баршаға белгілі.

Абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедханұлы «Шаһкәрім» атты зерттеу еңбегінде: «Шаһкәрімнің 1878 жылдан бастап, 1904 жылға дейінгі жазған өлеңдері «Қазақ айнасы» (бірінші бөлім) деп аталып, 1912 жылы жеке кітап болып Семейде басылып шықты. «Қазақ айнасының» қара сөзбен жазылған екінші бөлімінің қолжазбасын Шәһкәрімнің баласы Ахатты 1937 жылы НКВД тұтқындаған кезде алып кеткен.

1888 жылы жазылған «Қалқаман-Мамыр», 1881 жылы жазылған «Еңлік-Кебек» атты тарихи дастандары да 1912 жылы Семейде басылып шығады» [82, 74 б.], – дейді.

Сол сияқты ұлы Абайдың ақын шәкірті, жазушы-драматург Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» повесі мен «Балаларға жеміс» өлеңдер жинағы, педагог-ағартушы Мұстақым Малдыбаевтың қарасөз бен өлеңдерден құрылған «Қазақша оқу кітабы» және «Иман намаз, яки мұсылманшылық» еңбегі жарық көрді. Ал, 1915 жылы Абайдың алдында болып, ұлы ұстаз ақынның өсиетін тыңдап, мол тағылым алған, тағы бір талантты ақын шәкірті Баймағамбет Айтқожаұлының «Шын мақсұттар» атты өлең кітабы осы баспахананың шығаруымен оқырмандар қолына тиеді.

«Жәрдем» баспаханасы, іс жүзінде Семей облыстық қазақ комитеті тарихынан сол кездегі қазақтың ауқатты адамдарының қаражатына сатып алынды. Мұны журналист Тоқтарбай Қазбалинов «Абай» журналын ашуға қаржы берген «Қараман» атты мақаласында дәлелдеп жазған. Автордың айтуынша банкротқа ұшыраған бұл баспахананы Қ. Үкібаев 11 мың рубльге сатып алған, әуелгіде баспахана цехы татар көпесі Садық Нығматуллиннің қала орталығындағы биік екі қабатты сауда үйінің ауласында орналасқан. 1962 жылы жүргізілген құрылыс жұмыстарына байланысты бұзылып тасталған осы ескі ғимараттың орнында қазір «Дана» сауда кешені тұр, сондай-ақ кезінде меценат қаражатының «Абай» журналын жарыққа шығарғанда қаржылай көмек көрсеткені де жазылған [83].

Демек, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі уақытта Семей облыстық қазақ комитетінің «Жәрдем» баспаханасын сатып алуына бір топ ауқатты адамдардың көмектескені, олардың арасында Қ. Үкібаевтың да бар болғаны сөзсіз. Оны Қайым Мұхамедхановтың «Тұңғыш газеттің тарихынан» атты мақаласындағы мына деректер де растайды:

«Семейде Совет өкіметі 1919 жылы 1 декабрь күні орнады. Үш күннен кейін 4 декабрь күні «Қазақ тілі» газеті шыға келді. «Қазақ тілі» аласапыран күндерде қалай қолма-қол туа қалды?

Осы мәселелерді айқындап алу үшін, тарихи шындықты қысқаша баяндайық. 1912 жылы ағайынды Нығматуллиндер баспаханаларын Омбының бір бойына сатпақ болады. Қазақ оқығандары баспахананы Семейден жібергісі келмейді. Өнер-білімді, әдебиетті қадір тұтатын

Семейдің ауқатты адамдары, қазақ зиялыларының талап-тілектерін қабыл алып, «Ярдем» баспаханасын сатып алып, қазіргі Жаңасемей қаласына көшіреді. Халел Ғаббасұлы бастатқан қазақ интеллигенттері 1917 жылдан бастап, «Абай» атты журнал, «Сарыарқа» атты газет шығарады. Журналдың редакторы Жүсіпбек Аймауытұлы, газет-журнал жұмысына белсенді атсалысқан жандар: Шәкәрім бастатқан Мұхтар Әуезов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев сияқты аса дарынды ақын-жазушылар, Мәннән Тұрғанбаев, Мұстақым Малдыбаев сияқты мұғалім. Тағы басқа жас журналистер болған» [84].

Семейлік әдеби орта туғызған келесі басылым «Абай» әдеби-қоғамдық, ғылыми-экономикалық журналы, алғаш 1918 жылы ақпан айында Семейдегі «Уақ-қарыз» серіктігінің бастыруы бойынша «Жәрдем» баспаханасынан жарық көреді. Алғашқы редакторы сол кездегі Семей мұғалімдер семинариясының оқушысы, қазақтың аса дарынды жастарының бірі Жүсіпбек Аймауытов болды. Ал, ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов болса алаш қайраткерлері Мәннән Тұрғанбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Мұстақым Малдыбаев, Сейітбаттал Мұстафиндермен бірге редакция құрамында қызмет етті. Олардың қоғамдағы болып жатқан түрлі әлеуметтік-саяси мәселелерге қатысты көкейкесті мақалалары «Абай» журналының сандарында үнемі жарияланып тұрды.

Мәселен, онда Ж. Аймауытовтың журналдың шығуына байланысты 1918 жылғы бас мақаласы мен «Ұлтты сүй» мақаласы, сондай-ақ Мұхтар Әуезовтің Жүсіпбек Аймауытұлымен бірлесіп жазған «Қазақтың өзгеше мінездері», Турағұл Абайұлымен бірге жазған «Адамдық негізі-әйел», Шәкәрім қажының «Шын бақыттың айнасы» және Мәннән Тұрғанбайұлының ұлтшылдық туралы пікір алысуы, Міржақып Дулатұлының «Алашқа», т.б. мақалалары басылып шықты.

Жалпы 1918 жылдың ақпан және қазан айлары аралығында бір ғана «Абай» журналының өзінде Мұхтар Әуезовтің 15-ке жуық мақаласы жарық көргенін ұлы жазушының шығармашылығын зерттеуші ғалымдар айтады.

Ал ұлт тағдыры туралы қазақтың көрнекті ақыны Міржақып Дулатұлы «Абай» журналының №3 санында жариялаған «Алашқа» мақаласында 1916 жылғы 25 июнь жарлығының әлегінен Жетісу облысындағы қазақтардың басына түскен ауыр қиямет-қайым күндерді, сондай-ақ 1918 жылы табиғаттың қуаншылығынан тағы да сол Жетісу облысына қоса Сырдария облысының қазақтары ашаршылыққа ұшырай бастағанын айтады.

«Еліміздегі өлімнен аман сақтап қалу мақсатында Семей облысының Алаш қаласында Қазақ комитеті жастардың «Жанар» атты ұйымы басшылық етіп қауым жасады. 5 мартта қауым ортасынан іс басқаратын бес кісілік комитет сайлап шығарды. Қауымның құрметті бастығы Мақыш Паштайұлы болды. Комитет председателі Міржақып Дулатұлы, орынбасары Жүсіпбек Аймауытұлы, хатшысы Мұхтар Әуезұлы, қазынашы Ғабдолла Есіргенұлы, тағы бір мүшесі Ғабдолла Қоскейұлы. Мәжілісте жеті мың сомдай жылу жиналды. Комитет қазір іске кірісті. Намыстан Алаш! Жігерлен Алаш! Тас бауыр болма Алаш!» – десе, 21 жасар семинарист М. Әуезов журналдың

соңғы №11 санындағы «Өліп, таусылу қаупі» атты мақаласында: «Қазақтың өзгеден ала бөтен түрлі-түрлі ауруларға, жиі өлімге ұшырап, өліп таусылуға аяқ басып келе жатқан халі, оқыған басшысының өзгеше ойланып, тығыз ескеріп, ерекше қам қылатын жұмысы. Рас, елдіктің толып жатқан басты мұқтажының ішінде, бір жағынан күштің аздығы, бір жағынан саясат тұсауы себеп болып, бұл секілді халдерге әдейілеп көп-көп күш бөліп шығару қиын шығар. Бірақ дәрігерлердің жасаған белгі жобасымен земстволар я басқа ұйымдар болып өзге алдыңғы қатардағы тығыз-таяң мәселелермен бірге осы халді де қатардағы міндетті жұмыстың бірі деп білулері керек. Себебі бұл хал ел қамқорының алдынан шыққан өзгеше міндетті мәселенің бірі» [65] – деп жазды.

М. Әуезов айтқандай, осы «бір жағынан күрестің аздығы, екінші жағынан саясат тұсауы себеп болуы» кесірінен барып, кеңес өкіметі кезінде Алаш арыстары жаппай қуғынға түсіп, құрбандыққа шалынды, «Сарыарқа» газеті, «Абай» журналы тәрізді елімізді тәуелсіздікке үндеген басылымдар жабылып қалды.

Алаш қаласында, «Алашорда» («Жәрдем») баспаханасынан «Сарыарқа» газеті 1917 жылдың 15 маусымынан бастап екі жарым жылдай уақыт бойына шығып келген болса, ал «Абай» журналының 1918 жылдың ақпаны және қазан айлары аралығында 11 саны жарияланды. Оларға қоса мұнда татар «Мәдениет» қоғамының «Халық сөзі» газеті де жарық көріп келген. Бұл басылымдар, тек 1919 жылы желтоқсанда Семейде кеңес өкіметінің орнауына байланысты өз жұмысын тоқтатты. «Алашорда» баспаханасы, ендігі жерде Семгубревкомның қарауына өтіп, «Сарыарқаның» орнына «Қазақ тілі» (қазіргі «Семей таңы») газеті шыға бастады.

Қорыта айтқанда, кемеңгер Абай идеясынан бастау алған ел мүддесі жолындағы ағартушылық, күрескерлік қызметті алаш арыстары мен Абай шәкірттері Семейлік әдеби ортада өздері дүниеге әкелген ұлттық баспасөзде одан әрі өрістетті. Сөйтіп, ұлттық идеяны кемеңгерлікпен түзу Алаш қозғалысын аспандатты. Дұрыс ұлттық идеяға табан тіреген алаш зиялылары, Абай ізбасарлары, қазақ оқығандары ел қоғамы тарихының жаңа белесіне шықты. Жинақталған тәжірибелері, ұйымдық қалыптасуы, интеллектуалдық әулеті, әдеби-публицистикалық шеберліктері жағынан қазан төңкерісіне дейінгі бүкіл өлкеде, тіпті Орта Азияда да бір де бір саяси-шығармашылық күш бұлармен шың тірестіре алмағаны ақиқат.

Қарастырылған мәселелерге орай мынадай қорытынды тұжырымдар жасаймыз:

Бірінші, ұлттық баспасөздің тууына түрткі болған тәжірибелік және шығармашылық үлгі-өрнектер, ресми баспасөз, мемлекеттік емес басылымдар және жер аударылып келген демократтардың жергілікті кітапханаларға жаздырып алдырған өзге халықтардың прогрессивтік сипаттағы газет-журналдары болды.

Екінші, ұлттық баспасөздің жарыққа шығуына Ресейдегі 1905-1907 жылдардағы төңкерістер мен Абайдың азаттық идеялары зор ықпал етті.

Үшінші, XX ғасыр басындағы ұлт тағдырына қатысты барлық мәселелер мен көкейкесті тақырыптар қазақ көсемсөзінің негізгі өзегі болды.

Төртінші, алаш арыстары мен Абай шәкірттері Семейлік әдеби ортада тудырған басылымдар – XX ғасыр басындағы тұңғыш Тәуелсіз мемлекет Алашорда өкіметінің саяси үні, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің рухани бесігі.

II бөлім

ХАЛЕЛ ҒАББАСҰЛЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІК, ӘДЕБИ- КӨСЕМСӨЗДІК МҰРАСЫ

Өмір мен өріс мектептері

XX ғасырдың алғашқы ширегінде елін бодандықтан босатуды, әрі мәдениетті халықтардың қатарына қосуды өзіне парыз санаған азаматтар тарих сахнасына шықты. Сондай ұлтжанды азаматтардың қатарынан Халел Ғаббасұлы да лайықта орын алады. Сол тарихи кезеңде жарық көріп тұрған «Сарыарқа» газеті Халел Ғаббасұлын мынадай мінездеме арқылы халыққа таныстырған: «Халел студент күнінде-ақ ұлтшыл, жинаған білім қазынасын халыққа таратуды өзіне борыш санаған һәм сол пікірін іспен көрсете бастаған қазақтың үмітті ұлы». Міне, жас та болса оған жұрты мен ұлт жетекшілері артқан сенім үрдісінен шығып, үмітін ақтады ма? Бұл сауалдарға жауап бермес бұрын, ең алдымен, Х. Ғаббасұлының тәлім-тәрбие көрген, білім алған ортасына зер салуымыз керек.

Халел Ғаббасұлы 1928 жылдың 10 қарашасында Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма (ОГПУ) тергеушілеріне берген мәліметтері бойынша 1888 жылы Семей уезінің Шаған болысында дүниеге келген.

1898 жылы Семейге оқуға келіп, бастауыш білімді алғашқыда приход мектебінен, кейін орыс-қазақ мектебінен алады. Содан кейін 1901-1903 жылдары қалалық гимназияда білімін жалғастырады. Гимназияны тәмамдаған соң 1910 жылдың күзіне дейін Сейтен болысында ауыл мұғалімі болады. Сол жылы Мәскеу Мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Алайда, 1911 жылы көктемде студенттер ереуіліне қатысқаны үшін оқудан шығарылады. Бірақ, Халел Ғаббасұлы осы жылы студенттік құқығын қайта қалпына келтіріп, заң факультетінен физика-математика факультетіне ауысуға мәжбүр болған [85]. Басқа факультетке ауысуының себебі – заң саласы бойынша оқитын қазақ студенттеріне Семей облысының губернаторы жергілікті Земстводан бөлінетін стипендияны төлеуді тоқтатқан болатын. Өйткені, губернатор заң факультетінің студенттері қоғамдық, саяси өмірде белсенділік көрсетеді, сөйтіп революциялық пиғылдағы студенттердің ықпалына түсіп кетеді деп қауіптенген. Бұл қауіп Семей облысының губернаторы Тройницкий үшін 1905 жылғы революциялық қозғалыста белсенділік танытқан Ж. Ақбаевтың тәжірибесінен туындаған болатын. Ал империялық мемлекет үшін революциялық ахуал шиеленіскен кезеңде оның тәуелді аймақтарында білімді әрі саяси көзқарасы шындалған азаматтардың көбеюіне мүдделі болмауы заңды құбылыс еді.

Губернатор Тройницкийдің қазақ жастарының жоғары білім алуына кедергі жасауы бұл бір ғана емес. Ол Томск технология институтына түскен Әлімхан Ермековтің да төлемақысыз оқуын «қамтамасыз» еткен болатын. Осындай әкімшілік тарапынан жасалған кедергілерді жеңе отырып, Халел 1915 жыл университетті алтын медальмен бітіріп шығады.

Өзінің тергеу кезінде берген мәліметтеріне қарағанда, саяси көзқарасының қалыптасуына Мәскеудегі студенттік ортасы әсер еткені байқалады. Сол тарихи кезеңде Ресейдегі, әсіресе, Мәскеудегі революциялық қозғалыстардың өршуі көкірегі ояу жастарды бейжай қалдырмасы да анық еді.

Университетті тәмамдағаннан кейін Халел Ғаббасұлы Петроградтағы уақ қарыз ісі бойынша Орталық басқармада есепші (статист) қызметін атқарады. 1916 жылы Семейдегі ауыл шаруашылығына уақ қарыз беру ісімен шұғылданатын Мемлекеттік банктің Семей бөлімшесіне инспектор қызметіне ауысып келеді. Бұл мекеме сол замандағы кооператив, серіктестік сияқты ұйымдарға да кредит беретін. Қыр қазағы «уақ қарыз серіктестігі» деп атаған мұндай банктік кооператив мекемелері Столыпиннің «аграрлық реформасына» орай, қазақ жеріне келіп, қоныс тепкен крестьяндарға (қара шекпендерге) қаржылай несие беру үшін қазақ жерінде 1908 жылдан бастап қаулап өсіп ашылған. Осындай несие кооперативін қазақта ең алғашқылардың бірі болып ашқан – Халел Ғаббасұлы. Оның уақ қарыз серіктестігі 1916 жылдың 18 қыркүйегінде ашылғаны жөнінде «Қазақ» газетінің сол жылғы № 204 санындағы хабарда жазылған. Онда: «Инспектор Халел мырза Ғаббасұлы өзі келіп, қазақтар жиналып, кеңесті. Серіктестіктің түп сомасы 3 мың болмақ, мұны банк бермек. Кредит бір серікке 200 сомнан аздық қылмайды. Залог салғандарға 500-ге шейін ашылады. Бұл күнгі мәжіліске председатель қылып жиылған әлеумет Халел мырзаның өзін сайлады. Серіктік жайын кеңесіп болғаннан кейін правление члендері сайланды. Бұлар Құнанбай Мұздыбайұғлы һәм Мұстақым Малдыбайұғлы, Ғұмар Мәсімкенұғлы».

Халел басқарған Мемлекеттік Банктің Семейдегі бұл филиалының атап айтарлық ең үлкен қызметі – 1918 жылы «Абай» атты әдеби, әлеуметтік журналдың шығуына қаржылай көмек көрсетіп, несие беруі болды. Бұған Жүсіпбек Аймауытұлы: «Осы журналды бастырып отырған уақ қарыз серіктестігі журналдан пайда көрейін, ақша табайын деп шығарып отырған жоқ. Халықтың көзі ашылсын, мағлұмат алып, ағарсын деп, игілік істің бірі деп, ел қамын ойлап шығарып отыр» – деген сөзі дәлел бола алады.

Халел Ғаббасұлы жалғыз «Абай» журналын ғана емес, 1917 жылдары Алашорданың газеті болған «Сарыарқаның» шығуына да қаржылай көмек жасап, біраз уақыт өз серіктестігінің баспаханасында бастырып шығарған.

Сонымен, 1916 жылдары басталған саяси өзгерістер Х. Ғаббасұлының әлеумет істеріне белсенді түрде араласып, өзінің алған білімі мен қайрат-жігерін көрсетуіне мүмкіндіктер ашты. Оның азаматтық ұстанымы сол жылы, яғни 1916 жылы ұлт азаттық көтеріліс кезінде ашылған еді. Қаһарлы 16 жылы халықтың басына күн туғанда, әр жерлерде жазықсыз қан төгіліп жатқанда, Халел Ғаббасұлы Семей уезінде патша жарлығына наразы халықты үкіметтің қарулы әскеріне айыр-садақпен қарсы тұрудың ақылға сыйымсыздығына көздерін жеткізіп, өзінің азаматтық белсенділігімен елін үлкен ойраннан аман алып шықты.

Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің «Таныстыру» атты поэмасында Р. Мәрсеков, М. Боштаев, А. Малдыбаев сынды елге танымал азаматтарға сын көзімен қараса да, Х. Ғаббасұлына оң баға беруі көп жайды аңғартса керек.

Сонымен, Халел Ғаббасұлының саяси көзқарасының қалыптасуына, біріншіден, Мәскеу Мемлекеттік университетіндегі белсенді студенттік ортасы негіз болса, екіншіден, «Қазақ» газеті мен оны ұйымдастырып, қоғамдық пікір таратушы Алаш қозғалысының жетекшілері Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Р. Мәрсеков, Ж. Ақбаев сынды азаматтардың ықпалы күшті болғандығын 1916 жылғы көтеріліс көрсетіп берді.

Ақ патша құлағаннан кейін Әлихан Бөкейханұлы бастаған алаш зиялылары тез арада қазақтың өз съезін өткізбек болады. Тұңғыш қазақ съезі - 1917 жылы сәуірде Орынборда өткен Торғай облыстық съезі еді. Одан кейін айдың соңында Семей облыстық съезі өтеді. Бұны ұйымдастырған қайраткерлердің бірі – Халел Ғаббасұлы. Әлихан Ермеков, Бидахмет Сәрсенов, Сатылған Сабатаев, Райымжан Мәрсеков, Ахметжан Қозыбағаров және Шәкәрім қажы сияқты көптеген қазақ зиялылары осы съезде бас қосады.

Халел Ғаббасұлы басқарған осы съезд қазақ тарихында ерекше орын алады. Себебі, қазақ ұлтының автономиясы туралы, қазақтың мемлекеті туралы ұлы мәселелер ең алғаш рет осы жиында қарастырылған еді.

Бүтін қазақ пен қырғыздың тұңғыш съезі 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынборда өткені белгілі. Алаштың бұл басқосуы ең басты екі үлкен шешімге қол жеткізеді:

- 1) қазақ жерін қазақ ұлтының меншігі деп таниды;
- 2) «Алаш» деп аталатын ұлттық саяси партия құрады.

Жалпы, осы жылдар Халелдің қоғамдық-саяси қызметінің шарықтау кезеңі болғаны аян. Бұл заңды да еді. Өйткені сол кезеңнің саяси оқиғалар толқыны оны пікірлес серіктерімен бірге саясат майданына алып шықты. Бұл кезеңде оның азаматтық болмысы қалыптасып, қайраткер тұлға ретінде таныла бастады. Ол Семейдегі қазақ зиялыларының үркердей тобындағы серкелердің бірі ғана емес, Алаш қозғалысы жетекшілерінің сенімді серігіне, үмітті ізбасарына айналды.

Х. Ғаббасұлы алған білімі мен кәсіби қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес әлеумет істерінде де әрекетшіл адам ретінде көзге түсті. Оның бұл қасиетін қоғамдық-саяси қызметтеріндегі атқарған жұмыстары дәлелдей түседі. Мәселен, 1917 жылғы Ақпан революциясы нәтижесінде патша өкіметі құлап, орнына Уақытша үкіметтің билік органдары келген уақытта, Халел Семей облыстық қазақ комитеті төрағасының орынбасары болып сайланды [86].

Ал сәуір-мамыр айларында Уақытша үкіметтің Семей облыстық Аткару комитетіне енгізіліп, оның президиумына және Облыстық Делегаттар Жиылысының мүшелігіне сайланады [86]. Сонымен бірге Халел Семей облыстық қазақ съезін ұйымдастыру жұмыстарына да белсене араласты. Бұл съезд Семейде 1917 жылдың 27 сәуір - 7 мамыр аралығында өткізілді. Съезд

делегаттары Халел Ғаббасұлын Президиум төрағасының орынбасары етіп сайлады.

Сөзіміз дәлелді болу үшін, «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 19-маусым күнгі № 2 санында жарияланған «Оқшау сөзден» үзінді келтірейік. Бұнда Семей облыстық қазақ съезінің жұмыс барысы берілген: «...Мәжілісті басқарып билейтін адамдар сайланса екен деп Марсеков жамағаттың құзырына тапсырды. Халық бір ауыздан председателдікке: Жақып Ақбаевты, оған серіктікке: Халел Ғаббасұлын, Райымжан Марсековты, Мұқыш Божтаевты және Биахмет Сәрсеновты сайлады. Секретарлыққа Әлмұқан Ермековты, Ыдырыс Оразалинді, Мұстақим Малдыбаевты және Шәріп Ақпановты сайлады...».

«Алаш» партиясының Семей губерниялық комитеті қазан айында ашылды. Онда партияның 15 кісіден тұратын уақытша облыстық комитеті өз жұмысын бастап, төрағасы болып Х. Ғаббасұлы сайланды. Бұл уақытта Ресейдегі саяси партиялардың талас-тартысы ушығып тұрған еді. Соны бастан-аяқ талдап, Халел Ғаббасұлы «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 25 караша күнгі санында «Мемлекет күйі» деген бас мақала жариялайды.

Ал осы «Сарыарқа» газеті Семейде 1917 жылғы маусым айынан бастап шыға бастаған болатын. Өйткені ұлт азаттық жолындағы күрестің, халықтық қозғалыстың қол бастаушылары алғашқы орыс төңкерісінің саяси-әлеуметтік мәнін терең түсініп, тәуелсіз ел болып, өнер-білім жолына шығуды мақсат етіп ұстанды. Алашорда үкіметі құрылып, оның маңына озық ойлы зиялы қауым топтасты. Өз бағыттарын айқындап, сара жолды халыққа жаңылмай нұсқап, адастырмас даңғылға алып шығуға ұмтылған қазақ зиялылары Алашорданың Семей облыстық комитетінің үні болған «Сарыарқа» газетін шығару жұмысын қолға алған еді.

«Сарыарқа» газеті 1917 жылдың 15 маусымынан бастап Семей қаласында қазақ тілінде аптасына бір рет шыға бастаған. Онда халықтың тұрмыс-тіршілігін, елде болып жатқан жағдайларды кеңінен қамтыған мақалалар көптеп жарияланып тұрды. Сондай-ақ, Алашорда үкіметін құру, қазақ мемлекетінің негізін қалау секілді маңызды мәселелер қозғаған саяси мазмұндағы мақалалар да берілді. «Алаш» партиясының қаулы-қарарлары, құжаттары жарық көрді. Бұл орайда Семейдің құрметті азаматы, қаламгер Сейітжан Тәбәрікұлы: «Алашорданың Семей тобының саяси бағдарламасы да осы газетте жарық көрген. Қазақ қайраткерлерінің іс-қимыл әрекеттерімен де оларды жазған мақалалары арқылы тікелей тануға болады» [87, 46 б.], – деп жазады. Сәкен Сейфуллиннің: «Семейде шыққан «Сарыарқа» газеті – Алаштың тілі болды» [36, 362 б.], – деген сөзі тарихи ақиқат.

Осы алаш арыстарының қатарында Халел Ғаббасұлы 1917 жылы маусым айынан Семейде шығарыла бастаған «Сарыарқа» газетінің ұйымдастырушысы, әрі редакторларының бірі болды. Сонымен бірге ол осы газетте саяси өмірге қатысты мақалаларын жариялап тұрды. Азаматтық қарсыласу жылдары Семей облыстық қазақ комитеті мен «Алаш» партиясының облыстық комитетін құру, жергілікті земстволық басқару жүйесін енгізу, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау,

«Сарыарқа» газетін ашуға қатысты істерді Әлихан Бөкейханұлы, Райымжан Мәрсеков, Әлихан Ермеков, Мәннән Тұрғанбаев, Ахметжан Қозыбағаров және тағы басқалары тізе қосып қатар жүрген Халел Ғаббасұлы еді. Мәселен, оның осындай түрлі қоғамдық-саяси қызметі мен газет редакциясын басқаруына байланысты мынадай бір деректерге – Ресей Ғылым Академиясының академигі В. Лашин мен профессор М. Шиловскийдің «Сибирские автономисты и деятели «Алаш-Орды» мақаласында 1917 жылдың 8-17 қазаны аралығында Томск қаласында Сібір автономистерінің идеялық көсемі Г.Н. Потаниннің ұйымдастыруымен өткізілген бірінші Сібір облыстық съезіне қазақ автономиясы мәселесі бойынша Әлихан Бөкейханұлымен бірге Семей облысынан барып қатысқан ұлт зиялылары туралы:

«1. Габбасов Х.А., 29 лет, киргиз, беспартийный, делегирован Семипалатинским областным киргизским комитетом, окончил Московский университет, редактор газеты; 2. Ермеков А.А., 25 лет, киргиз, беспартийный, делегирован Каркаралинским областным киргизским комитетом, студент 5-ого курса Томского политехнического университета; 3. Марсеков Р.М., 39 лет, киргиз, беспартийный, делегирован Семипалатинским областным киргизским комитетом, образование высшее, юрист» [88, 27 б.], – деп атап көрсетілген.

Ал, осы тарихи оқиғаны Сұлтанмахмұт Торайғыров «Сарыарқа» газетіндегі «Әлиханның Семейге келуі» мақаласында: «Кешке жақын Семейде, 21 октябрьде, бұрынғы жандарал мекемесі, «Бостандық үйіне» қарай топ- тобымен ағылған қазақ еді. Семинаристер бір рет, гимназистер бір рет, курсистер, мұғалімдер бір рет, саудагерлер, қырдан келгендер де бар. «Сегіздегі бала, сексендегі шал да қалмай» дегендей, тойға бара жатқандай бәрінің де мерейлері үстем, еңселері көтеріңкі, жүздері жарық, көздерінен, қозғалыстарынан қуанғандықтары көрініп тұрушы еді. Бір-біріне жолыққанда қуаныштан аман-сәлемді де ұмытып, сөздері: «Поезд, қашан келеді деу ғана» еді. Бұлар сенімді тосады?» дей келіп, әлгі қарақұрым қаптаған халықтың асыға күткені Алаштың көсемі Әлихан Бөкейханұлы еді. Оны поездан Мұстақым Малдыбаев пен Иманбек Тарабаевтың қарсы алғанын, ал қалың бұқара атынан Ахметжан Қозыбағаров, учительдер одағы атынан Мәннан Тұрғанбаев, семинаристер атынан Жүсіпбек Аймауытов түрлі құттықтаулар білдіріп, өзінің өлең оқығанын, сонан соң ертеңінде елдің Алаш қаласына барып, Әлихан мен Әлімханның Сибирь съезінде сөйлеген сөздерін тыңдағанын айтады. Сондай-ақ, қазақ автономиясы туралы үлкен әңгіме болғанын, ақырында Әлихан Бөкейхан, Райымжан Мәрсеков, Имам Әлімбековтердің сайлау туралы қыздыратын сөздер айтып, жиналған жұрттың:

Алаш туы астында,
Куә болсын арымыз.
Көркейтуге Алашты,
Құрбандық біздің жанымыз!
Былай тұрсын малымыз!

Алаш деген ел үшін,
Сарыарқаның жері үшін,
Бостандық берген ер үшін,
Төгілсін біздің қанымыз!
Аялмасын барымыз!
Жасасын, Алаш, жасасын! –

деп, көңілі босап, қуаныштан көздеріне жас алып тарағанын жазады [89].

Осындай қоғамдық-саяси мәселелерді көтерген мақалаларды Халел Ғаббасұлы да жазды. Мәселен, оның 1918 жылдың 28 қаңтарында «Сарыарқа» газетінде шыққан «Алаш автономиясы» мақаласында: «Қазақ-қырғыздың уақытша үкіметі – «Алаш-Орда» Алаш қаласына келіп, Алаш автономиясын жариялағаннан кейін қазақ-қырғыз балалары бағынған үкіметімізді осы деп сеніп, ант беріп, басқа үкіметті танымай, өз үкіметінің әмірін екі қылмай орындауы керек. Жұрт жұмылуының белгісі осы» [90], – дей келіп, сөзін Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Алаштың әнұраны» атты өлеңінің:

Алаш туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз!
Енді ешкімнің Алашты
Қорлығына бермейміз!!
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз,
Жасайды, Алаш, өлмейміз.
Жасасын, Алаш, жасасын! –

деген жыр шумақтарымен аяқтайды.

Сонымен Семейдегі Алаш арыстары Абайдың ізбасар шәкірттері ұйытқы болып, ұлттың өз билігін өз қолына алып, дербес даму жолында күресіп жатқан кезеңде Семей облыстық Делегаттар Жиналысының атқарушы органы Халел Ғаббасұлын Облыстық Комиссариат құрамына сайлайды. Сөйтіп осы облыстың Комиссариат тапсырмасымен Зайсан уезінде комитет, сот, земство мекемелерінің сайлауын ұйымдастыру істерін шешу үшін ол комиссар болып тағайындалады [86]. Семей облыстық Делегаттар Жиналысының мүшесі ретінде Жиналыс жанындағы қаржы-есеп, тексеру, банктік тексеру комиссиясының құрамына ене отырып, өзінің ұйымдастырушылық қырымен де таныла бастады. Қазақ комитеті мен басқа да облыстық билік органдарында шындалған тәжірибесі мен іскерлік қабілетінің көрінуіне орай Халел Ғаббасұлын Алаш жетекшілері Алаш партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай Жиналысына депутаттыққа ұсынады [91].

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында өткен ІІ жалпы қазақ съезіне Семей облыстық Қазақ комитетінің өкілі ретінде делегат болды. Бұл съезде Алаш автономиясы жарияланып, оның үкіметі – Алашорда Ұлт Кеңесі құрылған соң Х. Ғаббасұлының Кеңес төрағасының орынбасарлығына сайлануы оның беделі мен оған артылған сенімнің деңгейі қандай дәрежеде болғандығын айғақтаса керек.

Халел Ғаббасұлы қаржы және ұлттық милиция жасақтау бойынша комиссияларда жұмыс атқарып, баяндама жасаған. Съезд барысындағы пікірталастарға батыл араласып, автономия жариялау мәселесіне қатысты қалыптасқан екі ағымның бірі – Ә. Бөкейханұлы ұсынған бағытты қолданған. Бұл бағыт бойынша автономия жариялауды кідірте тұру ұсынылған. Ал Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтар автономияны дереу жариялау қажет деген ұсыныстарын білдірді [85]. Съезд өте күрделі пікірталастардан кейін бір ортақ шешімге келіп, Алаш автономиясы мен Алашорда Уақытша Ұлт Кеңесі құрылғанын жариялады.

Халел Ғаббасұлының баяндауы бойынша 1918 жылы ақпан айының соңында Семейде өкімет билігі кеңестердің қолына өткен. Кеңестер билікке келгеннен кейін өткізілген жиында Х. Ғаббасұлы Семей облыстық шаруа, жұмысшы, солдат, қырғыз-қазақ және казак депутаттарының Кеңесі төрағасының орынбасары болып сайланады. Кеңес құрамына Халелден басқа Алаш партиясының белсенділері Биахмет Сәрсенов (халыққа білім беру комиссарының орынбасары), Әубәкіров (почта, телеграф және жол байланысы бөлімі бастығының орынбасары), И. Әлімбеков (еңбек бөлімі төрағасының орынбасары), М. Боштаев (сот ісі бөлімінің мүшесі), Ы. Оразалин (азық-түлік бөлімінің мүшесі) енгізілген.

Оларды Кеңестік билік органдарына арнайы есеппен енгізген. Себебі, большевиктік режим орнағаннан кейін ұлт зиялылары кеңестік билік органдарымен ымыраға келе отырып, қызмет етуге мәжбүр болды. Алаш жетекшілері Кеңес үкіметінің де ұлттық мемлекеттікке қарсы екеніне көздері жеткен соң, оның билік жүйесіне өз өкілдерін енгізе отырып, большевиктер саясатының түпкі мәні, күйі, идеологиясы жөнінен мәліметтер алу, Кеңестердің ішінде іріткі ұйымдастыру, олардың саясатының алдын орай, елге шығармау мақсатын көздегені де шындық. Бұндай саяси әдісті алаш жетекшілері кеңінен қолданғанын құжат деректері де айғақтайды.

Мысалы, Кеңес өкіметінің Семей губерниялық төтенше комиссияның 1920 жылғы 7 шілдеде берген анықтамасында былай деп көрсетіледі: «По имеющимся в Губина данным гарждане Раимбеков, Оспанов и Алимбеков состояли в нелегальной офицерской организации. В 1918 году были искусственно введены в Совет для того, чтобы сообщать те или иные тайные решения Семипалатинского Совдепа».

Большевиктердің ұсынған революциялық ұрандары қазақ қоғамы үшін өміршең еместігін ұлт зиялылары түсінді. Оны Х. Ғаббасұлы мына пікірімен дәлелдеген: «Большевиктер көсемі Лениннің 2 әмірі – жер-су, өлі құрал, тірі құралымен жер комитеттері арқылы еңбек қуған жұрттарға бөлініп берілсін деген. Бұл үстіміздегі заманда өмір жүзіне орын тебе алмайтын әдемі ғана құр сөз. Жұрт бірімен-бірі пышақтасар, бірақ барын ортаға салып жөншілдікпен бөлісіп, алыспас: түптің түбінде бұл іске алар, бірақ осы күнде емес. Біздің ойымызша ол мақсат өмірдің ағысына лайықты заңдарға тіреліп, ресімге айналып барып, бірте-бірте жақындамақ» – деп, эволюциялық даму жолын құптаған. Оның социализм идеяларына қатысты көтерген ойларының

негізсіз болмағанын Кеңестік дәуірдің тарихи тәжірибесі дәлелдеп бергені мәлім.

Қазақ төңкерісінен кейін орнай бастаған Кеңес билігі Алашорданың кең канат жаюына әрі оның жергілікті жерлердегі бөлімдерінің құрылу барысына үлкен тежеу болған. Алаш автономиясының орталығы ретінде Семей қаласының белгіленуі және 1918 жылы 18 қаңтарда большевиктердің Орынборды басып алуы Ұлт Кеңесіне мүше болған зиялылардың негізгі бөлігін Алаш қаласына шоғырлануға мәжбүр етті. Алаш жетекшілері социализм идеяларын қабылдай алмаса да, большевиктерге қарсы күресуге дәрменсіз болғандықтан және елді азамат соғысынан аман алып қалу үшін олармен өзара ымыраға келе отырып, Алаш автономиясын Кеңес үкіметіне ресми түрде мойындату жолында саяси күрес жүргізді.

Халел Ғаббасұлының қоғамдық-саяси белсенділігі алаш үкіметінің төрағасының орынбасары болған кезінде барынша өрістеді. Себебі бұндай лауазымды қызметтің салмағы мен жауапкершілігі саяси белсенділікті талап етті. Сонымен бірге, оның білімі мен қайраткерлігін көре білген ұлт жетекшілері оған аса жауапты іс-шараларды жүктеді. Мәселен, Кеңес үкіметі мен Алашорда арасындағы телеграф арқылы 1918 жылы көктемде келіссөз жүргізуді Х. Ғаббасұлына тапсырды. Сталинмен жүргізілген бұл келіссөздер туралы Халел Ғаббасұлы НКВД тергеушілеріне берген жауабында былайша сипаттаған: «Біз 1918 жылы көктемде жергілікті Кеңестер бөлімінің іс-әрекеттерін айыптап Орталық үкіметке арыздар жіберген едік. Себебі олар барлық ұлттық мекемелерді жойып, зиялы қауым өкілдеріне қарсы репрессиялық шараларды кең түрде қолданған еді. Міне, осы арыздарға байланысты Мәскеуден телеграф арқылы келіссөзге шақырылды. Бұл кезде Бөкейханов қуғыннан Семейде жасырынып жүргендіктен, оған көзге түсуге болмайтын болды. Сондықтан, Қазақ комитеті (Бөкейханов та қатысты) келіссөздер жүргізуді маған тапсырды. Келіссөз барысында Сталинге жергілікті Кеңестердің қызметін айыптаған мәліметтерді растап, Кеңес өкіметінің ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы декларациясына сәйкес тез арада сол идеяны жүзеге асыруын талап еттім.

Мен 14 пункттен тұратын талаптарды жеткіздім. Олар негізінен Совдеп таратқан қазақ мекемелерін қайта қалпына келтіру, Кеңес өкіметінің шеңберінде ұлттық автономия жариялау, тұтқындалған қазақ азаматтарын босату, т.б.

Сталиннің жауабы бізден Кеңес өкіметін мойындауымыз қажет деген арнада болды. Егер біздің талаптарымыз мойындалса, автономия жариялау үшін Құрылтай жиналысын даярлауға кірісу керек деп ескертті. Одан әрі ол Орынборда өткен ІІ жалпы қазақ съезінің шешімдері Кеңес өкіметінің ұлттық саясатының шеңберіне толық сәйкес келеді деген пікірін білдірді. Сонымен бірге жолдас Сталин облыстық Кеңеске Құрылтай съезін даярлауға және тұтқындалған азаматтарды босатуға бұйрық беруге уәде етті.

Осы келіссөзден кейін Сталинге Кеңес өкіметін мойындайтынымызды білдіріп, ал Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтарға Орталық үкіметте біздің өкіліміз болатыны жөнінде телеграф арқылы хабар жолдадық. Бұл

телеграммалар Бөкейханов, Омаров, Мәрсеков, Ермеков, Сәрсенов және мен Ғаббасұлы қатысқан Кеңестен кейін жолданған еді. Бұл келіссөздерді Алашорда Кеңесінің іс-шараларының бірі ретінде қарастыру керек» [85] деп атап көрсетеді.

Кеңес өкіметінің жергілікті билік органдарында жауапты қызмет атқарған ұлт зиялылары большевиктік саясаттың ішкі мәнін түсінген соң, Әлихан Бөкейханұлы бастаған арыстар Кеңес өкіметіне қарсы күресу үшін саяси одақтас іздей бастады. Бұл жөнінде де Халел Ғаббасұлының НКВД тергеушілеріне берген жауабында: «1918 жылдың сәуір айында Семейге Омбыдан Хамит Тоқтамышев келгеннен кейін Кеңес билігіне қарсы ұйымдармен байланыс орнатты. Сонымен бірге оны біз Қазақ комитетіне жұмысқа орналастырған едік.

Ол Семей қаласында Кеңес билігіне қарсы екі ұйымның бар екенін бізге айтты. Бірі офицерлік, екіншісі социалистік. Облыстық Совдеппен арамыздың шиеленісуіне байланысты біз Қазақ комитетінің Кеңесінде осы екі ұйымның бірімен байланысуын қажет деп таптық. Тоқтамышевтың мәліметі бойынша бұл ұйымның жетекшілері Сібірде және оның платформасы бойынша ұлттардың өзін-өзі билеу құқын беру туралы айқындамасы бар екенін білдірді. Бұл Кеңестен кейін аталған ұйымның әскери бөліміне Х. Тоқтамышев пен Р. Мәрсековты, ал азаматтық бөліміне Б. Сәрсенов пен И. Әлімбаевті енгіздік» [55, 316 б.], – деген мәліметтері бар.

Облыстық және уездік Алашорда Кеңестерін құруда, Алаш әскерін жасақтау ісінде Халел Ғаббасұлы белсенді рөл атқарды. Сонымен бірге қоғамдық өмірдің маңызды салаларын реттейтін «Ұждан, сөз, баспасөз, жиылыс, одақтардың еркіндігі мен жеке адам бостандығына қол сұқпау туралы» [43, 28 б.], «Земство туралы» [43, 43 б.], «Темір жол туралы» [43, 52 б.], «Мемлекет салығы туралы» [43, 81 б.], «Қазақ соттары туралы» [43, 93 б.], басқа да қабылданған заңдарды Алашорда Ұлт Кеңесінің төрағасы Ә. Бөкейхан мен М. Тынышбаев және Х. Ғаббасұлы қол қойып бекіткен.

Алашорда үкіметіндегі қызметімен бірге Халел Ғаббасұлы өз ісін қайта бастаған Семей облыстық Земство басқармасында да белсенді жұмыс атқарды. Дерек көздеріне қарағанда Р. Мәрсеков, Х. Ғаббасұлы, Ә. Сәтбаевтар Земствоны қазақ халқының мүддесіне сай жұмыс істетті. Мәселен, 1918-1919 оқу жылының екінші жартыжылдығы үшін Земство стипендиясын бөлу туралы құжатқа «қажетті қаржы бөлінсін» деген резолюцияға Халел қол қойған. Бұл құжатқа назар аударғанда стипендия алатын студенттер мен оқушылардың басым бөлігі қазақ жастары екен. Олардың ішінде елге танымал бола бастаған М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Ы. Мұстамбаев бар еді. Сонымен бірге жер мәселесінің өте күрделілігіне байланысты Земство жанынан Жер комитеті (Х. Ғаббасұлы 1918 жылдың шілде айынан 1919 жылдың желтоқсан айына дейінгі кезеңде төрағасы болған), кейін Жер мәселесі бойынша Кеңес құрылды. Облыстық жер Кеңесінің төрағасы болып Р. Мәрсеков сайланды. Жер дауы бойынша арызданған азаматтардың мәселелерін аталған комитет пен кеңес реттеп отырған. Бұл органдар ең

алдымен жерге байланысты қысым көрген қазақ халқының мүддесін қорғағанына күмән болмаса керек. Мысалы, 1919 жылы 9 мамырдағы Кеңес отырысында Белағаш өңірінің қазақтарын қазыналы жерден көшіруге орай оларды күзге дейінгі көшіруді тоқтата тұруын сұраған өтінішін қанағаттандырып, ал қазақтарды көшірген жағдайда оларды міндетті түрде жермен қамтамасыз ету қажет деген шешім шығарған. Сондай-ақ, Халел Ғаббасұлы қазақ соттарын ашудың тиімділігін және қазақ халқы үшін аса қасиеттілігін Уақытша Сібір үкіметіне де, Колчак үкіметіне де үнемі дәлелдеп, оны ашудың барлық амалын қарастырған.

Міне, Х. Ғаббасұлының сол тарихи кезеңде атқарған қызметінің ауқымына назар аударсақ, қолда бар дерек көздері оның езілген елі үшін нардың жүгін көтерген азаматтығын танытады. Оның халқы үшін атқарған қызметі осымен ғана шектеліп қалған жоқ еді. Елдегі азамат соғысынан кейін түпкілікті орнаған Кеңес өкіметінің жауапты билік органдарында да жалғасты. Большевиктердің идеяларын мойындай алмаса да, сырттан танылған зорлықшыл күресті тануға мәжбүр болды. Ал Кеңес өкіметінің ұстанымдарын мүлде қабылдай алмаған Мұстафа Шоқай Түркияға, одан әрі Францияға эмиграцияға кетіп, большевизмге қарсы идеологиялық күрес жүргізсе, Халел Ғаббасұлының үзенгілес серігі болған Райымжан Мәрсеков Қытайға кеткен болатын. Ал, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялылары күрестің басқа жолын таңдаған еді. Бұл турасында Жүсіпбек Аймауытовтың НКВД тергеушілеріне берген жауабында былай деген: «1921 жылы қыста Ысқақов пен Сәсеновтің пәтерінде Семейдегі партия қатарындағы және партияға кірмеген қызметкерлердің, Алашорда қайраткерлерінің жиналысы болды. Соңғыларынан Дулатов, Ғаббасұлы, Тұрғанбаев қатысты. Ал партия қатарындағылардан Ғ. Ысқақов, Тәтібаев және басқалар қатысты. Бұл жиналыста төрағалық еткен мен едім. Қазақ қызметкерлерінің Коммунистік партия мүшелігіне кіру туралы мәселені талқылай келе, Дулатов қазақ қызметкерлерінің жауапты орындарда жұмыс істеуіне мүмкіндіктер туғызу үшін қазақ қызметкерлерінің бәрі міндетті түрде партия қатарына кіруі қажет деген қорытынды жасадық» [92].

Сонымен бірге Ахмет Байтұрсынұлы алаш жетекшілері қай өкімет империялық пиғылдан аулақ болса, дереу сол үкіметтік құрылыммен қарым-қатынас орнатуға тырысқанын атап көрсетеді [93].

Осылайша Х. Ғаббасұлының елі үшін қызметі қандай моральдық-психологиялық қысым жағдайында жүрсе де Кеңестік билік органдарында жалғасын тапты. Бұл жайды біз Халел Ғаббасұлының ғұмыр тағдырына қатысты мұрағат деректері негізінде толық баян етейік. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатындағы Халел Ғаббасұлының жеке ісінде мол деректік мағлұматтар бар [94].

1926 жылғы 15 наурызда толтырылған анкетада оның 15 ақпаннан бастап Халық комиссарлары советінің (Совнарком), Мемлекеттік жоспарлау комитетінің (Госплан) қаржы-экономика секциясының меңгерушісі болып қызмет істегені, еңбекақысы айына 300 сом болғаны көрсетілген. «Үйленген, екі қызы бар» деп жазылған анкетада.

1926 жылдың 3 маусымында Халел Ғаббасұлы екі ай мерзімге кезекті еңбек демалысын алады. Осы уақытында ол бала-шағасымен Семейге, одан әрі Шыңғыстауға, ағайын-туғанының ортасына барып демалуға ниет қылады. Бірақ белгісіз себеппен Семей қаласында Халел тұтқынға алыныпты. Басты себеп мынада деп ойлаймыз: 1920-21 жылдары Х. Ғаббасұлы Семей губерниялық ревком басшыларына қарсы шығып, мәжілісте іс жоспарларының түп астарын әшкерелей отырған. Отаршы коммунистердің алаш баласын басынып, жер-суын өзге ұлтқа тартып алып беріп жатқан іс-әрекетіне ұлт қайраткері шыдай алмаса керек. Осындай «жиренсіздігі» үшін Семейден қуылған Халел арада бірнеше жыл өткен соң елді көрем деп келіп, сонау қара күзге дейін кете алмайды. Оның негізгі себебін мұрағатта сақталған мына бір жеделхат ашып көрсетпек:

«ҚазССР Мемлекеттік Жоспарлау комитетіне. Қызылорда қаласына хабарлаймын. Мемлекеттік жоспарлау комитетінің қаржы экономика секциясының меңгерушісі Х. Ғаббасұлы менің өндірісімдегі «Алаш аудандық Одағындағы қызметі» қылмысты ісіне оның қатысы болуына байланысты Қылмыстық кодекстің 128-бабы, 1-бөлімі бойынша айыпкер ретінде ұсталды. 1926 жылдың 5 қазанындағы менің қабылдаған қаулымының негізінде ол Семей қаласындағы ісі бойынша тергеу біткенше жіберілмейді. Семей губерниялық сотындағы аға тергеуші Туркин. 6.10.1926 ж.» [43].

Бұдан кейін Х. Ғаббасұлының өзі де сол кездегі астана Қызылордаға мына мазмұндағы жеделхатын жолдайды: «Қызылорда. Ақсаевқа. Совнарком төрағасына мені тергеуші ұстап, ешқайда кетпеуім туралы қолхат алып, жібермей отырғанын айтып, екі рет жеделхат жолдаған едім. Жағдайымның не болары әзірге белгісіз, сотқа дейін ұстайтын шығар деп ойлаймын. Осы жеделхаттарды алғаныңыз жөнінде бір хабар беріп, Сәтбаевтың мекен-жайына жіберсеңіз. Ғаббасов» [43]. Халелдің Сәтбаев деп отырғаны – Қаныш Сәтбаевтың ағасы, губерниялық оқу бөлімінің бастығы Әбікей Сәтбаев.

Тағы бір жеделхаттың мәтіні мынадай: «ҚазССР Халық Комиссарлары Советіне. Сіздің тарапыңыздан Алаш аудандық Одағы басшыларын және «Өрнек» серіктестігін айыптау ісіне қызығушылық тууына орай Республика прокуратурасы сізге ақпар беру мақсатында 11 қазандағы № 43118 өкімімен Семей губерниялық прокуратурасынан қадағалау тәртібі бойынша қылмыстық істі сұратып отыр; егер қылмыстық іс тындалуға және қайта қаралуға бекітілген болса, сот процесі үзіліп қалмақ. Сондықтан прокуратура қылмыстық істің мәні, квалификациясы мен саяси жағы жөніндегі нақты баяндамасын жіберумен шектелуі де ықтимал. Үшінші Саяси бөлімнің меңгерушісі Александровский. ҚазССР Әділет халық комитетінің прокуроры Сұлтанов» [43].

Осыған орай Х. Ғаббасұлы Госплан төрағасына жазған арызы да сақталған. Онда оның: «Мен кезекті демалысымнан Қызылордаға 19 қарашада келдім» [94], – деп жазған сөздері бар. Соған қарағанда Госплан төрағасы да, Халық комиссарлары кеңесі де Х. Ғаббасұлына қолұшын созса керек, оған: «Семей губерниялық оқу бөліміне. Сәтбаевқа. Әділет Халық комитеті Ғаббасовтың ісін талап етіп отыр. Совнарком Орталық атқару

комитеті. 1 қараша, 1926 жыл. Қызылорда» [94], – деген мәтіндегі жеделхат дәлел бола алады.

Осы шырғаланнан әупірімдеп жүріп, әрең басын арашалаған ол қайтып келіп, бұрынғы қызметін жалғастырады. Кейін, 1927 жылдың 18 шілдесінде бір айға еңбек демалысын алып, елге барып келгенде Халелді тағы бір озбырлық күтіп тұр еді. Алдымен Госплан төрағасына өз қолымен жазған өтінішін оқып көрелік. Онда ол: «Мен демалыстан 6 қарашада келдім. Бұлай кешігіп келуімнің себебі, бұдан бұрын жіберген жеделхатымда айтылғандай, әкемнің қайтыс болуы мен ауылдан шыққан кезімде әйелімнің қатты ауырып қалуына байланысты болды. 7.10.1927 ж.» [43].

Басына қайғылы күн туып, алыстан арын-ашып, ел астанасы Қызылордаға келген бір кездегі Алашорда қайраткерін енді үйінен қуып шықпақ болыпты. Бұл жайлы Х. Ғаббасұлы былай деп жазған. «Совнарком іс жүргізу басқармасына. Госплан президиумының мүшесі Х.А. Ғаббасовтан өтініш. Кеше мен төтенше комиссияның өзім тұрып жатқан екі бөлмелі пәтерімді үш тәуліктің ішінде босатып беруді сұратқан қатынас қағазын алдым. Ол комиссияның шешім қабылдауға алған негізі: мен жалғыз басты екенмін. Жоқ, менің шаңырағымда 15 адам бар. Оның үстіне әйелім сырқат. Пәтерімнің мекен-жайы: Шумилев көшесіндегі Совнаркомның үсті, 1-үй, 1-пәтер. 26.11.1927 жыл» [94].

Сөйтіп Халел Ғаббасұлы сынды Алашорда үкіметінің басшыларына 1919 жылы Ленин өз қолымен заң жүзінде кешірім жасағанымен, іс жүзінде жоғарыда айтылғандай түрлі қитұрқы жалалармен қудалау, қысым жасау, қызметтен шеттету басталды. Социалистік қоғамға жат элементтер деген желеумен оларға жиі сенімсіздік көрсетіліп, заң, құқық қорғау органдарының кара тізіміне ілікті.

Бұл қуғын-сүргін шаралары 1928 жылы 27 тамызда Қазақ Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен ірі байлардың дүние-мүлкін тәркілеу ісі қолға алынған кезде жаппай жүргізілді.

Сөйтіп, осы кезде Алашорда оппозициясын халық көтерілістері мен қозғалыстарының дем берушісі және ұйымдастырушысы болады деп қауіптеніп, оларды түрмеге қамауды ұйғарды.

1928 жылы 16 қазанда Семей қаласында ГПУ қызметкерлері Республиканың Мемлекеттік жоспарлау алқасының мүшесі, бұрынғы Алашорда үкіметінің басшыларының бірі Халел Ғаббасұлын тұтқынға алды. Оған: «Биылғы жылғы 27 тамыздағы Қазақ ОАК декретіне сай байлардың дүние-мүлкін тәркілеуді жүргізу жөніндегі науқанды болдырмау және бұл саясатқа қарсы бағытталған әрекеттерді жасаушы» [94], – деген айыптар тағылды. Құжат соңында Х. Ғаббасұлының өз қолымен жазылған: «Бұл қаулы маған хабарланды, өзімді кінәлімін деп есептемеймін» [94], – деген сөйлем тұр.

Қызылорда қаласында Алаш қозғалысының бұрынғы белсенді мүшесі, қазақ драма театрының директоры Дінмұхамед Әділов тұтқынға алынды. 1928 жылы желтоқсанда басталған тергеуде ГПУ тергеушілері Д. Әділовтен Алашордашылардың кеңестік уақытта жүргізген контрреволюциялық

әрекеттері туралы істі ұйымдастыруға қажетті негіз болатын жауаптарды қинау әдісімен алуға қол жеткізді. Істе 1921 жылдан бастап жүргізіліп келе жатқан Алашордашылар құрған астыртын контрреволюциялық ұйымдар туралы бір-біріне қарама-қайшы келетін және күмәнді жауаптар пайда болды. Д. Әділовтің еш жерде расталмаған жауаптарының негізінде Алаш қозғалысының басшылары мен белсенділері бастаған 44 адам қамауға алынды. Олардың ішінде А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, М.Есболов, Х. Ғаббасұлы, т.б. болды.

ГПУ алқасының 1930 жылғы 4 көкектегі қаулысымен осы 44 арыстың 13-і ату жазасына, 14-і 10 жылға концлагерлерге, 15 адам 3 жылдан 6 жыл аралығына дейінгі мерзімге қамауға алынып, 2 адам тергеу барысында қаза тапты. Солардың бірі Халел Ғаббасұлы 1931 жылы Мәскеу түрмесінде жазықсыз жаланың құрбаны болды [94].

Монографиямызда арнайы қарастырылған Халел Ғаббасұлының ұлтжанды қайраткерлік ғұмырбаянының әдеби-көсемсөздік мұрасын оның Алаш қозғалысы және «Сарыарқа» газетіндегі еңбектерімен байланыста ала отырып, мынадай қорытынды пікірлерге топтастырдық.

Бірінші, Халел Ғаббасұлының шәкірттік, студенттік шақтардағы қоғамдық-саяси күреске араласуы – болашақ Алаш арысының ұлт азаттық жолындағы шындалу мектебі болды;

Екінші, Халел Ғаббасұлының ұлтжанды қайраткер азамат болып қалыптасуына Мәскеу университетіндегі студенттердің саяси ереуілі, халқының бодандық бұғаудағы тарихы мен күйі әсер етті.

Үшінші, алаш арыстары мен Абай тағылымының ұйытқысы болған Семейлік әдеби, қоғамдық-саяси орта оның санасына азаттық танымдарын ұялатты.

Төртінші, Халел Ғаббасұлының әдеби-көсемсөздік мұралары – ұлттық элитаның саяси-қоғамдық көзқарастарының айнасы және ұлттық әдеби-публицистикалық жанрдың жиырмасыншы жылдардағы көркемдік жетістіктерінің көрсеткіші.

Алаш қозғалысы аясындағы Халел Ғаббасұлының ғұмырбаяны, ұстанымы, қайраткерлік қызметі

Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, Алашорда үкіметінің Семей облысынан сайланған мүшесі, автономиялық өкімет басшысы Әлихан Бөкейханның орынбасары, ұлтжанды қайраткер, жалынды саяси публицист, Алашорда өкіметінің үні «Сарыарқа» газетінің редакторы, Алаш баспасөзін тудырып, дамытушы, ұйымдастырушы, ұлттық интеллигенцияның көрнекті өкілі Халел Ғаббасұлы 1888 жылы Семей қаласында ауқатты отбасы шаңырағында дүниеге келген. Арғы аталары - Семей өңіріндегі тобықты руы ішінде тұрған тарақты сойынан. Бірақ белгілі бір себеппен (сірә, саяси) тегін «татар, кірме төлеңгіт» деп көрсеткенін де білеміз.

Бұл жайлы 1928 жылы 28 қазанда ОГПУ тергеушісіне берген жауабында Халелдің өзі былай деген: «Менің ата-анам мал шаруашылығымен айналысты. Семей губерниясының Шаған болысында олардың әуеліде дәулетті жеке шаруашылығы болды, кейін тәркіленіп, кедейге айналды.

Арғы ата-тегім – татар, ұста болған. Осыдан 200 жыл бұрын Шаған болысына көшіп келген. Ғаббасовтарды тобықты руына қарайтын адамдар төлеңгіт есебінде кірме етіп алған. Төлеңгіт – бұл қоғамдық жік, сұлтаннар мен төрелердің қызметшісі ретінде қалыптасқан. Менің ата-бабам сондай кірме дәрежесінде өмір сүрді» [85].

Қазақы жөнмен келгенде Х. Ғаббасұлының сүйегін қайраткердің немере інісі, бүгінде Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы, Қарақол ауылында тұратын зейнеткер Берікбол Баязитұлы аузынан жазып алғанбыз («Ғаббас атамыздан Ахметжан, Баязит туады. Ахметжаннан – Халел, Баязиттен – Берікбол. Сойымыз – Тарақты, оның ішінде Әлі»). Міне, осы дерек жоғарыдағы мұрағат мәліметіне жарық түсіреді.

Энциклопедиядан бастап, өзге көпшілік әдебиеттерде жалпылама мәнде ұлты – қазақ, Семей уезінің Шаған болысында шаруа отбасында дүниеге келген деп жазылып жүр [96, 318 б.]. Алайда, бұл жай нақтылық үшін керек демесек, алаш арысы ғұмырбаянының тағылымды мәнін тануда маңызды рөл атқармасы анық.

1848-1909 жылдар аралығында ол алғашқы бастауыш білімді приходская школадан алып, кейін орыс-қазақ (русско-тюземная школа) мектебінде, одан соң Семей ерлер гимназиясында оқыды. Жалпы Халел Ғаббасұлының 1901 жылдың 15 тамызынан 1909 жылдың 2 маусымы аралығында Семей ерлер гимназиясында оқып, оның 8 класс курсына толық оқып біткені анық. Бұл орайда Халелдің мұрағаттық ресми құжаттарында және Марат Әбдешевтің жинағында [96, 26 б.], – нақты жазылған. Ал, оның приходская школа мен орыс-қазақ мектебінде оқыған жылдары тиянақтауды қажет етеді.

Біз жоғарғы тарауларда Халел Ғаббасұлының қоғамдық-саяси көзқарасы оның 1910-1915 жылдарда Мәскеу университетінде оқып жүрген кезеңдерде толық қалыптасты деген едік. Ал бұл көзқарастың туу негізі әріден, осы Семей ерлер гимназиясында оқыған жылдарында басталған болатын. Өйткені, барша алаш арыстарының ұлттық идеясының басты нысандарының бірі – ұлттық мүдде аясындағы қазақ жерінің тағдыры ХХ ғасыр басындағы елдің мәдени орталықтарындағы қазақ зиялылары мен жер ауып келген демократтар тарапынан көтеріліп, айтыла бастаған. Бұл тұрасында Х. Ғаббасұлы 1928 жылы 14 қазанда НКВД тергеушісінің сұрағына орай берген жауабында: «Революциялық қозғалысқа гимназияның 5 сыныбында оқып жүргенде, яғни, 1905 жылдан қатыса бастадым. Семей гимназиясында Бишебаев ұйымдастырған үйірме болды. Менің көзқарасыма әсер еткен 1905 жылғы оқиға. Гимназиядағы үйірмеге Солодовников жетекшілік етті. 1905 жылы қазанда Солодовников шәкірттерді жиып, баяндама жасады. Соның ықпалымен қазақ шәкірттерінің үйірмесі құрылып, 1908 жылға дейін жұмыс істеді. Оған Мақсұт Бекмембетов жетекшілік етті, ол түрмеге қамалған соң,

Қосмағамбетов басқарды. Үйірмеге саяси қуғын көргендер келіп тұратын. Саяси әдебиеттер тарататын, бірнеше рет қазақ тұрғындарының арасында қазақ жері мен ұлт мүддесін оқалы шапанға айырбастаған болыстар туралы сөз де сөйледі. Ол үйірмеге революциялық әрекеттері үшін Омбыдан жер аударылып келген Жақып Ақбаев та қатысты. Мен онымен кездесуге барып тұрдым. Үйірме жұмыс орнына айналды» [85], – деген.

Сонымен қатар, осы Семейдегі гимназист кезінен бастап Халел Алаш қозғалысының көсемі Ә. Бөкейханұлымен танысып, соның арқасында саяси санасы ояна бастаған.

Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатындағы 1922 жылдың өзінде-ақ ОГПУ жендеттері қазақ интеллигенциясын: «1922 жылдың 15 қыркүйегіне біз Кирреспубликасында аяғына нық тұрған негізгі үш ағым немесе топтарды атай аламыз: 1-топ құрамында бұрынғы белсенді Алаш-Орда мүшелері. Олар Алаш-Орда үкіметінің негізін қалап, құрушылар. Ұлт өкілі – Мұстафа Шоқай. Топтың негізгі базасы Семей губерниясында, яғни үзіліссіз басқару ұйымдастырылған Қарқаралы уезінде орналасқан. Құрамында Әлихан Бөкейханұлы, Райымжан Мәрсеков, Халел Ғаббасұлы, Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев және Қозбағаров бар. 2-топ мүшелерін Ахмет Байтұрсынұлы бастатқан болса, 3-топ мүшелерін Мендешев бастаған..» [97], – деп үш топқа бөліп, олардың ішіндегі Әлихан Бөкейханұлы бастатқан күрескерлерді атап көрсетулерінде шындық негіз бар. Расында да қазақ оқығандарының ішінде Алаш қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханұлының «шекпенінен шықпағандары» некен-саяқ, тіпті жоқ екені тарихи факт.

Соның бірі – Халел Ғаббасұлы десек, бұл жайында оның өзі де: «Мен 1908 жылы Выборг үндеуіне қатысқаны үшін түрмеге қамалып, Семейге мерзімді кесімін өтеу үшін келтірілген Ә. Бөкейханұлымен осында таныстым. Мен оған өз еркіммен бардым. Ал түрмеден босағанша барлық шәкірттер онымен кездесуге барып тұрды. Ол біздің дайындығымыздың төмендігіне реніш білдіріп, саяси әдебиеттерді көп оқуға кеңес берді» [85], – деп айтқан.

Осы орайда Алаш қозғалысын дүниеге әкелген, ХХ ғасыр басындағы Алашорда автономиясының іргетасын қалаған ұлт көсемі Әлихан Бөкейханұлының ұлт тәуелсіздігі жолындағы күрескерлік қызметіне қысқаша шолу жасау орынды болар деп ойлаймыз. Себебі, біріншіден, Халел Ғаббасұлының көсемсөздік, әлеуметтік-саяси еңбектерінде Әлихан Бөкейханұлының ұстаздық үлгі-өрнегі танылса, екіншіден, Әлихан бастаған ұлт ісінде «Алаш бекзаты» (Халелді замандастары осылай бағалаған) оның сенімді ізбасары ретінде тізе қосып бірге еңбек етті.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлы 1866 жылы Семей облысы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысына қарасты №7 ауылда, қазіргіше айтқанда, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының «Қаратал» ауылына қарасты мекенде дүниеге келген. Жасында Қарақаралыда, Омбыда техникалық училищесінде оқыған. Осы қалада газетте істейтін орыс зиялысының қызына үйленеді. 1894

жылы Санкт-Петербург орман шаруашылығы институтының экономика факультетін тәмамдаған.

Әлихан Бөкейханұлы 1896 жылы Воронин земствосының санақшысы Щербинаның патша өкіметінің тапсырмасымен қазақ жерін орыс қарашекпендеріне «артық жер» қоныстарын табу үшін жіберген экспедициясының құрамында болып, патша өкіметінің қазақ жерін алудағы заңсыз әрекеттерін қалай жүргізіліп жатқанын өз көзімен көреді. Сондай-ақ, ол осы сапарында қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық өміріне, мәдениеті мен тарихына қатысты бірқатар құнды мағлұматтар жинап, ғылыми зерттеулер жазды. Абай шығармашылығы жайлы орыс оқушыларына тұңғыш рет мәлімет берді.

Осы Щербина экспедициясынан соң Омбыда тұңғыш Ә. Бөкейханұлы өзінің саяси көзқарасында алдына өзара байланысты екі түрлі айқын мақсат қойды. Оның бірі патша отаршылдығына қарсы күресте қазақ елінің басын біріктіру, екіншісі, орыс қоғамындағы ресми билікке қарсы демократиялық позициядағы саяси күшпен одақтасу. Бұл кез орыс-жапон соғысындағы өркениетке арқа тіреген жапон елінің жеңіске жетуі, Ресейдегі революциялық қозғалыстардың белсенді әрекетке көшу мезгіліне сай келді.

Сөйтіп, Ресей либерал-демократиялық «Халық бостандығы» (конституциялық-демократиялық) партиясының қатарына өтті. Оның алдына 1905 жылдың жазында Семей губерниясына қарасты Қарқаралы қаласына тақау Қоянды жәрмеңкесінде оның басшылығымен тұңғыш қазақ съезі өтіп, онда патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы қазақ елінің саяси-экономикалық талап-тілектері айтылған «Қарқаралы петициясы» атты тарихи құжат қабылданды. Сол құжатта айтылған талаптарды Ә. Бөкейханұлы 1905 жылы қарашада Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің съезінде айтты. Саяси қайраткер осы кезден бастап патша өкіметі тарапынан қатаң қарауылға алынып, алғаш Керекуде, одан соң Омбы түрмелеріне қамалған болатын. Сөйтіп, 1905 жылы Кадет партиясы мүшелігіне, 1906 жылы осы партияның Орталық Комитеті құрамына алынған ол, қазақ елінде партия бөлімшесін ашуға талпынады. Алғаш 1905 жылдың соңында Оралда бес облыс өкілдері бас қосқан жалпықазақ съезінде Кадет партиясын құру идеясын ұсынған Ә. Бөкейханұлы 1906 жылы 10 маусымда Семейдегі өзін I Мемлекеттік Думаға депутат етіп сайлаған сайлаушылармен кездескен жиында «Халық бостандығы» кадет партиясының бағдарламасымен таныстырады. Бұл жиынға Шәкәрім де қатысып, сөз сөйлеген. Сонымен I Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланған ол бұл Дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені Дума өз жұмысын бастаған кезде Дала генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, сот тергеуінсіз, үш ай Кереку абақтысына жабылады. Оған қоса Мемлекеттік Дума өз жұмысын шындап жолға қойып үлгерместен, патша жарлығымен сол жылы 8 шілдеде таратылды. Осыған орай кадет, трудовик, меньшевик партиясының 180 депутаттары Финляндияның Выборг қаласына жиналып, патша өкіметінің Мемлекеттік I Думаны күштеп таратуына қарсы арнайы манифест қабылдады. Онда қалың бұқараны пассивті қарсылық көрсетуге (салықтарды

төлемеу, армияға рекруттар бермеу, патша заемдарын мойындамау, т.б.) шақырып, оған Ә. Бөкейханұлы да қол қойды. Сол үшін ол тұтқындалып, Самараға жер аударылып, онда Дөп жер банкісінің статисі ретінде жұмыс істеді. 1908 жылы Петербургке оралған Ә. Бөкейханұлы ондағы меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редактор болды. Сол жылы қуғындау кезінде тұтқындалып, Семей түрмесіне қамалды. Халел Ғаббасұлының Әлихан Бөкейханұлымен алғаш танысуы осы кезде болған.

Сөйтіп, Самараға жер аударылған Әлихан Бөкейханұлы «Қазақ» газетінде «Қыр баласы» деген псевдониммен ел тіршілігінің өткір де өзекті мәселелеріне арнап, мақалалар жазды, ғылыми зерттеушілік еңбекпен де айналысты.

Осы жылдарда, нақты 1912 жылы Халел Ғаббасұлы Әлихан Бөкейханұлымен екінші рет Санкт-Петербургте кездескен. Ол жайлы Халел Ғаббасұлы былай дейді: «Бөкейхановпен келесі кездесуім 1912 жылы өтті. Онда ол Петроградта еді, Ақбаевты сонда шақыртты, ал мен студент едім. Бөкейханов Мемлекеттік Думаға қазақ халқының өкілін жібермеу туралы 1908 жылғы 6 маусым күні заңның күшін жоятын қарсылық құжаттарын дайындау үстінде болатын. Бөкейханов студенттерге Петроград архивтеріндегі құжаттарды жинастырып, жүйеге келтіруді тапсырды. Менің Әлихан Бөкейхановпен ұзақ мерзім бірге жұмыс істеуімнің сәті түскендігінің себебі осындай» [43, 39 б.].

Міне көріп отырғанмыздай, Ә. Бөкейханұлы ел келешегі жолында өзі ғана емес, қазақ азаматтарын да осылай шындаса, олар да ұстазға деген ақ, адал ниеттерін ОГПУ, НКВД жаналғыштарының алдында отырып та ашық айтқанының куәсі боламыз.

Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде Ә. Бөкейханұлы сол замандағы саяси-әлеуметтік жағдайға, яғни қазақ халқының артта қалған ауыр қорғансыз күйіне, патша өкіметінің күллі мемлекет өндірісін соғыс жағдайына бейімдеуіне, соған орай елде толқу болған жағдайда, патша әскерінің халықты аяусыз басып-жаншуға даяр тұрғанына, ел азаматтарының майданға барса, өзге жұрт тіршілігін көріп, басқа халықтармен араласып, саяси санасы оянып, техника, өркениет жетістіктерін көзбен көріп, көңілге түйерін ойлап, амалсыз самодержавияның соғыс саясатын қолдауға мәжбүр болды. Осы себепті де ол 1916 жылдың күзінде кадеттер билеп тұрған Бүкілресейлік земство одағымен Батыс майданға – майдан ставкасы жанындағы «Одақ» бұратана бөлімінің меңгерушісі қызметіне барып, ақпан төңкерісін сонда, Минскде қарсы алды.

Осы кезде құрылған Уақытша өкіметті қолдап, сол арқылы ел тәуелсіздігін алу жолындағы саяси істерге белсене араласты. Сөйтіп, 1917 жылдың көкегінде ол Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамына алынып, Торғай облысына комиссар болып бекітілді. Осы жылдың мамыр айында кадет партиясының VIII съезі оны көпшілік дауыспен партияның Орталық Комитетінің құрамына сайлады.

Алайда, 1917 жылдың жазында Уақытша өкіметті, оны басқарып отырған Кадет партиясының саяси істерінен қазақ еліне қажет көкейкесті мәселелердің шешілмейтініне көзі жеткен Ә. Бөкейханұлы ұлттық партия құрып, ұлттық мемлекет орнату ісіне бет бұрады. Сөйтіп 1917 жылы шілдеде өткен I жалықазақ съезінде Кадет партиясы бағдарламасынан жер, ұлттардың өзін-өзі басқаруы және дін мәселелеріне қатысты түбегейлі басқа тың көзқарастағы өз позициясын айтып, жаңа партия мен оның бағытын ұсынады. Бұл жайлы Әлихан Бөкейханұлының «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» атты «Сарыарқа» газетінде саяси мақаласы жарық көрді.

Сөйтіп, Алаш көсемінің 1917-1919 жылдар аралығындағы өмірі Алашорда автономиясының тарихымен бірлікте өтті. 1920 жылы қазақ елінде большевизм жеңіске жетіп, ҚазАССР-і құрылғаннан соң Ә. Бөкейханұлы өмірінің соңына дейін Мәскеуде тұрып, ғылым, әдеби шығармашылық қызметпен айналысты. «Кеңестік билікті сүймеген, бірақ оны мойындауға мәжбүр болған» [39, 124 б.] ұлтжанды арыс 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша ақталды.

Жоғарыда айтылғандай, Халел Ғаббасұлының қоғамдық, саяси және публицистикалық қызметі Ә. Бөкейханұлының қайраткерлік іс-әрекеттерімен өзара тығыз байланысты.

Енді Халел Ғаббасұлының ғұмырбаянын жалғастыра отырып, бұл жайды да өз кезегінде назардан тыс қалдырмаймыз.

Сонымен, Халел 1909 жылы Семейдегі ерлер гимназиясын бітірген соң, 1909-1910 жылдары Сейтен болысында ауыл мұғалімі болып қызмет етті. 1910 жылы күзде М. Ломоносов атындағы Ресей империялық Мәскеу университетінің Заң факультетіне оқуға түседі. Оның I курсына оқып жүрген жылында 1911 жылы көктемде студенттер ереуіліне қатысқаны үшін және шет аймақтардағы патша шенеуніктерінің жергілікті бұратана халық өкілдерінің құқықтық, жалпы жоғары білім алуына қарсы жасалған әрекеттерінің кесірлі кеселінен оқудан шығарылады. Бірақ, Халел ізденіп жүріп, студенттік құқығын қайта қалпына келтіргенмен, заң факультетінде оқуға рұқсат берілмегендіктен, физика-математика факультетіне ауысуға мәжбүр болған.

Бұл турасында Халелдің шығармашылық, қайраткерлік ғұмырбаянына қатысты әдебиеттерде тарихи деректер негізінде таратылып жазылған. Сол бойынша Х. Ғаббасұлының басқа факультетке ауысуының себебі – заң саласы бойынша оқитын қазақ студенттеріне Семей облысының губернаторы жергілікті Земстводан бөлінетін стипендияны төлеуді тоқтатқан еді. Ал империялық мемлекет үшін революциялық ахуал шиеленіскен кезеңде оның тәуелді аймақтарында білімді әрі саяси көзқарасы шындалған азаматтардың көбеюіне мүдделі болмауы заңды құбылыс болатын. Губернатор Тройницкийдің қазақ жастарының жоғары білім алуына кедергі жасауы бұл бір ғана емес. Ол Томск технология институтына түскен Әлімхан Ермековтің де төлемақысыз оқуын «қамтамасыз» еткен болатын. Осындай әкімшілік тарапынан жасалған кедергілерді жеңе отырып, Халел Ғаббасұлы 1915 жылы университетті алтын медальмен бітіріп шығады.

Сол жылғы 27 мамырдағы сынақ комиссиясының қорытындысы бойынша оған 2 дәрежелі диплом беріліп, ол дипломды Халел 1916 жылы 30 наурызда алған. Дипломдағы мамандыққа сәйкес ол Санкт-Петербургтегі Империялық Орталық ұсақ кредит Басқармасында есепші (статист) қызметін атқарады. Кейін Мемлекеттік банктің Семей бөлімшесінде есепші, инспектор болды. Өмірінің осы кезеңі жайлы Халел Ғаббасұлының өзі былай деген: «1912 жылы күзде Мәскеуге барып, алғашында Мәскеу университетінің заң факультетінде, содан кейін физика-математика факультетінде оқыдым. Ауысуымның себебі, заң факультетіне түскендіктен де жалпы заңгер атаулыға күдіктене қарайтын губернатор: революционерлердің ықпалында кетеді деген қауіппен мені стипендиядан айырды. Бұл негізсіз де емес еді. Сол жылдары Жақып Ақбаев революциялық қозғалыстарға белсене қатысып жүрген. Сонымен қатар Мәскеуде балаларды оқуға дайындаумен де шұғылдандым. Ауысқаннан кейін қазақ балаларына берілетін стипендияға ие болдым. Айтпақшы, 1914 жылы муровшылар мен толстойшылардың шеруіне қатысқаным үшін университеттен шығарылдым да, 1914 жылы күзде қайтадан түсіп, оны 1919 жылы бітірдім. Ақпан төңкерісіне дейін Семей қаласында кредит саласында істедім» [85].

Халелдің тергеушіге берген жауабындағы осы айтылған сөздердегі жылдардың жалпы қазіргі әдебиеттердегі деректерден кейбір өзгешелігін Алаш арыстарының түрмедегі жағдайына байланысты қарау орынды болар. Өйткені 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі кезінде, одан соңғы Семейдегі уақ қарыз серіктестігін ашып, «Абай», «Сарыарқа» сынды басылымдарды қаржыландыруы Семей қаласында өткені белгілі.

Сонымен, Алаш қозғалысы – қазақ халқының отаршылдыққа қарсы жүргізген күресіндегі ең маңызды кезең болғаны анық. Қазақ қоғамы дамуының күн тәртібінде қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуы, не өзін-өзі сақтауы үшін күреске шығу мәселесі тұрған тұста ұлт зиялылары халқына жол көрсету бағытында айтуға оңай, шешімі күрделі мәселелерді орындау жолына білек түре кірісті. Әсіресе 1916 жылғы ұлт азаттық көтеріліс кезінде 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарды майданның тыл жұмысына алу туралы жарлығы онсыз да отаршылдықтың қамытын киіп жүрген бұқара халыққа оңай тимеді. Бұл жолы қазақ баласы қорлыққа көне алмай шалшауқанға дейін ұрпағының амандығы үшін отқа қонды. Мыңдаған қазақ сарбаздары патша әскерлеріне қарсы шайқасты, жүздеп оққа ұшты. Сол кезде қазақ зиялыларының бір тобы көтеріліске шыққан халықты аяусыз жазаға ұшырайтындықтарын ескеріп, көпшілікті қарсылық көрсетуге шақырды.

Бұл жайда да Халел Ә. Бөкейханұлының жолын ұстанды. Мәселен осы дүбірлі кезеңде Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы «Алаштың азаматына!» үндеу хат жариялап, онда: «Біздің жұртқа айтатынымыз: бұған көнбесе болмайды, мұны бұрын да сан рет айттық. Көнбейміз деушінің сүйгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде, шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да ұшырар, бірақ

елдің іргесі бұзылмас (қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, әйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбегенде көретін ауырлық – бағынып тұрған хүкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, хүкімет бізге құр өкпелеп қана қоймас, күш жұмсар, ол күшті законге сүйеніп істер» [43, 76 б.] – деген жанашырлық кеңесті дұрыс түсініп, қиырдан болжап аңғарған Халел Ғаббасұлы лып ете түскен сезімге ерік бермей, ел-жұртын қырғыннан сақтап қалды. Оның өз уезіндегі халықтың ашу-ызасын басып, сабырға шақырып, жұртын қырғаннан аман алып қалған осы бір тартыс белесіндегі ерен еңбегін «Таныстыру» поэмасында С. Торайғыров былайша бағалаған:

Сөзден де көбінесе іске құмар,
Тез болмайтын істерден тайып шығар.
Мың сөзден құйқылжытқан оның көзіне,
Істелген бір азғантай ісің ұнар.

Призыв себебінен білді халық,
Толқығанда тоқтатқан ақыл салып.
Ығым-шығын қырғыннан өз уезін
Қалды ғой ақылымен аман алып [62, 142 б.].

Халел Ғаббасұлының қоғамдық-саяси қызметінің шарықтау кезеңі 1917-1920 жылдарға сәйкес келеді. Бұл, әрине заңды құбылыс еді. Өйткені сол кезеңнің саяси оқиғалар толқыны оны пікірлес серіктерімен бірге саясат майданына алып шықты. Бұл кезеңде оның азаматтық болмысы қалыптасып, қайраткер тұлға ретінде кең таныла бастады. Ол Семейдегі қазақ зиялыларының үркердей тобындағы серкелердің бірі ғана емес, Алаш қозғалысы жетекшілерінің сенімді серігі, іскер ізбасарына айналды. Ол алған білімі мен кәсіби қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес әлеумет ісінде де әрекетшіл адам ретінде көзге түсті. Оның бұл қасиетін қоғамдық-саяси қызметіндегі атқарған жұмыстары да дәлелдей түседі. Сондай-ақ ол әдеби-шығармашылық, қоғамдық-мәдени істердің де алдыңғы санында жүрді. Жинақтап айтқанда, 1917-1920 жылдар аралығында Х. Ғаббасұлы ұлт қайраткері ретінде саяси істерде, халық қамқоры ретінде қоғамдық жұмыстарда, шығармашылық тұлға ретінде әдеби, саяси көсемсөздерімен Алаш қозғалысының белді қайраткері ретінде елге еңбегін сіңірді. Оның қоғамдық-саяси қызметі үш өкіметтің: Уақытша өкімет, Алашорда өкіметі, Кеңес өкіметінің билік кезеңдерінде өтті. Енді осыларды ретімен шолып өтейік.

Ақпан төңкерісінен соң орнаған Уақытша үкімет Халел Ғаббасұлын Әлихан Бөкейханұлымен бірге Түркістан комитетінің құрамына кіргізген. Алайда, ол комитеттің мүшесі ретінде нақты жұмыстар атқарған жоқ. Ал Семей облыстық қазақ комитетінің төраға орынбасары, облыстық Земство басқармасының мүшесі, облыстық Делегаттар жиналысының мүшесі ретінде

ұлт мүддесі жолында көп істер атқарды. Өртүрлі әлеуметтік-саяси жұмыстарды ұйымдастыру-үйлестіру бағытында ел ішіне жиі шығып тұрды. Мысалы, осындай мәселемен ол 1917 жылы Зайсан уезінде болды.

1917 жылғы шілдеде өткен I Жалпықазақ съезінде Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылды. Ал осы жылы желтоқсанда өткен II Жалпықазақ съезінде құрылған арнайы комиссия атынан сол кезеңнің ең көкейкесті мәселелері Қазақ автономиясы, милиция (әскери жасақ) және ұлт кеңесі (Алашорда өкіметі) туралы баяндама жасады. Осы баяндама негізінде съезд: «жері бірыңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыз, халы, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық, жерлі автономия құрылсын» деген тарихи қарар қабылданды. Жалпы бұл съезге Семей облысынан депутат болып сайланып, кейін төраға Ә. Бөкейханұлының орынбасары болды. Алашорда өкіметінің атынан шыққан заң-қаулыларға қол қойып отырды.

Сол бір алмағайып заманда қазақ елдігін қалай аман сақтау жолында еңбек еткен басқа да алаш арыстарымен бірге Халел Ғаббасұлы 1918 жылдың қазан айында өткен жалпы Сібір съезіне қатысады. Съезде Сібір автономиясы мәселесі қаралған болатын.

Халелдің келесі бір атқарған үлкен ісі төраға Әлихан Бөкейханұлының тапсырмасымен 1918 жылдың 20 наурызында автономия жөнінде И.В. Сталинмен телеграф арқылы келіссөз жүргізуі болатын.

1918 жылы көкек айында Ә. Бөкейханұлы, Ә. Ермековтермен бірге Алаш автономиясын алу жөнінде телеграф арқылы Сталинмен екінші рет тілдескен. 1918 жылғы 21 көкектегі РСФСР Халық комиссарлары кеңесі мен ұлт істері жөніндегі комиссариатына жолдаған жеделхатында Алашорда автономиясын дереу мойындау туралы талап қояды. Бірақ жауап болмады. Өйткені большевиктік өкімет үшін қазақ елінің тәуелсіздігі қажет емес еді. Қайта Алашты бодандық бұғауда ұстау үшін түрлі қитұрқы саяси ұрандармен бүркеленген отарлық езгіні большевиктер астарлы түрде одан әрі жүргізді.

Міне, осы кезеңдегі, яғни 1917 жылдың шілде айынан 1919 жылғы 1 желтоқсанда Семейде Кеңес өкіметі түпкілікті орнағанға дейінгі аралықта атқарған Халел Ғаббасұлының Алаш мүддесі, ұлт тәуелсіздігі жолындағы мол күрескерлік еңбектерінің ішіндегі сол кезеңде өмір не өлім деген көкейкесті мәселеге айналған қазақ елін, Алашорда мемлекетін қорғайтын милиция, яғни қарулы жасақ құру бағытындағы істеріне тоқталсақ та болар деп ойлаймыз.

Ә. Бөкейханұлы бастаған Алаш қайраткерлері 1917 жылы желтоқсандағы II Жалпықазақ съезі қарсаңында бір топ ұлт зиялыларына жолдаған жеделхатында: «Бүкіл мемлекет қазір бетімен жойылып кетті. Кешікпей талан-тараж, қырғынға айналатын түрі бар. Алалық, алты ауыздық, біреуге біреу сенбеу күшейді, әр адам, әр халық өз қамын ойлап, өзін-өзі қорғайтын күн туды. Бұл болып жатқан уақиғалардың түбі, неге соғатынын жалпы қазақ елі сезе қоймайтын шығар. Оқиғалардың сүреңі жаман: қам қылмай, қол қусырып отыра берсек, алдымен, қазақ халқының сорлайтын түрі бар. Соның

үшін біз жанымызды, малымызды қорғау жағын ойлау керек. Өзімізді-өзіміз қорғау үшін бізге жалпы қазақ милициясын құру керек. Бұл мәселе шұғыл аса зор болғандықтан төменде қол қоюшылар халыққа сенімді, құрметті ақсақалдарды һәм оқығандарды шақырып, өз күшімізбен қазақ милициясын құру жайын кеңесуге жалпы қазақ съезін жинауға қаулы қылдық. Егер біз өзімізді өзіміз қорғай алмасақ бүлікшілік зорайып, қиыншылыққа айналғанда қазақ халқы құрбан болады. Соның үшін милиция құрудың үстіне съезде қазақ халқының жұрттығын жоғалту үшін не қылу керек деген зор мәселе каралады» [32, 43 б.], – деп жар салған еді.

Шынында, өзін-өзі қорғай алмаған кез-келген төңкеріс түбінде жеңіліске ұшырамай қоймайтыны тарихтан белгілі. Бәлкім содан да шығар Алашорда соты мен милициясын құру мәселесі 1917 жылдың 12 қыркүйегінде өткен Семей облыстық екінші қазақ съезінің күн тәртібіне қойылған басты мәселесінің бірі болды. Сол уақытта жергілікті «Сарыарқа» газетінде Семейде 160 қазақ жігітін үйретуге бір офицер алынғаны, оларға облыстық комиссариат қару-жарақ беретіні, сондай-ақ облыс уездерінде де осындай милиция жасақтарын құру жұмыстары жүзеге асырылатыны туралы шағын хабар жазылды [98].

Әлихан Бөкейханұлының арнайы тапсырысымен «Алаш» партиясының Семей облыстық комитетінің төрағасы Халел Ғаббасұлы 1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері аралығында Орынборда өткен II Жалпықазақ съезінде қазақ-қырғыз ұлт автономиясы милиция, Ұлт Кеңесі туралы баяндама жасап, ондағы ұсыныстар мен пікірлердің негізінде арнайы қаулы қабылданды. Мәселен, Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын деген ұсыныс жүзеге асып, Алашорда өкіметі өмірге келді. Алашорда үкіметінің уақытша тұратын жері – Семей қаласы болып белгіленді. Алаш соты мен милициясын құру міндеттелді. Алашорда үкіметінің ең жоғарғы атқарушы органы – Ұлт Кеңесі құрамын сайлау мәселесі шешілді. Ал, Халел Ғаббасұлының өзі Ұлт Кеңесінің мүшесі болып сайланып, Алашорда үкіметінің Семей облыстық кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалды. Сондай-ақ оның Алаш милициясы туралы заң жобасын дайындап, «Алаш» атты әскер полкын құрудағы сіңірген еңбегі де ерекше болды. Өйткені, дәл осы кезде Семей – бір-бірімен билікке таласып қырқысқан ақ пен қызыл соғысының қанды ошағына айналды. Міне, 1918 жылдың басындағы осындай аумалы-төкпелі кезеңде Алашорда басшылары жер-жерде Алаш әскерінің шағын қарулы жасақтарын құру жұмыстарын жеделдете бастады. Атап айтсақ, 1918 жылдың мамыр айында Алаш қаласынан 15 шақырымдай қашықтықтағы Сор деген жерде отыздан астам офицер мен үш жүздей сарбаздан құрылған Алаш әскерінің алғашқы қарулы отрядының жасақталу тарихы басталды [43]. Семейдің көнекөз қарттары Сор деп аталатын сайдың қазіргі Жарқын ауылы бағытында жатқанын айтады.

Сөйтіп жедел түрде милиция (әскер) жасақтаудың басты себебі, жоғарыда айтылғандай, азамат соғысы кезінде халықты қорғап қалу болды. Осыған орай ұлт зиялылары жедел түрде алаш әскерін құрудың қажеттігін түсінді. Мысалы, сол бір кезеңде алаш жұртының рухын көтеру мақсатында

«Қазақ», «Сарыарқа» газеттері мен «Абай» журналы тәрізді мерзімді басылымдарда Ә. Бөкейханұлы, М. Дулатұлы, Ә. Ермеков, Х. Ғаббасұлы, Ж. Аймауытұлы, Ғ. Қараш, Б. Майлин, Н. Наушабаев, т.б. мақалалары мен өлеңдері жиі жарық көріп жатты. 1918 жылдың қаңтарында «Абай» журналында жарияланған Ж. Аймауытұлының «Алаш ұлдарына арналған ұран» атты өлеңі, кейінде I Алаш атты әскер полкінің Әнұранына айналды.

Ал енді М. Дулатұлы «Қайтсек жұрт боламыз?» мақаласында: «Күш не? Күш – әскер. Бұл заманда әскері жоқ жұрт – жұрт емес, құл. Қайсысына түсетін болсақ та, ерік өзімізде. Бір жол – құлдық жолы. Әскер деген сөзден бұрынғыдай ат-тонымызды ала қашатын болсақ, осындай жігімізді ашып, жер-суымызды қорғап, билігімізді өзіміз алып қалмасақ, күні ертең бізді алдына салып айдап жүруге ие табылады. Сонда біреуге әскер бермей кете аламыз ба, шығын төлеуден құтыламыз ба? Ошақтың үш бұтынан тілеп отырған күшіміз де болған. Құлдық жолы дегеніміз осы.

Екінші жол – жұрттық жол. Осы бастан автономия алудың қамына кіріскен, милициямызды жасап алып, қарамызды көрсетсек, Алашорда үкіметіміз деп тіресіп қорғасақ, бізді ешкім басынбайды. Үкіметі бар, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі.

Сөз байлауы сол, әскеріміз болмаса, қазынамыз болмаса, біз автономия ала алмаймыз. Автономия ала алмасақ, жұрт болмаймыз. Қайтсек жұрт боламыз дегенді ойласақ, жауап біреу-ақ, әскеріміз болса ғана жұрт боламыз» [99], – деп жазды.

1918 жылдың жазында ақ гвардияшылар көмегімен Уақытша Сібір үкіметі орнағаннан кейін, көп ұзамай Семейде Кеңес өкіметі құлатылды. Ал, осы жылдың 11 маусымында Алашорда үкіметі ресми түрде өз қызметін бастады. Ол алғашқы күннен бастап-ақ Әскери кеңес құру туралы заң қабылдап, Алаш әскерін жасақтау мәселесін қызу қолға алды. Мысалы, бұл мәселе бойынша алдымен Семей уездік Земствосымен тығыз байланыста жұмыстар жүргізілді.

Жалпы, Алашорда әскерін жасақтауда Семей, Өскемен, Павлодар, Қарқаралы, Зайсан уездік Земстволарының атқарған қызметтері ерекше болды.

1918 жылдың 12 маусымында Ә. Бөкейханұлының Семей уездік Земство басқармасының төрағасы Ахметжан Қозыбағаровқа жолдаған № 2 қатынас қағазында шұғыл түрде әр болыстықтан 30-дан атты әскер жинау тапсырылды. Мысалы, мұндай мазмұндағы ресми қағаздар Семей уезіне қарасты Айғыршал, Арпалы, Аққұм, Белағаш, Беген, Бесқарағай, Тұғылы, Еңірекей, Делбегетей, Кентүбек, Көкен, Уақ, Қайыңды, Қызыладыр, Қызылмола, Қамдығатай, Малыбай, Машан, Мұқыр, Сейтен, Семейтау, Свободный, Төлентай, Шаған, Шыңғыс болыстарына, жалпы саны 25 болыстық комитеттерге жіберілді. Іс жүзінде Семей уезінің 18 болысынан жасы 16 мен 50 аралығында 400-ден астам жігіттер әскерге алынды [85].

Алаш әскері негізінен атты қазақ әскері түрінде жасақталып, оның әскери басқару құрамына қазақтан шыққан әскери адамдармен бірге, орыс офицерлері де тартылды. 1918 жылдың маусым айының аяғына қарай

Семейдегі Алаш әскерінің саны 300-ден 500-ге дейін жетіп, оларға 35 орыс офицері соғыс тактикасын үйретумен айналысты.

Азаматтық қарсыласу жылдары өмірге келген Алашорда үкіметі әскерлерінің тарихы туралы академик Кеңес Нұрпейісов: «Алаштың алғашқы жасағы 1918 жылғы қаңтар-ақпан айларында құрылды, бірақ совет өкіметі орнағаннан соң көп кешікпей, ел қарусыздандырылып, оның қатарындағы жігіттер таратылды. Ұлттық армияның алғашқы бөлімдері шындап Семейде поручик Давыдов-Зубов басқарған жасырын әскери ұйымның мүшелері болған нұсқаушы офицерлердің көмегімен жасақталды. 1918 жылы маусымның 11-інде Семейдегі большевиктік билік құлағаннан кейін Әлихан Бөкейханұлы қырдан қарулы жасақпен қалаға келу туралы шешім қабылдады. Омбыда шығып тұрған «Сибирская речь» газетінде Н. Комелин «Семейге қазақ отрядының келуі» деген хабар жариялады. Онда былай делінген: «Семейге қырдан нұсқаушы – орыс офицері басқарған қырғыз отряды келді. Сәрсенбі – маусымның 6 күні кешкі сағат алтылар шамасында олар қалаға кірді. Никольск шіркеуінің қасындағы алаңда оларға салтанатты кездесу ұйымдастырылды. Штаб бастығының көмекшісі полковник Панин, штаб адъютанты капитан Виноградов, Уақытша Сібір үкіметінің өкілі Давыдов құттықтаулар айтты.

Кездесу кезінде алаңға белгілі ұлттық қайраткер Ә. Бөкейханұлы келді. Оның құрметіне подполковник Тоқтамышевтің ұсынысымен салт аттылар қарсы алды. Ақ жалауларға қазақ тілінде: «Жасасын бүкілроссиялық және Сібірлік құрылтай жиналысы!» деген ұрандар жазылған» [31, 186 б.], – деген дерек келтірілген.

Алашорда үкіметінің Семейдегі шағын қарулы жасағынан соғыс ісіне машықталған 1-ші Алаш атты әскер полкін құру мәселесі осылайша жүзеге асты. Ал, жалпы жер-жерде Алаш әскерін жасақтау жұмыстары 1918 жылдың жазы мен күзінде де жүріп жатты.

Алашорданың әскери қарулы күштерін құруда Ә. Бөкейханұлы, Халел Ғаббасұлы, М. Тынышбаев, А. Тұрлыбаев, Жаһанша және Халел Досмұхамедов, У. Танашев, т.б. зор еңбек сіңірді. Осы кезеңде Алаш әскері құрамында 5000-ға жуық адам болды. Мысалы, Семейдегі қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы қорындағы «Список организаторов Алашского конного партизанского полка, участников организации против Советской власти в 1918 года правительства Алаш-Орды» деген ресми құжатта, яғни Әлихан Бөкейханұлы бастаған қырыққа жуық адамдардың тізімінің ішінде Р. Мәрсеков, Х. Ғаббасұлы, С. Сабатаев, С. Ақаев, Турағұл Абайұлы, М. Әуезов, Б. Сәрсенов, А. Қозыбағаров, Ә. Молдабаев, Ә. Ермеков, И. Әлімбеков, М. Бөштаев, подполковник Самұратбеков, Ы. Мұстамбаев, Н. Құлжанова, М. Малдыбаев, Қ.Есенғұлов, Ш. Керейбаев, С. Дүйсенбин тәрізді белгілі тұлғалардың есімі көрсетілген [85].

1918 жылы тамыздың 12-сінде Алашорданың әскери бөлімінің бастығы Х. Тоқтамышев Уақытша Сібір үкіметінің соғыс министрінің атына жазған хатында Семей қаласында құрамында 750 жауынгер мен 38 офицер бар Алаш полкінің құрылғанын баяндай келіп, Зайсанда қазақ милициясының 200-

адамнан, Павлодарда–150, Қарқаралыда–250 және Өскеменде–250 адамнан тұратын әскери құрамалар жинақталғандығын хабарлап, бірақ оларға қажетті қару-жарақ пен киім-кешектің жоқ екендігін, ақша тапшылығы орын алып отырғандығын мәлімдеді [31, 188 б.].

Алашорда үкіметінің, жалпы қазақ соты мен милициясы мәселесіне айрықша көңіл бөлетіні, 1919 жылы 11 ақпанда Колчак өкіметінің ресми делегациясымен болған келіссөзде Ә. Бөкейханұлының: «Представители правительства Алаш-Орды хотели бы, чтобы в первую очередь был поставлен вопрос о судах. Это наиболее больной вопрос нашей жизни. Русский суд не удовлетворяет требованиям жизни. Русские судьи, не зная языка, быта населения, находятся в полной зависимости от переводчиков, людей мало культурных.

Милиция наша – это войско. Она уже фактически существует: 700 наших делегатов находятся на фронте в Семиречье, 540 человек у Троицка, 2000 человек в Уральской области. Когда вы читаете сообщение об успехах на семиреченском фронте, то знайте, что эти успехи достигнуты благодаря нашим отрядам» [43, 141 б.], -деп жауап беруінен айқын аңғарылады.

1918-1920 жылдардағы Азамат соғысы кезінде Алаш әскері қолдан келгенше халықты қырғынға ұшыраудан сан мәрте қорғап қалды. Ә.Бөкейханұлы айтқандай, Алаштың ержүрек ұлдары Семей, Жетісу, Торғай, Орал өңірлерінде болған қанды шайқастарға жан аямай қатысты. Азамат соғысының алғашқы жылы (1918-1919 жылдар аралығы) 1-ші Алаш далалық атты әскер полкы Уақытша Сібір үкіметі армиясының құрамында большевиктерге қарсы соғысты. Мысалы, «Сарыарқа» газетіндегі шағын хабарда 1918 жылдың 17 маусымында Семейдегі Алашорда әскерінің қарулы жасағы Алтай губерниясы бағытында большевиктерді өкшелей қуып, қырғынға ұшыратқаны, осылайша Алаштың тұңғыш құрбаны Қазы Нұрмұхамедұлының кегі қайтқаны, оған Турағұл Абайұлы, Бидахмет Сәрсенов, Қараман Үкібаев және басқалардың белсене қатысқаны туралы айтылған.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кезеңде де Халел Ғаббасұлы мемлекеттік, саяси-қоғамдық қызметтерден қол үзбеген. Осыған орай Семей қаласындағы қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығында сақталған төмендегі құжатты беріп отырмыз. Семей губерниялық халыққа білім беру бөлімінің қызметкері Халел Ғаббасұлының 1923 жылы 11 маусымда өз қолымен толтырылған №258 тіркеу карточкасы (орыс тіліндегі құжат мәтіні сол күйінде өзгеріссіз беріліп отыр):

«Учетная карточка №258

Сотрудник Семипалат. Губоно

Карточка составлена «11» июня 1923 г.

1. Фамилия, Имя, отчество – Габбасов Халиль Ахмеджанович
2. Время и место рождения – Чаганская вол., Семипалат.губ., 22/ХІІ-1888 г.
3. Национальность – Киргиз
4. Образование: а) общее – Московский Университет

б) специальное – Физико-математический факультет

5. Указать какое учебное заведение окончил и когда – в 1915 году

6. Профессия и специальность – Физик-математик

7. Социальное положение – Сын скотовода

8. Род занятия до октябрьской революции до поступления в данное учреждения – Университет окончил в 1915 г. С февраля 1917 года состоял в должности инспектора мелкого кредита;

9. Род занятий до февраля 1917 г. – С февраля 1917 г. до начала октябрьской революций занимал ряд общественной должности.

10. Род занятий после октябрьской революции до поступления в данное учреждения – председателя первого губернского революционного комитета, членом и председателем губернской земской управы и т.д. и с установлением Советской власти в Семипалатинской губернии зав.губземотделом и членом губисполкома и т.д.

11. Работа в данном учреждении (когда поступил в данное учреждение. Какие занимал должности. Должность в настоящий момент. Полное название учреждения) – В данное учреждение состою с половины декабря 1922 г. в качестве преподавателя по алгебре. Семипалатинский киргизский педагогический техникум.

12. В каких партиях в какое время состоял – не состоял

13. В какой партий состоит, время поступления. № партбилета и с какой организацией выдан – не состою

14. Отношение к воинской повинности – не отбывал

15. Отрасль по просвещению в которой считаете свое использование наиболее желательной – по математике

16. Точный адрес – г.Семипалатинск, ул.Советская № 60

Характеристика работника.

Подпись»[100].

Сонымен Халел Ғаббасұлы 1917-1919 жылдар аралығында Алашорда үкіметінің баянды болашағы жолында аянбай еңбек етті. Алайда Кеңес өкіметі түбегейлі орнаған соң, 1920 жылдардан бастап ол өз білімі мен еңбегін осы өкімет құрамында жүріп, туған халқының болашағына арнады. Бұл кезеңде Халел Ғаббасұлы Семей Облыстық Кеңесі төрағасының орынбасары, Семей облыстық Земство жанындағы Жер комитетінің төрағасы, Қазақ революциялық комитетінің мүшесі және оның Сібривком жанындағы уақытша өкілі болды. 1921-1923 жылдары Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төтенше комиссиясының мүшесі болды. Ол осы кездерде Сібривкомға қарсы күресе жүріп, Ақмола, Семей облыстарын Ресей құрамына кетіп қалудан сақтап қалды.

Осындай қоғамдық-саяси істерді атқарумен қатар, ол осы жылдарда мәдени істерден де қалыс қалған жоқ. Мәселен, 1924 жылы 29-желтоқсанда Семейдегі Луначарский атындағы клубта Орыс география қоғамының Семей бөлімшесі ұйымдастырған Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толуына орай Абайды еске алу кеші өткізілген. Онда Мұхтар Әуезов Абайдың қазақ әдебиетіндегі орны жайлы баяндама жасаса, Халел Ғаббасұлы «Абайдың

өмірбаяны» деген тақырыпта қазақ тілінде баяндама оқыған. Бұл жылы Халелдің өзі Семей педтехникумында математика пәнінің оқытушысы болатын.

Сөзіміз дәлелді болу үшін мұрағат қорынан алынған орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің 1924-1925 жыл I жартыжылдығының есебімен танысайық: «...В декабре месяца отдел провел юбилей выдающегося поэта, уроженца Семипалатинского уезда и губернии Ибрагима (Абая) Кунанбаева. По поводу 20-летия со дня его смерти, отделом было устроено торжественное заседание, посвященное Абаю, с прочтением докладов. Степной певец – киргиз исполнил несколько песен-стихотворений Абая и частью его напевами, так как Абай был не только поэт, но и композитор.

Отделом был устроен вечер на киргизском языке в честь Абая, на котором члены отдела, киргизы Х.А.Габбасов и М.О.Ауэзов сделали на киргизском языке доклады о поэте...» [101].

1926 жылдың ақпан айында Халел Қазақ АССР Жоспарлау комитетіне қызметке шақырылады. Онда ол төралқа мүшесі, ғылыми қызметкер, сектор меңгерушісі болған.

Х. Ғаббасұлының үстінен жалған жала ұйымдастырып, қудалау осы кезде басталған. Алғашында 1926 жылы бала-шағасымен елге демалысқа келген Халелді Семейде бір рет тергеуге алып, дәйекті деректердің жоқтығынан амалсыз босатқан. Екінші рет 1928 жылы кезекті демалысын алып, Семей өңіріне Медеу болысындағы туыстарына барып, қайтарда жол үстінде тұтқынға алынып, Қызылордаға әкелген соң, 10 қарашада Қылмыстық істер кодексінің 58-бабының 13, 17 тармақтары бойынша жауапқа тартқан.

Кеңес өкіметінің Алаш арыстарын өздерінің ең басты саяси қарсыластары, большевиктердің астарлы отарлық саясатын әшкерелеуші саналы азаматтар ретінде биліктен аластатып, репрессияға ұшыратқаны баршаға аян. Десек те, Халел Ғаббасұлын қудалау мен тұтқындау тарихын профессор Тұрсын Жұртбай нақты үш түрлі мәселелермен байланысты дәлелдеп талдаған.

Бірінші, 1920 жылы Х. Ғаббасұлының Семей облыстық конференцияда Семей губерниялық ревком басшылығының ұлт мүддесіне қайшы әрекеттерін әшкерелеп, Семей губкомын таратуға ықпал еткенін сол кездегі Семей губревкомының төрағасы Ежов кек сақтап, өш алудың жолын қарастырды. Бұл ойды Алаш арыстарының тергеу ісін зерттеген Т. Жұртбай «Ұраным – Алаш» (Түрме әфсанасы) [102] атты еңбегінде мол мұрағаттық дерек көздерін келтіреді: «Ең бастысы, осы кезде «Кене», «Темір нарком» деп Жамбыл мақтаған Ежов НКВД-ның тізгінін қолға ала бастаған. Ал Халел Ғаббасұлы «қазақ қызметкерлерінің облыстық төрағасы болып жүрген кезінде» облыстық конференцияда «қазақ қызметкерлерін коммунистік партияға қарсы үгіттеп», С. Сәдуақасовтың ұйымдастыруымен Семейдің губкомын таратуға және Қазақстанға қаратуға қаулы қабылдауға ықпал еткен адамның бірі болатын. Ұрымтал сәтті пайдаланып, Ежовтың «ежелгі

кекті» қайыруы да ықтимал. Бұл жорамал барынша шындыққа жақын» [102, 243 б.].

Екінші, құпия мекеме ГПУ-дің агенті Ф. Ивановтың: «ГПУ-дің жүргізіп отырған кезек күттірмейтін төтенше істерінің басты жұмысы жауапты қазақ қызметкерлерінің үстінен жалған деректер жинау болып табылады. Біз бұл тұрғыда әр түрлі тәсілдерді қолданамыз: казактардың ішіндегі қылмыскерлерді жалдаймыз немесе жауапты қазақ қызметкерлерінің үстінен жалған көретінді жаздырып алу үшін барымташыларды тұтқындаймыз. Жауапты қазақ қызметкерлеріне қарсы арандату жұмыстарын жүргізу үшін беделді қазақ рубасылары мен орыс кулактарынан арнайы топ жасақтаймыз, сөйтіп өзімізге керекті деректерді аламыз» [102, 221 б.], – дегеніндей, арандату әдісін қолданған. Мұны жоғарыда аталған кітапта профессор Т. Жұртбай: «ГПУ тыңшылары Х. Ғаббасовқа ежелден «Бәйбіше – тоқал» драмасының басты кейіпкері, атақты рубасын аранға тартып, андытып қойды.

Тыңшылық әрекет қашан түрмеге қамалғанша бір сәтке де болса дамыл тапқан емес. Сондай қиын кезеңнің бірі 1922 жылғы ашаршылық тұсында Халел Ғаббасұлы туралы: «Бұрынғы земство басқармасының меңгерушісі. Семей уезінің Шаған болысының қазағы, 36 жаста. Мәскеу университетінің математика факультетін бітірген. Басында ұсақ қарыз, несие банкінде инспектор, 1917 жылдан «Алашорда» үкіметінің мүшесі, «Сарыарқа» газетінің редакторы, содан кейін «Алашорда» үкіметі төрағасының орынбасары, кейінгі кезде Семей Жер басқармасының мүшесі. Өте ысылған, қунақы, ақылды және өте қауіпті қызметкер, дипломат-саясаткер Халел Ғаббасұлы Шыңғыстауда өмір сүретін тобықты руынан. Тобықтылар екі жікке бөлінген. 1917-1920 жылдардың арасында тобықтыларда аса мықты екі жік болды, Ғаббасовтардың дұшпаны большевиктерді жақтады. Оның басында Шаған болысы, беделді, бірақ сауатсыз қазақ Мұсатай Молдабаев тұрды. Ол жалғыз өзі Ғаббасовпен, Бөкейхановпен күресті. Ғаббасовтың қитұрқы қулығының нәтижесінде бұлар қазір қыспақта. Дулатов жігерлі, алғыр. Ғаббасовқа қарағанда өте батыл қимылдайды. Ғаббасов, Бөкейханов үшеуі қазақ қызметкерлерінің ішіндегі ең бас көтерерлері, жоғарыдағы көрсетілген бағытта істелетін жұмыстардың барлығы да осы үшеуінің ақылымен істеледі» [102, 222 б.], –деп мінездеме берді.

Шындығында Х. Ғаббасұлының тұтқындалуы жоғарыда аты аталған, өзінің туысы, тоқалдан тарайтын бұрынғы болыс, «кейінгі большевик Мұсатай Молдабаевтың» ұйымдастырған арызына байланысты еді. Халел Ғаббасұлы демалысқа келгенде туған жездесі, Мұсатай Молдабаевтың әкесі бір, шешесі басқа «қас жауы» Ике Әділевтің ауылына түседі. Тәргінің қарсаңындағы жанталас тұсында М. Молдабаев өзінің «шын большевик» екенін танытып, сол арқылы өзінде тәргіден құтылудың амалын қарастырып, қазақы «Бәйбіше–тоқал» драмасының кеңестік нұсқасын «саяси сахнаға» шығарды. Сөйтіп, өзінің туған құда баласы – жеңгесінің бауыры Халел Ғаббасұлы: «Алашорданың» Шығыс бөлімінің үкімет мүшесі, оған қаржылай көмектескен, әскер жасақтап берген Д.Әділевке қару жинатып, кеңес

өкіметіне қарсы астыртын қарулы көтеріліс ұйымдастырып жүр, содан кейін шекара асып кетуге үгіттеп жүр, – деп арыз жазып, оны тағы да сол ауылдың тумасы, губерниялық дәрежедегі большевик әрі құпия агент М. Тоқжігітов арқылы ГПУ-дің өлкедегі өкілінің қолына тапсыртты. Сөйтіп, бір жағынан ағасы, екінші жағынан туған құда баласын түрмеге қаматты. Мұсатай Молдыбаевтың негізгі дұшпаны, туған ағасы, «Алашорда» үкіметінің бас демеушісі Ике Әділов болатын. Ал Ике Әділов Халел Ғаббасұлының туған әпкесіне үйленген. Әрине, «жауапты қазақ қызметкерлеріне қарсы арандату жұмыстарын жүргізу үшін беделді қазақ рубасыларынан» арнайы топ жасақтап, сөйтіп өздеріне керекті деректерді алған ОГПУ қызметкерлерінің қаншама заңсыздыққа барып, шындықты белінен басқанын көрсетеді» [102, 248 б.].

Бұл қазақы драманың түп тамыры туралы Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарында: «Семей уезінде, Тобықты деген елде Мұсатай деген және Ике деген кісілер бар. Екеуі де ауқатты адам болса керек. Екеуі ағайын ішінде бәсеке, араз. Екеуі қазақтың белгілі парагершілігімен бірін-бірі аяспай, елді екі жарып жұлқысады. Бірінің үстінен бірі арыз жаудырады. Бір-біріне пәле жабады. Қалаға шабылады. Ике жеңеді. Өйткені Семейде «Алашорда» бастықтарының бірі – Икенің туысқаны. Олай болған соң қазақша «Алашорда» Икенікі болады. Сонан соң Мұсатай турашылдықты Совдептен іздейді. Әрине, турашылдықты Совдептен табады. Совдепті, большевиктерді қуаттап шығады. Бұл 1917 жылдың ақырында. Ал 1918 жылдың басында Совдеп құлап, «Алашорда» күшейіңкіреп шыға келген соң, Мұсатай қуғынға түседі. Мұсатайды «қазақтан большевик болған», «социалшыл» бола қалған, алдауыш бұзық деп «Алашорда» жазушылары газеттеріне жазады. Әрине, Мұсатай социализмді қайдан білсін? Есіткен де жоқ. Мұсатай Икеден таяқ жеген соң, Икені «Алашордалар» сүйген соң, турашылдықты Совдептен тапқан соң, большевиктерді, Совдепті қуаттамай қайтсін! «Мұсатай жауыз, ұсталсын!» - деп «Алашорданың үкіметі» жарлық шығарады. Жарлыққа Бөкейханұлы қол қояды. Мұсатайды ұстатып, абақтыға жаптырады. Міне, Семейдегі «Алашорданың орталық үкіметін» және Земствосын жұрт «Тобықтының Алашордасы», «Тобықтының Земствосы» деген кездері де болған. Мұсатай мен Нұрғали Құлжанұлын абақтыға жатқызуға «Алашорданың» ішінен жалғыз-ақ Мұхамеджан Тынышбайұлы қарсы болған. Бірақ өзгелері оған болмаған. «Алашорда» бастықтарының ішінде татулықты сүйгіші, сезгіш жүрегі Мұхамеджан Тынышбайұлы болған. Семейде әскери-майдан соты құрылмақ болғанда (военно-полевой суд) Тынышбайұлы қарсы болып айтылсын, қарылып отырып, майдан сотын жасатпаған» [36, 314 б.], - деп жазды.

Міне, «қазақы большевиктің таптық негізі» осындай рулық күндестіктен туып еді. Бұл қазақы күндестіктің құрбандығына Ике ғана емес, Мұсатайдың өзі де ұшырады.

Үшінші, тұтқындарды қинау, азаптау арқылы бір-біріне қарсы жалған «әшкерелеу» фактілерін, қылмыстарын «мойындауларына» қол жеткізіп,

айыптау қорытындысын шығару. Бұл жайлы да аталған еңбекте: «1928 жылы 28 желтоқсан күні Халел Ғаббасұлына тергеу ісінің аяқталғаны туралы хабарлайды. Бірақ та нақты шешімді айтпайды. Айыптау қорытындысының кешіктірілуіне басты бір кілтипан, тура сол күндері, көрші камералардың бірінде Дінше Әділев:

«Х. Ғаббасұлы «Алашорданың» тапсырмасымен контрреволюциялық астыртын ұйым құру үшін және тәркілеуге қарсы қырда көтеріліс ұйымдастыру мақсатында Семей өңіріне жіберілді», - деп «әшкерелеп» жатқан» [102, 248 б.].

Дінмұхамед Әділевтің көрсетіндісіне орай Әлихан Бөкейханұлының, Елдес Омаровтың, Халел Ғаббасұлының тергеу ісінің жауаптарының басы қосылып, «Алашордашылар» ұйымдастырған астыртын контрреволюциялық ұйым» деген атпен бір іске тіркелді.

Ұлттық рух ұлт тұлғаларының өнімді әлеуметтік істерінен қуат алады. Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлы: «Рух ұлы мақсат, ұлы мұрат үстінде керек. Жұрт үшін, көп үшін құрбандыққа шалынуға даяр болған кезінде сезінесің. Рух үшін қымбат дүние – жұрт қамы, ел ісі» деп ұлттық рухтың мазмұнын тереңнен ұғындырған еді. Қазақтың ұлттық рухының өзіндік бейнесі болғандықтан қазақ болмысын жете білетін жанға жақсы таныс. Осындай Алаш зиялылары айтқан тәннің күшті болуы да, елдің күресті болуы да – тәрбиеден. Мәселенің түп төркіні ұлттық рухтың шынайы өмірдегі халіне байлаулы. Ұлттың рухы зиялылардың ұлт мүддесі жолындағы алуан түрлі қызметтерінен қуат алса, ал мемлекеттің беделі ондағы азаматтардың тұлғалық істері арқылы мазмұндалатындығы да шындық.

Рухты тұлға уақыт қысымын ұғыну, замана деңгейін таза ақылмен пайымдау арқылы Отанына адал қызмет етеді. Бұл дегеніміз рухани жетілген жанның адамдық борышын орындауы.

Төле би:

Бірлігі мықты ел болса,
Барлығы түгел бауыр-ды.
Ұрпағына үлгі етіп,
Ерлерінді жырлап өт,
Жерлеп жеңсе жауынды [103, 37 б.], –

деп айтқанындай, адамды тұлғалыққа тәрбиелейтін ұлттық тарихи санасы.

Алаш зиялыларының ұлттық рухты көтеру жолындағы сан қилы қызметтерін саралағанда, бүгінгі және келер ұрпаққа рухтылықтың биік өнегелі болар қайталанбас феноменді мойындаймыз. Саяси басқару кілті ұлт жанын ұғынбайтын жаттың қолында кеткендіктен де тұрмыстан мән, елден бұрынғы сән кетіп, ұлттың рухы бұрынғы қуатынан айырылған уақытта қазақ рухымен қаруланған, әрі әлемдік дамудың қыр-сырын ғылым жолымен меңгерген Алаш зиялылары тарих төріне шықты.

Сол заманның қазақ және орыс тілді баспасөзінде халықтың саяси мәдениеті мен саяси санасын көтеру мақсатында жарияланған мақалалар мазмұны, әсіресе, әлемдегі болып жатқан саяси оқиғаларды сараптау деңгейі

олардың нағыз зиялы келбетін көрсетеді. Ойшыл деп өз заманының биігінен пайымдау жасап, қалың жұртшылыққа түзу ұғындыра білетін тұлғаны айтамыз.

Бұл сөзімізге сол бір аласапыранды, тұманды заманда қалың қара жұртқа заманның саяси жайын талдап түсіндіріп, кімнің дос, кімнің қас екенін ұғындырған Халел Ғаббасұлының жазғандары айғақ. Онда ол: «27-ші февральдан бері, сырттағы 4 жылға айналған сұрапыл соғыстың, іштегі саяси партиялар тартысының зардабынан, мемлекет толқындағы қайықтай қантылдап, жан мұрынның ұшына келерлік төңкерілме неше күйге ұшырады» [104], – деп бастап, Ақпан төңкерісінен соңғы саяси халге шолу жасай келіп, қалың елдің большевиктердің арзан үгітіне түсіп кетпеуін көздеп, олардың екі жүзді іс-әрекеттерін былайша: «Бостандық күнінен бері саясат ауасы әртүрлі құбылып өзгеруде болды: кешегі бүгін жоқ, бүгінгі ертең болмасқа айналды. Сол өзгерістің ыңғайына қарап, мемлекет арбасы да теңселіп, өмір жүзінде неше түрлі шимай салды» [104], – дейді.

Басында большевиктер тұрлаусыз жел өкшелерден құралған бір топ адамдар болса да, бертін келе олардың «әкімшілік жұмыскер, солдат және крестьян советтерінің қолына берілсін, соғыс дереу тоқтатылсын, қазына мүлік, жер-су жұртқа қылдай бөлісіп берілсін!» деген ұраны надан қара жұрттың көбін сүттей ұйытып, жоғарыда жазылған советтерді өзіне «мұрат» қылған еді. Большевиктер сонымен күшейе келіп, ел басында уақытша өкіметке қара көрсетіп, Петроград көшесін бірсыпыра қанға бояған еді. Дес беріп, казак-орыс әскері мен жаяу әскердің көбі уақытша өкімет жағына шығып, большевиктер өз қазған көріне өзі кіріп, бірсыпырасы сотты болып түрмеге жабылып, бірсыпырасы Ленин (Ленин большевиктердің басшысы) бастатқан қашып құтылып, Россиядан жер тайып, саясат түйіні, азғана болсын тарқалғандай болып еді.

Сол кезде большевиктер көсемі Ленин немістермен қатынасының барлығы білініп, большевиктер саясат майданында енді көмілер-ақ деп, көкірегінде саңылауы бардың көбі-ақ сенген еді. Бірақ бұл ой орнынан шықпады: надан жұрт надандығын көрсетіп, Ахмет айтқандай: «Еңбексіз ет жейді, бейнетсіз бит жейдінің» жолына түсіп еді. Ленин жер тайса да, «Лениншілдер» көбейіп, мемлекет арбасының дөңгелегіне кесе көлденең таяғын тығып, мемлекет ісін бір ілгері бастыртпаған еді.

Кеше Николай заманында саясат майданында өзі түгіл аузы жоқ, бостандық таңымен «мартта туған арамзалар» большевиктер шоқпар, найза, мылтыққа сүйеніп, мемлекет күшінің алдында әкімшілікті қолына алып отыр.

«Сократ хакімге у іштірген, Иван Густі отқа өртеген, Иса ғ.с. дарға асқан, Пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген, ол кім? – Ол көп; Ендеше көпте ақыл жоқ, Ебін тап та жөнге сал» деген Абай. Сол қара надан көпшілік найза, шоқпарын қолына алып жұрт құрылтайына үш-ақ жұма қалғанда, жұрт бостандығын кескілей бастады» [82], – деп талдап түсіндіреді.

Бұл сөздерден Халел Ғаббасұлының заман жайын жұртқа ұғындыра білуімен бірге, жоғары тарауларда айтылғандай, оның Абай идеясын, Алаш арыстарының ой танымдарын бойына сіңіріп, оны ұлт ісінде нақты пайдаланғанына, дамытқанына куә боламыз.

Нағыз зиялыға өмір шындығын танып білуде ойшылдық келбет те тән. Алаш зиялыларын жақындастырған осындай Отан, ұлт алдындағы азаматтық ойшылдық парыз болды. Алаш зиялылары үлкен буын мен кіші буын арасында зиялы байланыстың тамырын тереңге жаю мақсатында халықты ұлтжандылық қасиетпен тәрбиелеу ісін басты орынға қойды. Олар империялық мүддемен қаруланған билікпен арпалыса жүріп, Алаш қозғалысы барысында халықпен үнемі бірге болды. Ұлт жанын ұғына білгендіктен де, биіктеген сайын халыққа жақындай түсті. Қазақ рухын көтеру үшін білімді де білікті азаматтар жұрт ісіне жұмылды.

Адамзат мәдениетінің дамуында халық игілігіне қызмет етуде, қазақ зиялыларының ұрпақ мүддесіне қосқан өз үлесі бар.

Яғни «зиялылық», «адамгершілік», «қайырымдылық», «даналық» ұғымдары ұлт тұлғаларының ел тарихында қалған рухани бейнесімен бірге, халық игілігіне бағытталған мұраларының да негізі. Ендеше ұлт тұлғаларын қалыптастыратын «зиялы орта», жеке қайраткерді зиялы азамат дәрежесіне көтеретін зиялылық деген не? Бұл орайда Мұхтар Әуезов: «Кітап атаулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп сезінуіне болады» [105, 113 б.] – деп, зиялылықтың кітап оқудан басталатынын айтады. «Интеллигенция» латын сөзі, қазақ тілінде маманданған, ой еңбегімен шұғылданатын, әлеумет мүддесіне қызмет ететін, шығармашылыққа ие адамдар тобы, яғни, зиялы қауым өкілдері деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар, латынның «intelligens» сөзі қазақ тілінде: түсінетін, ойлай білетін, парасатты деген түсінікке де ие» [106, 193 б.]. Демек, интеллигенция ұғымының мәні тарихи тұрғыда, рухани негізде халық даналығымен ұштастырылып кеңінен қарастырылуы тиіс. Әдетте ғұлама ғалым, үлкен оқымысты болса, биік лауазымды қызмет атқарса, ел басқарса, атақты ақын-жазушы болса, соны зиялы деп қараймыз. Солардың сөзін мысалға келтіріп, әңгімелерін аңыз етіп айтамыз. Бұл, шындығына келсек, дәл ұғым емес.

Бұл сұрақтарға дұрыс жауап беру үшін, әлбетте зерттеушілеріміздің пікірлеріне сүйенген абзал. Ғалым Х. Асқарұлы «Алаш зиялылары» атты еңбегінде «Қазақ топырағында, мүмкін әлемде, зиялылар туралы ең дұрыс ғылыми талдау жасаған қазақ халқының әлемдік ұлттық дәрежедегі лидері Мұстафа Шоқай» [107, 5 б.], – деп атап көрсетіп, оның ұлттық зиялы туралы айтқанын келтіреді: «Ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз. Бір қарағанда жеңіл көрінгенімен шын мәнінде бұл сұрауға жауап қайтару оңай емес. Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін зиялы деп атап, оны сол адам өзі тән болған ұлттың «ұлттық зиялысы» қатарына қоса беруге болады деп ойласақ, сөзсіз қателесесіз. Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттары төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп атауға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының

саяси-экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады» [107, 6 б.].

Ғалым Дихан Қамзабекұлы: «Әр заманның, әр ғасырдың, кезеңнің өз зиялысы бар. Біздің ұлт ұғымындағы осы зиялының жинақты әрі бейнелі аты – көсем. Ұлт зиялысындағы көсемдік қасиет пен өршіл рух халықты қиындықтан алып өтетіні күмәнсіз» [34,80 б.],- деп, ұлт интеллигенциясының үш сапалық кезеңін атап көрсетеді. Олар: 10-20 жылдардағы Алаш зиялылығы кезеңі, 50-60 жылдардағы ғылыми-шығармашылық интеллигенцияның өрістеу кезеңі, 80-90 жылдардағы қоғамның ояну кезеңі.

Алаш зиялылығы кезеңінде өркениетті мемлекет құру мәселесі, ұлттың тағдыры, болашағы күн тәртібіне қойылды. Олар халықты тәуелсіз ел деңгейіне жеткізу жолында, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір халық бұқарасын біріктіріп, оларды біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға ұйыстыру мақсатында тарих артқан зор маңызды міндеттерді өз мойындарына алды.

1905 жылы бірінші орыс революциясы кезінде патша өкіметінің отарлық езгісіне қарсы бүкіл қазақ атынан Қарқаралы петициясын ұйымдастырып жолдаушы Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Жақып Ақбаевтардың алғаш рет Алаш деп ұран тастап, бостандық пен теңдік туралы мәселелерді ашық түрде жария етіп көтергені мәлім. Алаш сөзі, осылайша елімізді азаттыққа үндеген тәуелсіздіктің ұранына әрі ұлттық идеологияға айналған еді. Әрине, Алаш идеясы, одан кейін де қазақтардың кадет партиясының құрылуы мен ұлт зиялылары Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Бірімжанов, Сәлімгерей Жантөрин, Алпысбай Қалменов, Дәуіт Ноян Тұңдый, Шәймерден Қосшығұлов, Темірғали Нүрекенов, Тілеулі Аллабергенев, Мұхамеджан Тынышбаев, Бақытжан Қаратаев, Бақтыкерей Құлманов, Молда Тайымовтың I және II Мемлекеттік Думаларға депутаттыққа сайлануы, «Серке», «Айқап», «Қазақстан», «Қазақ» басылымдарының шыға бастауы, Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» өлеңінің жарық көруі сияқты ұлттық сананы дүр сілкіндірген т.б. қоғамдық-саяси оқиғалармен жалғасып, айқын көрініс тауып отырды.

Мысалы, белгілі алаштанушы ғалым М. Қойгелдиев «Ұлттық саяси элита» кітабында Әлихан Нұрмұхамедұлының 1905 жылдың желтоқсанында Оралда бес облыс өкілдері бас қосқан Жалпықазақ съезінде қазақтардың кадет партиясын құруға белсене атсалысқанын айтып, 1906 жылдың 10 маусымында Семейде сайлаушыларымен кездескен жиында оларды «Халық еркі» кадет партиясының бағдарламасымен таныстырғаны, осыған орай отырғандардың оған қосылуы туралы қаулы қабылданғаны, жарыссөзде Шәкәрім және өзге де қатысқан азаматтардың сөз сөйлегендері туралы деректерге сілтеме жасайды [108, 145 б.]. Шынында Ә. Бөкейханұлы «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген мақаласында оған негізінен жер, ұлттық автономия, дін мәселелері бойынша келіспеушілік басты себеп болды дей келіп, «мен сонан соң қазаққа Алаш партиясын ашуға тырыстым. Мұны мен июльдегі жалпы қазақ съезінде айтқан едім» [109] дейді.

Демек, әу бастан-ақ «Алаш» сөзінің бүкіл қазақты біріктіретін ұлттық ұранымыз ретінде тандап алынуы тегін болмаса керек. Мысалға алаш туралы ұғымның алғаш 1911 жылы Семейдегі «Жәрдем» баспасынан шыққан Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» кітабында әңгіме болып, оған Ә. Бөкейханұлының 1913 жылы «Қазақ» газетінде жазған рецензиясында ерекше тоқталатынын, сондай-ақ Оралдан доктор Халел Досмұхамедұлының «Алаш» не сөз?» деп жауап қайтаруын айтсақ та жеткілікті секілді. Жалпы, сол кезеңде алаш идеясымен тікелей байланысты атқарылған істердің бәрі болашақ қазақ автономиясын құруды көздеген Алаш ұлт азаттық қозғалысына кең жол ашқан еді.

Ал осы аралықтағы, яғни 1917 жылғы ұлы өзгерістер, төңкерістер кезеңіне дейінгі Алаш қозғалысына байланысты Халел Ғаббасұлының қоғамдық-саяси үрдістегі өмірін күрескер ағаларынан үйрену, шәкірттік кезең десе болғандай. Оның жоғарыда айтылғандай, Семей қалалық гимназиядағы саяси үйірмеге қатысуы, Әлихан Бөкейханұлымен жолығысуы, Ресейдегі оқуы мен ондағы саяси демонстрацияларға қатысуы, Петерборда Ә. Бөкейханұлымен екінші рет кездесуі, Семейдегі уақ қарыз серіктестігінде атқарған қоғамдық істері, т.б. жатады.

1917-1919 жылдары Алаш қаласында Әлихан Бөкейханұлының басшылығымен, әуелгіде «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті, одан кейін Алашорда үкіметінің Семей облыстық кеңесі құрылып, ақыр соңында Алашорда үкіметі келіп өз билігін жүргізді.

Енді біз Х. Ғаббасұлының 1917-1919 жылдар аралығындағы Семейде атқарған күрескерлік қызметтерінің кейбіріне толығырақ тоқталайық. Соның бірі – Халел Ғаббасұлының Семей облыстық қазақ комитетіндегі ұлт мүддесі жолында атқарған қайраткерлік қызметі. Қазақ тарихындағы бұл алғашқы тәуелсіз қоғамдық-саяси ұйым 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен соң елдің түрлі аймақтарында алаш қайраткерлерінің бастамасымен ашылды. 1917 жылдың наурыз айында Семейде ашылған осындай Семей облыстық қазақ комитетінің төрағасы Р. Мәрсекөв, оның орынбасары Х. Ғаббасұлы, хатшысы С. Торайғыров, мүшелері Т. Абайұлы, М. Тұрғанбаев, Ә. Ермеков, Б. Сәрсенов, Ж. Аймауытұлы, Н. Құлжанов, А. Қозыбағаров, т.б. болып қызмет атқарды. Ал осы айдың соңында құрылған Алаш қалалық қазақ комитетінің басшылығына Жанғали Алдоңғаров, мүшелігіне Мәннән Тұрғанбаев, Ысқақ Ахмадиев, Ахметжан Аңдамасов, Бекқожа Құлғарин сайланып, жұмыс істеді. Алғашында Семей облыстық қазақ комитеті төрағасының орынбасары, кейін төрағасы болған Халел Ғаббасұлы осы қоғамдық-саяси органда қазақ халқының сол кезеңдегі өзекті мәселелеріне қатысты қыруар қызмет атқарды. Мәселен, жер комитеттерін, «Алаш» партиясының облыстық және қалалық комитеттерін құру, денсаулық сақтау, ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырып, жолға қою, шаруашылық жүргізу, қазақ сот билігін орнату, Земстволық басқару жүйесін енгізу тәрізді істер атқарды. Сөйтіп Халелдің жетекшілігімен халықтың орталық қоғамдық-саяси органына айналған Семей облыстық қазақ комитеті 1917 жылдың наурызынан 1918 жылдың 11 маусымына дейін, шындығында қоғамдық-саяси істер ғана емес, өкімет

қызметін атқарды. Сөйтіп, 1918 жылдың маусым айында Алашорда үкіметінің іске кірісуіне байланысты бұл қоғамдық-саяси ұйым өз қызметін ресми түрде тоқтатты.

Осы Семей облыстық қазақ комитеті құрған Семей облыстық Земство басқармасының көптеген игі істеріне де Халел Ғаббасұлы басшылық жасады. Жалпы, сол кезеңде Земство дегеніңіз халықтың әлеуметтік-тұрмыстық, өнеркәсіп және шаруашылық мәселелерімен қатар жергілікті сот, милиция ұйымдарын құру істерімен де тығыз айналысқан жергілікті өзін-өзі басқару органы болды. 1918 жылдың басында өткен Семей облыстық Земствоның бірінші төтенше жиынында қазақ сотының құрамын сайлау мәселесі қаралып, онда облыстық соттың төрағасы Мұқыш Бөштаев оның орынбасары Иманбек Тарабаев, мүшелері Шәкәрім мен Смақан Бөкейханов болып сайланды.

Осылайша, «Семейде тұңғыш қазақ сотының құрамын ресми түрде сайлап бекітумен қатар, 1918 жылдың қаңтар-ақпан айларында Алашорданың алғашқы милиция жасағы да құрылды» [44, 79 б.]. Семейде құрылған қазақ соты мен Алаш әскері жайлы жоғарыда айтылғандықтан, біз оларға қайталап тоқтауды артық көрдік.

Сонымен, осы Семей облыстық Земствосы Халел Ғаббасұлының басшылығымен сот және әскер ісінен бөлек, халыққа білім беру ісінде де қомақты жұмыстар атқарды. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлы айтқандай, «Земство қолға алып қылатын істің бір зоры – бала оқыту. Земство мектеп салады. Медресе көрмеген бала болмайды» [31, 251 б.]. Осы орайда Халел басқарған Семей Земствосы Семейде ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалап, дамытуға белсене қатысқанын ерекше атап өту қажет.

Мысалы, ҚР ШҚО Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығындағы бір деректе 1918 жылдың 8 қазанында кешкі сағат бесте өтетін Семей уездік Земство жиынына Алаш мектептерінің бір топ мұғалімдері Қ.Қоскеев, Ғ.Дәулетияров, С.Мұстафин, Х.Ибрагимов, тағы басқалардың шақырылғаны туралы жазылған. Сол сияқты Қырғыз (қазақ) мұғалімдер одағының білім беру мәселелерін шешу мақсатында Семей уездік Земство басқармасына 1918 жылдың 25 қарашасында жолдаған № 221 қатынас қағазында: «Согласно заявления председателя Семипалатинской уездной Земской управы, киргизской учительской союз в заседании от 25 ноября сего года постановил делегировать в совет уездного отдела по народному образованию следующих трех своих представителей: Манан Турганбаев, Каныш Сатпаев, Сеитбаттал Мустафина» [110], - деп айтылады. Бұл қатынас қағазға «за Председателя Союза» деп С.Мұстафин, ал «за Секретаря» деп Қ.Сәтбаев қол қойған.

Семейдің сол жақ бетіндегі қазіргі Жаңасемей қаласы 1917-1927 жылдар аралығында, он жылға жуық уақыт бойынша Алаш қаласы аталып келгендіктен, сондай-ақ алғашқы қазақ мектептерінің негізі осында қаланғандықтан, олар ресми тілде Алаш мектептері деген атауға ие болған. Жалпы, жоғарыдағы аталған мұрағат қорларында Халел Ғаббасұлы қол қойған Семей уездік Земство басқармасының халыққа білім беру бағытындағы қаулы-қарар, шешімдер мол кездеседі. 1918 жылы Семей

мұғалімдер семинариясында оқып жүрген және семинарист Мұхтар Әуезов сол тұста өзі Семейде шығып тұрған «Абай» журналының №11 санындағы мақаласында: «Ұлт мектебін ашуға қазірде біздің алдымызда қиын асудай үш кедергі тұр. Бірі: бастауыш мектептің бәріне мұғалім жоқтығы; екіншісі: оқу құралдарының жоқтығы; үшіншісі: ілгері оқитын мектептің жоқтығы һәм тез уақытта бола алмайтындығы» деп жазғандай, ұлттық педагог кадрлардың жетіспеушілігіне, бастауыш қазақ мектептері мен оқу құралдарының жоқтығына қарамастан, олар бұл күрделі мәселелерді асқан қажырлылықпен шеше білді. Сонымен қатар жер-жерде қазақ газеттері мол баспаханалар ашу, оқулық кітаптарын бастырып шығару істері де қызу қолға алынды.

Осы жылдары қазақ зиялыларының кітаптары «Орынбор», «Қазан», «Ташкент» баспаларынан жарық көре бастады. Мысалы Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппе», «Тіл жұмсар», Міржақып Дулатұлының «Оқу құралы», «Есеп құралы» еңбектері бірнеше қайтара өңделіп, басылып шықты. Жалпы жиыны 1928 жылға дейін Ахмет Байтұрсынұлының түрлі оқулық, оқу құралы, нұсқаулық сынды оқу-әдістемелік 48 еңбегі, Телжан Шонанұлының 32 оқулығы жарық көрді. Сондай-ақ «Ғалия» медресесінің шәкірттері, Оралдық Нұғыман Манаевтың «Иман һәм иғтиқад» кітабы, Мәннән Тұрғанбаевтың «Пайғамбар заманы», Мұстақым Малдыбаевтың «Иман һәм намаз», Нығметолла Күзембаевтың «Құран құралы» осы кездерде басылып, шәкірттердің оқу құралына айналды [111, 143 б.].

Осы айтылғандардан көріп отырғанымыздай Семейде Алашорда өкіметі өз қызметін жалғастырған кезеңге дейінгі Халел Ғаббасұлының қайраткерлік қызметі Семей облыстық қазақ комитетінде өтті десек, осы комитеттің атқарған басты жұмыстарының бірі – «Алаш» партиясының облыстық комитетін құру болғаны аян. Сондай «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті 1917 жылы қазанда құрылды. Ол Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Ғалиханның Семейге келуі» мақаласында суреттелетін Әлихан Бөкейханұлының Семейге келген кезінде құрылған болатын. Бұл жайлы профессор Мәмбет Қойгелдиев: «Алаш» партиясының облыстық ұйымдары 1917 жылдың қазан айынан қалыптаса бастады. Әлихан Бөкейханұлының тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен шамамен қазанның 12-20 аралығында партияның облыстық ұйымдары алдымен Семейде, кейін Омбыда, ал қарашаның 10-на қарай Орынборда ашылды» [108, 140-149 б.б.], -деп жазған.

Ал осыдан сәл бұрын, яғни Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Ғалиханның Семейге келуі» мақаласындағы айтылған уақиғаның алдында Әлихан Бөкейханұлымен бірге Халел Ғаббасұлы қазақ автономиясын тану мәселесі жөнінде Томскіде болған еді.

Келесі бір Халел Ғаббасұлының Алашорда өкіметіндегі, нақты «Декабрь съезінде автономия ресми жарияланғанша уақытша қазақ-қырғыз істерін билеуге Алаш Орда сайланды. Алаш Орданың уақытша тұратын орны Семей болды. Бірақ большевик кесірінен Алаш Орда іске кірісе алмады. Семей һәм Ақмола облыстары большевиктен тазарған соң 11 июньде Алаш Орда іске кіріскеннен» соң Алашорда үкіметі мүшелерінің құрамында Халел

Ғаббасұлының атқарған тарихи ісі – Алашорда өкіметін Кеңес үкіметіне мойындату жолындағы қайсар күрескерлік еңбегі. Бұл мәселеде Алаш қайраткерлерімен азаматтық қарсыласу жылдарында кеңес өкіметі басшыларының да екіжүзді астарлы саясатпен және ел ішінде беделге зор Алашорда үкіметінен қауіптеніп байланыс орнатуға ниет танытқан сынай көрсеткені тарихтан белгілі.

Әрине, мұның өзіндік нақты объективтік себептері де бар еді.

Біріншіден, бұл Алашорда үкіметімен мүлде санаспауға келмейтін кез-тін. Алаш қайраткерлері тек Қазақстанда ғана емес, жалпы бүкіл Орта Азия аймағында ықпалды басты саяси күшке айналған уақыт болатын.

Екіншіден, 1918 жылдың көктеміндегі Антанта әскерлерінің соғысы мен ақ гвардияшылардың жаппай шабуылға шығуы, оларды осылайша өзіне Алашорда тәрізді жаңа саяси одақтастарды іздеуге мәжбүр етеді. Ленин Алашорда үкіметінің басшыларын Мәскеуге келіссөзге шақырады.

1918 жылдың наурызында Ә.Бөкейханұлының тапсырмасымен Халел және Жаһанша Досмұхамедовтар Оралдан Мәскеуге аттанып, барған бетте РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Ленин және Ұлт істері жөніндегі Халық комиссары Сталинмен кездеседі, оларға 1917 жылдың желтоқсанында Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезінің қаулысымен табыс етеді. Содан көкек айында Сталин Семейге телеграфпен шығып, Әлихан Бөкейханұлын келіссөзге шақырады. Алайда, Алаш көсемі бұл тапсырманы өзінің орынбасары Халел Ғаббасұлына жүктейді.

Ол туралы, алаштанушы ғалым Дина Аманжолова «Казахский автономизм» атты зерттеуінде: «В конце марта–начале апреля 1918 г. в Москве и по прямому проводу с Семипалатинском проходили переговоры В.И. Ленина и И.В. Сталина об условиях казахской автономии с национальными деятелями-членами правительства Алаш-Орда, образованного 2-м Всеказахским съездом в декабре 1917 г. в Оренбурге» [112, 34 б.], – деп жазған.

Сталинмен болған әңгіме барысында Халел Ғаббасұлы ең алдымен Кеңес өкіметінің Алашорда үкіметін ресми түрде танып мойындауын талап етеді. Сондай-ақ, қазақ автономиясы туралы пікір алысуда өз ойын тайсалмай айтып, ұлт мүддесін қорғап сөйлейді. Оған сол кезде «Сарыарқа» газетінде жарық көрген екі өкімет басшылары арасындағы келіссөздер мәтіні айғақ болады. Алайда, біріншіден, оның келіссөздің жалпы мәтіні екенін, екіншіден, нақты Халел Ғаббасұлының сөзі өзгеріссіз берілгенін ескеріп, Халелдің жеделхатын түпнұсқадан келтіріп отырмыз:

«Телеграмма заместителя председателя Алаш-Орды Х. Габбасова в СНК РСФСР, В.И. Ленину и И.В. Сталину о признании Советской власти и предлагаемых условиях образования автономии.

Семипалатинск 3 апреля 1918г.

Члены Всекиргизского народного совета Алаш-Орды, обсудив переданные по прямому проводу предложение народного комиссара по национальным делам Сталина, заявившего, что постановление общекиргизского съезда 5-13 декабря в городе Оренбурге целиком

вмещается в рамки декреты Совнаркома об автономии и что необходимо, чтобы Алаш-Орда признала власть Совнаркома и приступила к организации комиссии по созыву Учредительного съезда депутатов, постановили признать центральную власть Федеративной Советской Республики, сообщив Совнаркому следующее:

1. Согласно постановлению общекиргизского съезда 5-13 декабря необходимо немедленно объявить территориально-национальную автономию «Алаш», в состав которой должны войти области Семипалатинская, Акмолинская, Тургайская, Уральская, Сыр-Дарьинская, Ферганская, Семиреченская, Букеевская орда, Мангышлакский уезд Закаспийской области, Джизакский уезд Самаркандской области, Аму-Дарьинский отдел Сыр-Дарьинской области, киргизы Бийского, Славгородского, Змеиногорского уездов.

2. Состав Алаш Орды должен быть пополнен 10 представителями от других национальностей, населяющих автономию Алаш, с соблюдением национального представительства.

3. Высшая законодательная и административная власть автономного Алаша впредь, до созыва Учредительного съезда депутатов, принадлежит Алаш-Орде.

4. Инициатива созыва Учредительного съезда принадлежит Алаш-Орде при тесном сотрудничестве его с местным советом.

5. Вся административная власть областей и уездов должна принадлежать областным и уездным советам киргизских и крестьянских депутатов, а в городах – городским Советам депутатов от горожан, рабочим и солдат, организованным на демократических началах, с соблюдением пропорционального представительства от национальностей.

6. Впредь, до организации местных Советов, избранных на демократических началах с соблюдением национального представительства, все областные и уездные киргизские комитеты и другие киргизские организации должны быть оставлены в силе. Также должны быть оставлены земские и городские самоуправления, которые должны вести хозяйственными и культурно-просветительными делами.

7. Областной и уездные киргизские суды должны функционировать для решения дел между киргизскими и (...).

8. Согласно постановлению общекиргизского съезда организуется народная милиция.

9. Алаш-Орда просит распоряжения Совнаркома о немедленном освобождении арестованных местными Советами членов Алаш-Орды, комиссии по народному образованию, областных и уездных киргизских комитетов и земских управ и о прекращении преследования членов указанных организации на основании провокационных слухов и ложных доносов.

10. Уполномочивают представительством при Совнаркомом от имени Всекиргизского Совета членов его Д.Досмухамедова и Халила

Досмухамедова. Алаш-Орда Совнарком (...). На этом предложении и сообщить ответ по прямому проводу.

Прошу Вас не отказать передать копию сего предложения нашим представителям Досмухамедовым.

За председателя Всекиргизского Совета Х. Габбасов» [113].

Алайда, бұл келіссөздер айтарлықтай еш нәтиже бермеді. Сталиннің уәдесі ақыры сөзбұйдаға салынып, су аяғы құрдымға кетті. Біз сөзбен айтқанда, Кеңес өкіметі атынан Алашорданы мойындаймыз деген Ленин мен Сталин Алашорда үкіметін екіжүзді жалған уәдемен уақыт созып, алдап, жауға жықты.

Сол сияқты 1920 жылдары Қазақстанда Кеңес өкіметі түбегейлі жеңіп, Алаш қайраткерлеріне заң жүзінде кешірім жасалғанымен, іс жүзінде жағдай мүлде басқаша болды. «Байшыл–ұлтшылдар, социалистік қоғамға жат элементтер» деген желеумен оларға жиі сенімсіздік көрсетіліп, жауапты қызметтерден үнемі шеттетіліп отырды. Әрдайым заң – құқық органдарының қатаң бақылауында болды. Әсіресе, бұл саяси қысым көрсетушілік қанқұйлы Голощекин Қазақстанда билік жүргізген кезде, тіпті өршіп, ушыға түсті. Дегенмен, осы жылдардағы мұндай саяси қыспақтың ортасында жүріп те Халел Ғаббасұлы ұлт мүддесі жолындағы жанқиярлық күресін бір сәт тоқтатқан жоқ.

Сөйтіп, Кеңес өкіметінің Семейдегі мемлекеттік органдарында Семей облыстық Кеңесі төрағасының орынбасары, Семей облыстық Земствосының Жер комитетінің төрағасы, Қазақ ревкомының мүшесі, Қазақ ревкомының Сибревкомдағы өкілі, Ақмола, Семей облыстарын Қазақстанға қосу жөніндегі комиссияның мүшесі, ең соңында Семей педтехникумының оқытушысы бола жүріп, Ақмола, Семей облыстарын Қазақстанға қайтару, 1921-22 жылдардағы аштық кезінде ашыққан халыққа жәрдем ұйымдастыру, мәдени іс-шараларды өткізу, оған басшылық жасап қана қоймай, өз тарапынан үлес қосуда да көп жұмыстар атқарды.

1928 жылдың жазында Халел Ғаббасұлы Қазақ АКСР Жоспарлау комиссариатында қызмет істеп жүріп, Шыңғыстаудағы ағайын–туғандарына демалысқа келгенде «халықты бай–кулактарды тәркілеуге қарсы үндеді, шетел агентурасымен астыртын байланыс жасады» деген жаламен тұтқындалып, қамауға алынады.

Қиыннан қиыстырылған «қарулы көтеріліс» ұйымдастыруға талпынды деген айып та – Халел Ғаббасұлының Алашорданың милициясын құрудағы еңбегін Совет өкіметіне жаулық әрекетімен байланыстыру мақсатын көздегенін танытады.

Алайда: «Жүргізілген тергеу жұмыстарының ішінде қарулы көтерілісті дайындағандықтарын айғақтайтын бір де бір нақты дерек табылмаса да» [102, 253 б.], 1929 жылы 27 қаңтарда үштіктің қаулысымен оны айыпты деп таныған айыптау қорытындысына Халел Ғаббасұлы өз қолымен: «Мен өзімді айыптымын деп санамаймын» [102, 285 б.] деп жазғанына қарамастан, барлық адамдық, құқықтық, моральдық қағидаларды белден басып, тоталитарлық мемлекеттің жазалау органы ОГПУ Коллегиясының Кеңесі 1930 жылғы 4

көкекте: «№78754 іс бойынша айыпталған Ғаббасұлы Халелге – ҚЕ 58/2 бабы бойынша айып тағылып, атылсын» [114], – деп қаулы қабылдаған.

1931 жылы «үштіктің» шешімімен Жүсіпбек Аймауытұлы, Дінмұхамед Әділов, Ахмедсана Юсуповтармен қатар бір мезгілде Мәскеудің Бутырка түрмесінде атылып, құрбандыққа ұшырады.

Ұлтым, елім деп туған Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлы 1990 жылы ақталды.

Бұл мәліметпен «Әділет» қоғамы шығарған «Азалы кітап» басылымынан танысуға болады. Осы кітапта 1930-40 жылдары ату жазасына кесілген арыстардың тізімі жарияланған. Сол тізімнен Халел Ғаббасұлын да кездестіреміз. Онда «Ғаббасов Халиль Ахмеджанович. Род. 1888 г., ур. Семипалатинск окр., прож. гор, А-Ате, казах, служ. Казсовнаркома. Осужден решением коллегии ОГПУ при СНК СССР от 04.04.1930г. Реабилитирован заключением Прокуратуры КазССР от 30.11.1990 г.» [115, 264 б.], деп көрсетілген.

Алаш қозғалысының белді қайраткері, «Алаш бекзаты» Халел Ғаббасұлының қайраткерлік, күрескерлік ғұмыр тағдыры осындай.

Қазір алаш арысы Халел Ғаббасұлынан тікелей ұрпақ қалмаған. Оның әйелі Рәмиадан туған Зәбен және Қадыр атты екі ұлы болды. Зәбен соғыс кезінде қайтып, отбасын құрмаған. Ал екінші ұлы Қадыр соғыстан бір қолы кем болып келген. Үйленген, бірақ бел баласы болмаған. Шамамен 1980 жылдары қайтқан.

Біздің қолымызға Халелдің әйелі Рәмиа мен ұлы Қадырдың фотосуреттері түсті. Оны Бәтима ападан алдық. Бәтима - Молдабайдың ұлы Исатайдың келіні. Дәлірек айтсақ, Ахметжанның қызы Жәмкеден туған Әнуарбектің бәйбішесі. Бәтима апамыз Алматы қаласында тұрған. Жасы 80-нен асқан. 2016 жылы көктемде дүниеден өтті.

Жәмке - Халелдің қарындасы, Исатайдың әйелі.

Жәмкеден туған Қайшаның қызы 70-тен асқан Манел де Алматы қаласында тұрған, 2016 жылы қазан айында дүниеден өтті.

Манел апамыздың берген деректері бойынша арғы аталары Ғаббастың Батырша деген ұлынан Мұхаметжан туған. Мұхаметжан Шыңғыстаудағы Шаған болысында белді адамдардың бірі болған. Қажылыққа барып келген. Елі оны Мақа қажы деп атаған.

Осы Мақа қажының 3 әйелінен 33 перзенті болған. Бәйбішесінен туған тұңғыш ұлы Ахметжаннан алаш арысы Халел туады.

Халелдің Араб деген інісі, Жәмке, Рабиға атты қарындастары болған. Інісі Ғаббасов Араб Мақаұлы (1903-2002) – ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, 1946 жылдан Қазақстан академиясының корреспондент-мүшесі. Шөлді игеру институтының директоры болған.

Сонымен, қарастырылған мәселелерге орай мынадай тұжырымдар жасаймыз:

Бірінші, Алаш арысы Халел Ғаббасұлының ғұмыры елдің жарқын болашағы, Алаштың тәуелсіз мемлекетін баянды ету жолындағы қайраткерлік, саяси-көсемсөздік күреспен өтті.

Екінші, Халел Ғаббасұлының ұлтжанды күрескер болып қалыптасуына Әлихан Бөкейханұлы бастаған Алаш арыстарының тікелей әсер, ықпалы болды.

Үшінші, 1917-1920 жылдардағы саяси-әлеуметтік істерде оның ұлтжанды тұғыры мен азаттық жолындағы нық идеялық ұстанымы қалыптасты.

Төртінші, Абай шығармашылығы, Абайдың ақын ізбасарларының саяси-әлеуметтік лирикалары мен өзекті тақырыптарды көтерген көсемсөздері – Халел Ғаббасұлының әдеби, саяси публицистикасының рухани тағылымды өзегі болды.

Бесінші, Халел Ғаббасұлының өмірбаяны – ұлт бостандығы жолындағы күрескер тұлға ғұмырының ғибратты үлгісі.

Алтыншы, Халел Ғаббасұлының барша қоғамдық-саяси қызметі оның күллі ғұмырының ұлт тәуелсіздігі, ел мүддесі, халық бостандығына бағытталғандығын айғақтайды.

Қазақ баспасөзіндегі азаттық ауаны және Халел Ғаббасұлының «Сарыарқа» газетіндегі әдеби-көсемсөздік еңбектері

XX ғасыр басындағы Алаш арыстарының Әлихан Бөкейханұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған үлкен бір шығармашылық шоғыры – қайта өрлеу ауқымындағы тұлғалар. Бұл тұлғалар халық санасынан өшпей, жұртшылық зердесінде мәңгілік жазылып қалды, бүкіл ұлт мәдениеті мен әдебиетіне өз үлестерін қосып, рухани қоғамның көптеген салаларында көріне білді. Демократиялық, ағартушылық, ұлт азаттық рухындағы қайта өрлеу дәуірінің міндеттері оларды әрі жазушы, әрі журналист, әрі публицист, әрі ғалым, әрі қоғам қайраткері болуға ұмтылдырды. Ұлт-азаттық идеясымен сусындап, Алаш қозғалысының көшбасшылары болған олардың әрі суреткер, әрі ойшыл-көсемсөз шебері ретіндегі ұлылыққа тән қасиеттері жалпы адамзаттық рухани құндылыққа ортақ бағаның осынау жоғары өлшемі бойынша да баға жетпейді. Өйткені, олар, яғни алаш арыстары өз кезі үшін шын мәнінде ренессанстық тұлғалар болды. Олардың XX ғасырдың басындағы әдебиет айдынына публицистика, оның ішінде саяси көсемсөз арқылы келуі де мәдени-тарихи оқиғаға айналды.

Сондықтан, Алаш қозғалысының көшбасшылары бастаған осынау зор тарихи күрес керуенін жалғастырушы Х. Ғаббасұлының көсемсөздік, яғни публицистикалық еңбектерін айтпастан бұрын, жалпы публицистика, оның қазақ баспасөзіндегі туу, даму, қалыптасу жайы, сондай-ақ азаттық күресіндегі мән-маңызына ұлттық басылымдар негізінде қысқаша сараптама жасау қажет.

Сонымен, публицистика – әдебиет пен журналистиканың түрі ретінде көкейкесті саяси, экономикалық, әдеби, философиялық және басқа мәселелерді қарастырады. Публицистиканың мақсаты қоғамдық пікірге, қалыптасқан саяси құрылымға ықпал етіп, оларды билік мүддесі немесе

әлеуметтік және тәуелсіздік мұраттарына сәйкес нығайтуға бағытталған. Публицистика сонымен бірге саяси-көркем прозаның озық үлгісі, қаламгерлердің қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді арқау еткен туындыларын көркем бейнелеудегі шығармашылық құралы болды.

«XX ғасырдың басындағы әдебиет өзінің даму жолында бұрынғы қалыптасқан гуманистік, демократтық, ағартушылық, реалистік сыр-сипатын сақтап, дамыта алды. Әдебиет өкілдері ұлы ойшыл ақын Абайдың реалистік дәстүрлерін жалғастырды, байытты, халықты жаңалыққа, прогреске шақыратын бүкіл азаматтық сарындарды көркейтті, көркем сөз қорын поэзия, проза, публицистика, драматургия жанрларымен молайтты» - деп әдебиеттанушы ғалым Ш.Қ. Сәтбаева осы кезең әдебиетінің даму ерекшеліктерін нақты сипаттап көрсетеді [116, 6 б.].

Осынау жанрдың басы-қасында болып, қазақ әдебиетінде елеулі құбылысқа айналуына зор үлес қосқан XX ғасыр басындағы қазақ зиялы қауымы көшбасшыларының бірі, аса көрнекті ғалым, ақын, жазушы, аудармашы, публицист, ағартушы, әдебиет зерттеушісі, тіл білімінің реформаторы Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты классикалық ғылыми еңбегінде ұлттық әдебиеттанудың ғылыми негіздері мен әдістемелік арналарын, басты терминдері мен категорияларын қалыптастырды. Ғалым осы кітабында әдебиеттің барлық жанрлары мен көркем терминдеріне байланысты дәл атаулар ұсынды. Бұл ретте ол публицистиканың да «көсемсөз» деп нақ баламасын тапқан.

А. Байтұрсынұлы публицистиканы, яғни көсемсөзді «шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатымен шығарылатын сөз» деп көркем сөз өнерінің белді саласы ретінде атай келіп: «Шешен сөзден мұның айырылатын жері – шешен сөз ауызбен айтылады. Көсем сөз жазумен айтылады. Көсем сөз әлеумет іске басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да көсем сөз деп аталады. Көсем сөз кезіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болып, істету ыждаһатымен айтылады» [55, 398 б.], – публицистиканың көркемдік қызметін анықтап көрсетеді.

Оның өзі де XX ғасыр басында әдебиетке жетекші жанрдың біріне айналған көсемсөз жазудың шебері болып, әдеби сын жанрына да қалам тербеді. Көсемсөздің түрлі жанрларында талантын байқатқан ғалым-жазушы өзі негізін қалап, редакторы болған «Қазақ» газетінде сол кездегі қоғамдық өмірдің көкейкесті мәселелерін қамтыған көптеген көркем-публицистикалық мақалалар жариялады. «Шаруа жайынан», «Бас қосу турасында», «Жер жалдау жайынан» публицистикалық мақалаларында халқын ерінбей еңбек етіп ел болуға үндесе, «Орысша оқушылар», «Білім жарысы» атты осы мазмұндағы көсем сөз жанрындағы мақалалары халқын еуропалық мәдениет биігіне көтерудің үлгісі ретінде жазылған.

Ахмет Байтұрсынұлынан бастап публицистика жанрының хас шеберлері атанған, көсемсөзді өмір шындығының арқауы, негізгі құралы деп білген алаш арыстары Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхамеджан Сералин, Ғұмар Қараш, Көлбай Төгісов, Райымжан Мәрсеков, Халел Ғаббасұлы және т.б. қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар

мен журналистер XX ғасыр басында қазақ тілінде жарық көрген газеттер мен журналдарда жарияланған публицистикалық мақалаларында отарлық жүйенің озбырлығын, жер, құқық мәселелерін, елдік тұрғыдағы шовинистік саясатты әшкерелеп, халықты оқу-білімге ұмтылуға, отаршылдық езгіге қарсы жұмылып, елдікке шақырады.

Жалпы қазақ публицистикасы XIX ғасырда қалыптасып, Шоқан, Мұхаммедсалық Бабажанов, Ыбырай Алтынсарин, Абай еңбектерінде көрініс берген. Одан кейін бұл дәстүрлі сабақтастық XX ғасыр басында Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды ұлт зиялыларының көсемсөз жанрында халық санасын оятып, ел болу мәселелеріне үн қатуларымен жалғасты. Олар өткір көркем-публицистикалық мақалаларымен жұртшылық көкейінен шығып, қоғамдық серпіліс туғызғаны, осы үрдіс кеңес дәуірінде өз жалғасын тауып, публицистика қазақ қаламгерлерінің басты қаруына айналғаны және олардың осы жанрда көркемдігі қуатты, шебер туындылар тудырғаны белгілі.

Көркем әдебиетте публицистиканы өмірдің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық құбылыстарын, рухани құндылықтарын арқау ететін әдеби жанр ретінде қарастырсақ, екінші жағынан алғанда, публицистика журналистер мен жазушылардың өмір, қоғам, заман шындығын тебірене жазатын толғауы іспетті ақиқат айнасының сырлы суреті болып табылады. «Публицистика – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын саласы» [16, 122 б.] болғандықтан, оның негізгі өзегі – адам десек, бұл әдебиет саласының қай уақытта, қай ғасырда болсын, қоғамда алар орны ерекше. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» атты зерттеу еңбегінде публицистиканы «көсем сөз» деп атағанын жақсы білеміз.

Көсемсөзші, яғни публицист өзі өмір сүрген кезең тынысын дәл танып, күнделікті тіршілікке белсене араласатын, саяси-әлеуметтік, экономикалық құбылысты қалың көпшілікке пәрменді жеткізіп, жұртшылықтың талап-тілегіне дер кезінде үн қоса алатын қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген жан-жақты білімді, өзі көтерген мәселелерге байланысты қоғамдық пікір туғыза алатын қаламы жүйрік, ойы ұшқыр жазушы болуы шарт. Сол ретте публицистикаға назар аударып, ден қойған көптеген ғалымдардың пікірінше публицист өз кезегінде ағартушылық-педагог, фөлсафашы, тарихшы, экономист, заңгер, ғылымды көркем әдебиетпен тығыз сабақтастыра білетін сегіз қырлы, бір сырлы қаламгер болуға тиіс. Осындай XIX ғасырда қалыптасып, XX ғасырдың басында үрдісті даму сатысына шыққан жас қазақ публицистикасы ұлт зиялыларының «Қазақ қоғамын ілгері бастырудың амалдарын іздестірумен айналысып, халықты мешеуліктен арылтуға, патшалық езгіден азат етуге, оған білім мен прогрестің, мемлекеттік тәуелсіздік алудың жолдарын көрсетуге ұмтылған» [117, 124 б.] қам-қарекеттеріне қызмет етіп, олардың өз халқын отаршылдық құлдықтан азат ету жолындағы күресінің саяси-мәдени құралына айналды. Бұл күресте «Қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою

кажет екенін түсінді. Қазақ зиялыларының бүкіл қызметі осы мақсатқа арналды деуге болады» [118, 724 б.]. Ұлт азаттық идеясы жолындағы мақсат-мұраттарын жүзеге асыру үшін олар қолдарына қалам алып, саясат, оқу-білім, әлеуметтік-экономикалық мәселелерін қамтыған көкейкесті публицистикалық мақалалар жазды. Алаш зиялыларының, журналистерінің бұл игі мұратына алғашқы қазақ газеттері жемісті қызмет етті.

Сондықтан да Халел Ғаббасұлының публицистикалық еңбектері жарық көрген «Сарыарқа» газетінің азаттық рухындағы үлгі мектебі болған ұлт басылымдарының тарихына қысқаша шолу жасау орынды болар деп ойлаймыз. Өйткені, қазақ көркем публицистикасының жаңа үрдісте, жаңа екіпінде дамып, ХХ ғасырдың басындағы демократияшыл бағыттағы әдебиетінің негізгі бір арнасына айналып, ұлт зиялыларының азаттық жолындағы қуатты сөз құралы болып шындалуына осы кезеңде таза қазақ тілінде шыққан алғашқы қазақ газеттері мен журналдарының рөлі зор болды. Қазақ публицистикасының қалыптасып дамуындағы ХХ ғасыр басындағы ұлттық баспасөздің рөлін айтқанда қазақ тіліндегі шын мәніндегі тұңғыш газеті – «Серке» газеті ойға оралады. Олай дейтін себебіміз, осыған дейін айтылып жүрген «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті» ұлттық баспасөздің алғашқы басылымдары болып есептелгенімен, бұл газеттер көбінесе аударма нұсқасында қазақ және орыс тілінде шықты да, патша үкіметінің тікелей органдары ретіндегі үнқағаз болып есте қалды. Әрине, бұл газеттердің қазақ баспасөз тарихындағы орнын жоққа шығармаймыз, екі газет те алғашқы ұлттық баспасөз басылымдары болып қала береді.

Ал «Серке» газетіне келсек, ғұмыры ұзақ болмағанымен таза қазақ тілінде шыққан демократиялық бағыттағы алғашқы газет ретінде ұлттық баспасөз тарихындағы орны ерекше. «Үлкен совет энциклопедиясының» 1-ші басылымында бұл газет қазақ баспасөзінің тұңғышы ретінде атап өтілген болатын [119, 590 б.]. Өзінің халықтық рухымен, бостандық сүйгіш идеясымен жарқ етіп көрінген «Серке» газеті Санкт-Петербургте татар тілінде шығып тұрған «Үлфәт» газетіне қосымша ретінде 1907 жылы шыққан [120, 9-10 б.б.].

Ресейдің Мемлекеттік II Думасының мүшесі Шәймерден Қосшығұловтың басшылығымен жарық көрген газеттің үш-төрт нөмірі басылған соң тоқтап қалған [121, 47 б.]. Ш. Қосшығұлов газеттің басты мақсаты мен аты туралы: «Серке бір атар қойды боранда дұрыс жолға алып шығады, олай болса «Серке» газеті езілген қазақ халқына дұрыс жол көрсетіп, оның ұлттық сана-сезімін оятатын жолбасшы болу керек» [120, 9 б.], – деп өз естелігінде жазған.

Осы газеттің 2 санында «Арғын» деген бүркеншік атпен жарияланған Міржақып Дулатұлының «Біздің мақсатымыз» атты мақаласында патша өкіметінің Қазақстандағы отарлық саясатының асқынған, шегіне жеткен түрі – мындаған мұжықтарды қазақ даласына күштеп қоныстандырып, қазақтарды шұрайлы жерінен айырудың халық құқығын қорлаумен пара-пар екендігін айтып, «Қазағым менің, елім менің!» деп туған халқына наз айтады,

«Ең алдымен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық. Оның ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кек тудырады» деп халық күйзелісін жан-тәнімен сезініп, «Өздеріңіз көз жазбай байқап отырғаныңыздай, чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып алып, ойына не келсе, соны істеді» деген ашу-ызасын білдіреді. «Енді чиновниктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға, біздің молдаларға ғана тиісті жеке мәселесіне де араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды» деп билік органдарының шектен шыққан өктемдігін ашық көрсетіп, отарлық жүйенің қазақ жеріне қомағайлықпен сұқтана қарағандығын: «Енді бұл чиновниктер қазақ даласына мыңдаған мұжықтарды жер аударып, қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып әперуде. Чиновниктерді арқаланған олар өздеріне жайлы қазақ жерін еркін иемденуде. Тұтас ауыл болып келсе бұлар сорлы қазақтарды ұрып-соғып, бар мүлкін тартып алып кетуде» деген жолдар арқылы ащы шындықты жайып салады» [120, 31 б.].

М. Дулатұлының бұл мақаласы патшалық Ресейдің отарлық жүйесін тұтастай алып, қарапайым халыққа тигізер кеселді жақтарын жер-жебіне жете әшкерелеп жазған публицистикалық туынды.

Қазақ публицистикасының қалыптасу жолында келесі «Қазақстан» газеті де үлкен орын алады. Газет 1911 жылы 16 наурызда Орда қаласында шығуын бастап, 27 мамырда 2 санынан соң жыл аяғына дейін тоқтап қалды. Осы аралықта газет редакциясы Орал қаласына орын ауыстырып, 15 қарашадан бастап қайта шығады. Барлығы 18 саны шыққаннан кейін 1913 жылы шілде айында жұмыс істеуі тоқтатылады [121, 49 б.]. Газетті шығарған редактор ақын Елеусін Бұйрин, оны қаржыландырғандар Алаш зиялылары Бақытжан Қаратаев, Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қараш, Сейітқали Меңдешев, Мәшит Шомбалов болды. Газеттің шығуына басқа да ондаған мұғалім, дәрігерлер қаржылай үлес қосқан. Газеттің бар ауыртпалығын өзі көтеріп, түгел дерлік редакциялық мақалаларды өзі жазған Е. Бұйрин басылымның беташар санында: «Бізді бір тілек, бір ниетке жиятұғын зат – біздің басшымыз – біздің достар алдындағы көркіміз! Дұшпанға қарсы құралымыз – білмегенді көрсететін ұстазымыз! Қараңғыда жарық беріп, тура жолға салатын шамшырағымыз!» деп газет маңызына зер салып, «Заман өзгерді, заман шаруаны, адамды өзгертеді. Өзгермесе, жаңаға ыңғайланбаса, ол кейін қалады. Заманымыз өзгеріп отыр, біз де өзгерейік!» [122], – деп ұран тастайды.

Ұлт мұңын жоқтап, халықтың арман-тілегін айтқан газет еліміздің қазіргі атауы «Қазақстан» атын иеленуінде үлкен сыр бар сияқты. Патша өкіметінің қазақ даласындағы ресми билеуші орындары біздің елді «Киргизский край» деп тұқыртып, тіпті кеңестік жүйе тұсында 1925 жылға дейін тарихи атын қайтара алмай келгені белгілі десек, империяның отарлық жүйесі күшейіп тұрған қатыгез заманның өзінде қараңғылық пен езгідегі халқын түнектен жарыққа алып шығып, бостандыққа өнер-білімге үндеген газеттің «Қазақстан» атымен халыққа таралуы ерлікпен пара-пар іс деуге болады.

Ал ХХ ғасырдың басында, 1911 жылдан 1915 жылға дейін Троицк қаласында шығып тұрған қазақтың тұңғыш ұлттық журналы «Айқап» та елдің азаттығы, халықты ағарту, саяси-әлеуметтік мәселелерге қатысты тақырыптарды көтеріп, ұлт баспасөзі тарихында ағартушылық, бостандық идеяларының таратушысы болды. Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды алаш арыстарының бұл журналда қызмет етуі – басылым бағытының Алаш қозғалысымен үндестігін айғақтайды.

ХХ ғасыр басындағы қоғамдық-саяси ойдың ілгерілеп, ұлт азаттық қозғалыстың жаңа сипатта, жаңа қарқында өрістеуіне бірден-бір себепкер болған, М. Әуезов сөзімен айтсақ: «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, елін ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын» [35, 64 б.].

Әлихан Бөкейханұлы маңына топтасқан ұлт зиялылары, ең алдымен Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы өздері ойластырып, бағыт-жоспарын жасаған жалпы ұлттық-демократиялық мақсат-міндеттерді жүзеге асыруда, халықтық мән-маңызы үлкен саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени мәселелерді көтеріп шешуде ұлт азаттық күрес идеясын жұртшылыққа таратып, үгіт-насихат жұмысын жүргізеді, ел санасын оятудағы баспасөздің ролін жете түсініп, шын мағынасындағы жалпы ұлттық газет шығаруға көп күш жұмсады. Сөйтіп, «Әлихан Бөкейхановтың бағыт беруімен, Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен, Міржақып Дулатовтың қосшылығымен, озық ойлы, халық қамын ойлаған, жекелеген дәулетті адамдардың демеушілігімен 1913 жылдан бастап Орынборда жалпы ұлттық бейресми «Қазақ» газеті шыға бастады» [123].

Газеттің негізгі авторлары болған, шын мәніндегі жаңа сипаттағы қазақ публицистикасын қалыптастырып, әдеби сынның ұлттық әдебиеттің жетекші бір жанрына айналуына қалам қайратымен зор үлес қосқан Алаш арыстары, әрі көсемсөзші, әрі қайраткер Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, басқа да көрнекті ұлт зиялылары «өздерінің әдеби шығармаларының беттерінде демократиялық мәндегі ұлттық тең құқықтылық, халықтың мәдениетін көтеру, отаршылдардың жер мен суды тартып алуына наразылық білдіру сияқты әлеуметтік-саяси мәні бар мәселелерді көтерді. Осы арқылы олар халық арасында отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуалды қалыптастыруға қызмет етті» [123]. Халқының қамын ойлап, ұлт тәуелсіздігін көксеген Алаш қайраткерлерінің көркем, публицистикалық туындыларының басым бөлігі осы «Қазақ» газеті бетінде жарияланып, сол арқылы «Қазақ» газеті қалың елдің сүйікті басылымына айналды. Газет ХХ ғасыр басындағы ұлт баспасөзінің көркем және саяси-қоғамдық публицистиканың шеберлік мектебі болды. «Қазақ» газеті әдебиеттің жедел жанры – көркем және публицистикалық материалдарды жариялау арқылы «Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» бола білді.

Сондай-ақ, «Қазақ» газеті – ұлттық намысты қайрау, халық санасын ояту мұраттарын нақтыландырып, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі ерекше құбылыс ретінде ел есінде қалды.

XX ғасырдағы кеңес дәуірінің қазақ әдебиетіндегі социалистік реализм әдісінің негізін қалаушы, қаламгер, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин сол 1917-1920 жылдар аралығында шыққан газет-журналдардың қазақ қоғамына тигізген игі ықпалы туралы: «Әлеуметтік тарихына қарағанда, 1917-1918 жылғы саяси күрестің зор майданындай ұлы дүбірлерде оқыған адамдардың саясат, әлеумет күресіне қатысқандарының бәрі де сол заманда шығып тұрған газет, журналдардың айналасына жиналмақ. Егерде әлеумет ісіне қатысқандар маңайындағы газет-журналдардың бағытына риза болмаса, өздері бөлек газет, журнал шығарып, майданға шықпақ. Не болмаса басқа жерлердегі бағыты үйлес деген газеттерге пікірлерін жазып майдандаспақ» [36, 158 б.], – деп жазғанындай, осындай бағыты үйлес, пікірі «Қазақ» газетімен үндес басылым «Сарыарқа» газеті ұлт мәдениеті, руханияты мен азаттық идеясының жаршысы болған Семей қаласында «Жетісіне бір, екі рет 1917 жылдың маусым айынан 1919 жылдың мамырына дейін шығып тұрды» [124, 24 б.].

Ұлттық ой-сананы жоғары биікке көтеріп, көркем және саяси көсемсөзді өзі ұстанған саяси-әлеуметтік бағыты мен көздеген идеялық нысанына, көтерген ауқымды мәселелерге шебер пайдалана білген газеттің басты мақсат-мүддесі мен бағдары «Халыққа басшылық ету, жаңа тәртіпті халыққа жете ұғындыру, жаңа шыққан заң - законды жариялау, өнер-білім, тіршілік-шаруа жайынан толық мағлұмат беру, земство һәм учредительное собрание жайымен жұртты таныстыру һәм бұл туралы жолбасшылық ету» болды. «Бодан елдің санасына тәуелсіздік рухын сіңіріп, жұртты оятқан «Қазақ» газетімен үндес, бағытас бұл басылым» [125, 68 б.] осы «Қазақ» газеті салған ұлтшылдық ұранын көтеріп, өмірдің өзегі болған сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік болмыстың сырлы шежіресі, шерлі шындықтың айнасы бола білді.

«Сол 1917-18 жылғы ұлы дүбір, ұлы майданда Семейде шыққан «Сарыарқа» газеті Алаштың тілі болды» [36, 158 б.]. «Сарыарқа» газеті демократтық, мәдени-ағартушылық күресін жалғастырған қазақ зиялыларын өз маңына топтастырған, көркем, саяси публицистикамен халық мұңын, ұлт мүддесін өткір жазған басылым еді.

Бұл турасында профессор Дихан Қамзабекұлы: «Бұл газетті парақтап қарасаңыз, шынында да большевиктік диктатурамен «ұлы дүбір, ұлы майданда» аянбай күрескенін көресіз» [126, 58 б.], – деп өз ойын сабақтайды.

Газет Алаш партиясы мен Алашорда үкіметін құрған ұлт зиялылары әрі публицистерінің рухани және шығармашылық көмегімен шығып тұрды. Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мәннан Тұрғанбаев, Райымжан Мәрсеков, Халел Ғаббасұлы сынды қаламгер қайраткерлердің көсемсөз жанрындағы мақалаларында қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық, саяси-қоғамдық жай-күйі, заман ахуалы, жер мәселесі, оқу ағарту ісі, Алашорда автономиясы ісі кеңінен қамтылып, бұл мәселелерді дұрыс жолға қою, оң шешу, жұрттың сауатын ашу жағынан зер салынды.

«Сарыарқа» осындай талантты публицистердің халық көкейіне қонып, санасын сілкінтуге серпіліс туғызған мақалаларымен алғашқы санынан-ақ жұртшылықтың қошеметіне бөленді. «Ұйқы басып еріншектеніп жатқан ағайынды оятпақ болып, қара қазан, сары баланың қамын ойлап, көктен тілеген бостандық жерден табылғанын білдіріп, адамшылық қатарына сүйреп жеткізбек болып жатқан ардақты азаматтарымызды Алла тағала тұрақты жан қылып, халыққа сөздерін дұға қылсын» [127], – деп ақтарылып жүрекжарды тілекпен жалғасқан көсемсөз түрінде жолданған батылғөй ой желісін аға басылым «Қазақ» газеті жалғастырып, «Сарыарқаның» бірінші санына байланысты: «Сарыарқа» көңілдегідей жақсы, жолдасымызға құтты болсын айтамыз» [128], – деп қуанышын білдірді.

Қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі С. Торайғыров бұған дейін «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде жарияланған мақалаларымен елге танылған көсемсөзші болса, «Сарыарқа» газетінің одан өзге авторлары Жүсіпбек Аймауытұлы, Райымжан Мәрсеков, Мәннан Тұрғанбаев, Мұхтар Әуезов, Халел Ғаббасұлы қазақ көсемсөзі көгінде жарқыраған жаңа толқын ретінде дарынды буын екендігін өздерінің мақалалары арқылы халыққа мәшһүр етті. Олардың әдебиет әлеміндегі тұсаукесерін осы «Сарыарқа» газеті кесті.

«Сарыарқа» газетінде жарияланған публицистикалық мақалалардың көтерген басты мәселелері: қазақтар өз алдына ел болды, осы орайда ұлт зиялылары мен оқыған азаматтары жоспарлап жүзеге асыра бастаған Алашорда үкіметін құрып, мемлекеттілікті қалпына келтіру, яғни жоғалған елдікті қайта қолға алып, егемендікке жету, осыған дейін де қазақ баспасөзі көтерген ағартушылық, демократтық идеяларды насихаттау болды.

Мәселен, ұлтымыздың дербес азат мемлекеті Алашорда өкіметін құру, оның баянды болашағы жолындағы елдің бірлігінің тарихи маңызы жайлы Халел Ғаббасұлы «Алаш автономиясы» мақаласында былай деп жазған: «Қазақтың уақытша үкіметі – «Алашорда» Алаш қаласына келіп, Алаш автономиясын жариялағаннан кейін, қазақ баласы бағынған үкіметіміз осы деп сеніп ант беріп, басқа үкіметті танымай, өз үкіметінің әмірін екі қылмай орындау керек. Жұрт жұмылуының белгісі осы. Бұл жұрт намысына, арына тігілетін нәрсе. Жұрт намысының, Алаш аруағының сыналатын жері – нақ осы жер! Қазақты жұрт қатарына қосамын десе, жоқ қара қазан, сары баланы біреудің босағасына апарып өтемін десе, бұл жұмыс енді жұрттың өз қолында болады. Біз сенеміз. Ақ табан шұбырынды, алқа көл сұлама неше-неше қиын қыстау жерлерден бұл күнге дейін аман өтіп, тарих жүзінде жоғалмайтын беріктігін көрсеткен, Алаш ұранды қазақ баласы жұртқа түскен мына өмір сынынан да аман-есен аяғын шалдырмай өтер деп» [90].

Үш жылдық қысқа ғұмырында газет ел көкейінде қордаланып қалған арман-тілек, мұң-шерді тап басып танып, халық ойлаған жайттарды көсемсөз тілімен кестелеп жаза білді, ұлт үлесін ауқымды мемлекеттік деңгейдегі саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени проблемаларды жұрт санасына құйып, елді алға жетеледі.

Газет көтерген басты мәселе – өз алдына дербес мемлекеттік автономия алу тұрғысында жазылған туындылардың бір шоғыры елдің жоғын жоқтап, мұнын шағатын, қайсар мінез көрсете алатын нағыз ұлтшыл, отаншыл азаматтарды Алаш партиясы қатарына тарту мақсатында жазылып, бостандық жолындағы тәуелсіз ел болу мұратын басты бағдарламалық қазығы еткен бұл саяси ұйымға осы мақсаттар жолынан таймас, шындық, әділет үшін күресіп, адамгершілік пен имандылыққа адал, сөзі мен ісі үйлесетін адамдар кіре алатындығын көркем сөзбен баяндады.

1917 жылғы Ақпан төңкерісі, патшаның тақтан құлап, бостандық таңының атуы, қалың ел қуанышы газет назарынан тыс қалған жоқ. Жүсіпбек Аймауытұлы осы елеулі оқиғаға байланысты үлкен шабыт үстінде жазған «Тұр бұқара! Жиыл кедей! Ұмтыл, жастар!» атты ұлттық рухтағы көркем де саяси көсемсөзінде бұл қуанышты «Құдай жарылқады: бостандық, теңдік болды!» деп мастанбай, жаңа ғана қанаттана бастаған бұл бостандық шын мәнінде баянды болуы үшін ел ішінде ауызбірлік пен ағайын арасының татулығы бірінші кезекте қажеттігін салиқалы да салмақты ой тізбегімен ұғындырып, бостандық пен теңдік қадірін түсінуге шақырады, отарлық шеңгелінде еңсесі түсіп, жабыққан елдің жігерін жалынды, намысты қайрап, рухын көтереді.

«Мырзаның күші кетті: Халық енді ойланатын мезгіл жетті. Қара бұқара! Аш көзінді! Кедейлер, күшің туды. Байға жағынып, жалға бағынып, тамаққа сатылатын заманың емес. Алсаң, теңдесіп отырып ал сыбағанды! Теңдік алатын кезеңде құлқынның құлы болып кетпе!» деп, бостандықты дұрыс пайдалана білуге үндейді. Жайбырақаттықты уақыт көтермейтіндігін көзге шұқып көрсетіп, бостандықтың «бас қосып, қаулы қылып, ұйым жасап, бірлесіп іс қылуға берілген бостандық» екенін түсінуге шақырады. «Жиырмамыншы ғасырдың жастары, жаңа заманның адамдары барсындар ма? Қайдасындар?» деген ойлы сұрау тастап, бұған дұрыс жауап берілген жағдайда жастардың бостандық талаптарын жүзеге асыратын істерін жіктеп береді. «Қорқатын, қорғалайтын заман емес, жыбырлайтын, сыбырлайтын заман емес, ұйым жасауға құдайдың пәлесі болмаса, адамның пәлесі түк қылмайды» деп жігерлендіріп, «Ал, жастар! Жігерленбей, сілкінбей қара бұқарамыздың есі кірмей, ақыл да, білім де күштіде, жуанда деп бағына берсек іс бітіре алмаймыз. Іс бітіре алмасақ, табанды, іргелі халық болуымыз нешік» [129, 112 б.] деген үмітті оймен мақаласын аяқтайды.

«Сарыарқа» газетінде жарияланған мақалалардың қай-қайсысы болмасын, жоғары пафоспен басталып, жанды елітіп, ойды өрістетіп көсемсөз тіл орамдарымен айшықталған. Ақпан, Қазан төңкерістері сияқты тарихи оқиғаларға Алаш көсемсөзшілері газет бетінде жеке мүдде немесе партиялық көзқарас тұрғысынан емес, жалпы ұлттық деңгейде баға берді. 1917 жылы жаз айларында белең алған демонстрациялар, генерал Корнилов бүлігі, большевиктердің өкімет билігін қолға алуы сияқты маңызды оқиғалар қоғам қайраткері ғана емес, дарынды көсемсөзші дәрежесіне көтерілген Халел Ғаббасұлының «Сарыарқада» жарияланған «Мемлекет күйі» [104], «Большевик бүлігі» [130], «Күш бірлікте» [131] бас мақалаларының көрініс

беріп, газет беделін арттырды. Алаш зиялыларының бостандық рухымен бірге өмірлік мақсаттарына айналған жеке ел болу мәселесін де осы публицист өзінің «Алаш автономиясы» [90] атты көсемсөзінде жеріне жеткізе әңгімелесе, Жүсіпбек Аймауытұлы «Партия» атты мақаласында қазақ арасындағы партияшылдықтың ел ішіне жік салатынын, сөйтіп ұлт болып ұйысуға кедергі жасайтынын: «Зиянды партияшылдар да, оларды сүйеуші де, соңынан еруші де – бәрі қазақ ұлтының қазанбұзары, дұшпаны» [132], – деп ой қорытады.

Жалпы алғанда «Сарыарқа» газеті – ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көсемсөздің дамуына басқа ұлт басылымдары сияқты өзіндік үлесін қосқан басылым. Газет ұлттық мұраттар мен мемлекеттік, тәуелсіздік идеялары тұрғысынан туындаған ұлы мақсаттарға ұмтылып қана қоймай, қазақ көсемсөзін жанрлық тұрғыда да байытты. Бұл орайда газеттің беттерінде жарық көрген публицистикалық материалдардың кейбір жанрлық түрлерін атасақ, олар мыналар: бас мақала, ашық хат, арнау мақала, фелетон, памфлет, заман хат, оқшау сөз, әдеби сын, проблемалық мақала, ғылыми мақала, библиографиялық шолу, әдеби хабар, т.б.

Сөйтіп, 1917 жылы Алашорда автономиясы дүниеге келіп, оның ел тарихындағы азат мемлекеттік құрылым екендігін, халықтың ұлттық тәуелсіз үкіметінің мақсат-мүддесі жұртымыздың ғасырлар бойғы арманының тарих шындығына айналған көрінісі болғанын елге ұғындырушы басылым, бір ауыз сөзбен айтқанда, азат ел мемлекетінің үні «Сарыарқа» газеті болды. Оны жедел түрде шығару керектігін 1917 жылдың көктемінде өткен Семей облыстық қазақтар съезі арнайы сөз етіп, қаулы қабылдады. Қаулыдан үзінді келтірсек:

«Семей съезінің қаулысы.

Баспа сөз һәм почта

1) Қазіргі зор өзгеріспен таныстырып, халықтың мұң-мұқтажын, тілегін бір жағадан шығаруға осы күні халыққа баспа сөз өте керек. Әсіресе алдымыздағы мемлекет негізін құратын кеңеске халықты даярлауға үндейтін Семейде шықпақ «Сары-арқа» газетін тез шығару қамына кірісіп, кітапшалар бастырылсын.

2) Газет, кітап бастыратын серіктік ашылсын: Серіктік жарнасы 25 сом болсын.

3) Халыққа хат, хабар, газеттер тез тарап жетіп тұруы үшін волостной комитеттер жұмасына бір қабат қаладан почта тасып тұрсын; ауыл-ауылға таратып беру ауыльный комитеттердің мойнында болсын» [133].

«Сарыарқаны» бастыру міндетін Х. Ғаббасұлы ашқан «Теңдік» серіктестігі мойнына алып, оған ауқатты ел азаматтары көмек береді. Бұл турасында «Сарыарқа» газетінде былай деп берілген:

«Теңдік серіктігі». Халыққа газет, кітап бастырып, таратуға Семей облысының қазақ съезінде «Теңдік» деген серіктік ашылып еді. Сол серіктікке кіріскен мырзалар:

1) 500 сом жарнамен: Айтемберді Адилов, Мұсатай Молдабаев.

2) 200 сом жарнамен: Бекқожа Қолғараұлы, Жүмекен Оразалин.

3) 100 сом жарнамен: Ерші Аймұхаммедов, Өлмескүл Жангелдин, Сыздық Тұтқышов, Жүсіпбек Асанов, Қаныш Шорманов, Садуақас Шорманов, Ақылбек Әлдебеков, Жылқыбай Ақшыманов, Абуюсуф Боштаев, Хүсейн Матайбаев, Жуандық Болғанбаев, Медеу Оразбаев, Хейдар Медеуов, Саняз Медеуов, Жалел Медеуов, Ғабдислам Медеуов, Ешмұхаммед Шакенов, Ғариф Баймурзин, Ибраим Жанболатов, Ғабдалназар Тажиев, Исмағұл Жолдыбаев, Құрманғали Оразалин, Мұстафа Жақсыбаев, Али Жакупов, Мұхамеджан Сейдқұлов, Мауликей Төребаев, Игісін Аубакиров, Хасан Матайбаев.

4) 50 сом жарнамен: Дүйсенбі Қалматаев, Абділда Қадірбаев, Әміре Нүгербеков, Мұқыш Боштаев, Рақия Жаматикызы Боштаева, Жүсіп молла Токин, Мұқаметжан Жакежанов, Қаныш Бердалин, Кенже Белгібаев.

5) 25 сом жарнамен: Меңмұхаммет Айтмұхамедов, Абдалхак Айтмұхамедов, Жүнісбек Жаманаев, Сахабе Мадияров, Қамарбек Исмаилов, Дұғали Аубакиров, Хасир Жекенбаев, Шакер Ибрахимов, Ханифе Жанизақов, Хасейн Нурекенов, Фейдахмет Бубкин, Ғұрфан Томашев, Нұрмұхаммет Шорманов, Иса Байдалин, Имам Мәлік Біләлов, Жанабіл Есентаев, Дәстүрайым Досов, Сүтжан Құдайбердин, Бикей Сәтбаев, Имамберді Қабылбеков, Жәми Сұлтанғазин, Шахи Мұстафин, Абдалшүкір Жасыбеков, Жақсылық Төленов, Мұхаммед Абдрахманов, Ахмади Абдрахманов, Тұрсынбай Дайырбеков, Шәріп Ақпанов, Зәкір Хасейнов, Масауд Қадірбаев, Нұрғазы Боштаев, Манан Тұрғанбаев, Уәли Тұрлыбеков, Хафез Қабылбеков, Орда Нұрымбаев, Ниқанбай Боранқұлов, Ақтан Оспанов, Ахметали Ботамов, Мұхаммедсадық Ибрахимов, Меңмұхаммед Болатов, Абдалхак Болатов және Уайда Тұрғанбаев.

Барлығы: 5 950 сом» [133].

Сөйтіп, 1917 жылы 15 маусымда газеттің алғашқы саны басылып шықты. Газетті халықтан қолдап, қуаттаған, құттықтаған, тілек білдірген хаттар көптеп келеді. Оларда халықтың бостандық аңсаған көңіл ауасы, ыстық ықыласы кең айтылады.

«Сарыарқа» газетінде ол жарық көрген күннен бастап терең ойлы, ағартушылық, демократтық, ұлт азаттық идеяларын ту еткен, отарлық езгіге қарсы, қазақ ұлтының экономикалық, саяси, рухани өрлеуі жалынды еңбек етіп жүрген ұлт зиялылары қызмет етті. Олар газетте халықтың тұрмыс-тіршілігін, елде болып жатқан жағдайларды кеңінен қамтыған мақалалар легін жариялап тұрды. Сондай-ақ Алашорда үкіметін құру, қазақ мемлекетінің негізін қалау секілді маңызды мәселелер қозғаған саяси мақалалар да жазды.

«Сарыарқа» газетінде белгілі ұлт қайраткерлері Әлихан Бөкейханұлының, Міржақып Дулатұлының, Әлімхан Ермековтің, Мұстақым Малдыбаевтың, Жақып Ақбаевтың, Мәнән Тұрғанбаев пен Халел Ғаббасұлының, басқа да арыстардың қоғамдық-саяси, экономикалық жағдайларды сөз еткен мақалалары жарияланып тұрды. Сондай-ақ, газетте патша үкіметінің отаршыл саясатының қазақ еліне тигізген зиянын, «Алаш» партиясының бағдарламасы, қазақ жеріне қоныс аударған орыс шаруалары

мен қазақтар арасындағы қарым-қатынас, Құрылтай жиналысы туралы да мақалалар шықты.

Газеттің ұстанған мақсаты мен бағытын басылым беттерінде жарық көрген мақалалардан да көруге болады. Ресей империясындағы саяси өзгерістер қазақ қоғамдық ойына қозғау салып, қазақ зиялыларын саяси-әлеуметтік, мәдени көзқарастар тұрғысынан әр арнаға тоғыстырды. Елдің «көзі, құлағы һәм тілі» болу мақсатында жұмыла еңбек ету, халыққа қазақ қоғамындағы саяси өзгерістердің мәнін жете ұғындыру, жаңа шыққан Алашорда үкіметінің ұлттық мүддені ту еткен шешімдері мен заңдық құжаттарын жариялау, елге оң жол, дұрыс бағыт беру, жалпы елдің нақты өмірі мен болашағына қызмет етті – «Сарыарқаның» ең басты ұстанымы болғаны ақиқат.

Қазақ зиялылары соқтықпалы-соқпақсыз жолда жаңылысу, қателесу болатынын біліп, аласапыран басталып кеткен кезеңде «Сарыарқа» газеті арқылы халқына жол сілтеуге тырысты. «Сарыарқа» газеті айналада болып жатқан оқиғаларға нақты көзқарасты, пікірді ашық айтқан ұлттық-демократиялық басылым болып қана қойған жоқ. Ол жуық арада Алашорданың ресми тілі болды. Алаш партиясын және Алаш автономиясын құруға күш-жігерін аямаған әйгілі қайраткерлердің ықпалымен және тікелей қатысуымен басылды [134].

1918 жылы Семейде Кеңес өкіметі алғаш орнаған айларда большевиктік іс-әрекеттерге қарсы басылымдарды жабу жүргізілді. Арнайы шешіммен «Сарыарқа» газеті «ұлтшыл», «буржуазияшыл» басылым деп танылып, мамыр айында жабылды. «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналының 1918 жылдың мамыр айында жабылып қалғаны туралы газетте былай жазылды: «Нұрғали Құлжанов мамырдың 1-күні қасына солдаттар алып, «Сарыарқа», «Абай» журналы басылып тұрған қазақ баспаханасын тартып алды. Басылғалы тұрған «Сарыарқаның» 43-нөмірін шашып, мүлкін қолына алып, есігіне құлып салдырды. Бұл – екі күннен кейін баспахананы бұздырып, хәріптерін әкетпекші болғанда бұл ісі жүзеге аспай қалды» [135].

Кеңес үкіметі уақытша құлаған кезде, газет қайтадан жарыққа шыға бастады. Бірақ та, «Сарыарқа» сияқты ұлт мүддесін басшылыққа алған басылым ақтар өкіметі ығында да өз еркінше жүре алмаған. Сібір үкіметі газеттер мен плакаттар, баспадан шығатын барлық қағаздарды Ішкі істер бөлімінің қарауынан өткізу туралы жарлық шығарған (1918 жылдың 25 маусымы) [136]. 1919 жылдың 1 желтоқсанында Семейде Кеңес өкіметі түпкілікті орнаған соң, «Сарыарқа» газетінің орнына қазақша жаңа газет шығару қолға алынды. «Қазақ тілі» газетінің (бұл күнгі «Семей таңы») бірінші санын шығарғандардың бірі, бет құрастырушы Мақсын Қордабаевтың естелік әңгімесінде «Сарыарқадан» қалған әріп дүниелігімен газет беттерін теріп, жаңа газет аты болмағандықтан, «Қазақ тілі» клишесін қолы шебер бір етікшіге ағаштан ойғызып алып, басып жүргендігі айтылады [137].

Сонымен, «Сарыарқа» газеті орнына «Қазақ тілі» газеті шығарыла бастады. Жаңа газетте Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Мәннан

Тұрғанбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров және Шынжы Керейбаев қызмет етті. Қазақ баспасөзінің ісі лайықты жалғасын тапты. «Сарыарқа» газеті мен «Қазақ тілі» газеті арасында үлкен сабақтастық жатыр. Сөзіміз дәлелді болу үшін журналист Р.А. Молдашеваның атап көрсеткен дәлелдерін келтіргенді жөн көрдік: «Біріншіден, «Қазақ тілі» газеті «Сарыарқа» газетінің заңды жалғасы; екіншіден, екі басылымның да жарық көруіне Мәннан Тұрғанбаев, Мұхтар Әуезов сияқты баспасөздің ірі қайраткерлері мен Насыр Ишимов, Мұқсын Қордабаев сияқты баспагерлер ат салысты; үшіншіден, «Сарыарқа» газеті 1919 жылы жабылып, осы жылы «Қазақ тілі» газеті жарық көрді; төртіншіден, екі газет те бір баспаханада басылды; бесіншіден, «Қазақ тілі» газеті беттерінде де ұлттық мүддеге лайық мақалалар жарияланып, бұл басылым «Сарыарқа» газетімен идеялық мазмұндық жағынан ұқсас болды» [137, 27 б.], – дей келе, «Сарыарқа» газеті «Қазақ тілінің» алғашқы бастау көзі, екі газет арасында белгілі бір сабақтастық бар деп нақты айта аламыз» [137, 28 б.], – деп өз ойын қорытындылайды.

Тұжырым айтқанда, «Сарыарқа» бейресми, тәуелсіз басылым қатарына жатады. «Сарыарқа» газеті Семей өңіріндегі алғашқы қазақ тіліндегі басылым болды. Газет бетінде жарияланған материалдар сол кезеңдегі әдебиетіміздің даму бағытын, қоғамдық ойдың ауқымын танытып қана қоймай, сол дәуірдің қоғамдық, саяси, әлеуметтік мәселелерін кеңірек танытуға мүмкіндік берді.

Екі жылдан астам уақыт шығып тұрған «Сарыарқа» газетіне редакторлық жасаған адамдар алашқа танымал, елі мен жеріне қайтсем жақсылық жасаймын деп талпынған адал жүректі азаматтар болды. Олар – Райымжан Мәрсеков, Халел Ғаббасұлы, Имам Әлімбеков, Шынжы Керейбаев.

Кез келген басылымның қалыптасуына ұйымдастырушының, яғни жауапты шығарушының беделі, кісілігі, білігі мен білімі үлкен әсер етеді. Халел Ғаббасұлы Мәскеу университетінің физика-математика факультетін алтын медальмен бітірсе, Райымжан Мәрсеқұлы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін тәмамдаған. Екеуі де оқығандар арасында, ел ішінде абыройлы болған. Жан-жақты бұл қос азамат лирикадан физикаға дейінгі ілім-ғылымды меңгерген. Өкінішті жері қуғын-сүргіннің құрбаны боп, халқына жиған білімі мен тәжірибесін толық бере алмай кеткен [126, 60 б.].

«Сарыарқа» газетін шығаруда ұзақ уақыт еңбек еткендердің бірі – Имам Әлімбеков. Ол газеттің жауапты шығарушысы қызметін атқарды. И. Әлімбеков аумалы-төкпелі заманда ел мүддесін көздеп, бір-бірімен өштесіп, елді қантөгісті қырғынға ұшыратып жатқан күштердің арасында өзінің жұмысын табанды жүргізе білді. Имам Әлімбековтің қызметіне бүкіл Сібірдегі билікті қолына алған Колчак өкіметі күдікпен қарап, оны 1919 жылы 29 наурызда тұтқынға алады [134, 58 б.].

1919 жылдың сәуір айынан бастап «Сарыарқа» газетіне Шынжы Керейбаев басшылық жасады. Басылымның 75-санынан 88-санына дейін Ш. Керейбаевтың қолы қойылған. Ол «Сарыарқа» газетінің редакторы

ретінде барлық күш-жігерін салып, әлеуметтік қажеттілікті дәл баса отырып, мерзімді баспасөзді дамытуға үлес қосқан азаматтардың бірі.

«Сарыарқа» газетінің редакторлары барлық күш-жігерлерін салып, әлеуметтік қажеттілікті дәл баса отырып, мерзімді баспасөзді дамытуға өз үлестерін қоса білді.

Осылардың бірі мен бірегейі «Сарыарқа» газетінің құрылтайшысы, редакторы һәм онда жарияланған бас мақалалардың авторы – Халел Ғаббасұлы. Ол «Сарыарқа» газетінің 10, 11, 12, 13, 14 және 21, 30, 31, 32, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 57 сандарына қол қойған.

Халел Ғаббасұлының «Сарыарқа» газетіндегі шығармашылық, ұйымдастырушылық еңбегі туралы айтқанда, ең алдымен, қазақтың ұлы ақындары Мағжан Жұмабаевтың «Эпиграммалар» атты өлеңі мен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасындағы ол жайлы лебіздерді айту ләзім. Мағжан ұлт зиялылары Әлімхан Ермеков пен Халел Ғаббасұлына арнап:

Әлімхан өрнек,
Оқуға өрмек,
Желе сер...
«Халел, Халел»
Деп те елдің
Бойы өсер [61, 211 б.], –

десе, Сұлтанмахмұт өз поэмасында:

Онан соң Ғаббасұлы Халел мырза,
Түрі емес, көрген адам сөзіне ырза.
Тап басар, әдісі көп артты ойлайтын,
Не аңқау, не болмаса емес қызба.

Жас жігіт университеттен оқып шыққан,
Халыққа қызмет парыз деп миына ұққан.
Алданбас, алыс болмар, алдан көрер,
Болса да оған мәсім жерге тыққан.
Айлаға қарай біліп айла құрғыш,
Табады қайдан болса, содан ілгіш.
Бір іске тура илан құруына
Деуге болар Семейде осы білгіш [33, 202 б.], –

деп Халелдің биік азаматтық тұлғасын сомдап көрсетеді. Сөзі мен ісінің бір жерден шығатындығын, шешімділігін, бірбеткейлігін жоғары бағалайды.

Ал, 1917 жылдың күзінде «Қазақ» газетінде жарияланған «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті атынан Уақытша үкіметтің Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутат болып аталғандар туралы хабарда: «Халел Ғаббасұлы– жаңадан университет бітіріп шыққаннан кейін Семейде уақ қарыз инспекторы болды. Халел студент күнде-ақ ұлтшыл, жинаған білім-қазынасын халыққа таратуды өзіне борыш санаған һәм сол пікірін іспен көрсете бастаған қазақтың үмітті ұлы. Бұл күнде «Сарыарқа» газетін шығарушы һәм областной комитет ағзасы» [138], – делінген.

Сөйтіп, Халел Ғаббасұлы ХХ ғасыр басында «Серке» газетінен басталған қазақ баспасөзіндегі демократтық, ұлт азаттық рухтағы публицистиканы «Сарыарқа» газетінде редакторлық, шығармашылық істерімен одан әрі дамытты. Халел Ғаббасұлы басқарған кездегі «Сарыарқа» газетінде жарияланған келіссөздерде халықтың мақсат-мұраттарымен бірге, Алашорда өкіметі, оның ұлттық тәуелсіз мемлекет ретіндегі болашақ бағыт, бағдары да халыққа кеңінен насихатталды. Бұл орайда, жоғарыда айтылған Халел Ғаббасұлының бас мақалаларынан өзге, ел басқарған басылымның идеялық ұстанымы, ұлттық тұғыры да қазақ елінің азат таңының жаршысына айналды.

«Сарыарқа» газетінің бүгінгі күнде қанша саны сақталған, сол жайы бірер сөз айта кетсек.

Дихан Қамзабекұлы өз зерттеуінде: «Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапхана қорында тарихтың тірі куәсі іспеттес бұл басылымның шамалы ғана саны бар. Мәскеу, Петербор кітапханаларындағы «Сарыарқа» газеті мұхият сақталғанмен, сандары түгел емес. 1991 жылы Ұлттық кітапханамыз Қырғызстан кітапханалары қорынан ұзақ сақталып келген «Сарыарқа» тігіндісін алдыртты» [126, 60 б.] – деген.

Біздің қолымызға тигені Халел Ғаббасұлы қол қойған он тоғыз саны. Бұл газет тігінділері Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағат қорында сақталған.

Сонымен, мынадай қорытынды тұжырымдар жасаймыз:

Бірінші, ұлт азаттық рухтағы қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығашы «Серке» газеті. Осы газеттен басталған ұлттық рухты «Сарыарқа» басылымы одан әрі өрістетті;

Екінші, бостандық, азаттық, тәуелсіз ел болу идеясын төл әдебиетте көсемсөз жанры арқылы көтерген Алаш көсемдерінің ісін жалғастырған – Халел Ғаббасұлы;

Үшінші, Халел Ғаббасұлының саяси көсемсөздері халыққа Алашорда автономиясының мұраттарын түсіндіріп қана қоймай, өз заманы мен қазақ журналистикасының келешек дамуына да өнегелі үлгі болды;

Төртінші, Халел Ғаббасұлы – тұңғыш тәуелсіз мемлекеттің органы болған «Сарыарқа» газетінің құрылтайшысы, ұйымдастырушысы, редакторы және бас мақалаларын жазған авторларының бірі болған, ұлттық публицистиканың көкжиегін кеңейткен шығармашыл тұлға.

Халелдің қанатты сөздері:

«Автономия – юнан (грек) тілі. Қазақшаға аударғанда өзін-өзі билеу, өз тізгіні өзінде деген сөз. Автономиялы жұрт өз тізгінін өз қолына алып, тек шылбырының ұшын ғана кіндік үкіметке ұстатпақ».

«Автономия жұмысы жеңіл емес, ауыр. Бірақ дүниеде ең қиын жұмыс – өмір, тұрмыс ісі һәм соның тізесі. Тәрбие, мәдениет жүзінде болған неше

түрлі өзгерістер – өмірдің салған соқпағы, өмір – жұрт жетекшісі. Өмір құрығынан ешкім қашып құтыла алмақ емес».

«Алты алаштың баласының басы енді қосылмаса, мұнай былай автономия болсын, ұлт мақсаты, өсетін өркен үрім бұтағымыздың қамы болсын, жерге көмгенмен бір есеп. Мұнан былай біздің басымыз қосылмайды. Күш біріктіріп, жұрт болатын заман нақ осы уақыт».

«Қай істің болмасын ұшығы – жұртта. Жұрт жұмылып, анау бай, мынау кедей дегенді қойып, сексендегі шал, сегіздегі балаға дейін тік көтеріле жұмысқа кіріссе, автономия аяғынан қаз тұрып кеткені. Жабыла жұмылғанның белгісі не? Біз бұрын біреуге қоңсы қонып отырып, қазына жинай алмаған жұртпыз. Сондықтан, әзірше автономия жолындағы салықтан – үстіндегі киімін сатса да ешкім бас тартпау керек».

«Автономия мәселесі аяқ астынан туып отырған жоқ. Неше рет кесіліп, шешілген мәселелердің бірі».

«Заң – өмір киімі. Заман өзгерген сайын өмір ағыны да, заң қалпы да өзгермек. Сондықтан, өмір тұрмысына, ғұрып-әдетіне, рәсіміне үйлесетін заңды жұрттың өзі шығаруы керек. Бір жұрт үшін бір жұрттың заң шығаруы сырттан біреуге тон пішкенмен бірдей емес пе?».

Бұл келтірілген қанатты сөздер алғаш рет Берік Уәлидың «Алаш айтқан асыл сөз» авторлық жобасы бойынша құрастырылып жарыққа шыққан еңбекте жарияланған [138].

ҚОРЫТЫНДЫ

Халқымыздың ғасырлар бойғы азаттық аңсаған тілек-арманын ХХ ғасыр басында жүзеге асырған алаш арыстарының айтулы тұлғасы; ұлтжанды күрескер, қоғам қайраткері, көсемсөз шебері Халел Ғаббасұлының бар ғұмыры Алаш қозғалысы аясында, онымен тығыз байланыстағы бірлікте өтті. Ақпан төңкерісінен соң сол дәуірдегі Ресей империясының бодандығындағы жұрттарға тәуелсіздіктің тағылымды үлгісін көрсеткен қазақ халқының алғашқы азат мемлекеті Алашорда өкіметінің дүниеге келу жайы ұзақ тарихи үрдістерді бастан өткергені аян. Бұл орайда ең алдымен ХХ ғасыр басындағы Семейлік ортада бостандық рухындағы азаттық идеясының тууына ғасырлар бойы жүргізілген отарлық езгі мен ұлт азаттық көтерілістерінің қанды жеңілістермен аяқталған тарихы, сол тарихты

бейнелеген әдебиеттің ықпалы зор болды. Өйткені үш ғасырға созылған бодандық бұғауға түскен қазақ халқының тарихы – елдің азаттық жолындағы күресінің тарихы еді. Ал бұл тарих суреті отарлық езгі мен оған қарсы азаттық күресінің шежіресі бейнеленген сөз өнері арқылы кейінге жетті. Егер әдебиет тарихтың айнасы десек, елдің басынан өткен қилы азапты тарихы, отарлық езгінің қанды іздері ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде, сонымен бірге Семейлік әдеби ортада да азаттық идеясының туып қалыптасуының тарихи негізін қалады. Бір сөзбен айтқанда, Ресейдің жүргізген отаршылдық саясаты мен азаттық күрестерінің тарихи тәжірибелері қалыптасқан жаңа қоғамдық жағдайда тың идеялы күрескер ұлтжанды азаматтарды тарих сахнасына алып шықты. Сондай-ақ бұл кезеңдегі дүние жүзі мен Ресей империясында болып жатқан тарихи-саяси өзгерістер азаттық күресінің жаңа жағдайдағы тың тәсілін таңдауға себеп болды. Өйткені отарлық езгіге қарсы туған қарулы көтерілістер күткен нәтижеге жеткізе алмады. Яғни, ұлт азаттық күрестерінің қарулы көтерілістер дәуірі аяқталды. Жаңа жағдай ұлт азаттық күрестің саяси-идеялық жаңа түрін талап етті. Сөйтіп, азаттыққа жету жолында халық тәуелсіздігінің негізі ұлттық идеяны айқындап алу қажеттілігі туды. Міне, содан барып, ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялылары тәуелсіздік идеяларын бес түрлі көкейкесті ұлттық нысанаға топтастырды. Ұлт қайраткерлерінің бірінші көтергені – жер мәселесі болды. Ұлттың дербес өмір сүруінің басты кепілі – жер. Сондықтан да сол замандағы ұлт зиялыларының басты идеясы жер болды. Осы идеяны жүзеге асыруда Халел Ғаббасұлы сынды арыстар 1917 жылғы Орынборда өткен тұңғыш съезде қазақ жерін қазақ ұлтының меншігі деп таныған шешім шығарып, кейін ол губерниялық жер басқармасына басшылық жасады. Қазақ қайраткерлерінің екінші идеясы – қазақ жерінің асты, үсті байлығы қазақ мемлекетінің жалпыхалықтық меншігі болу керектігі болса, үшінші идея – қазақ елінің экономикалық тәуелсіздігі болды. Ал төртінші идея – қазақ елі рухани жағынан тәуелсіз болуға тиіс деген ұстанымға негізделді. Яғни мемлекеттік істер қазақ тілінде, рухани даму ұлттық нақышта, қазақ елінің салт-дәстүрі, ұлттық педагогикасы, психологиясы, негізгі діні, бір сөзбен айтқанда, ұлт рухы аясында өркендеуі қажет десе, бесінші идея – білім мен өркениетке, демократиялық үрдістерге құрылған тәуелсіз зайырлы мемлекет орнату басты мақсат етіп қойылды.

ХХ ғасыр басындағы қазақтың рухани және мәдени ошағы болған Семейлік әдеби ортаны біріктірген азаттық идеясының тарихи негізі отарлық езгі мен азаттық күресінің тарихы болса, оның әдеби тағылымды өзегі төл әдебиет, әлем әдебиетінің гуманистік азаттық танымдары, ең бастысы Абай үлгісі, Абай сөзі болды. Яғни алаш арыстарының іргетасы, маңдай түзер темірқазығы – ұлт тұлғасы Абай. Әлихан Бөкейханұлының: «Абай идеясы – қазақтың идеясы» деуі де содан.

Ғасыр басынан басталған отаршылдыққа қарсы, тәуелсіздікті жақтаған, елді көрсоқыр надандықтан білім-өнер жолына түсіруді аңсаған сөз өнеріндегі дана Абайдағы ағартушылық, күрескерлік идеялар тоғысы жаңа

заманға сай әлеуметтік-саяси, әдеби-рухани тың үдерісті тудырды. Барша ұлтты оятқан, осы жолда азаттық идеяларын берік ұстап, халық өмірінің шындығы мен алдыңғы қатарлы идеясын жырлаған қоғамдық сананың бір түрі – қазақтың алаш арыстары бастаған ұлтжанды әдебиеті болды. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті Абайдың ағартушылық, күрескерлік, демократтық жолын ұстана отырып, оны саяси күрес идеяларымен толықтырды, отаршылдықты, ұлттық езгіні айыптады. Халықтың қараңғылыққа қамалып отырған күйін көріп күйінді, оны өнер-білім үйренуге шақырды. Дербес тәуелсіз ел болудың жолдарын көрсетті. Біздің әдебиетіміз XX ғасыр басында мазмұны мен маңызы басым осындай зор қоғамдық міндеттер атқарды. Азаттық рухтағы әдебиетті туғызған Ресейдің, Шығыстың оқу орындарында білім алып, прогресшіл демократиялық интеллигенция ықпалында тәрбиеленіп, азаттық принциптерін өмірлерінің өзегіне айналдырған қазақ зиялылары өздерінің бастапқы табиғи нысандары - оқу, ағарту ісімен қанағаттанбай, сонымен бірге білек түрініп саясат ісіне араласып, сол арқылы өз халқына қызмет жасауды алдарына мақсат етіп қойды. Олар кім болды, ағартушы-ғалым ба, жоқ әлде қоғам қайраткері, әдебиетші-көсемсөзші ме деген сауалға бүгінгі таңда қазақ зиялыларының қызметін кесіп-пішіп бұл жіктеудің бір жағына жатқыза қоятын қоғамтанушы ғалым табыла қоймас. Өйткені XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының қызметінде бұл еңбек салалары бірдей көрінді. Басқаша болуы мүмкін емес-тін. Қазақ қоғамының даму кезеңі, соған сай қалыптасқан қоғамдық сұраныс қазақ зиялыларынан туған елі үшін ағартушы ұстаздықты да, болашақ үшін күреске түсетін қайраткерлікті де талап етті. Қазақ зиялыларының бұл қоғамдық-саяси қызметі 1905-1907 жылдардағы орыс төңкерісі тұсында және одан соңғы жылдары түрлі төңкерістік істерге белсенді араласуынан, отарлық билік орындарына қазақ елінің негізгі мұқтажын білдіретін петициялар ұйымдастыруынан, саяси партия құру істерінен, ұлттық басылымдар шығарудан, т.б. айқын көрініс тапты. Осы сипаттағы XX ғасыр басында туған азаттық рухындағы Семейлік әдеби ортаның шығарған басылымы «Сарыарқа» газеті күллі қазақ елінің тұңғыш тәуелсіз мемлекеті «Алашорда» өкіметінің ресми органы болды. Осы газеттің ел өміріндегі әлеуметтік-саяси, әдеби-рухани қызметіне басшылық жасап, қазақ көсемсөзінің халықтық сипатын өркендетуде зор еңбек сіңірген алаш арысы – Халел Ғаббасұлы.

Семейлік әдеби орта тудырған азаттық ауанындағы баспсөз тақыр жерде пайда болған жоқ. Оның тамыр тартқан негізі ұлттық көсемсөзді дүниеге әкелген XIX ғасырдағы Абай, Шоқан, Ыбырай, М. Бабажанов сынды қаламгерлердің көсемсөз мұраларынан бастау алды. Ал олардың өздері орыс, сол арқылы Батыс баспасөзінен, кейін келе Шығыс әдебиетіндегі публицистикалық шығармаларды, Қырымдағы, Қазандағы, Уфадағы, Омбыдағы, басқа да жерлердегі түрік тілді басылымдарды оқып, сыншылдық тұрғыда өз саналарында қорытып, олардың ағартушылық, прогрессивтік, гуманистік сипаттарын ала отырып, туған әдебиетте көсемсөз жанрын туғызды. Сөйтіп, азаттық идеясын көсемсөз жанры арқылы еліне насихаттау

арқылы XX ғасырдың алғашқы ширегінде елін бодандықтан босатуды, әрі мәдениетті халықтардың қатарына қосуды өзіне парыз санаған азаматтар тарих сахнасына шықты. Сондай ұлтжанды азаматтардың қатарынан Халел Ғаббасұлы да лайықты орын алады. Сондықтан да сол тарихи кезеңде жарық көріп тұрған «Сарыарқа» газеті Х. Ғаббасұлын мынадай мінездеме арқылы халыққа таныстырған: «Халел студент күнінде-ақ ұлтшыл, жинаған білім қазынасын халыққа таратуды өзіне борыш санаған һәм сол пікірін іспен күресте бастаған қазақтың үмітті ұлы».

Ұлттық рух ұлт тұлғаларының өнімді әлеуметтік істерінен қуат алады. Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлы: «Рух ұлы мақсат, ұлы мұрат үстінде керек. Жұрт үшін, көп үшін құрбандыққа шалынуға даяр болған кезінде сезінесің. Рух үшін қымбат дүние – жұрт қамы, ел ісі» - деп ұлттық рухтың мазмұнын тереңнен ұғындырған еді. Қазақтың ұлттық рухының өзіндік бейнесі болғандықтан қазақ болмысын жете білетін жанға жақсы таныс. Осындай алаш зиялылары айтқан тәннің күшті болуы да, елдің күресті болуы да – тәрбиеден. Мәселенің түп төркіні ұлттық рухтың шынайы өмірдегі халіне байлаулы. Ұлттың рухы зиялылардың ұлт мүддесі жолындағы алуан түрлі қызметтерінен қуат алса, ал мемлекеттің беделі ондағы азаматтардың тұлғалық істері арқылы мазмұндалатындығы да шындық. Алаш зиялыларының ұлттық рухты көтеру жолындағы сан қилы қызметтерін саралағанда, бүгінгі және келер ұрпаққа рухтылықтың биік өнегелі болар қайталанбас феноменді мойындаймыз. Саяси басқару кілті ұлт жанын ұғынбайтын жаттың қолында кеткендіктен де тұрмыстан мән, елден бұрынғы сән кетіп, ұлттың рухы бұрынғы қуатынан айырылған уақытта қазақ рухымен қаруланған, әрі әлемдік дамудың қыр-сырын ғылым жолымен меңгерген алаш зиялылары тарих төріне шықты.

Сол заманның қазақ және орыс тілді баспасөзінде халықтың саяси мәдениеті мен саяси санасын көтеру мақсатында жарияланған мақалалар мазмұны, әсіресе, әлемдегі болып жатқан саяси оқиғаларды сараптау деңгейі олардың нағыз зиялы келбетін көрсетеді. Ойшыл деп өз заманының биігінен пайымдау жасап, қалың жұртшылыққа түзу ұғындыра білетін тұлғаны айтамыз. XX ғасыр басындағы алаш арыстарының Әлихан Бөкейханұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған үлкен бір шығармашылық шоғыры – қайта өрлеу ауқымындағы тұлғалар. Халық санасында өшпей, ұлт жандылық ерен істерімен жұртшылық зердесінде мәңгілік жазылып қалған бұл тарихи тұлғалар қоғамның рухани өмірінің көптеген салаларында жарқырап көрініп, бүкіл ұлт мәдениеті мен әдебиетіне үлкен ықпал етті. Демократиялық, ағартушылық, ұлт азаттық рухындағы қайта өрлеу дәуірінің міндеттері оларды әрі жазушы, әрі журналист, әрі публицист, әрі ғалым, әрі қоғам қайраткері болуға ұмтылдырды. Ұлт-азаттық идеясымен сусындап, алаш қозғалысының көшбасшылары болған олардың әрі суреткер, әрі ойшыл-көсемсөз шебері ретіндегі ұлылыққа тән қасиеттері жалпы адамзаттық рухани құндылыққа ортақ бағаның осынау жоғары өлшемі бойынша да баға жетпейді. Өйткені, олар, яғни алаш арыстары өз кезі үшін шын мәнінде ренессанстық тұлғалар болды. Олардың XX ғасырдың басындағы әдебиет

айдынына публицистика, оның ішінде саяси көсемсөз арқылы келуі де мәдени-тарихи оқиғаға айналды.

Сондықтан, Алаш қозғалысының көшбасшылары бастаған осынау зор тарихи күрес керуенін жалғастырушы Халел Ғаббасұлының көсемсөздік, яғни публицистикалық еңбектері алаш үні «Сарыарқада» жарық көрді. Ал ол басылым 1917 жылы Алашорда автономиясы дүниеге келіп, оның ел тарихындағы азат мемлекеттік құрылым екендігін, халықтың ұлттық тәуелсіз үкіметінің мақсат-мүддесі жұртымыздың ғасырлар бойғы арманының тарих шындығына айналған көрінісі болғанын елге ұғындырушы басылым, бір ауыз сөзбен айтқанда, азат ел мемлекетінің үні болды. «Сарыарқа» газетінде ол жарық көрген күннен бастап терең ойлы, ағартушылық, демократтық, ұлт азаттық идеяларын ту еткен, отарлық езгіге қарсы, қазақ ұлтының экономикалық, саяси, рухани өрлеуі жалынды еңбек етіп жүрген ұлт зиялылары қызмет етті. Олар газетте халықтың тұрмыс-тіршілігін, елде болып жатқан жағдайларды кеңінен қамтыған мақалалар легін жариялап тұрды. Сондай-ақ Алашорда үкіметін құру, қазақ мемлекетінің негізін қалау секілді маңызды мәселелер қозғаған саяси мақалалар да жазды.

«Сарыарқа» газетінде белгілі ұлт қайраткерлері Әлихан Бөкейханұлының, Міржақып Дулатұлының, Әлімхан Ермековтің, Мұстақым Малдыбаевтың, Жақып Ақбаевтың, Мәнән Тұрғанбаев пен Халел Ғаббасұлының, басқа да арыстардың қоғамдық-саяси, экономикалық жағдайларды сөз еткен мақалалары жарияланып тұрды. Сондай-ақ, газетте патша үкіметінің отаршыл саясатының қазақ еліне тигізген зиянын, «Алаш» партиясының бағдарламасы, қазақ жеріне қоныс аударған орыс шаруалары мен қазақтар арасындағы қарым-қатынас, Құрылтай жиналысы туралы да мақалалар шықты.

Газеттің ұстанған мақсаты мен бағытын басылым беттерінде жарық көрген мақалалардан да көруге болады. Ресей империясындағы саяси өзгерістер қазақ қоғамдық ойына қозғау салып, қазақ зиялыларын саяси-әлеуметтік, мәдени көзқарастар тұрғысынан әр арнаға тоғыстырды. Елдің «көзі, құлағы һәм тілі» болу мақсатында жұмыла еңбек ету, халыққа қазақ қоғамындағы саяси өзгерістердің мәнін жете ұғындыру, жаңа шыққан Алашорда үкіметінің ұлттық мүддені ту еткен шешімдері мен заңдық құжаттарын жариялау, елге оң жол, дұрыс бағыт беру, жалпы елдің нақты өмірі мен болашағына қызмет етуі – «Сарыарқаның» ең басты ұстанымы болғаны ақиқат. Сөйтіп, Халел Ғаббасұлы ХХ ғасыр басында «Серке» газетінен басталған қазақ баспасөзіндегі демократтық, ұлт азаттық рухтағы публицистиканы «Сарыарқа» газетінде редакторлық, шығармашылық істерімен одан әрі дамытты. Халел басқарған кездегі «Сарыарқа» газетінде жарияланған көсемсөздерде халықтың мақсат-мұраттарымен бірге, Алашорда өкіметі, оның ұлттық тәуелсіз мемлекет ретіндегі болашақ бағыт, бағдары да халыққа кеңінен насихатталды. Сөйтіп, Халел Ғаббасұлының мақалалары, ел басқарған басылымның идеялық ұстанымы, ұлттық тұғыры да қазақ елінің азат таңының жаршысына айналды.

Халелдің редакторлығымен «Сарыарқа» газетінде көптеген әдеби шығармалар да жарық көріп, өз оқырмандарын таба білді.

Яғни, Халел Ғаббасұлының редакторлығымен жарық көрген «Сарыарқа» газетіндегі көптеген әдеби шығармаларда Халелдің қолтаңбасы, пікірі бар деп есептейміз.

Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлының аз да болса мұрасы сол кездегі әдеби көсемсөздің дамуына өз үлесін қосты.

Халел «Өмір – жұрт жетекшісі. Өмір құрығынан ешкім қашып құтыла алмақ емес, бірақ жұрт сол өмірдің ағысына қарай тұрмыс шартын өзгертіп, заң қалыбына түсірмек. Заң өмір киімі. Заман өзгерген сайын - өмір ағыны да, заң қалыбы да өзгермек...» деп тұжырымды ойларын айтады.

Халел Ғаббасұлы саяси көсемсөздері арқылы халыққа Алашорда автономиясының мұраттарын түсіндіріп қана қоймай, өз заманы мен қазақ журналистикасының келешек дамуына да өнегелі үлгі болып қалды. Халел тұңғыш тәуелсіз мемлекеттің органы болған «Сарыарқа» газетінің құрылтайшысы, ұйымдастырушысы, редакторы және бас мақалаларын жазған авторларының бірі болған, ұлттық публицистиканың көкжиегін кеңейткен шығармашыл тұлға ретінде дараланады.

Кеңестік заманда Алаш жанды, ыстық қанды Халел Ғаббасұлындай қаламы мен қайратын ел тәуелсіздігі үшін қатар жұмсап, ғұмырын сол жолда сарп еткен қаламгерді «халық жауы» деп қараланып келген, өнегесі мен азаматтық ұстанымын мансұқ етілген Алаш қайраткерінің өмірі мен әдеби мұрасы бір ізге түсіріліп, бүгінгі жаңаша пайымдаулар тұрғысынан жан-жақты зерттелді деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕК КӨЗІ

- 1 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. Құр.: Н.Ақбаев. - Алматы: Санат, 1995. - 320 б.
- 2 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Ред.: Б.С.Қошым-Ноғай. - Алматы: Жазушы, 2004. 1-т. - 296 б.
- 3 Қазақстан тарихы. Оқу құралы. - Алматы: Білім, 1994. - 418 б.
- 4 Малов С. Сары ұйғұрлардың тілі. - Алматы: Ғылым, 1982. - 248 б.
- 5 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб. 1888. вып.: I.
- 6 Қазақстан тарихының очеркі. - Алматы: Санат, 1998. - 364 б.

- 7 Янушкевич А. Қазақ даласына сапар туралы жазбалары. Ауд.: Ф.Зұлхаров. - Астана: Аударма, 2003. - 298 б.
- 8 Миллер Г.Ф. История Сибири. - Москва, 1941. т. 2.
- 9 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Ред.: Б.С.Қошым-Ноғай. - Алматы: Жазушы, 2004. 2-т. - 336 б.
- 10 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. - Алматы: Санат, 1994. - 304 б.
- 11 Исин А. Әмір Темір жайлы тарихи деректер // Абай. - 2004. - № 3.
- 12 Абрамов Н. Семей - облыстық қала // Санкт-Петербургские ведомости. - 1961 г. - 28 ноября.
- 13 ШҚО ҚЗТҚО 415-қор, 02-тізбе, 510-іс.
- 14 Врангель А.Е. Воспоминание. СПб, 1868. т.1.
- 15 Сыдықов Е. Алаш қаласының тарихы. Зерттеу. - Семей, 2010. - 154 б.
- 16 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Ред: Зәки Ахметов. - Алматы: Ана тілі, 1996. - 240 б.
- 17 Әуезов М. Абай еңбектерінің биік нысанасы. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. Құр.: Н.Ақбаев. - Алматы: Санат, 1995. - 320 б.
- 18 Қамзабекұлы Д. Әдеби-тарихи процесс: ағымдар, концепциялар (ағартушылық кезең): филол.ғыл.докт. ...автореф. - Алматы, 2001. - 49 б.
- 19 Герасимов Б.Г. Очерк деятельности Семипалатинского Отдела госуд. Рус.Географического общества за 25 лет его существования // Записка Семипалатинского отдела Гос.Рус.Об. Вып. 16. - 1927. - 13 с.
- 20 Сәтбаев Қ. Таңдамалы шығармалар. - Алматы:Ғылым, 1970. 5-т. - 420 б.
- 21 История городов Казахстана. Семипалатинск. - Алматы: Краеведения, 1984. - 222 с.
- 22 Гоголь кітапханасы - Абай мектебі // Семей таңы. - 1970. - 10 шілде.
- 23 Белгібаев М., Әділбекқызы Ж. Семей орыс географиялық бөлімінің ХХ ғасырда атқарған жұмысы // География және табиғат. - 2004. - № 4. - 3-10 бб.
- 24 Мұхамедханов Қ. Ұлы ақынның қайраткерлік қызметтері // Абай. - 1992. - № 1.
- 25 Қарасаев Ғ. Шығыс Қазақстанға саяси жер аударылғандар // Қазақстан тарихы. - 2001. - № 3.
- 26 Бүркітбаева А. Абайдың қосқан үлесі // Қазақ әдебиеті. -2005. -19 тамыз
- 27 Абай энциклопедиясы. - Алматы: Атамұра, 1995. - 720 б.
- 28 Исследователь Степного края (Избранные труды Н.Я.Коншина). Факсимальное издание. Состав.:Касымова Г.Т., Полякова Н.А., Перебеева М.Н., Тусуибаев Т.У., Чайов О.И. - Семей, 2009 г.
- 29 Кәкішев Т. Алаш екіге бөлінді // Ана тілі. - 2007. - № 38.
- 30 Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті мұрағаты. 1-қор, 1494-іс, 48-парақ.
- 31 Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: Ататек, 1995. - 243 б.

- 32 Бөкейханов Ә. Шығармалар. Ред.: М. Әкімжанов. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 384 б.
- 33 Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Алаш, 1993. 1-т. - 280 б.
- 34 Қамзабекұлы Д. XX ғасыр зиялылары // Жұлдыз. - 2001. - № 11.
- 35 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы: Ғылым, 1998. 2-т. - 432 б.
- 36 Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. - Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. - 486 б.
- 37 Алдаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. - Алматы: Рауан, 1996. - 168 б.
- 38 Қирабаев С. Алашорда және «ұлтшылдық» әдебиет // Абай. -2004. -№ 4.
- 39 Қойгелдиев М. Алаш партиясы. - Алматы: Алаш, 1996. - 288 б.
- 40 Екінші Бүкілқазақ съезінің қаулысы // Сарыарқа. - 1918. 25 қаңтар.
- 41 Ғалихан, Мұстафа, Мирякуб. Алаш ұлына // Қазақ. - 1917. - № 255.
- 42 Бөкейхан Ә. Оқушыға жәрдем қауымы // Қазақ. - 1915. - № 114.
- 43 Алаш-Орда: Сборник документов // Сост.: Н.Мартыненко. - Алма-Ата: Малое издательство «Айкап», 1992. - 185 с.
- 44 Россия и Центральная Азия. 1905-1925гг. Сборник документов. Автор-составитель Д.Аманжолова. - Караганда: «КарГУ», 2005. - 598 с.
- 45 Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. - Алматы: Ана тілі, 1989. - 238 б.
- 46 Тайшыбаев З. Қарқаралы петициясы - Алаш қозғалысының бастауы. - Қарағанды: «ҚарМУ», 2001. - 108 б.
- 47 Тайшыбай З., Дулатбеков Н. Жақып Ақбаев. - Астана: Атамұра, 2006. - 48 б.
- 48 Кеменгерұлы Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. - Астана: Фолиант, 2006. 2-т. - 348 б.
- 49 Секретный Запись К.Н.Д. от 03.07.1905г. № 375. Сборник документов Рос.им.внут.дел. 2-т. - 463 с.
- 50 Қазақстан энциклопедиясы. - Алматы: Аруана, 2001. 7-т. - 548 б.
- 51 Шонанұлы Т. Жер тағдыры - ел тағдыры. - Алматы: Санат, 1995. - 224 б.
- 52 Архангельский П.Г. Очерки по истории земельного строя России. - Казань, 1921. - 248 с.
- 53 Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. Оқу құралы. - Алматы: Білім, 1993. - 248 б.
- 54 Мұқанов С. Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. I-бөлім. Құр.: Ә.Қайырбеков. - Алматы: Арыс, 2007. - 272 б.
- 55 Байтұрсынұлы А. Ақ жол. Құр: Рымғали Нұрғали. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 386 б.
- 56 Торайғырұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1958. 1-т. - 274 б.
- 57 Дулатұлы М. Оян, қазақ! Құр: Жұмағали Ысмағұл. - Алматы: Рауан, 2008. - 193 б.

- 58 Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. Жауапты ред.: Тұрсын Жұртбай. - Алматы: Алаш, 2005. 1-т. - 352 б.
- 59 Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. ХҮІІІ том. - Петербург, 1903. - 848 с.
- 60 Дулатұлы М. Абай // Қазақ. - 1914. -№ 67.
- 61 Жұмабаев М. Шығармалар. - Алматы: Жазушы, 1989. - 448 б.
- 62 Торайғырұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1958. 2-т. - 213 б.
- 63 Белослюдовтың қолжазбасынан. Абайды оқы, таңырқа. Құрастырған: М. Мырзахметов. - Алматы: Ана тілі, 1993. - 158 б.
- 64 Жұбанов Қ. Абай - қазақ әдебиетінің классигі. Құр.: Н. Ғабдуллин. - Алматы: Жазушы, 1986. - 430 б.
- 65 Әуезов М. Өліп, таусылу қаупі // Абай. - 1992. - № 2.
- 66 Тұрғанбаев М. Ұлтшылдық // Абай. - 1992. - № 2.
- 67 Шәкәрім. Шығармалары (Өлендер, дастандар, қара сөздер). Құр.: Жармұхамедов М., Дәуітов С., Құдайбердиев А. – А.: Жазушы, 1988. – 560 б.
- 68 Аймауытов Ж. Шығармалар. - Алматы: Санат, 2005. 3-т. - 448 б.
- 69 Отчет Семипалатинского уездного Земства // Дело. -30 ноября, 1917 г.
- 70 Бөкейханов Ә. Земство // Қазақ. - 1917. - № 236.
- 71 ШҚО ҚЗТҚО 37-қор, 01-тізбе, 5-іс.
- 72 Әубәкір Ж. Шындықтан басқа жолға түсе алмаймын. - Алматы: Информ-Арна, 2002. - 204 б.
- 73 Әуезов М. Елу томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Атамұра, 2007. 38-т. - 293 б.
- 74 Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. - Семей: Полиграф, 1995. 2-т. - 243 б.
- 75 Шағын хабар // Қазақ. - 1916. - № 21.
- 76 Бөкейханұлы Ә. Қазақ депутаттары // Қазақ. - 1917. - № 8.
- 77 Міржақыпқызы Г. Естен кетпес Ешекем // Қазақстан. - 2002. - № 6.
- 78 ШҚО ҚЗТҚО 73-қор, 01-тізбе, 479-іс, 65 бет .
- 79 ШҚО ҚЗТҚО 28-қор, 18-тізбе, 32-іс.
- 80 Алаш қозғалысы (Мақалалар жинағы). Құр.: Темірбеков О. - Алматы: Алаш, 2008. - 214 б.
- 81 Әуезов М. Әдебиет тарихы. Ред.: Мырзахметұлы М. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 б.
- 82 Мұхамедханов Қ. Шаһкәрім (Шәкәрімтану мәселелері) Құр.: Шаңбай Т. - Новосибирск: Талер-Пресс, 2008. - 343 б.
- 83 Жұртбай Т. Әуезов және Алаш идеясы // Абай. - 2009. - № 1.
- 84 Мұхамедханов Қ. Тұңғыш қазақ газетінің тарихынан // Семей таңы. - 1989. - № 231.
- 85 Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мұрағаты. 1494-іс, 315-316 парақ.
- 86 ҚР ОМА. 15 қор, 2-тізбе, 423-іс, 19-парақ.
- 87 Тәбәріков С. Қайран Мәннан. - Семей: Үш биік, 2003. - 213 б.

- 88 Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Семей, 2008. - 249 б.
- 89 Торайғыров С. Әлиханнның Семейге келуі // Сарыарқа. - 1917. - № 20 .
- 90 Ғаббасұлы Х. Алаш автономиясы // Сарыарқа. - 1918. 28 қаңтар.
- 91 Хабарлар // Сарыарқа. - 1917. - №19.
- 92 ҚР ОМА. 1398-қор, 1-тізбе, 219-іс, 24-парақ.
- 93 Байтұрсынов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей. - 1919. - № 27 .
- 94 ҚР ОМА 5-қор, 240-іс.
- 95 Алаш энциклопедиясы. - Астана: Фолиант, 2002. - 785 б.
- 96 Ескендірұлы (Әбдешев) М. «Алаш Орда» министрлері. - Алматы: А.Сәрсенбайұлы қоры, 2008. -114 б.
- 97 ҚР Президентінің Мұрағаты 718-қор, 01-тізбе, 114-іс.
- 98 ШҚО ҚЗТҚО 37-қор, 01-тізбе, 98-іс.
- 99 Дулатұлы М. Қайтсек жұрт боламыз? // Қазақ. - 1918. - № 264.
- 100 ШҚО ҚЗТҚО 415-қор, 01-тізбе, 495-іс.
- 101 ШҚО ҚЗТҚО 415-қор, 1-тізбе, 32-іс, 162-көшірме.
- 102 Жұртбай Т. Ұраным-Алаш (Түрме әфсанасы). - Алматы: Ел шежіре, 2008. - 378 б.
- 103 Үш пайғамбар. Құр: С.Дәуітов. - Алматы: Санат, 1998. - 184 б.
- 104 Ғаббасұлы Х. Мемлекет күйі // Сарыарқа. - 1917. - 25 қараша.
- 105 Әуезов М. Шығармаларының 50 томдық жинағы. XXVIII том. - Алматы: Жазушы, 2004. - 318 б.
- 106 Сәрсембин Ү.Қ. Қазақ интеллигенциясы әлеуметтік-мәдени феномен ретінде: филос.ғыл.канд. ...автореф. - Алматы, 2008. - 30 б.
- 107 Асқарұлы Х. Алаш зиялылары. - Алматы: Шартарап, 1998. - 168 б.
- 108 Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. - Алматы: Жалын, 2004. - 218 б.
- 109 Бөкейхан Ә. Мен кадет партиясынан неге шықтым? // Қазақ. – 1917. - 23 желтоқсан.
- 110 ШҚО ҚЗТҚО 415-қор, 02-тізбе, 643-іс.
- 111 «Қазақ» газеті. Құр: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов. - Алматы: Алаш, 1998. - 483 б.
- 112 Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. - Москва, 1994. - 286 с.
- 113 ҚР ОМА 1318-қор, 01-тізбе, 28-іс, 36 бет.
- 114 ҚР ҰҚКА № 011494-іс, 7-том, 365-парақ.
- 115 Азалы кітап. Құр: М.Алданиязова. - Алматы: Алаш, 1999. - 287 б.
- 116 XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. - Алматы: Ғылым, 1994. - 312 б.
- 117 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. - Астана:Фолиант, 2002. - 474 б.
- 118 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. III том. - Алматы: Атамұра, 2002. - 768 б.
- 119 Большая советская энциклопедия. - Москва, 1931. 23 том.

- 120 Дулатұлы М. Шығармалары. II том. - Алматы: Ғылым, 1997. - 344 б.
- 121 Сұбханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары: Библиографиялық көрсеткіш. - Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 1999. - 834 б.
- 122 Қазақстан // - 1911. - 16 наурыз, - № 1.
- 123 Нұрпейіс К. Алаштың күрескер ұлы // Қазақ тарихы. - 1998. - № 4.
- 124 Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан. - Алматы: ҚМКӘБ, 1950. - 40 б.
- 125 Алдаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж. Қазақ журналистикасының тарихы. - Алматы: Рауан, 1996. - 168 б.
- 126 Қамзабекұлы Д. Руханият. - Алматы: Білім, 1992. - 272 б.
- 127 Сарыарқа // - 1917. - 19 маусым. - № 2.
- 128 Қазақ // -1917. - № 244.
- 129 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. V том. - Алматы: Ғылым, 1999. - 304 б.
- 130 ҒаббасұлыХ. Большевик бүлігі // Сарыарқа. - 1917. - № 21.
- 131 ҒаббасұлыХ. Күш бірлікте // Сарыарқа. - 1917. - № 27.
- 132 Аймауытұлы Ж. Партия // Сарыарқа. - 1917. - № 3.
- 133 Оқшау сөз // Сарыарқа. - 1917. - № 5.
- 134 Ыбырайымова М. «Сарыарқа» газетінің тарихынан // Абай. -2000. - №1
- 135 Сарыарқа // - 1918. - № 44.
- 136 ШҚО ҚЗТҚО 50-қор, 1-тізбе, 3-іс, 3-парақ.
- 137 Молдашева Р. Семей баспасөзі: қалыптасу және даму жолдары: фил.ғыл.канд. ...дисс. - Алматы, 2003. - 145 б.
- 138 Редакторлар жайы // Сарыарқа. -1917. № 19.
- 139 Жолдасбай С., Ерланұлы Е. Алаш айтқан асыл сөз. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2016. – 288 б.